



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана

2009

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН

ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед М., *төраға*

Досжан А., *төрағаның орынбасары*

Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов С.

Аяған Б.

Әбусейітова М.

Әйтімова Б.

Әлімбаев Н.

Әуезов М.

Базылхан Н.

Байпақов К.

Биекенов К.

Бурханов К.

Ертісбаев Е.

Кенжеғозин М.

Қасқабасов С.

Нысанбаев Ә.

Өмірбеков Б.

Салғара Қ.

Сариева Р.

Сейдімбек А.

Сұлтанов Қ.

Таймағамбетов Ж.

Тұяқбаева Б.

Хұсайынов К.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Ғашықтық жырлар



УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Б 12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Жұмасейітова Г.Т. (*төрағаның орынбасары*),
Еркебай А.С. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У.,
Күзембаева С.А., Қорабай С.С., Қосан С.Қ., Мамыраев Б.Б.,
Мұсағұлова Г.Ж., Сахарбаева К.С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Әлібеков Т., Әкімова Т.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Қосан С., *филология ғылымдарының кандидаты*,
Тастанов Қ. (*жауапты шығарушы*), Тұрлымбеков Б.

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2009.
Т. 55: Ғашықтық жырлар. — 384 бет.

ISBN 9965-35-802-8

«Бабалар сөзі» сериясының 55-томына «Қозы Көрпеш — Баян сұлу»
жырының таңдаулы бес нұсқасы ұсынылып отыр.

Б $\frac{4702250205}{00(05) - 08}$

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-802-8 (т. 55)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2009
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2009

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған елу төрт томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың он томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының жиырма томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 55-том ғашықтық жырларға арналды.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті бұл томына негізінен қазақ халқының сан ғасырлардан айтылып, құлақтан-құлаққа, ауыздан-ауызға, бірден-бірге жетіп, бүгінгі ұрпағымен есен қауышқан ең көне мәдени жәдігерлерінің бірі «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосының таңдаулы бес нұсқасы еніп отыр.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» қазақ арасына кең тараған 30-дай нұсқасы және орыс тіліне өткен ғасырларда аударылған бірнеше вариант — версиялары бар. Олардың көпшілігінің түпнұсқалары мен қолжазба материалдары негізінен Ресейдің

Санкт-Петербург, Мәскеу, Томск, Омск т.б. қалаларының мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақталған.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосы тек қазақ халқының ғана емес, барша түркі халықтарына да ортақ Рухани мұра. Мәселен, аталған жыр сюжетінің алтайлықтарда — 6, башқұрттарда — 28, татарларда — 22 нұсқа мәтіні сақталғандығы да осының жарқын дәлелі.

Эпостың қазақ арасынан жазылып алынған ең көне нұсқаларының бірі 1830 жылы Мәскеуде шығатын «Отечественные записки» журналында орыс тілінде басылған. Бұдан соң «Қозы Көрпештің ...» кейбір нұсқалары В.В.Радловтың (1870), И.Н.Березиннің (1896), Н.И.Ильминскийдің (1878, 1890, 1894, 1896, 1905) жинақтарында басылып, қалың оқырманға кеңінен таныс болды.

Эпосты жинау жариялау, зерттеу жұмыстарына Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, Н.Ф.Костылецкий, Н.Я.Коншин, С.Шорманов, А.Құнанбаев, М.Ж.Көпеев, Д.Сұлтанғазин, Ғ.Дербісәлин сынды көптеген зиялы азаматтар атсалысты. Бұл орайда әсіресе, Сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлы мен оның балалары — Қоқыш, Мақажан, Болат, Шоқандардың атқарған еңбегі ұшан теңіз. Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының Березин мұрағатында сақталған «Қозы Көрпештің ...» Жанақ, Шөже нұсқаларының бірнеше көшірмелері де мұнда Шоқанның орыс достары арқылы жеткізілгені мәлім.

Кеңес өкіметі тұсында ұлы эпосты зерттеу, жариялау жұмыстары одан әрі жалғасты. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» театр сахнасында қойылды. Жаңадан табылған варианттары зерттеліп, халық әдебиеті, фольклор жинақтарына енгізілді. Бұл бағытта С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Ы.Дүйсенбаев, Н.С.Смирнова, С.Садырбаев, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, З.Сейтжанов, Т.Сыдықов, Б.Әзібаева, М.Ғұмарова сияқты көптеген қазақ ғалымдары үлкен еңбек сіңірді.

«Бабалар сөзі» сериясының 100 томдық басылымына атақты эпостың халық арасына кең тараған таңдаулы нұсқалары іріктеліп, оларды екі томға топтастыру (54,55-томдар) жоспарланды. Ұсынылып отырған осы томға «Қозы Көрпеш — Баян сұлудың» Айтбай Дәндібайұлы, Қоңқабай Мейірманұлы, Молла Рахым, Б.Мақанов, М.Нукин нұсқалары енді.

«Бабалар сөзі» сериясының кезекті елу бесінші томы көптомдықтың негізгі ұстанымдарына сәйкес ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға, томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.



МƏТИНДЕР



Қозы Көрпеш өлеңі

(Дәндібай Айтбаев нұсқасы)

Бисмилла, сиынғаным бір Құдай-ды,
Құдай артық жаратты күн мен айды.
Жұрт тыңдап, халайық құлақ салса,
Қарабай, сөз қыламын, Сарыбайды.

Тағы да сыйынғаным бір Құдайды,
Құдайсыз айтқан сөзім жарамайды.
Келгенше жетпіс беске бала сүймей,
Бір мұңдық сөз қыламын Қарабайды.

- Жігіттер, шын ойлаңдар бір Құдайды,
10 Құдай сүйіп дос қылған Пайғамбарды.
Сараңды білемісің Қарынбайды,
Жомарт деп есітемісің Атымтайды.

Бер десе қайыр, зекет тіл алмайды,
Ұстаса жүзден бірді көз қимайды.
Сонан соң Қарынбайды қаһар тұтып,
Жеті қат жер астынан берді жайды.
Соншама малы бір малдай көрінбейді,
Қиямет қайым болғанша тоқтамайды.

- [Берейін] өлең айтып [жарандарға]
20 Жұрт ұйғарып, айт десе амал бар ма.
Қарабай мен Сарыбай деген мерген,
Кәпір ме, [әлде] есітің, мұсылман ба?

Мұсылман бізден бұрын көп болмайды,
Төңірден тілеген жан шет қалмайды.

Қарабайды айтады қызылбас, — деп,
Не кәпір, не мұсылман деп болмайды.

- Жасында Жанақ жүрген қобыз теңдеп,
Төрт ауыз өлең айтар жамбы бер деп.
Айтамын мен бір өлең ептеп-септеп,
30 Бекбаулыдан ақын өтпес баса көктеп.
Кешегі түбі керей Бекбаулы ақын,
Айтыпты Сарыбайды Түрікпен деп.

Құдайдың бір күні кең, бір күні тар,
Құдай деген кеңдікке бір жету бар.
Қарабай мен Сарыбай мергендердің
Су аяғы — Құрдымда мекені бар.

- Мерген жоқ Қарабайдан асатұғын,
Айдаһар мен аю аң қашатұғын.
Жарғантас — аңшының бір мекен жері,
40 Күн шықпай келер мерген тосатұғын.

Құдай деген көреді көп нәубетті,
Байғұс шал бала сүймей тентірепті.
Күн жексенбі мойнына мылтық салып,
Қайқиып Қара — Сары аңға кетті.

Жұртына көшкен кедей бір келеді,
Баласыз бай екенін кім біледі.
Қара — Сарымен қайқайып келе жатса,
Бір марал Жарғантаста кез келеді.

- Қарабай аттан түсіп демін алды,
50 Мылтыққа оқ дәрісін баса салды.
Бай былжырап, от шағып барғанынша,
Күн батып, қас қарайып, көз байланды.
Таң атқан соң бір жерден түсермін деп,
Қара — Сары қаңтарып жатып алды.

Қарабай қартайса да, көңлі дардай,
Күнде құлан қуады дамыл алмай.

Ішінде егіз бұзау — буаз марал,
Аяғын тұрды жануар бір баса алмай.

- 60 Тыңдаңдар, құлақ салып, ей, жігіттер,
Кейі шын, кейі өтірік Тәңірі білер!
Таң атпай Ақ буыршынға мініп алып,
Кетіпті күн шығармай Сарыбай ер.

Ақ буыршын мен Көк буыршын екі саяқ,
Және бір сөз қалыпты айтқандай-ақ.
Ертең ерте Сарыбай жетіп келді,
Ұйықтап жатқан Қарабай құл тұрмай-ақ.

- 70 Ақ буыршын Көк буыршынмен тілдес еді,
Жарлы жұртта тұрса, бай көшеді.
Сарыбай ертең ерте жетіп келіп,
Ұйықтап жатқан шалменен сөйлеседі.

— Байлығың қызылбастан өткен жансың,
Бала сүймей малменен кеткен шалсың.
Атыңды күн шыққанша байлап қойып,
Құдайдан үміт үзген неткен жансың.

— Қызылбас қарағайда бірталаймын,
Дамылсыз жас шағымдай жүре алмаймын.
Жетпіс беске келгенше бала сүймей,
Құдайдан үміт үзген Қарабаймын.

- 80 — Атыңды естіп, өзіңді танымаймын,
Мен де түрікпен, қызылбаста бірталаймын.
Алпыс үшке келгенше бала сүймей,
Мен дағы бейбақ болған Сарыбаймын.

— Сарыбай қуанамын сені көрсем,
Маралдың басылушы ем етін жесем.
Алдымда — буаз марал бара алмадым,
Сарыбай қайтер екен атып берсең?

— Құдайдың бір күні кең, бір күні тар,
Құдай деген кеңдікке бір жолығар.
Биыл менің бәйбішем күмәнді еді,
90 Атпаймын, буаз болса, үмітім бар.

— Қартайдым қаріп болып көзім көрмей,
Ажал келсе, тұра ма кісі өлмей.
Менің де үйде бәйбішем буаз еді,
Құдайдан үмітім бар менде сендей.

— Алыспенен жуықты Құдай қосқан,
Түпті мерген жоқ еді менен асқан.
Қатынымыз ұл тапса екеуміздің,
Дос қылсақ қайтер екен құшақтасқан.

— Қарабай қуанамын сені көріп,
100 Құдайдан тілелік те ерте тұрып.
Бірінен ұл, бірінен қыз боп туса,
Міне, сонда екеуін қайтер едік?

Екі бай ай далада құда болды,
Айтып-айтып қойыпты әрбір жолды.
Алпыс пенен жетпістің ортасында,
Шырақсыз өтеміз бе екі сорлы.

— Қарабай, жолдас болдың биыл маған,
Сен бір кәрі жер жүзін көп шарлаған.
Ендеше бұл маралды мен атайын,
110 Обалы жануардың болсын саған.

Нетеді ей, жарқыным, тілімді алсаң,
Қорқамын осы жерде ашулансаң.
Азығым жоқ, маралды атып берші,
Обалы жануардың болсын маған.

Мылтықты ер Сарыбай қолына алды,
Маралды атайын деп оңтайланды.
Жүре алмай тұрған марал атып еді,
Ажалы жеткен екен, құлап қалды.

Қарабай Сарыбайды жақсы көрді,
120 Марал таудан етекке құлап келді.
Солақай шал пышағын жанып алып,
Етек-жеңі қаудырлап жүгірді енді.

Көшкен кедей жұртына бір келеді,
Баласыз бай екенін кім біледі.
Жүгіріп кеп маралды бауыздаса,
Жаны шықпай егіз бұзау мәңірейді.

Құдайым аттырғанын жек көреді,
Маралды бұзып-жарып өңгереді.
Егіз бұзау даусына шыдай алмай,
130 Сол жерде ер Сарыбай жанын берді.

Мінгені Қарабайдың қара сұр-ды.
Аң қарап тоғыз күндей таң асырды.
«Ей құдайым, бір жолдасты көпсіндің», — деп,
Құшақтап аттың жалын жылап тұрды.

Қартайдым қаріп болып көзім кетіп,
Айырдың жолдасымнан тентіретіп.
Ел жағынан бірталай шаң шығады —
Бір төртеу «шүйінші» деп келді жетіп:

— Қарабай нағып тұрсың құла түзде?
140 Құдайдың қаужасы көп күдер үзбе!
Үйіндегі бәйбішең көзін жарды,
Кері жүр, шүйінші бер жылдам бізге.

— Мен жүрмін құлан аулап құла дүзде,
Құдайым қуандырса қаріп бізді.
Берейін төртеуіңе сегіз түйе,
Тапқаны бәйбішенің ұл ма, қыз ба?

— Өуеден құзғын ұшып, қонар қарға,
Жолықтырса, қайтесің, мұнан тарға.
Қартайғанша қоймайсың қу сөзіңді,
150 Алдыңа алып бір сүйерге балаң бар ма?!

— Тапқаны қатынымның қыз бала екен,
Бұл жерде мендей мұңлық кім бар екен.
Ендеше атын «Баян» қойсам керек,
Бір жау жұрттың олжасы бейшара екен.

— Қарабай, саған берді мал менен бас,
Қыз да болса, тілеуің жерде қалмас.
Жаныңа жан құтаймас бейшара едің,
Өлгені қасыңдағы неткен жолдас?

160 — Қосып ақыл бұл шіркін көп айтады,
Аз жылға жүрмесі бар неге айтады.
Бұл мұндарға мен болдым қайдан құда,
«Сарыбаймын — түрікпенмін» деп айтады.

— Қарабай, бұл жер сізден қалады екен,
Құдаңыз сәтсіз күні болған екен.
Қатыны Сарыбайдың ұл тауыпты,
Қызыңды жаңа туған алады екен.

— Туса-тусын көпірді көрмен, — деді,
Ол өскенше бұл жерде жүрмен, — деді.
Өзі тумамай әкесін жұтқан қуға
170 Қызымды не қылса да бермен, — деді.

Солай деп Сарыбайды көміп берді,
Жолдасымен бесеу боп үйге келді.
Үстінде жыртық тоны сақау қатын,
Алдынан шүйінші деп жүгірді енді:

— Батырлар жауап табар құрған шепке,
Шығын болған бай едің талай көпке.
Үйіндегі бәйбіше көзін жарды
Бере кет шүйіншіңді, қайнағаеке!

— Әуеден, бұлт болса, жаңбыр бүркер,
180 Адамға қоныс болар бір көрген жер.
Үйге түсіп берейін шүйіншіңді,
Өрі жүр дабырламай атым үркер.

— Қайнаға, бұл сөзіме құлағың сал,
Қайырсыз бұйырмайды айдаған мал.
Ендеше бұл қыз саған бұйырмайды,
Бермесең, шүйіншіңді, адыра қал!

Қарабай мұны естіп ашуланды,
Қатынның айтқанына шыдамады.
«Бөлем, қақбас, айтқаның немене», — деп,
190 Қайрылып қамшыменен салып қалды.

— Қайнаға, бұл сөзіңнің бәрі бекер,
Сені біреу азғырып тентіретер.
Шүйіншіңді бермесең, адыра қал,
Қодар келіп қызыңды өуре етер!

Қарабай үйге келіп тойын қылды,
Елі жұртын жиып ап ойын қылды.
Көрінген жетпіс бесте жалғыз қызым,
«Жұртым, аты Баян болсын мұның», — деді.

Қарабай ақыл-кеңес көп есітті,
200 Құлағы бітіп қалғыр, неге есітті.
«Сарыбайдың қатыны ұл тапты», — деп,
Малшы, жалшы, қойшыдан тағы есітті.

Көшкен кедей жұртына бір келеді,
Баласыз бай екенін кім біледі.
Қозының бетін ашып қарай қалса,
Тоқпақтай алтын айдар көрінеді.

— Туса тусын, көпірді көрмен, — деді,
Сен өскенше бұл жерде жүрмен, — деді.
Тумай жатып атаңды жұтып қойдың,
210 Не қылсаңда мен саған бермен, — деді.

Қарабай сонан шығып үйге келді,
Жолдасы қасындағы саулап желді.
— Бізге тажал бір бала туған екен,
Жыға көр үйді шапшаң, қатын, — деді.

— Айтпайсың, байым, неге сөздің тегін,
Мұнан кетсең көрерсің жаудың көбін.
Малың өскен жеріңнен көшемін деп,
Не басыңа күн туды, сорлы ерім?!

— Айтайын ақыл көп пе, кеңес көп пе,
220 Мені біреу қорқытып «көшпе» деп пе.
Көп сөйлемей, үйінді жылдам жықшы,
Қу қақбас, сен еркек бе, мен еркек бе?!

Сол күнде Қарабайдың ойы жаман,
Мініпті Бақа айғырға темір табан.
Үйінде Қарабайдың екі қыз бар,
Біреуі — Ай, біреуі — Таңсық асыраған.

Мінген соң Бақа айғырды борбайлайды,
Қыз-қатын «көшпе» десе тіл алмайды.
Көп жылқыдан мінген соң Бақа айғырды,
230 Шуылдап көрі бие, тай қалмайды.

Қарабай малын айдап жүре берді,
«Жылдам жығып, үйді арт», — деп ашуланды.
Астында ала байтал алты құлаш,
Бай үдеріп көшкенін Қодар көрді.

Қарабай көшкеннен соң қатын састы,
Айғырға ашуланып қамшы басты.
«Елден шығып әкеміз көшеді», — деп,
Екі қыз оңашада ақылдасты:

— Әпеке, бұл мекеннен кетеміз бе,
240 Мұнан жақсы бір жайға жетеміз бе?
Ақылы кем әкеміз көшпек болды,
Қайтеміз қаламыз ба, кетеміз бе?

— Қызығы бұл дүниенің мал-бас деймін,
Біз көшсек, еш ағайын қалмас деймін.
Жасыңнан ақ сүт беріп асыраған,
Шырағым, мұнан қалып болмас деймін.

Сол күнде Айдан дағы Таңсық есті,
Екі қыз оңашада аз сөйлесті.
Апасы сіңлісіне болмаған соң,
250 Үйінің жылап жүріп бауын шешті.

Қарабай көшкеннен соң қатын састы,
Айғырға ашуланып қамшы басты.
Ай мен Таңсық түйесін қомдап қойып,
Жеріне амандасып арыздасты:

— Жарықтық енді аман бол, таулар сайлы,
Кеткен соң жақсы мекен табылмайды.
Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,
Біз көштік, енді аман бол, Қарағайлы!

Бұл жерде иен қалған үй аман бол,
260 Қарны жуан, қапсағай би аман бол!
Жетім ботам санаусыз түйе болған,
Қырық кезең, Айбастай ер аман бол!

Бұл жерде тау аман бол, бел аман бол,
Тау мен тас, түгел жүрген сен аман бол!
Жағаңа желі тартып жылқы иірген,
Бақалы, Балдырғандай көл аман бол!

Бұл жерде кәрі аман бол, жас аман бол,
Дұшпаным сенде аман бол, дос та аман бол!
Көлеңкеңде қуыршақ ойнаушы едім,
270 Түпте қалған аш кезең тас та аман бол!

Бұл жер де елде аман бол, ер де аман бол,
Үйренген өсіп-өнген жер де аман бол!
Бөкенқашқан, Қызқазған, Күнту, Шелек,
Тоғыз өзен Қолқашқан, сен де аман бол!

Жайылушы ек бір күн кезең, бір күн белді,
Бір адам тоқтатпаса көшкен елді.
Еріккенде балалар ермек қылған,
Біз көштік, сен де аман бол, Бүлдіргенді!

Жылағанда көзімнен бұлақ ағар,
280 Ел көпсе, жас қозылар жұртта қалар.
Көзің көріп, құлағың есіткен жан,
Бере көр Қозыкеге ерте хабар.

Жер-суға амандасты көңілі сүйіп,
Ерте кеткен кешке келді іші күйіп.
Жылай-сықтай көшіне әрең жетті,
Аққан жасы атының жалын жуып.

Қарабай сол көшкеннен төмен кетті,
Ай мен Таңсық көшіне түнде жетті.
Мыңқоянның шүмегін білсеңіздер,
290 Сол жерге жұлдыз шыға әрең кепті.

Қарабай ертең көшіп тағы салды,
Салғаннан ата жұртын көңіліне алды.
Аюөлген кезеңді білесіңдер,
Астаукескен, Ырғайлы сонда барды.

Қарабай ертең көшіп тағы салды,
Салғаннан талай жерді ол шарлады.
Ертеңді-кеш дамылсыз көшіп еді,
Шығандап Үржар деген жерге барды.

Қарабай ертең көшіп тағы салды,
300 Базары көп Тәшкенді бетіне алды.
Байлығының белгісін көрсетем деп,
Тоқсан айғыр сатты да, белбеу алды.

Белбеуі алтын, гауһар, өңкей жаһұт,
Көрген жан тамашаға қалды батып.
Айдап жүріп бұл малды нетемін? — деп,
Тоқсан айғыр берді де алды сатып.

Қараңыз Қарабайдың нарлығына,
Белбеуді салып қойды сандығына.
Тоқсан айғыр бір тайдай көрінбейді,
310 Қарекеңнің қараңыздар байлығына.

Қарабай ертең көшіп тағы салды,
Әр жерге барамын деп көңіліне алды.
Білесің күнбатыстағы Тентек құзды,
Он бес күнде үдеріп сонда барды.

Қарабай онан көшіп тауға барды,
Шуылдаған бірталай жауға барды.
Шу бойына барғанда бір дамылдап,
Сол жерде түйесінің қомын алды.

320 Бір күн, бір түн отырып дамылдайды,
Әр жерге барамын деп көңліне алды.
Сол жерде бір күн, бір түн дамыл қылып,
Ертең ерте үдеріп тағы салды.

Қарабай кәрі түйені қомдай көшті,
Қырғауылдай қызарып Баян өсті.
Асы деген бір тауды кертіп асып,
Шандырлығы жетіп әрең кешке түсті.

330 Бір күні Шандырлығы еру болды,
Қарабай таба алмайды енді жолды.
Енді ертең Ащысуды әрең тапты,
Жол таба алмай қаңғырып байғұс сорлы.

Ащысудан тоқтамай тағы көшті,
Көріп пе ең Қарабайдай жарым есті.
Қарғалы деген бар екен бір үлкен тау,
Бөктерінен қона қалып, қомын шешті.

Сол жерде шөліркетіп малын қырды,
Қалғанын үш күн оттатып тынықтырды.
Бақа айғырға мініп ап жол болжаса,
Тағы да бір үлкен тау көрінді енді.

340 Бет қойып үлкен тауға тағы салды,
Ақылсыз көріп пе едіңдер мұндай шалды.
Кеудесін Қарабайдың қараңыздар,
Табам деп ат жұртын көңіліне алды.

Ат жұртын сонда да таба алмайды,
Тасырқап тамам малы табандайды.
Талай жердің от оттап, суын ішіп,
Жер таба алмай қаңғырып қайта салды.

Қарабай сөйтіп қашты айдалаға,
Қастық қылып қашып жүр жас балаға.
Қарабай ертең ерте тағы көшіп,
350 Жақындапты сегіз сай — Саралаға.

Қарабай айдалаға сөйтіп қашты,
Қайтып қиып кетті екен асыл жасты.
Сегіз сай Саралаға тақалғанда,
Қалғимын деп Қарабай тағы адасты.

Адасқаннан адасып төмен кетті,
Отыз екі өлкеге соған жетті.
Торғайлыдан жол таппай қайран болып,
Қарабай, сөйтіп, қашып тентірепті.

Қарабай сонда болды арық-шеру,
360 Соншама малдан жоқ екен сиыр беру.
Торғайлыдан жол таппай қайран болып,
Қамыс өріп, сал буды қырық күн еру.

Торғайлыдан өтті де өрге кетті,
Қырғыздың Алатауын бөктерлепті.
Қарабай сол көшкеннен дамыл көрмей,
Бойына Ұлысудың қонбай кетті.

Бойына Ұлысудың қонбай кетті,
Көктаумен талқымен асып кетті.
Арнаулы Майбүйректі бетке алып,
370 Мал-жанын Қарақұмда шөліркетті.
Астында алты құлаш ала байтал,
Сол жерде Қодар келіп қуып жетті:

— Байлығың қызылбастан өткен жансың,
Бала сүймей қартайып кеткен жансың.

Қарақұмда мал-жаның шөліркепті,
Айдалада қаңғырған неткен жансың?

— Мен елімнен шығып ем былтыр қашып,
Құлын-тайым шөліркеп тұрмын сасып.
380 Қозы Көрпеш дейтұғын қу туған соң,
Шырағым, сонан жүрмін өрге басып.

— Қозы Көрпеш дегенді жек көресің,
Мал-жаның шөліркеп енді өлерсің.
Мал жаныңды суға бір қандырайын,
Қарабай, ақысына не бересің?

— Сен жолаушы, білесің жердің жайын,
Бір жақсылық қыла көр ұмытпайын.
Суға апарып қандырсаң, мал-жанымды,
Баянымды алсаң да, аямаймын!

— Баяннан күшімді аяп неғылайын,
390 Құм ішінен бір құдық мен қазайын.
Қарақұмда шөліркеп өліп қалар,
Малы-жанын бір суға қандырайын.

— Қодар-ау, тамағыңды айт ішетұғын,
Көңілің өлденеге түсетұғын.
Айтып қой осы бастан тамағыңды,
Қазаным ерте қайнап пісетұғын.

— Жеуші едім қансоқтаны кертіп, кертіп,
Ұн менен талқан қоссаң шелпек желпіп.
Соған тойып алған соң не тұрыс бар,
400 Қолыма қоя берші кетпен беріп.

Қарабай соны айтқан соң үйге келді,
Он бес бүйен қансоқта алып келді.
«Ішетұғын тамағым табылды», — деп,
Қайқайып қансоқтаны кертіп жеді.

Қайқайып қансоқтаға тойып алды,
Темір күрек-кетпенді қолына алды.
«Осы жерден су қазып шығарам», — деп,
Түбіне бір шағылдың Қодар барды.

410 Құдайдан Қодар жатыр суды сұрап,
Баян үшін тілейді шыннан жылап.
Құм ішінен құдықты қазып еді,
Түбі біте береді, аузы құлап.

Қодар құл құм ішінен құдық қазды,
Құдық қазып Құдайға тірі жазды.
Түбін қазып жатқанда аузы құлап,
Қодар құлды құм басып өле жазды.

Қодар құл жер қазуға жаннан мықты,
Алысса, құл біткеннің бәрін жықты.
Кеудесінен құм басып қалған екен,
420 Ес-түсінен айрылып әрең шықты.

— Осы жерден көше көр, тілімді алсаң,
Бұл құдықтан су шықпас маған нансаң.
Өле жаздап құдықтан әрең шықтым,
Баянды кім алады, өліп қалсам?!

— Бұл сөзің, Қодар батыр, жарамайды,
Көшкенге құлын-тайым жүре алмайды.
Қайратыңды көрсетіп қимылдап бақ,
Сендей нақыш бұл жалған табалмайды.

Қодардың күші кетті шелектей боп,
430 Құдықтан шығып тұрды теректей боп.
Арт жағынан көрінді тасырайып,
Қодардың екі енегі көнектей боп.

— Апырай, не шақ келер саған, — деді,
Енегі үлкен екен тамам, — деді.
Алдап күшін алайын бөлем құлдың,
Осыған қыз бергенім жаман, — деді.

- Ала байтал болдырмас шауып желсем,
Су табармын Баянды маған берсең.
Малы-жаның суға бір қандырайын,
440 Үйден барып сегіз мес алып келсең.

Сегіз мес үйден барып алып келді,
Ер Қодар байталына теңдеп желді.
Аягөздің өзенін көрген екен,
Ер Қодар соған таман бетін берді.

— Аягөзге барайын жылдам жетіп,
Баян үшін өлдім ғой тынышым кетіп.
Біздей күйеу алған қыз мақтанбай ма,
Терісі алты өгіздің сыңар етік.

- Адамның бір мекені айдаған қой,
450 Жүрген жерім мереке, жиын мен той.
Біздей күйеу алған қыз мақтанады,
Терісі тоқсан қойдың жалғыз-ақ бой.

Менің бүйтіп жүргенім жалған шығар,
Барғанша қыз сағынып қалған шығар.
Суын теңдеп барайын жылдамырақ,
Ай мен Таңсық шымылдығын құрған шығар.

- Келді де Аягөзден суын артты,
Месінің ең үлкенін бұрын тартты.
Байталы көтере алмай қайқақтайды,
460 Сүйретіп көн етігін жаяу қайтты.

Қодарды есіткен жан қылды мазақ,
Бұйырмастан дәметкен өзіне азап.
Бақайынан аққан қан бұлақ болды,
Оны елемей келеді етігі қажап.

— Тайпалған жылқы ішінде жорға таймын,
Бір көрмей қыз Баянды тоқтамаймын.
Қыз қойнына жатқан соң ештеме етпес,
Аяғым ауырғанға қарамаймын.

Шала жүр шалғыныңды жолыңдағы,
470 Сегіз мес жарылмасын жаныңдағы.
Осы жолы Баянды ала алмасам,
Өзімнен арылмаған сорым дағы.

Қодар құл сегіз мес су алып келді,
Қарабай малын бағып отыр еді.
«Мал-жаным шөліркеп қырылды ғой,
Қодар-ау, су әпкелсең, құйшы», — деді.

Сегіз мес су әпкеліп төгіп салды,
Қарабайдың мал-жаны әбден қанды.
Қодар құлдың қайраты осал емес,
480 «Тайтүзген» көл атанып сонан қалды.

Қарабай малың жетті неше жүзге,
Күйеу қылып қыз берген білдіңіз бе?
Қарным ашып, қадірім кетіп келді,
Үйіңе ерте хабар бердіңіз бе?

— Қодар-ау, шыға алмадым сен кеткен соң,
Амал бар ма тар жерде көрсеткен соң.
Жылқы бағып жүре бер саспа, Қодар,
Тойыңды соң қылайын ер жеткен соң.

— Қарабай, сен сөйлейсің олай-бұлай,
490 Еркекке қыз бермейсің, мұның қалай?
Жас Қозы бесікте жылап қалған,
Баянды кім алары екіталай.

— Қодар-ау, сен ермеші өсек сөзге,
Душар боп сендей күйеу келмес бізге.
Жылқы бағып жүре бер саспа, Қодар,
Баянды кім алады сенен өзге.

Тілін ап Қарабайдың жылқы бақты,
Жайдақтап Бақа айғырды мініп апты.
Аяғөздің бойынан қоныс қарап,
500 Айдаладан күйеусіп кетіп қапты.

Жанында ноқталаған серке келді,
Құлын-тайдан қасқырға түк бермеді.
Қыз Баянға сыртынан ынтық болып,
Тоқсан сал жалғыз елден іздеп келді.

Қодар құл жүр күйеусініп айдалаға,
Бұйырмастан дөметкен жүзіқара.
Қозыға жаны ашып білейін деп,
Жеріне іздеп келді Айбас бала.

Қамшы жоқ, қару жоқ есіл ерде,
510 Айта берсе әңгіме көп шешендерде.
Айбас құл сол шапқаннан тағы шапты,
Жер ортасы дегенде жақындапты.

Тоқынғаны түндіктің ескісі екен,
Астынан қалғып тұрса түсіп қапты.
Таң атқан соң онысын жоқтай салып,
Оның атын «Үйтүндік» қоя сапты.

Айбас құл сол шапқанда жол айтады,
Шығынды шапқан сайын молайтады.
Бір жерден шұбар жылқы тауып алып,
520 «Шұбарайғыр жорға» деп соны айтады.

Айбас кетіп барады текіректеп,
Еліне ертең түсте жетемін деп.
Жанындағы тұсау жіп түсіп қалып,
Соны айтады Өлеңті, Шідерті деп.

Айбас құл сол шапқаннан шауып кетті,
Жер төтесін ойменен тауып кетті.
Жерге ат қойып, тепеңдеп шабамын деп,
Көп машақат бірталай күндер өтті.

Айбас құл сол шапқаннан жөнеледі,
530 Ел таппаса, шөліркеп енді өледі.
Айбалталы кезеңнен түйе жайған,
Шабдар атты бір шалға кез келеді.

— Еліңде шапқан бар ма, желген бар ма,
Тағы да өліп қалып көмген бар ма?
Біздер үйден шыққалы көп күн болды,
Қозы деген жалғызды көрген бар ма?

— Сен жігіт қайдан келіп, тұрсың сайрап,
Арыттың көк тайыңды баса байлап.
Тоғыз бала ішінде Қозыке бар,
540 Жаңа жүрген қопада асық ойнап.

Оларға Құдай берген әруақты,
Сол Айбас Қозыкені іздеп тапты.
Тоғыз бала ішінде Қозыке жүр,
Ұтқанын ұтып, тартқанын тартып апты.

— Болыпты айналайын Қозы дардай,
Қайрат қылып жүрмісің, шырағым-ай.
Балалармен нетесің асық ойнап,
Әкең қосқан Баянды іздеп бармай?

— Балалар, тағы ойналық, қашпа деймін,
550 Алтын сақам берейін, саспа деймін.
Айтқан сөзің өте жақсы көрінеді,
Бұл сөзіңді қайта айтшы, тазша, деймін.

— Қарағым, жас күніңде әкең өтті,
Әкең өліп жетімдік көп жүдетті,
«Жетім ұлға қызымды бермеймін», — деп,
Қарабай сенен қашып көшіп кетті.

Болады кімге жолдас дүние жалған,
Туысқаным жоқ еді соным жаман.
Екі апам бар қосайын, Айбасеке,
560 Жылдамырақ баралық үйге таман.

Қозыке Айбасты ертіп үйге барды,
Бұрынғыдай болмады зарлап жүрді.
Өрмек тоқып отырған бір кемпірдің
Сақа үйіріп өрмегін дал-дұл қылды.

— Өрмен жүр, қата қалғыр, қарғыс алмай,
Қайратыңа жүрмісің шыдай алмай!
Өрмегіме жау болдың, ай, жүгермек,
Атаң қосқан Баянды іздеп бармай!

— Шешекем, сыртым сұлу, ішім тас па,
570 Қой, сүйкімсіз емес ем қарындасқа.
Өрмегіңді түйінсіз бітірейін,
Бұл сөзді кім біледі сенен басқа?

— Өуеден құзғын ұшып, қонар қарға,
Шешең сырын айтпаса, амал бар ма?
Сүйтсең, сырын айтады, жалғыз бала,
Ыстық бидай баса ғой алақанға.

Қозыке Айбасты ертті үйге келді,
Шыдай алмай жүгіріп зарлай келді.
Шешесінің келген соң тыншын алып,
580 Жер текпілеп ойбайлап жылай берді.

— Апырай, мынау дүние жалған екен,
Е, Тәңірі, күнім қараң болған екен!
Күнде күліп келетұғын жалғызымның,
Көңіліне біреу қайғы салған екен.

— Шешеке, менің қарным ашып келді,
Көңілімді таудай қайғы басып келді.
Бидай берші қуырып жылдамырақ,
Қарным ашып, сүйегім жасып келді.

Қозыке мініп жүрген көк домбайды,
590 Шеше көңілін қалдырса, ол оңбайды.
Шешесі тамақ қамдап, отын жақса,
Түске шейін жөнделіп от жанбайды.

— Құдая, бар күшті ме, жоқ күшті ме,
Таудай қайғы орнады енді үстіме.
Түске шейін жөнделіп от жанбайды,
Жау алысып бұларға тас түсті ме!

Қуырып ыстық бидай салып берді,
Құдайға мінәжат қып налып берді.
Күндегі ыдысынан жаңылсын ба,
600 Алтындаған табаққа салып берді.

— Келеді саудагерлер бұлыменен,
Жігіт көркем көрінер тоныменен.
Шешеке, ыдысыңның керегі жоқ,
Берсейші бидайыңды қолыңменен.

Уыстап ыстық бидай алып берді,
Құдайға жаны күйіп налып берді.
«Ежелгі Қарабайдың жөнін айт», — деп
Қолынан шешесінің ұстап алды.

— Қарағым, ыстық бидай қолыма өтті,
610 Шешеңе қас қылғандай саған нетті.
Атастырған бір қызын алып қашып,
Қарабай сенен қорқып қашып кетті.

Құлақ салсаң айтамын бірталай кеп,
Қозы Көрпеш қам қылды бидайын жеп.
Әкесінің Ақ буыршынын сипап мінді,
Соңынан Қарабайдың іздеймін, — деп.

— Қарағым, мені тастап кете алмайсың,
Қарабай алыс кетті, жете алмайсың.
Алдыңда неше қабат өзендер бар,
620 Шырағым, балалықпен өте алмайсың.

— Шешеке, алыс кетсем, сағынасың,
Іздеме деп шыныңмен зар қыласың.
Жөн тауып жеті өзеннен өте алмасам,
Ұл таптым деп қуанып нағыласың?!

— Қарағым, мені тастап кете алмайсың,
Қарабайға барсаң да келе алмайсың.
Тар жолда жеті басты жалмауыз бар,
Тіпті сонан құтылып кете алмайсың.

— Шешеке, мен кеткен соң сағынасың,
630 Бармашы деп басымды даң қыласың.
Жеті өзеннен жөн тауып өте алмасам,
Мені бала таптым деп не ғыласың?!

— Жалғызым, кетемісің мені қиып,
Көзімнің отырамын жасын тыйып.
Жалғызым, тіл алмадың, қош аман бол,
Тас емшегім жібіген, денем иіп.

— Жағалап Сарытауды жортар бөкен,
Басына жеміс бітіп шығар жекен.
Жылай-сықтай күнелтіп жүресің де,
640 Тар құрсақта сақтаған, сорлы шешем!

— Жалғызым, мені тастап кеткенің бе,
Жалғаннан күнім қараң өткенің бе?
Жалғыз кетсең артыңда кім қалады,
Қайғысын дүниенің шеккенім бе?

— Береді сүйген құлға мал менен бас,
Жолдасына қас қылмас жақсы жолдас.
Алды-артымды тар қылып жазса Құдай,
Құдірет салған іске көнбей болмас.

— Бұл жолдан келемісің есен-аман,
650 Артыңда інің, алдыңда жоқ тұрған ағаң.
Қуанышымды көрсетер заман бар ма,
Бар көрген қартайғанда, жалғыз балам?!

— Келермін осы жолдан есен-аман,
Қой, зарланып қайғырма, болар жаман.
Алды-артымды қысқа қып қойғаннан соң,
Ісіне құдіреттің бар ма шарам?!

— Көп малыңа кім ие қора толған,
Жалғызым, сен кеткен соң күнім қараң.
Жұмыртқадан шайқаған мен бейбақтың,
660 Басыма күнде түсер ақырзаман.

— Айбасымды тастайын шешем сізге,
Көп жақсылық қылып жүр бұ да бізге.
«Жақсылық жамандық пен егіз» деген,
Жақсылық жерде қалмас, сірә, әр кезде.

Айтайын тыңдасаңыз талай кепті,
Орнына Айбас құлды тастап кетті.
Әкесінің Ақ буыршын атын мініп,
Қозыке бір тіл алмай жүріп кетті.

670 Құлақ салсаң, айтамын талай кепті,
Қозыке тіл алмастан жүріп кетті.
Жеті өзенге жеткенше еріп жүрді,
Бір қайрылмай Қозыке өтіп кетті.

Мінгені шешесінің Қара көкті,
Өткен соң жеті өзеннен екпіндетті.
Тар жолдан қара лашық кез келіпті,
«Үйде кісі бар ма, — деп, — сөйлес», — депті.

— Астыңда мінген атың Кер ме, балам,
Көкірегің топ бұзар ар ма, балам.
Дауысың құлағымнан өтіп кетті,
680 Сарыбайдың жалғызы сен бе, балам?

— Астымдағы мінгенім кер, енеке,
Топ бұзар көкірегім өр, енеке.
Баян іште болғанда, мен құрсақта,
Іздеп келе жатырмын мен, енеке.

— Жатырмын жалғыз үйде ішім пысып,
Барады дауысыңнан зөрем ұшып.
Жүрсең жолың болады, ей, шырағым,
Тамақ ауыз тиіп кет, үйге түсіп.

690 — Шешеке, бұл үйіңе түсе алмаймын,
Қанша айтсаң да, сөзіңді қос алмаймын.
Сен түгіл, өз тамағым кейін қалды,
Қырлы қазан көжеңнен іше алмаймын.

Қарағым, алыс жүрсең, әл болайын,
Ішетұғын асыңа бал болайын.
Іздегенмен Баяның табылмайды,
Бұл жерде мен-ақ саған жар болайын.

— Сөйлесем, дауысымды созамын ба,
Сенің айтқан сөзіңе боламын ба?
Құдай қосқан қосағым Баян тұрып,
700 Бір кемпірдің шандырын созамын ба?

— Мынау қалай бәле едің тілің ашы,
Көжемнің, үйге түсіп, дәмін татшы.
Сен жалғызды қоймасын қайда барсаң,
Еркек болсаң, құтылып менен қашшы.

— Қозы Көрпеш — жолаушы, бір мүсәпір,
Балаға өте қызықты кемпір пақыр.
Қозы Көрпеш артына қарай қашты,
Шығарып ақ тайынша мініп жатыр.

Қозыке Керді мініп жетелейді,
710 Тайыншамен кемпір де төтелейді.
Тайыншаға мінген соң кемпір көпір,
Ырғайменен мүйізге төпелейді.

Жігіттер, қараңыздар мына кепті,
Төпелеп тайыншасын кемпір жетті.
Бұрынғы Сарыбайдың жел перісі,
Ақүйік бүркіт болып о да кепті.

Қозының қараңыздар қылығына,
Алысса, адам келмес бұлығына.
Ақ бүркіт боп алдынан көлденеңдеп,
720 Мінгізіп алып кетті иығына.

Құтылды қу кемпірден есен-аман,
Жел пері басшы болды сонан әрман.
Қозыке айдай балқып, сау-сәлемет
Бойына Ай, Таңсықтың жақындаған.

Қозының талай жаннан қылығы артық,
Сол күнде нұрланып тұр айдай балқып.
Ай, Таңсықтың бойы екен жеткен жері,
Жолықты бір қойшыға келе жатып.

— Жиында бетім сұлу, талдай бойым,
730 Жолаушы ел көксеген менім үйім.
Аты арыған бейшара жолаушымын,
Тазша құл, жайып жүрсің кімнің қойын?

— Қойы еді Қарабайдың жайып жүрген,
Аяғөздің Ақшиін мекен қылған.

.....¹
Кім едің әлі күнге білмей жүрген?

— Ер едім бұл жиһанды жүрген кезіп,
Елдің жөнін сұраймын сенен келіп.
Қарабайдың малы көп дегеннен соң,
Жалданайын деп жүр едім саған келіп.

740 — Жалдағанмен бұл қойды баға алмайсың,
Тіл алмай тойынған соң табандайсың.
Ертең кетіп, қойыңнан кешке келіп,
Қарабайдың жанына жаға алмайсың.

— Бұл қойды жас күніңнен жайып едің,
Қарабайдан ақы алып бағып едің.
Қарабайға шамданып дөндеп тұрсаң,
Қысқы-жазғы ақыңды алып па едің?

— Бұл қойдан жазы-қысы қалғаным жоқ,
Талай бай көп шақырды барғаным жоқ.
750 Уақытым жетпей тұрар күнім толды,
Бір қыс, бір жаз ақымды алғаным жоқ.

Ақыңды айт алатұғын осы қойдан,
Қанша алсаң, маған айт насыбайдан.

¹ Қолжазбада өшіп қалған.

Қарабайға көрінбей кетіп қалшы,
Берейін жиырма-отыз осы қойдан.

Бұл қойды жас күнімнен бағушы едім,
Қарабайдың жанына жағушы едім.
Қасқыр жейтұғын бұл қойды алушы ма ем,
Жылдық ақыма сегіз тай алушы едім.

- 760 Сол құлды ашуланып салып қалды,
Өгізден құлап түсіп талып қалды.
Бір салып, екіншіге келгенінде,
Тазшаның жаны шығып өліп қалды.

Қозыке қойды жайып ақыл тапты,
Таз құлдың бас терісін сойып апты.
Айдарының сыртынан баса киіп,
Бейне әлгідей тазша боп иіріп апты.

- 770 Сөйлейін, құлақ салсаң, әрі-бері,
Шамалы ер шалықтайды талай жерді.
Атының бір тал қылын жұлып алып,
«Тұтатсам, табыс бол» деп қоя берді.

Қозыке қойын айдап үйге жүрді,
Қозы таз құл болғанын жан білмеді.
«Қойды түнге ай, қалай кешікті?», — деп
Түнде алдынан Қарабай шығып келді.

— Кебенегім бір жағын тұйықтаппын,
Қорық жерге жантайып ұйықтаппын.
Маңдайымнан күн өтіп, бойым балқып,
Қорықтыққа мас болып ұйықтап қаппын.

- 780 — Сен тазша құл, бұл қойды баға алмадың,
Жақсы жайып жаныма жаға алмадың.
Түн болғансын, қайтесің қасқыр шапса,
Кешігіп, мұнша неге табандадың?!

— Қарабай, көше-көше жөнегесің,
Бұрынғының білмеймін өнегесін.
Жылда ақыма сегіз тай алушы едім,
Биыл менің ақыма не бересің?

— Тимаушы [...] кішіге бұл жоқ емес,
Асаукер [ат] жабуға тұл жоқ емес.
790 Маған десең, бүгін кет, жаман тазша,
Сенен басқа бұл жерде құл жоқ емес!

— Деменіз кішкенеде ой жоқ емес,
Жылқысы көп кісіге той жоқ емес.
Кетсем кетіп қалармын, ей, Қарабай,
Бұл елде сенен басқа бай жоқ емес.

Қойларын ашуланып үйге айдады,
Құлменен екеуі бірге айдады.
Баянның асыраған ақ тоқтысы
Қой алдына түсіп ап, маңырайды.

800 Қурайлап қойдың алдын озып кетті,
Қойының көбі бытырап, тозып кетті.
Баян тілін білетін ақ тоқтысы
Ауылға шүйіншілеп, озып кетті.

Ауылға тоқты келді шүйіншілеп:
— Апеке, үйдің шиін жиыншы, — деп.
Құрсақта Құдай қосқан жарың келді,
Бәйшешектей түрленіп киінші деп.

Апеке, жарың келді, жарың келді,
Әуелгідей киінші барыңды енді.
810 Апеке, жақсы күтіп, таза сақта,
Өзі бағып келеді малыңды енді.

— Құлақ салсаң, сөйлейін әрлі-берлі,
Еркін жүйрік білмейді ылди-өрді.
Жалғызды тоқты мазақ қып жүр қайырып,
Ішіне Баян қыздың ыза кірді.

Баян қыз наза болып жылады енді,
Көзінің жасын көл қып бұлады енді.
— Ерте кеткен жалғызды еске салып,
Қойға мазақ қылдырдың, Құдай, — деді.

- 820 Тоқтыға ашуланып салып кетті,
Сілтеген бұйда пышақ дарып кетті.
Бұйда пышақ сілтесе, құр түсе ме,
Тоқтының ши қарынын жарып кетті.

Құлақ салсаң, айтамын талай кепті,
Тоқтыға пышақ тиіп қаза жетті.
«Жазықсыздан жазықсыз өлтірді», — деп
Ақ тоқты көп мәңіреп өліп кетті.

- «Жігітке тумақ мін» деп бұ жалғанда,
Құдай өзің қуат бір аңқайғанда.
830 Жігіттер, таза тыңдап құлағың сал,
Қатты екен қой қарғысы со заманда.

Сол күнде Қарабайдан Қодар есті,
Көрген жандар Қодарды күйеу десті.
Аягөздің бойында Жалпақшиге,
Қарабай ерте тұрып, соған көшті.

Жамағаттар, сөйлейін әрлі-берлі,
Батыр көркем аралар талай жерді.
«Қой айдайтын қойшының аты еді» — деп,
Қозыға бір Көкшолақ әкеп берді.

- 840 Мінгені Қозыкенің Көкшолақты,
Қарнына тебелеп кеп айдапты.
Айдалада қой айдап келе жатып,
Қозыке әрбір ойды көп ойлапты.

Мұрнының зырасы бар қоңыр саулық
Қыз Баянның қойы ғой, — деп ойлапты.
Баянның осы қойын сояйын, — деп,
Сираққа құрықпенен салып қапты.

Қозыке қоя берді Көк шолақты,
Қоңыр қойды түрткілеп жаяу бақты.
850 Қоңыр қойды жүргізбей келе жатып,
Көшіне Қарабайдың жақындапты.
Көште жүрген Баянды таныған соң,
Қолын бұлғап, дауыстап айғай сапты!

— Құлақ салсаң, айтамын талай кепті,
Бұдан бұрын көп кісі өтіп кетті.
Айғайлаған Таз құлдың даусын естіп,
Көк жорғаны салдырып Баян кепті.
«Ащы даусың өтті ғой құлағымнан,
Мені неге шақырдың, тазша», — депті.

860 — Қинадым сенің үшін шыбын жанды,
Көзім қимай көп бақтым жануарды.
Баян-ау, шақырғанға сөге көрме,
Мұрнының зырасы бар қойың қапты.

— Саласың көш жөнекей даурығыңды,
Бастырған қырмызыдан баулығымды.
Бастырып Көк шолаққа, шұнақ құлым,
Сындырып бір аяғын саулығымды.

— Саламын көш жөнекей даурығымды,
Бастырып қырмызыдан баулығымды.
870 Бұрын ақсақ қойыңды менен көріп,
Сірә, неге қоймайсың, жаулығыңды.

— Қой жайған Қарабайдың көбегені,
Ауылдың ерте көшіп жөнегені.
Қоңыр қойдың аяғын сындыра сап,
Бұл құлдың жау дегені, не дегені?

— Мен болсам Қарабайдың көбегені,
Құдайдың көш жөнекей дегені.
Бұрын ақсақ қойыңды менен көріп,
Бұл күңнің құл дегені, не дегені?!

880 — Қонған соң қоңыр қойды сойдырмасам,
Сен құлды сүбесіне тойдырмасам.
Кімді құл деп айтасың мәнсіз құлым,
Қодарға айтып төбеңді ойдырмасам!

— Баян, сенің мінгенің тайың ба еді,
Қодарға мені шағып, байың ба еді?
Бір құлменен ұстасып жүр екенсің,
Әлі-ақ сенің табармын жайыңды енді.

— Қарай гөр, мына құлдың тіл ғанасын,
Өзінің тілі пысық қу ғанасын.
890 Қодарға айтсам, төбеңді ойып тастар,
Сен тазша, бұраң сөзді не қыласың?

— Дәулеті Қарабайдың мол емес пе,
Топ бұзар көкірегім өр емес пе.
Жалғызға жасыңда өкең берген болса,
Өкең берген қосағың мен емес бе?

— Сол жалғыз әкем берген сендей ме екен,
Таз құл болып бұ жерге келген бе екен.
Қарабайға мал бағып, жалшы болып,
Аяғынан тентіреп өлген бе екен?!

900 — Айтамын, айт деген соң, Баян, танытып,
Атыңның жорғалатшы басын тартып.
Жасыңда өкең жалғызға берген болса,
Қандай байға тиесің менен артық?

— Бендені Тәңірі табар пейілі жаман,
Қандай күнде беріпті әкем саған.
Әкем берген сол жалғыз өзің болсаң,
Ай аулақта бір белгі көрсет маған.

Таз кептің бауын шешті көрсеткелі,
Жығасынан бұрқырап айдар кепті.
910 Бауын шешіп айдарын көрсеткенше,
Қодаңдап жылқы айдаған Қодар кепті.

— Белең-белең жер келсе белдесесің,
Ай аулақта Қодармен тілдесесің.
Түйең ауып қалады, көшіңе бар,
Теңің емес Тазшамен сөйлесесің.

— Тазшаны қой айдаған жын ұрыпты,
Бұ құлыңның мінезі бұзылыпты.
Көк шолақпен қой айдап келе жатып,
Қоңыр қойдың аяғын сындырыпты.

920 — Қойың өлсе қайғырма, күл шырағым,
Түйең ауып қалады жүр, шырағым.
Қоңыр қойдың аяғын бұл сындырса,
Мен тығайын аузына сый, шырағым.

— Жылқыңды айда, жүрмейді құлын-тайың,
Тай қалса, ашуланар Қарабайың.
Көш-жөнекей жылатып не қыласың,
Қонған соң әкем табар құлдың жайын.

— Жылқы айдайын жүрмесе құлын-тайым,
Тай қалса, қонғанда ұрсар Қарабайым.
930 Қонған соң өкең тапса құлдың жайын,
Көш-жөнекей бақыртып не қылайын.

Қодар құл қоқырақтап кетіп қалды,
Кіресілі шығасылы есі барды.
Қоңыр қойды Баянға өңгертеді,
Санынан ер Қозыкем шымшып алды.

Өңгеріпті Баянға қоңыр қойды,
Өңгергенде санынан шымшып қойды.
Жығадан алтын айдар бұрқырап жүр,
Шала құмар қылды да тығып қойды.

940 Санынан ойнаған боп шымшып қойды,
Айдарды жығасынан Баян көрді.
Қонған жерге жеткенше іші күйіп,
Артына қарап-қарап мойын талды.

Қарабай Жұзағашқа барып қонды,
Баяныңның қайғы-дертке іші толды.
Жүк түсіріп, үй тігіп жатқанында,
Жүгіріп Қарабайға Баян келді.

— Өке, бір дерт жабысты маған, — деді,
Шығарғалы келіп ем саған, — деді.
950 Ішім толып барады қайғы-дертке,
Дерттің емін тауып бер маған, — деді.

— Балам-ау, не дерт саған болды, — деді,
Дерт жабысты дегенің жаман, — деді.
Қыз бала қонбай қырға шықпас болар,
Дерттіңнің мәнісін айт маған, — деді.

— Тазшаның қиуадан табылғаны,
Қой жусап, ойпаң жерге аңырғаны.
Қой өңгеріп санымнан шымшып алды,
Тазшаның шымшығаны не қылғаны?
960 Тазшаның қиуадан табылғаны,
Қой жусап, ойпаң жерге аңырғаны.
Қой өңгертіп, саныңнан шымшып алса,
Сені көріп есінен жаңылғаны.

— Осы тазша құл емес, не қылса да,
Тегі саған құл болмас жалынсаң да.
Қой өңгертіп санымнан шымшып кетті,
Сол біреудің жалғызы не қылсаң да.

— Сол таз құл жақсы болса, ақыл тапсын,
Ақыл тауып, Қодардан сүйтіп ассын.
970 Ол біреудің жалғызы болса, балам,
Қойдан шығып, келсін де жылқы бақсын.

— Осы тазша құл емес неғылсаң да,
Алысты жуық, жуықты бар қылсаң да.
Маған десең жылқыңды жау әпкетсін,
Бір солқылдақ жалғыз ғой не ғылсаң да.

— Балам-ау шығардың ба дертті, — деді,
Бір тазшаға құмар боп нетті, — деді.
Сеніменен ақсүйек тазша ойнаса,
Ендеше үйде тұрсын тіпті, — деді.

- 980 Баянның қайғы-дерті жазылады,
Үй тігіп, опа-еңлік жағынады.
Кешке таман шыққалы қой алдына,
Бір ағаштан ақсүйек жонып алды.

Құтқармас қашағанды салған құрық,
Жайған қойға қарайды Баян жүріп.
Қой қарасын көрген соң үш қыз шықты,
Анда-санда ақсүйек лақтырып.

- Бендеге Құдай қосар әрбір істі,
Қозыке жас та болса тым-ақ үшті.
990 Баян қыз бір ақсүйек лақтырса,
Қозыкенің қасына жақын түсті.

Қараңдар тамаша ғып екі нарды,
Ақсүйекпен Қозыны періп қалды.
Көк шолақтың үстінен қарғып түсіп,
Ақсүйекті бас салып жатып қалды.

Бас салып ақсүйекті жатып алды,
Үш қыз келіп үстіне ұрыс салды.
Ары-бері қалжыңдап ойнаған боп,
Таз кебін Баян сонда жұлып алды.

- 1000 Таз кебін Баян сонда жұлып алды,
Жарқырап алтын айдар түсе қалды.
Қозының шырайына тақат қылмай,
Қыз Баян қайран болып талып қалды.

Баян қалды мұратқа сонда жетіп,
Жау жеңгесі көріп түр ішке тоқып.
«Бенде көрмей шет жақта өсіп ең» деп,
Қозыке тұрғызыпты қағып-соғып.

- Таз кебін қайта киіп, үйге келді,
Бәйбіше қарны ашты деп тамақ берді.
1010 Тұра келіп аяқты қолына алып,
Қайтадан бәйбішеге ұсынды енді.

Бәйбіше жақсы тамақ пісіреді,
Алдын ішпей тамақтың қысылады.
Осы бала әдетті нәсілі бар,
Қарашы, берген асты ұсынады.

— Е, шеше, шын жүрекпен ойласаңыз,
Құрсақта жетім қалып, болдым арсыз.
Баянның соңынан еріп жүрген,
Туғалы ғаріп болған біз бір арсыз.

- 1020 — Өзің бір жас баласың, талабың зор,
Қодардай кесек емес, танысың жол.
Шырағым, енді қойды бақпай-ақ қой,
Балаларды ойнатып үйімде жүр.

Үйіне түн болған соң Баян келді,
Сол күн ойнап, екеуі қызық көрді.
Бір жау қатын екеуін көзі шалып,
Қодарға таң атқан соң хабар берді.

- Жылқыға жаяу келді Қодарды іздеп,
«Таз құлменен қосылды арсыз қыз» деп.
1030 Қодар құлға келерде жақсаттанды,
«Тазшаны алып, қыз сырын айтпайды», — деп.

Ішіне Қодар құлдың суық кірді,
Ауылға сол қатынды алып жүрді.
«Жылқы малды отарға айдаймын», — деп,
Келді де Қарабайға жауап берді:

— Айдасаң, отарыңа айда, — деді,
Көкорайға биенді байла, — деді.
Жоғарғы елдің қатынын жиып келіп,
Отар барсаң, қосыңды майла, — деді.

1040 Бұл Қодар Тазша құлдан қатер алды,
Қорқытып қатындарды жиып алды.
Әр қатынмен арсылдай бір ұрысып,
Кешке шейін тоғыз қос тігіп алды.

Жылқыға тоғыз қосын тігіп алды,
Қайтып кеп бөйбішеге кісі салды:
— Бақыршыға алайын Тазшаны бер,
Біз бақпасақ, кім бағады осы малды?

— Отар барса, ауылды сағынады,
Жылқы бақса, бірталай дау қылады,
1050 Әжетке жарамаған бір баланы —
Апырау, мұны сұрап не қылады?

— Біз жылқыда жүргенде қосты қарап,
Бақыр асын сорпаның майын жалап.
Жылқыдан суықсырап келгенімде,
Кептірсін байпағымды отқа қалап.

— Жылқысы Қарабайдың қара жал-ды,
Ер қайда Қарабайдай болған малды?
Үйде жүрген баланы не қыласың?
Апарғанмен, әжетке жарамайды.

1060 — Бұл бала бізге берсең, олжа емес пе,
Астында көк шолақ ат қойда емес пе?
Түнде келіп қосыма жатқанымда,
Аяқ қымтап берсе де, пайда емес пе?

— Қодар-ау жылқы баққан сен бір жалшы,
Жайдақтап Бақа айғырды салдың қамшы.
Үйде жүрген баланы бере алмаймын,
Керек болса, бір кісі жалдап алшы.

— Бермейсің бір баланы ішің бұрып,
Кептірсін шұлғауымды қоста жүріп.
1070 Сұраған бір баланы қимай тұрсың,
Бөйбіше, шегіншегің қалшы құрып.

— Ойласам, Қодар сенің ақылың жоқ,
Осы бала басыңа қып-қызыл жүк.
Апарғанмен тіліңді тіпті алмайды,
Өзіңді бір тоңқайтар масқара қып.

— Жаман қар, жалпылдамай тазшаны бер,
Тазшаның іші толған қайғы мен шер.
Қоста жүрсін сорпаның майын жалап,
Семірген соң құлыңның қызығын көр.

1080 — Бай айтты: бұл тазшаны берелік те,
Айтқанына Қодардың көнелік те.
Қосына апарып жұмсасын Қодар батыр,
Қызығын екеуінің көрелік те.

Бәйбіше айтты: — Баланы өлтіреді,
Өлтірмесе, бір жаққа жетіреді.
Қодар құлға бермей-ақ қояр едік,
Ауылдың өте мазасын кетіреді.

Жылқысын ер Қарабай отар қылды,
Құдайына тапсырды Қодар құлды.
1090 «Тазшаны бермеймін» деп ашуланып,
Ауылдың тырқыратып итін қуды.

Қарабай қатынымен кеңес құрды,
Жасырмас бір-бірінен ішкі сырды:
— Қатын байғұс, тазшаны бер де, құтыл,
Мына құл ашуланып итті қырды.

Тазшаны Қодар құлға бермек болды,
Тазша да Қодарменен жүрмек болды.
Тазшаны алып Қодар құл келе жатыр,
Жол үстінде бірталай ермек қылды:

1100 — Тай мінуге келе ме қайрат күшің,
Үлкен атпен болмасын сенің ісің.
Қостан ет жеп, сорпа ішіп тойған соң,
Қыз қойнына баруға жараймысың?

— Қодар-ау, жас күнімнен болдым сарсаң,
Қыз дегенің қиын ба ойыма алсам.
Тазшаңыздың өнерін көрер едің,
Қойнына Баян қыздың алып барсаң.

— Қан толғыр, сөзің [құрсын], мұндар шұнақ,
Баянды аузыңа алма, біздің шырақ.
1110 Түн болған соң жетелеп алып келсем,
Шұнаңдап ойнар едің ұялмай-ақ.

— Отарға Қодар кетті жылқысын айдап,
Тоғыз бие сойыпты қосын майлап.
Қос басына бір бие сойып тастап,
Қазыны Қодар жатыр қия шайнап.

Қодар құл тоғыз қосты талқандайды,
Таңдап-таңдап мінеді ай маңдайды.
«Тамам құлдың бәрін де қорқытсам», — деп,
Ер Қодар солайша ой ойлайды

1120 Ер Қодар құлдың бәрін жиып алды,
Бір ойын қылайын деп хабар салды.
Тоқсан дөңбек өңгеріп әпкеліндер,
Ағасының кісі білмес ойыны барды.

Тоқсан құл тоқсан айғыр мініп алды,
Тоқсаны дөңбек іздеп атын салды.
Тоғыз түйе тобылғы қолмен жұлып,
Ер Қодар қос артына үйіп салды.

От қойып тобылғыға өртеп қойды,
Шөгіп жатқан түйедей тағы болды.
1130 Өңгеріп бір-бір дөңбек алып келді,
Қодарға қайтеміз деп хабар берді.
Қодар шығып қосынан көрді дағы,
«Бәрін де бір жерге үй» — деп жарлық қылды.

Тоқсан тазша ойын қып ойран салды,
Үш-төрт басып алшаңдап Қодар барды.

Бәрін де құл біткеннің жиып алып,
Өпкелген дөңбегіне таңып салды.

- Оларға Құдай берген таудай талап,
Қорқытты құлдың бәрін отқа қалап.
1140 Әр құлды дөңбектегі бір бақыртып,
Ер Қодар қорқытып жүр қойдай санап.

Қодарға құлдың бөрі жалынады,
Отқа күйіп өкпесі қабынады.
«Қодар-ау, не бұйырсаң бұзбалық», — деп
Құлдар қорқып жанынан зар жылады.

Қорқытып құлдың бәрін шешіп салды,
Қылғанына Қозыке қайран қалды.
Жалғыз қалған балаға кезек келіп,
Қодар құл от басына жақындады.

- 1150 Мініп ап байталына борбайлайды,
Сескеніп «шақырды» деп қозғалмайды.
Тазшалардан дөндеген Қодарға енді,
Қозыке айдауына еш болмайды.

Қодардың ашуланып өзі жүрді,
Келе жатып ақырып, дүрілдеді.
— Неден үміт қып тұрсың, шұнақ мұндар,
Тоқсан құл бір қолыма ілінбеді!

- Тамам құл ілінбеген жаман шығар,
Жер түрткен Қодар доңыз, қабан шығар.
1160 Дөндеген тамам құлмен қалжыңдай бер,
Өзім бала болсам да, қояң шығар.

Жылқысы Қарабайдың қара жал-ды,
Бойына теңгермейді тірі жанды.
«Шақырғанда тілімді алмадың», — деп,
Тазшаны шоқпар алып кеп салып қалды.

- Қодардың жағасынан ұстап алды,
Қодар құл аттан ауып жерде қарлы.
Екеуі қарбаң-құрбаң тартыс қылып,
Қодарды аттан алып жерге салды.
1170 «Өз қылғаның өзіңе қыламын», — деп,
Бір дөңбекке Қодарды таңып салды.
- Қозыкеге Құдай берді таудай талап,
Күші бар қырық кісілік жалғыз қарақ.
Қодарды дөңбегімен көтеріп ап,
Өзі жаққан отына қойды қалап.
- Қодар жатыр бақырып, ойбай салып,
Бақырады дауысы жерді жарып.
Тобылғының шоғына қалап қойса,
Арқасы шыжылдайды майдай жанып.
- 1180 Қодарды от ішінде қамшылайды,
«Қостағы, ерке інім, сен», — деп жылайды.
От қызуы өткен соң Қодар құлдың,
Майы ағып арқасынан тамшылайды.
- Ит Қодар, босатпасам өлемісің,
Сөзіме менің айтқан көнемісің.
Жанып жатқан азаптан босатамын,
Өзіме мал билігін беремісің?
- Қарағым, айналайын өлдім, — деді,
Туғалы көрмегенді көрдім, — деді.
1190 Азабыңды тарта гөр «рақым» қып,
Ерік сіздікі, билігін бердім, — деді.
- Азапқа қу жаныңды ұрайын ба,
Жаныңды ақиретке бұрайын ба?
Тоқсан құлдың барлығын өзім билеп,
Бөріне үкімші боп тұрайын ба?
- Қарағым, айналайын, өлдім, — деді,
Не деген әміріңе көндім, — деді.

Оттан жырақ қыла көр, ер Қозыке,
Тамам құлдың билігін бердім, — деді.

- 1200 — Ит Қодар, жібермесем, өлемісің,
Мен шақырсам қышқырып, келемісің?
Қызыл оттан шығарып жіберейін,
Қыз билігін өзіме беремісің?

— Тегінде бүйте берсең, өлемін ғой,
Не деген өміріңе көнемін ғой.
Ай мен Таңсық дейтұғын екі қыз бар,
Екеуінің билігін беремін ғой.

- Шын менің өміріме көнемісің,
Көнбесең азап тартып өлемісің.
1210 «Екі қызды ал» дегенің не дегенің,
Екеуінен Баянды бөлемісің?!

— Қарағым, осы сөзің жанға кейіт,
Өлген адам — топырақ, болар бейіт.
Бір өзіңе екі қыз аз бола ма,
Жолында мен Баянның өлсем — шейіт.

— Қодар-ау, шыныңменен өлгенің бе,
Ісіне құдіреттің көнгенің бе?
«Баян қызды беремін» деп айта алмайсың,
Баян үшін азапты көргенің бе?!

- 1220 — Босатсайшы, қарағым, ойбай арқам,
Әли Жаппар төре едім мен бір салқам.
«Жұдырықтай баладан жығылдың», — деп,
Есітсе, мені сөгер Баян қалқам.

Қодардың есі-түсі кетіп қалды,
От өтіп сүйегіне жетіп қалды.
Еттен өтіп сүйегі көрінген соң,
Қодарды дөңбегінен шешіп салды.

Қодарға Қозы Көрпеш қылғансыды,
Қорқытып тамам құлды маңғазсыды.
1230 Еттен өтіп сүйегі көрінсе де,
Ер Қодар үш күн жатып есін жиді.

Қодар жүр Қозыкені есіне алып,
Ашумен бір биені салды жарып.
Ер Қодар бір биені сойып алып,
Жарасын жазып алды майға малып.

Тамам құл ішіп жатыр бие байлап,
Күнде бие сояды қосын майлап.
Құл мен малдың билігін алғаннан соң,
Алтайға Қозы кетті жылқыны айдап.

1240 Қодардың жалғыз қалып әлі кетті,
Көп жылқыны Ертістен айдап өтті.
Жолбарыстай мықтымен алысам деп,
Қодар құлды Құдайым тентіретті.

Жылқыны айдай-айдай Алтай барды,
Бір бүтін екі арада жарты айды алды.
Ат айдап алты қабат баса шалып,
Көңілі сүйген жеріне жылқы салды.

Қодар құл үш айда өрең жазылады,
Жылқының ізі жол боп қазылады.
1250 Жылқының сүрлеуіне Қодар түсіп,
Жылқыны бір көрсет деп зар жылады.

Жылқыны Қодар жүрді жаяу іздеп,
Алтайда бағып жатыр жайлап-күздеп.
«Тірі күнде жылқыны бір көрсем», — деп,
Келеді бір Құдайдан тілек тілеп.

Оларға Құдай берген әруақты,
Алтайдан Қодар іздеп жылқы тапты.
Қодар құл бұрынғыдан айрылып қап,
Тынышына қақаңдамай жылқы бақты.

- 1260 Қодар жүріп жылқыда ой ойлайды,
Қозыға ақылдассам деп ойлайды.
Қозыдан разылық сұрап алып,
Елге бір барып келсем деп ойлайды.

Сөйлейін құлақ салсаң, әрлі-берлі,
Еркін жүйрік білмейді ылди-өрдi.
«Баладан тілек қылып сұрайын», — деп,
Қодар байғұс жүгіріп қосқа келді.

- Былтырдан соң көрмедік Баян қызды,
Жүде тозып бит жеді арқамызды.
1270 Үйге барып келейін күліп-ойнап,
Рұқсат беріп, жіберсең, — деді, — бізді.

— Бақа айғырмен келе гөр барсаң барып,
Өзге жылқы жарамас жолда қалып.
Баян саған барған соң не бермейді,
Келіңіз жарыңыздан сарқыт алып.

— Келейін Алтай таудан барып қана,
Үш күн жатып Баянға дарып қана.
Мен барған соң өртүрлі тамақ берер,
Келейін саған сарқыт алып қана.

- 1280 Мінді де Бақа айғырға, Қодар кетті,
Алтайдан Түлкіліге түсте жетті.
Түлкілінің төсінде түйе жайған
Келді де Қарабайға сәлемдесті.

— Келдің бе есен-аман, Қодар батыр,
Аман ба баққан малың қайда жатыр?
Ермектесіп барайық түйе жиып,
Басында Жүзағаштың ауыл отыр.

- Қарабай сәлемдесе келдім саған,
Өтіп кетсе бендеден қалар заман.
1290 Алтайда қыстай жылқы жалғыз бақтым,
Малыңның өзің көрген бәрі де аман.

— Қодар-ау, бүгін келдің Алтай жайлап,
Арытып Бақа айғырды баса байлап.
Малыңның амандығын асықпай айт,
Баралық кешке таман түйені айдап.

— Қарабай, көп сандалмай түйенді жи,
Берер болсаң Баянды, басымен қи.
Екеумізді екі жерде ғашық қылмай,
Оңашада Баянның некесін қи.

1300 — Қодар-ау, тентек қандай, қиял қандай,
Бұлаңдайсың Баянды сен алғандай.
Бір баланы отарға әпкетіп ең,
Сол балам бар ма, жоқ па әлде қандай?

— Сол балаңда бір мінез барағырақ,
Мінезі ойнағанға тарағырақ.
Ол мінезбен отардан үйге келсе,
Жіберер бір күн қуып Баян қарақ.

Сөйтті де Бақа айғырды мініп алды,
Айғырды жүрмейсің деп бауырлады.
1310 Жұзағашпен Түлкілі — ара күндік,
Ылазымда зырлатып жетіп барды.
Үйіне Қарабайдың түсе қалып,
Бәйбішеден амандасып бір тіл алды.
Қодар құлдың көңлінде Баян қыз жүр,
«Баян қайда кетті?» — деп алаңдады.

— Бәйбіше, Баян қайда, үйінде жоқ,
Даладан келе ме деп көңілім тоқ.
Отардан былтыр кетіп, биыл келдім,
Баянды бек сағындым төменші боп.

1320 — Қодар-ау, Баян қызға болма құмар,
Таққаның Бақа айғырға алтын тұмар.
Әлі кеп амандасар асықпай тұр,
Қыздармен серуенде жүрген шығар.

Сызылып қырмызыдай Баян келді,
Ер Қодар оны көріп күлімдеді.
«Жорғанды семіз қылып бағып жүрмін,
Қодарыңа бетіңнен сүйгіз», — деді.

— Қодар-ау, сүйдіргенім не қылғаным,
Өсекке сүйдірген соң таңылғаным.
1330 Жылқыдан кеп бетіңнен сүйдір дейсің,
Бұл сөзің дұрыс емес, жаңылғаның.

— Бетіңнен бір сүйдірсең нең кетеді?
Қодарың мұратына бір жетеді.
Асылыңменен бетіңнен бір сүйдірсең,
Баянжан, сонда бойың ер жетеді.

— Қодар-ау, жаман сөзді айтпа маған,
Біздерге ондай сөзің жарамаған.
Менен басқа кісіге айт бұл сөзіңді,
Өзіңнің қадірсіз боп кетер бағаң.

1340 Қодар құл сөз сөйлейді әрлі-берлі,
Шын жүйрік талғамас ылди-өрді.
Қодар құлдың артынан түйе жиып,
Қарабай бек наза боп кешке келді.

— Неғылдым, Жаппар ие, бір ұл бермей,
Қор болып Қодар құлға жүрмін өлмей.
Ай аулақта бір сөзі өтіп кетті,
Қодарды жөнелтіңіз тамақ бермей.

Қодардың бұл келгенін қош көрмеңіз,
Күле сөйлеп, жауап қып, қас кермеңіз.
1350 Жақсы тамақ берген соң дөндеп кетер,
Мойын-сойын болмаса, дым бермеңіз.

Қодар сонда білмейді барды-жоқты,
Тегі өзі білмейді екен ашты-тоқты.
Өкпе-бауыр, бір жөргем берген екен,
Сорпаның қоқымына былғап соқты.

Құрайлап қойшы айдайды жайған қойын,
Сылап-сипап өсірген Баян бойын.
Қарабайдың үйінде үш күн жатса,
Аттанар күн бергені жарты мойын.

- 1360 Құлағың сал айтайын енді кепті,
Бізден бұрын көп адам өтіп кетті.
Жарты мойын қолына алды дағы,
Қыз Баянның қасына жетіп кепті.

Отардан Қодар келген құстай түлеп,
Үш қарыс сайманы бар жұрттан бөлек.
Баянменен сөйлесіп тұрған жерде,
Қодарға бой бермейді қонышын тіреп.

- Астыңда мінген жорғаң болдыр, Баян,
Осы жерде жақындығың білдір, Баян.
1370 Жорғаңды семіз сақтап ап келемін,
Шынымен жарым болсаң міндір, Баян.

Баянның ішкі сырын кім біледі,
Жақындығын Қодарға білдіреді.
«Жақсы қылып жылқыңды бағып жүр», — деп,
Аяқтың өкшесінен сүйдіреді.

Баянның өкшесінен сүйіп кетті,
Қодардың тұла бойы иіп кетті.
Алты өгіздің терісі — етігі бар,
Екі қонышқа сорғалап толып кетті.

- 1380 — Е, Баянжан, сенің [үшін] қара басым,
Айтарға толып жатыр саған назым.
Тазшамен көш-жөнекей сөйлескен соң,
Бойыма тарамай жүр ішкен асым.

— Сөйлесіп бір құлменен неғылайын,
Айтпасаң да, білемін құлдың жайын.
Сен тұрғанда бір тазды неғылайын,
Салмай-ақ жүре берші сарыуайым.

- Баянжан, тіпті разы болдым саған,
Жылқы баққан жігіттің бөрі жаман.
1390 Бойы ісініп қонышынан асып кетті,
Балағының аузынан сорғалаған.

Жылқыға Қодар қайтты өлеңдетіп,
Қалады Бақа айғырды көлеңдетіп.
Тебінсе, екі етігі сорқылдайды,
Жылқыға кешке жақын келді жетіп.

Қодардың қараңыздар тетігіне,
Өтірік сөз айтқанына жетігіне.
Тамам құл көргеннен соң сұрап жатыр,
«Қодар-ау, не болған, — деп, — етігіңе?»

- 1400 — Жолымда Ертіс деген жаман бұлақ,
Аға алмай батпақ болып жатыр жылап.
Ат жығылып, етігім суға толды,
Көп сұрап неғыласың, құлдар шұнақ.

Баянның маған қарап мойны талды,
Бақпаңыз деп айтады жылқы малды.
Баянға көп өкпелеп жатып едім,
Бір қатын көп жалынып алып барды.

- Баян келіп жығылды аяғыма,
Күлсе екен деп қарайды қабағыма.
1410 Қарабай қатынымен қабат сыйлап,
Шекер-балын төктірді тамағыма.

Құшақтап әр жерімді сипалаған,
Аямай қимыл қылды Қодар ағаң.
Таңға [жақын] бір меспен су әпкеліп,
Қодарды тамам қыздар тазалаған.

Қыздар келді Қодарды көреміз деп,
Қодарға не сұраса береміз деп.
Қайтам десе, жылқыға жібермейік,
Бөріміз де соңынан ереміз деп.

1420 Көп алданбай, жылқыға қайтып кеттім,
«Жақында келемін» деп айтып кеттім.
Баянжанның назары сынады деп,
Үш-ақ күн құшақтап жатып кеттім.

Қозы айтты: — Қодар үйге барып келдің,
Баянға үш күн жатып дарып келдің.
Сіз кеткен соң сағындық қолыңызды,
Біздерге сарқытыңнан не әпкелдің?

— Қарабай Жұзағашқа қонып қалды,
Ауылға бір топ қонақ келіп қалды.
1430 Бір дорба өрік-мейіз беріп еді,
Жүрерімде асығып, ұмыт қалды.

— Келейін, Қодар батыр, мен де барып,
Қалтаға мейіз берген саған салып.
Сендей бізді күтерге жарымыз жоқ,
Келейін бәйбішеден бір дәм татып.

— Шырағым, барам дейсің мені көріп,
Барсаң, күтпес бәйбіше тамақ беріп.
Барған кісі тамағын апармаса,
Бекер барған қалады аптан өліп.

1440 — Сен, Қодар, не бітірдің үйге барып,
Мүжидің жарты мойын қолыңа алып.
Мен барған соң тамақтың бәрін берер,
Ер Қодар, келген екен көңілің қалып.

— Шырағым, тіпті барма тілімді алсаң,
Бәйбіше түк бермейді маған нансаң.
Жаның ашып айтамын сүйгенімнен,
Ұят қой, қарның ашып өліп қалсаң.

— Үйінде Баян отыр қасын керіп,
Алтын, гауһар жібектен нөкір өріп.
1450 Он күнге шыдамасам, не боламын?
Үйінде жатайыншы өлсем, өліп!

— Келе ғой Бақа айғырмен барсаң барып,
Айғыр ыза қылмасын жолда қалып.
Бір-ақ қонып қайтып кел, көп кешікпей,
Қодардан таяқ жерсің ғафыл қалып.

Мінді де Бақа айғырға Қозы кетті,
Алтайдан Түлкіліге түсте жетті.
Далада түйе жайған Қарабайға
Келді де, Қозы Көрпеш сәлемдесті.

1460 — Келдің бе есен-аман, тазша батыр,
Баққан малың аман ба, қайда жатыр?
Ермектесіп, түйе айдап бір барайық,
Жұзағаштан жоғары ауыл отыр.

— Ер жігіт әр нәрсеге қылар сабыр,
Алтайда жылқы малың аман жатыр.
Ішімде бір дертім бар адам білмес,
Дәулетің арқандалған біз бір пақыр.

— Дертінді шығардың ба, тазша батыр,
Мұныңды білуші едім, байғұс пақыр.
1470 Қарның ашып, шөліркеп шаршап келсең,
Қосымда алты қарын қымызым жатыр.

— Қозының Қарабайға дерті шықты,
Өзі жас болса дағы тіпті мықты,
Айран менен қымызын қолына алып,
Қарнымен көтеріп бір-ақ жұтты.

Айраны мен қымызын ішіп қойды,
Шөліркеп келген бала тамам тойды.
«Осы бала жарамды бала ғой», — деп,
Қарабай ойлап отыр әрбір ойды.

1480 Қарабай сол баланы жақсы көрді,
Шөлдеген жайын біліп сусын берді.
Қарабайға мінгізіп Бақа айғырды,
Түйені айғай салып жаяу жиды.

Екеуі түйені айдап үйге келді,
Қарабай қатынына айта келді.
— Осы келген баланы күтіп жібер,
Іші алтын, тоны жаман бір ұл келді.

— Ей, байым, саған берді мал менен бақ,
Жаратқан баршамызды бір жалғыз Хақ.
1490 Тегі сіз ешбір нәрсені аңдамайсыз,
Баланы мен білемін ежелден-ақ.

Бәйбіше тамақ қылды талқан болып,
Балаға қарамай жүр көңілі толып.
Көзі көріп, құлағы былтыр сезген,
Ұй сығалап Баян жүр сыртта тұрып.

Алуа-шекер тамағын төгіп салды,
Тағы да асып таратты жая-жалды.
Жақсы тамақ ішкізіп сыйлаған соң,
Бір жақсы үйге Қозыға төсек салды.

1500 Бір жақсы үйден Қозыға төсек берді,
Сығалап сырттан жүріп қыздар көрді.
Қозы Көрпеш төсекке жатқаннан соң,
Алтын тонын бүркеніп Баян келді.

Қозының қараңыздар ақылына,
Жаңа келді Баяндай жақынына.
Баян келіп оятса, қозғалмайды,
Қараңыз жауап бермей жатуына.

Кей жаман құл деп айтса, арланады,
Мал бағып Қарабайға жалданады.
1510 «Жалғызым бір қиялмен жатыр ғой» деп,
Қасында Баян тұрып зарланады.

— Жалғызым, мен қасыңа келіп тұрмын,
Көңлімді шыныменен беріп тұрмын.
Жапанға жалғыз біткен сен бір шынар,
Құлын-тайдай айқаспай болдым құмар.

Жасаған мұратыма жеткізе ме,
Көңлімнен қай мезгілде қайғым шығар?

— Қызы едің Қарабайдың, атың — Баян,
Ішімдегі сырымды кімге жаям.
1520 Нәсілі жоқ бір құлмен болдың үйір,
Өкең маған қосқаны — Құдайға аян.

— Жалғызым, олай деме жарыңды енді,
Жарыңа кінә қойып тарынба енді.
Көңілімнен ине жіптей қаяу тауып,
Сонда шаш қара қойдай қанымды енді.

— Ей, Баян, сен деп жүрген мен бір арсыз,
Қодар байың тұрғанда көңілің қамсыз.
Мені тастап бір құлға көңіл бердің,
Қодарға тиемін деп малсыз, жансыз.

1530 — Қарағым, алыс кетсең сағынамын,
Үйде айтқан жеріңнен табыламын.
Құдай қосқан қосағым сен тұрғанда,
Бір құлды тентіреген не қыламын?!

— Баян-ау, жамылғаның алтын мен зер,
Табылмаса адамға бірталай өр.
Аузың адал болса да, көңілің қара,
«Ақпын» деп қасамменен жаныңды бер.

Баян сонда «бисмілдә» аузына алды,
Дәрет үшін құманды қолына алды.
1540 «Ақтығыма жанымды беремін» деп,
Жүкте тұрған «Құранға» қолын салды.

Баян сені алам деп әркім келді,
Құрсақта атастырып саған берді.
«Жүктегі Құранды алам» деп жүгірген соң,
«Қодардан ақ екен» деп сонда сенді.

Сенген соң келіп кірді күймесіне,
Күйменің қолын қойды түймесіне.
Тар күйменің ішінде бір күн ойнап,
Жеткендей болып қалды дүниесіне.

- 1550 Баянның сол күнінде дауысы зарлы,
Қыз Баян ойлатқан жоқ уайым-арды.
Бір түнде алпыс мініп қызмет қылды,
Қуаты Қозыкенің сонша бар-ды.

Жиылып таң атқан соң қыздар келді,
Ақ торғыннан бір жейде тығып берді.
Қодар көріп бір жанжал қыла ма деп,
Жағасына киіз сап бүгіп берді.

- Жылқыға Қозы Көрпеш қайтып кетті,
Бірігіп Баян қызбен жатып кетті.
1560 Бақа айғыр қанша шапса болдырмайды,
Алтайға құстай ұшып дымда жетті.

Ер Қодар тамам құлға қожақтайды,
Құл болып Қарабайға жылқы жайды.
Қыз Баян сәлемдеме берді ме деп,
Азырақ Қозыкені мазақтайды.

— Қарабай Жұзағашты жерледі ме,
Қыз Баян сәлемдеме бермеді ме?
«Қодар бақыр сағынып жүрген-ді», — деп,
Өзі іздеп мұнда бізді келмеді ме?

- 1570 — Баяның өрік-мейіз жеп отыр ғой,
Сені аузына көп алмай тек отыр ғой.
Қыз Баян сәлемдеме бергені сол —
«Аузына сиейін мен» деп отыр ғой.

— Мен кеткен соң қалған ғой байға жарып,
Қанын төгіп келейін ертең барып.
Қойнындағы пышағын суырып алып,
Қодар батыр қояды жанып-жанып.

- «Жүзқараға барам» деп жайнаңдайды,
Шоқпары күйген шойындай қылаңдайды.
1580 Түстік жерге барғанда жанын сыйпап,
Шоқпарын сонда жоқтап алаңдайды.

Шоқпарын алып қалды Қозыке ұрлай,
Байталын болдыртыпты сабай-сабай.
Қоста қалған шоқпарын Қодар батыр,
Сол күні таба алмай жүр жолдан қарай.

Шоқпарын қарай-қарай қайтып келді,
Жолдан қарап жүргенін әркім көрді.
«Баянды керіп қойып, сабадым» деп,
Мақтанып жылқышыға айтып келді.

- 1590 Отардан қайта көшті елге таман,
Жылқы өткізді Жайсаң көл дариядан.
Алтайда бір қыс, бір жаз отар жатып,
Жылқысы келе жатыр есен-аман.

Отаршы үйге қайтты Алтай жайлап,
Жеткізді Аягөзге екі айда айдап.
Өңкей құлды тағы да сабайын деп,
Қодар құл алған екен бір ой ойлап.

- Қодар батыр отардан келген екен,
Тай мен құлын алдында желген екен.
1600 Қарабайдың ауылына жақындасам,
Баянға бір мақтансам деген екен.

Еліне келіп қалды жылқыны айдап,
Қодар құл Бақа айғырға мінді жайдақ.
Құл біткеннің бәрін де сабайын деп,
Қодар шауып келеді нажағайлап.

Қозы Көрпеш Қодармен бірге шапты,
Ішінен бір ой ойлап, ақыл тапты.
Шауып жүрген Қодарды көргеннен соң,
Атының басын тартып, тұра қайтты.

1610 Бұлардың Баян көрді тамашасын,
Қозы Көрпеш атының тартты басын.
«Мынау ит әлі жеңіп жүре ме?» — деп,
Көзінің төгіп тұрды Баян жасын.

— Қозыке, қорықтың ба сізге нетті?
Қодардың тоқсан құлға ызасы өтті.
Бақа айғырмен ит құлды қоқандатып,
Дұшпаныңнан аласың қашан кекті?

Шамалы ер шалықтайды талай жерде,
Қодардай көре алмадым туған ерді.
1620 Бір құлдан мұнша қорқып қор болғанша,
Өліп мекен қылсайшы қара жерді.

Бір құлдан мұнша қорқып қашқаның ба,
Жанып тұрған көңлімді басқаның ба?
Осы құлдан жеңіліп, таяқ жесең,
Ұйқым келмей өлермін жатқанымда.

Баян сөзі Қозыға қамшы болды,
Жас та болса біледі әр бір жолды.
Баян сөзін Қозыке естіген соң,
Атына қамшы басты оңды-солды.

1630 Қозы Көрпеш ойланды намысты енді,
Екеуі бейпіл күшке салысты енді.
Жағасынан ұстасып бір-бірінің,
Екеуі ат үстінде алысты енді.

Жігіттер, қараңыздар мына кепті,
Қодар мен Қозы Көрпеш болған кекті.
Қодарға қолы барып тигеннен соң,
Ат үстінен көтеріп алып кетті.

Қодардың қызыл тілі салақтайды,
Артында екі көзі алақтайды.
1640 Алдына алып Қозыке шауып жүрсе,
Аяғы байтеректей далақтайды.

— Е, қарағым, қоя бер, ойбай, ішім,
Ақсабанда көрінген жаман түсім.
Зор келген соң бұтыма тышып қойдым,
Боқтың иісі сасыған білмеймісің.

Қозыкеге жалынды Қодар батыр,
Қыз Баян оны көріп күліп жатыр.
Қозыке жерге тастап жіберген соң,
Жерге боғын үйкелеп сүртіп жатыр.

- 1650 — Ойбай, Баян, қайдасың, аттан-аттан,
Өкпелесем қойныңа бірде жатпан.
Өзім жоқта бір байды тауып алып,
«Теңім» деп қосылдың ба, Құдай атқан?!

Жиылған жан көрген соң күледі енді,
Қозыкенің мықтысын біледі енді.
Қозының қайратына шыдай алмай,
Сандалып олай-бұлай жүреді енді.

- Қодар жүр ел бетіне қарай алмай,
Қозының ызасына шыдай алмай.
1660 Сол күнде Тайлақ деген бір биі бар,
Жүгіріп соған барды шыдай алмай.

Баян сұлу көрінер шоғыменен,
Бекер барды көтінің боғыменен.
Тайлақ бидің үйіне кіргенінде,
Етегін басып кірді қолыменен.

— Арыз айта келіп ем, Тайлақ, саған,
Қарабайдың Баянын берген маған.
Мен жоқта бір күйеуді тауып алып,
Бермеймін деп салып жүр ақырзаман.

- 1670 Бір жолда бұл Қарабай өліп еді,
Қодар құл іздеп жүріп келіп еді.
Сегіз мес су әпкеліп бергеннен соң,
Баянды сонда маған «берем», — деді.

— Ас болар жеті күнде ұлы жиын,
Қызын бермей Қодарға болды қиын.
Хан жиынның ішінде шақыртып ап,
Ақыңды қалдырмайын жалғыз тиын.

— Ақы алмаймын Баянды ала алмасам,
Не болдым бір жігіттен жаман болсам.
1680 Ашумен құса болып ішім өтті,
Тақсыр би, сөге көрме, адам болсаң.

Ас болар жеті күнде ұлы жиын,
Жиынға жан жиылды бүкіл жерден.
Қарабай мен бәйбіше асқа келді,
Алып келді жүз басты үлкен үйін.

Жиынға Қодар келді өзі жалғыз,
Дәметкен бұйырмастан ол бір арсыз.
Тайлақ биге келді де тағы айтты,
Ісімді өнегүнгі не қыласыз?

1690 Тайлақ би шақырып алды Қарабайды,
Баянды алған Қозыке іші майлы.
Қарабайды шақыртып алдына алды,
Кемел би — ақылы мол, үлкен ойлы.

— Қарабай, дәулетің мол, жүрдің бе аман?
Өтеді әркімнен-ақ мына заман.
Арыз қылып алдыма екі келді,
Қызды суға саттың ба құлға тамам?

— Қодардың дәулетінде тамағым тоқ,
Мыйсыз құл былжырақтап шайнап жүр боқ.
1700 Тамақ үшін тентіреп сенген құлға,
Қызымды суға сатып бергенім жоқ.

— Қодар айтты: сөзіме нанамысың,
Уәдеңді, Қарабай, білемісің?
«Баянды су өпкелсең, беремін», — деп,
Уәде айтқан сөзіңнен танамысың?!

— Бір сөзді мазақ қылып айтып едім,
Айтқан сөзден тоба қып қайтып едім.
Ақылсыз құл көңлімен мал бақсын деп,
Аужайын осылай деп тартып едім.

- 1710 — Қарабай, жалғыз сөзді айттың маған,
Не себептен уәдеңнен қайттың тамам?
Сол күнде рас қылып айтып едің,
Болып тұр осы күнде сөзің жаман.

— Би айтты: арыз қылып келдің маған,
Суға қызын [бай] нағып сатты саған.
Ақың болса, ал дағы жайыңа жүр,
Су үшін қыз сұрауың жарамаған.

- Баян үшін бергенім — сегіз мес су,
Азбан қылып семіртті мені бір бу.
1720 Тоқтамасқа амал не, би айтқан соң,
Суыма арақ беріп, ақымды жу.

Барады заман өтіп жылдан-жылға,
Қарабай арақ берді Қодар құлға.
Қодар сонда бір ойды тағы тапты,
Қозыны арақ беріп мас қылуға.

Бұл ісім мақұл ма екен қылып жүрген,
Жиында мен бір жорға желіп жүрген.
Тентегімді мақұл қып кешер ме екен,
Қозыға арақ беріп сый қып жүрген.

- 1730 Сый қылып ішкізейін арағымды,
Шақырып алып келіп қарағымды.
Өзім барып шақырсам, кім сөгеді,
Жомарттық қылып жүрген талабымды.

Қозыны шақырғалы өзі жүрді,
Қозы — Баян бір үйде жатыр еді.
Екеуінің жатқанын көргеннен соң,
Қодардың шыдай алмай іші күйді.

- 1740 Іші күйіп шыдамай қайта шапты,
Байталын жанып-жанып зырқыратты.
Қан жиынның ішіне шауып келіп,
Бақырып жау келгендей аттан сапты:
- Жұртым-ау, тамаша көп, ойбай, аттан,
Қыз Баян бір құлменен бірге жатқан.
Құлменен бір үйде құшақтасып,
Екі аяғы төртеу боп серең қаққан.
- Жиынға аттан салып Қодар келді,
Қозы — Баян бірігіп жатыр еді.
Аттандаған даусымен жиылған жан,
Бәрі тентек қылады Қодарды енді.
- 1750 Жұртым-ау, сөге көрме мен бір сері,
Ендеше, шақырсын да жеңгелері.
Теңін тауып қосылса, неғылайын,
Болмаса көңілі пері, тоны тері.
- Екеуінің бір үйде жатқан жері,
Тарқайды көкіректен айтса шері.
Сол жиыннан шығыпты алпыс қатын,
Күйеуді шақырысып әпкелгелі.
- 1760 Сол қатыннан бір қатын өктеп шықты,
Жалғыз өзім әпкелем мен деп шықты.
Қатындардың бәрімен кимелесіп,
Омыраулап қатынның бәрін жықты.
- Жиылып алпыс қатын тағы жүрді,
Алдында әлгі қатын жалғыз жүрді.
Қатындар құрдай жаппай жабырласып,
Қасына Қозыкенің жиылды енді.
- Келгенін қатындардың Қозы көрді,
Иіліп тәжім қылып түрегелді.
Баян қыз бір алтын тон алып келіп,
Үстіне Қозыкенің кидірді енді.

1770 Қозының айдары алтын жарқыраған,
Үстінде алтын тоны гауһарланған.
Алпыс қатын сол жерде қайық беріп,
«Қозыға бір жатсақ» деп естен танған.
«Көңілі көнсе, қырық қатын қайық бермек»,
Деген мақал қазаққа сонан қалған.

Біреуі айтты: — Беріпті теңін тауып,
Көрген сайын барады есім ауып.
Бұл дүниеде көрмеген бір жан екен,
Бикеш-ау, қосылғансың қайдан тауып?

1780 — Қарабай менің әкем мерген екен,
Аң қарап Жарғантасқа барған екен.
Бір мерген әкемменен жолдас болып,
Құрсақта құда болып берген екен.

— Бикеш-ау, құтты болсын күйеуіңіз,
Мұндай қабыл болар ма тілегіңіз?
Күйеуің жақсы болып жолыққанға,
Жарылды қуанғаннан жүрегіміз.

Шақырғалы келіп ек, күйеу, сені,
Жаман күйеу сен емес тоны тері.
1790 Бұл секілді күйеуі бар бикешке
«Мен — күйеу» деп нағып жүр Қодар сері.

Шақырып тамашаға алып жүрді,
Іштен байлап Баян бір месін берді.
Ішіне арақ-шарап жиып қойған,
Өпкеліп бір ақ үйге кіргізді енді.

Тамашаға келіп тұр жиылған жан,
Көр болып ақыл кетті Қодар құлдан.
Арақ пенен шарапты алып келіп,
Алдына Қозыкенің қойғыздырған.

1800 Жан жиылып көруге келіп отыр,
Арақты Қозыкеге беріп отыр.

Баян берген месі бар іштен бұған,
Ішіне бірер ұрттап құйып отыр.

Тамаша, ұлы жиын болған қызық,
Арақ кетер, көп іпсе, ақыл бұзып.
Көрсетпей меске құйып отырса да,
Қозыке көбірек сөйлеп отыр қызып.

Шыдамай Баян келді үйді тауып,
Қозы мас боп отыр ма ақылы ауып.
1810 «Жалғызым ақыл-ойын жия ма» деп,
Су бүркіп жібереді ебін тауып.

Қозыке есін жиды көзін ашып,
Есікке жүре берді бірер басып.
Тамашаға жиылып отырған жан,
Қалғанын ішіп отыр судай тасып.

Қодардың ақылы жоқ, дені қатты,
Баян берді Қозыға көк жорға атты.
Төменгі көк теректің саясына,
Көлеңкелеп Қозыке барып жатты.

1820 Қайраты Қозыкенің атандай-ды,
Қодар құл Қозыкеге бата алмайды.
Қарабай мен бәйбіше үйге келіп,
Үйінде тыныш ұйықтап жата алмайды.

Қарабай мен бәйбіше үйге келді,
Екеуі Қозыкеге көңілін берді.
Бұрын бүйтіп көрмеген жақсылығым,
Шатыр тігіп, шақырып әпкел деді.

Бәйбіше тоқсан қатын жиып алды,
Қуаныш той қыларға көңілі бар-ды.
1830 «Шатыр тігіп, шақырып әкеліндер», — деп
Бәйбіше бұйырады қатындарды.

Қарағандай Қозының келбетіне,
Сабаздың көкжал туған жендетіне.
Қырын тұрып Қозыке тағзым қылса,
Қатындар қайран қалар суретіне.

Қатындар неткен жан деп таңырқайды,
Айдары күн секілді жарқырайды.
Күйеу болып ұялып Қозы Көрпеш,
Маңдайынан тер ағып бұрқырайды.

- 1840 Ар жағы Аягөздің айдай татыр,
Қатындар Қозыны ертіп келе жатыр.
Бәйбіше ауылдың оң жағына
Тіктірді жарқыратып алтын шатыр.

Үй тұрмас Аягөздің дауылына,
Қозыны ертіп келді ауылына.
Қарабай «ұлы жиын той қылам» деп,
Он жігіт аттандырды сауынына.

- Қарабай жұртын жиып тойын қылды,
Сойдырып алпыс бие ойын қылды.
1850 «Жетпіс бесте бір көрген жалғызым» деп,
Екі жүз қой сойдырып жиын қылды.

Қарабай тойын қылды жұртын жиып,
Қозыға белін берді сүттей ұйып.
Сегіз жеті той қылып ер Қарабай,
Қозыға қызын қосты неке қиып.

Қарабай тағы жиды елі-жұртын,
Кімде дәурен тұрады, өтер бір күн.
Елі-жұрты жиылып келгеннен соң,
Шығарды дүйсенбіге жалғыз қызын.

- 1860 Қарабай той қылдырып қылды сауық,
Сегіз жеті той қылған атын шауып.
Қарабайдың байлығын қараңыздар,
Сексен нар арттырыпты кілем жауып.

Баян қыз енді неден болады кем?
Тағы да қырық бес жорға ат мінгізген.
Екі жүзден шапан мен ішік қылып,
Сегіз қанат ақ орда тігіп берген.

1870 Қызымен амандасты енді жылап,
Көзінен аққан жасы болды бұлақ.
Беті айдай, белі қылдай, бойы сымдай,
Бұ жалғанда қыз тумас ондай бірақ.

— Қарағым, енді аман бол, жалғыз қызым,
Құрытқан жер дүниені мен бір құзғын.
Бұрынғының жолымен сені ұзаттым,
Қайтейін Пайғамбардың салған ізін.

— Қайтейін енді, әкетай, сен де аман бол,
Кемеңгер қартайсаң да, ақылың мол.
Тірі күнде зарлатып қызды айырған,
Бұрынғы мұра қылып бір салған жол.

1880 — Күн болды қош айтысып амандасар,
Жоқ еді туысқаның орын басар.
Күніміз сен кеткен соң не болады,
Артыңда кемпір-шалың қалды нашар.

— Өзелде бұлай жазды Тәңірі маған,
Жұбаныш ұл бермеді, әкем, саған.
Бәрінен тұяқсыздың аты жаман,
Әкеке, адал тусақ біз де балаң.

1890 Айрылды қызыменен амандасып,
Қарабай бек жүдеді көңілі жасып.
Қарабай қолын жазып болғаннан соң,
Шешесі кеп көрісті құшақтасып.

— Аман бол, айым, сәулем, жалғыз қызым,
Табылар енді қайдан басқан ізің?
Қарай тұрған, әйнегім, сен кеткен соң,
Өтеді-ау қайғыменен жазы-күзім.

— Аман бол, ата-ана, елі-жұртым,
Дүние опасы жоқ өтер бір күн.
Туысқан, сүйеу болар аға-інім жоқ
Сол болды-ау, сіздер үшін іште дертім.

- 1900 — Аман бол, жалғыз балам, кетіп алыс,
Бір жалғыз қозғау салды жері шалыс.
Ғарасат — мақшар күні майданында,
Әкең менен шешеңе сонда табыс.

Қарабай талай жерден келген жосып,
Ай мен Таңсық жылайды әнін қосып.
«Баянға қош айтысып қаламыз» деп,
Елі-жұрты жиылды жолын тосып.

- Ай деген қыз айтады: — Жалғыз сіңлім,
Сен едің тыныс қылған жалғыз інім.
1910 Дариға, ата-анам не болады,
Осындай күн туады бізге бір күн.

Жамағат, қараңыздар сөзімді аңдап,
Ай мен Таңсық екеуі тұрған зарлап.
Баянды үш күн, үш түн жібермеді,
Елі-жұрты жиылып қойдай маңырап.

Бенденің қылған ісі Құдайға аян,
Елдің ішін күйдірдің, жақсы Баян.
Дүниенің рақаты — сұлуды алған,
Тілеңдер үміт қылып бір Құдайдан.

- 1920 Ел-жұрты амандасып қалды тамам,
Еліне Қозы қайтты есен-аман.
Сексен нарға қазына жасау артып,
Ырғап-жырғап қайтады Қозы бағлан.

Қозыға Құдай берді артық нәсіп,
Екі бағлан қосылды көңілі өсіп.
Ел-жұртынан кеткелі заман болған,
Келеді [жиырма] қонып, отыз көшіп.

Отыз көшіп келіпті ел шетіне,
Қозының жан таң қалар келбетіне.
1930 Төсегінде ұйықтап жатқан шақта,
Қозының аян берді шешесіне.

Анасы төсегіне жатып қалды,
Қанша шырай қызыққа батып қалды.
Зар боп жүрген жалғызын түсте көріп,
Көрісіп құшақтасып қатып қалды.

Неше жыл «жалғызым» деп жүрген жасып,
Баласын түсте көріп амандасып.
Төсегінен бұлқынып түрегелді,
«Өңім бе, түсім бе» деп асып-сасып.

1940 Оянып, түрегелсе, дәнеме жоқ,
Көргенім — түсім екен, дүние боқ.
Әлгі түсін сағынып, шөлдеп тұрды,
Қуаныш, көрген түсі көңілі тоқ.

Шақырып елі-жұртын, жиыл, — деді,
Бір қарт келді, ауылы қиырда еді.
Баян қып бастан-аяқ көрген түсін:
— Бұл түсімді жоры, — деп бұйырды енді. —

Ай туды бір жағымнан ұйықтай қалсам,
Жамағат, осым рас, маған нансаң.
1950 Ай мен күндей балапан құшақтадым,
Сапардан қайтты ма екен, жалғыз қалқам.

— Бір жағыңнан ай туса, көңілің толар,
Жәрдем беріп қолтықтар қазірет Омар.
Түсінде ай мен күнді көріп жүрсең,
Жаныңа ақ ордамен балаң қонар.

Бәйбіше, құдіреті кең Құдай шебер,
Меқнат-рақатты өзі берер.
Ай мен күндей балапан құшақтасаң,
Балапандай талпынған балаң келер.

1960 Бәйбіше бір ақсарбас алып келді,
Өлгі қарт қолын жайып бата берді.
«Осы түсім бұзылып кете ме», — деп
Сақып-Жамал күндік сап зар еңіреді:

— Беріп едің, Құдауанда, жалғыз жарық,
Қартайғанда көріп ем өліп-талып.
Жалғанда жалғызымды көрсетпесең,
Дүниеден өтемін бе қайғыланып!

Жалғанда жалғызымды көрсем екен,
Көрген соң, үш күн тұрып өлсем екен.
1970 Жалғызымның дидарын үш күн көріп,
Құдайдың аманатын берсем екен.

Күн қайда жалғызымды көретұғын,
Мен бір бата тілейін беретұғын.
Өліп қалып, орайы көрінбесе,
Мезгілі болды қалқам келетұғын.

Шешесі осылай деп отыр жылап,
Көзінен аққан жасы болды бұлақ.
Түсін айтып аңырап отырғанда,
Екі кісі сүйіншіні келді сұрап.

1980 Жамағат естіп, білер ондай жанды,
Баласынан айырылып болған зарлы.
Қуанғаннан жүгіріп шығамын деп,
Есіктің алдына жығылады.

Тілегін анасының Құдай берді,
Келмесе болар еді қайғы-шерлі.
Сексен нарға қазына жүгін артып,
Ауылына ер Қозыке жетіп келді.

Қозыға Құдай берген артық нәсіп,
Екі бағлан шалқыған көңілі өсіп.
1990 Күдер үзіп ел-жұрты қалған екен,
Анасымен көрісті зар жыласып.

— Қарағым, аман-есен келдің бе енді,
Сары уайыммен сарғайып өлдім енді.
Баласыз тар екен көрген күнің,
Жалғанның кемшілігін көрдім, — деді.

— Шешеке, зар болдың ба перзентіңе,
Келіп дауа болдым ба мен дертіңе?
Анаммен тірілікте көрістірген,
Құдайдың мың бір шүкір құдіретіне.

2000 Таусылмас айта берсем менің кебім,
Құрсақта әкем өліп қалдым жетім.
«Тірілікте анамды [бір] көрсет» деп
Берді ме тілегімді Құдіретім?

— Мен едім, жалғыз қарғам, сенің шешен,
Боздағым, артық болып тудың көсем.
Дүниенің меңнатын мойныңа алып,
Е, боздағым, келдің бе аман-есен?!

— Құрсақта жетім қалдым әкем өліп,
Құдайдың құдіретіне жүрмін көніп.
2010 Бірге туған жанашыр бауырым жоқ,
Тапсырып бір Құдайға кеттім сеніп.

— Қосылған бірі лашын, бірі сұңқар,
Көре алмай екеуіңді болдым іңкәр.
«Осы менің өңім бе, түсім бе?» — деп,
Құшақтап Баян қызды қылады зар.

Баянды бек құшақтап зар жылаған,
— Жарылмаған қауыным, келдің бе аман?
Әлде болса сенбеймін түсім бе деп,
Құдайым шын берді ме сені маған?

2020 — Жасың тый көзіңіздің, көп жылама,
Опасыз кім тұрады бұ жалғанда.
Өткен істі қуалап неғыласыз,
Әзелде жазған шығар Құдірет Алла.

— Келдің бе аман-есен, Баяным-ай,
Айырылдым екі көзден жылай-жылай.
Өткен істі қуалап неғылайын,
Берген соң тілегімді Жаппар Құдай.

— Е, ене, тілегіңді берді Құдай,
Бір-біріңнен айырып қылды мұндай.
2030 Екеуіміз екі ұяның сұңқары едік,
Рақым қылсын пендеге мұнан былай.

— Екеуіңді көрсетті Тәңірім маған,
Екі айланып келмейді өткен заман.
Жолыңда екеуіңнің жаным құрбан,
Ғиаят болды бүгін бір Алладан.

— Бір біз үшін жаныңызды қылма құрбан,
Баяндап қай бендеге дүние тұрған.
Ата-анам тиянақсыз қалды жылап,
Кімі қорғар қартайғанда қыз бен ұлдан?
2040 Қозы Көрпеш келгенін халық көрді,
Баянды іздеп өткізген талай жылды.
Ғиаят бір Құдайдан болғаннан соң,
Талай елге білдіріп тойын қылды.

Баянды Қозы іздеген жөнін біліп,
Қосылды ақырында ойнап-күліп.
Елге келіп көңілі тынғаннан соң,
Жер шалды қоныс қарап атқа мініп.

Қозыке атқа мініп жерді шалды,
Ұлысу түстіктегі ойына алды.
2050 Ұйғарып Ұлысуды көріп қайтты,
Елімен көшіргелі қалың малды.

Баянды алып келіп көңілі өсті,
Үйінің көшпек болып бауын шешті.
Қозыкенің ұйғарған қонысына
Барып мекен қылғалы елі көшті.

Дәулет берген әкесі Сарыбайға,
Елді бастап әпкелді жақсы жайға.
Мәз болды ат ереңдеп, ер тереңдеп,
Бақ жайлы Ұлысудан қоныс қайда?

- 2060 Көшіп кеп мекен етті Ұлысуды,
Бір күнде Баян қашып, Қозы қуды.
Келген соң Баян сұлу жүкті болды,
Күні бітіп толғатып, бір ұл туды.

Сипаты Қозы Көрпеш туған бөлек,
Құдай сақтап, әруақ болған көмек.
Баланың неше күндей тойын қылып,
Аты болсын десті Сая Түлес.

- Ұлысудың бойында мекендепті,
Неше жыл арасында өтіп кетті.
2070 Өзі жалғыз Қозыға серік болып,
Талпынып бала құстай, бала ер жетті.

«Бойында Аягөздің қалған қайным,
Ақылымды Баянды іздеп жұртқа жайдым.
Қайныма бір барып келсем екен,
Халі нешік болып жүр Қарабайдың?

Қарабай қайғылы болып қалған қаріп,
Қалды ма нашар болып ашып-арып.
Не секілді күні бар бейшараның,
Көрсем екен жиенін ертіп барып.

- 2080 Өткіздік амандаспай талай жылды,
Ес қылып қалып еді тоқсан құлды.
Бір көріп қайтпағаным жарамас», — деп,
Баланы ертіп алып сапар қылды.

Бай жүдеген Қозы мен Баян кетіп,
Сағынысқан бірталай заман өтіп.
Баяғы Аягөздің қонысына
Бірнеше күн жол жүріп, келді жетіп.

Артық қып Қозыкеге берген бақты,
Басынан дәрежасын артық шапты.
2090 Сая — Тулақ баласын ертіп алып,
Өзі көрген қоныстан іздеп тапты.

Кім алар жаны барда Қозыке ерді,
Өртүрлі талап қылып жолды көрді.
«Қозы Көрпеш күйеуің келіп тұр», — деп,
Бай менен бәйбішеге хабар берді.

Хабар қылды Қозыны біреу танып,
Қасында баласы тұр оттай жанып.
Үйінен күңіреніп шыға келді,
Кемпір-шал «рас па» деп айғай салып.

2100 — Көрейін, рас болса, қарағымды,
Шын келіп ашар ма екен қабағымды.
Тамам құлға билетті патша Құдай,
Иен мал, өлшеуі жоқ тамағымды.

Шықса Қозы келіп тұр нұры тасып,
Кемпір-шал бек сағынып жүрген жасып.
Неше жылдай зар болған күйеуіне,
Келді де бай көрісті құшақтасып.

— Баянсыз бала берді Тәңірім маған,
Мен жылауда болғалы талай заман.
2110 Жалғызымның жолдасы сен де жалғыз,
Қарағым, Қозыкем-ау, жүрсің бе аман?!

Қозыке айтты құшақтап Қарабайды:
— Баянның әкесі едің, маған — қайны,
Біз жүрміз дұғаңызда аман-есен,
Өзіңіз де жүрмісіз күйлі-жайлы?

Бәйбіше кеп көрісті зар-зар жылап,
Жылай-жылай көз жасы болған бұлақ.
«Жалғызым есен-аман жүрмісің», — деп,
Баянның есендесті жайын сұрап.

2120 — Бәйбіше-ау, мен балаңыз, сіз бір шешем,
Адам едің әйелде туған көсем.
Өзіңіз сау-сәлемет жүрдіңіз бе,
Баяның біз шыққанда аман-есен.

— Балам-ау, жүрмін тірі өлмеген соң,
Құдайдың аманатын бермеген соң.
Қос жалғыз бірің іштен, бірің тыстан,
Сарғайдым екеуіңді көрмеген соң.

Балам-ау, жолдасың кім, өңі жылы?
Мың ерлік бір өзінің бар ғой құны!
2130 Ішкі-бауырым ылбырап бара жатыр,
Болмасын Баянымның тапқан ұлы.

— Бәйбіше-ау, жылауменен налып тұрсыз,
Өр ойды көңіліңізге алып тұрсыз.
Бұ да сіздің затыңыз тірі болса,
Өңінен шырамытып танып тұрсыз.

Бұлардың кеткен жасып саналары,
Ашылды амандасып аралары.
Баланы сылап-сипап құрметтеді,
Бөтені жоқ өзінің балалары.

2140 Көргелі қатын-бала келді шулап,
Ит үріп, дабыр болып құлдар дулап.
Еліне амандасып қайтпақ болды,
Қайнында бір ай жатып аунап-қунап.

Қозының сөзіне сөз жамағаным,
Сөз шартын мұнан артық таба алмадым.
Қайтпақ болған Қозыға бәйбіше айтты:
— Шырағым, бар ма, — деді, — қалағаның?

— Ата-ана, біз қалаймыз Қодар ерді,
Талай жыл Қодар мұнан қызық көрді.
2150 Қодарды бізге бағыс қылыңыздар.
Дәм татып енді көрсін біздің жерді.

Қодарды Қозыкеге бермек болды.
Дәм бұйырса, ер Қодар көрмек болды,
Баяннан үміт қылған байғұс Қодар,
Өркімге өмірінде ермек болды.

Қодар батыр күлдірер сөзге кірсе,
Баянның тынышын алар мұнан жүрсе.
Қодарыңды мен бердім апара алсаң,
Қодарды неғылайын ит боп үрсе.

- 2160 Бұл сөзді есіткен соң Қодар қашты,
Тарлыққа түсермін деп жаман састы.
Қашқан соң алды-артына бір қарамай,
Ер Қодар Тегеш деген таудан асты.

Қарабай әкесінен болған жуық,
Мұндай қорлық көрген жоқ Қодар туып.
Қозы Көрпеш баласы Сая — Тулақ
Қос атпен Қодар шалды кетті қуып.

- Қуғалы Тулақ шықты көңілі ауып,
Дем алмай күні-түні қуды шауып.
2170 Тегеш таудың астында қара шаһар,
Сонда барған жерінен алды тауып.

Қуып келген баланы Қодар көрді,
«Жалғыз бала екен» деп іші күлді.
Арыстандай бұрқырап Сая — Тулақ,
Қодармен әрлі-берлі ұрыс қылды.

Қодарды бір қолымен жұлып алды,
Байталынан жұлып ап жерге салды,
Қодардың екі аяғы талқыдай боп,
Жерге қатты түскен соң талып қалды.

- 2180 Қодарды байлап алып қайтты бала,
Қозы Көрпеш — Баяннан туған дана.
Екі арада жол жүріп бірнеше күн,
Қарабайдың ауылына келді жана.

Тулақ бала лайықтап мінген атты,
Баланың Қодар батыр дәмін татты.
Қодарды төбедей қып байлап қойып,
Дамылдап бір аз күні тағы жатты.

Қош айтысып, еліне қайта басты,
Байлап қойып жөнелді Қодар насты.
2190 Сәлемет аман-есен қайтып келіп,
Бәйбіше мен Баянға амандасты.

Баянға әке-шешен аман, — деді,
Жоқ екен баяғыдай заман, — деді.
Екеуі әлі кетіп қартайыпты,
Құлы билеп кетіпті тамам, — деді.

Баян айтты Қодарға: — Байғұс Қодар,
Нағып жүрсің жер жүзін қылып сонар.
Күн секілді күркіреп жүруші едің,
Дегенің жоқ заманың мұндай болар.

2200 Үйінен Баян сұлу болды хабар,
Әйтеуір кемпір-шалдың заманы тар.
Мақбұзда Құдай тағала солай жазды.
Ғаріпке Хақ Тағала болғай-ақ жар.

Арада біраз заман тағы да өтті,
Қодардан баяғыдай заман кетті.
Бұлардан кісі бара қоймаған соң,
Хатпенен Қарабайдан қабар жетті.

Қарабай хатқа жазып берген сөзін,
Қағазға Қозы Көрпеш салды көзін.
2210 Күш-қуат кемпір-шалдан кеткенен соң,
Бұзыпты есіктегі құл мінезін.

Қатта айтты: «Мал көбейді, қайрат кетті,
Жанымыз тар дүниеден мехнат тартты.
Көзі тіріде алғандай малды үлесіп,
Тамам құл атты бұлап, асты төкті.

Жалшы жайдақ салады, құлдар құрық,
Ап кетті бізден билік, сөзді бұрып.
Өліміз көріліктен нашар болды,
Малды үлесіп алғандай көнбей тұрып.

- 2220 Саламат, есенбісің, балаларым,
Атаң мен жүдеу тартты аналарың.
Иесіз малы-жаның қалды мұнда,
Үлесін Құдай білер кім аларын.

Дәм тартса, шақырамыз мұнда кел деп,
Ажалдың болжалы жоқ, бар бір өлмек.
Көз тірі де көшіп кеп, ие болсаң,
Деп тұрмыз екі жалғыз «сізге — жол» деп.

- Баласыз мехнаты бар берген жастың,
Құлменен бас теңгеріп араласқан.
2230 Ықрар осы сөзге инанбасқа,
Жаздырып мен Қарабай тамға бастым.

Осылай хатты оқып Қозы Көрпеш,
Зар жылап тыңдап отыр Баян еркеш.
«Жасынан дүниені жиған әкем,
Болды, — деп, — ақырында еңбегің еш».

Қозыке қағазды оқып, көшпек болды,
Көп жүріп ары-бері көрген жолды.
Қарабай мен Сарыбай дамыл таппай,
Көшіп жүріп күн өтті оңды-солды.

- 2240 Ел көшіп жақындады Аягөзге,
Айланды Қозы Көрпеш мұнша сөзге.
Көргені Қарабайдың жалғыз Баян,
Шырақ көрген кісі емес мұнан өзге.

Құлы көп Қарабайдың малын бағар,
Рақат болмас құлдан, зиян табар.
Ел алды Көгілдірге келгенінде,
Бейшара Қарабайға қылды хабар.

Күн өткен Ай-Таңсықтың көңілін алмай,
Тұтанып дүниеде отша жанбай.
2250 Көшкен елдің хабарын есіткен соң,
Екі қыз жаяу салды есі қалмай.

Елінен жаяу шығып іздеп кетті,
Алланың өмірімен қаза жетті.
Өкпесі өшіп түтіккен себеп болып,
Екі қыз орта жолда өліп кетті.

Бұл дүние еш бендеге қылмас тұрақ,
Өтеді біреу күліп, біреу жылап.
Екі қыздың бейіті қойылған соң,
«Ай», «Таңсық» деп атанды екі бұлақ.

2260 Екі қыз осылай боп дүние салды,
Өркімнен фәни дүния өстіп қалды.
Екі араз ел қосылып Аягөзде,
Қозы Көрпеш малданды қалың малды.

Қозы Көрпеш нәсілі — түрікпеннен,
Қарабай сөз ұзартты үріккеннен.
Көзінің тірісінде шақырып ап,
Кемпір-шал көрді рақат біріккеннен.

Қарабайдың нәсілі — қызылбастан,
Қодар құл Қозыкемен қыжылдасқан.
2270 Аягөзде қосылған екі ру ел,
Орнығар Хақ жазуы бұзылмастан.

Қодар құл қайтып келді Қарабайға,
Қодарға бұрынғыдай заман қайда?
Қодардың тағы даусы тіріліп жүр,
Адамға жаман ақыл бермес пайда.

Қодар құл тағы күндей күркірейді,
Тоқсан құл тізесі өткен тітірейді.
Қодардың даусы шығып келе жатса,
Тамам құл үріккен қойдай дүркірейді.

2280 Қодардан тамам құлдың тынышы кетті,
Қодарды Төңірім тағы тентіретті.
Қоқаңдап мазаларын кетірген соң
Бәрі жылап Баянға арыз етті.

— Баян-ау, бұл Қодардан көрдік қорлық,
Білесіз баяғыдан қылған зорлық.
Сізден қайырым болмаса біз ғаріпке,
Ақылсыз Қодар құлдан өлер болдық.

Қодардың сізге ойлаған қастығы бар,
Білесіз бұрыннан-ақ мастығы бар.
2290 Өлі күнге көпірді неге қойдың,
Ежелден дұшпаныңыз осы Қодар.

Қодар қастық қылмасын бір күн сізге,
Бізге сырын айтады, шықса түзге.
Дым бірігіп көпірден құтылмадық,
Зиян берген жан еді бәрімізге.

Өзінің ақылы жоқ, діні жаман,
Ойланып жүр қастығын тағы саған.
Аңдып жүрген дұшпаның ауылдағы,
Ебін тапса бір күні, қылмас аман.

2300 Баян алды шақырып Қодар ерді,
Келіп Қодар Баянның жүзін көрді.
Үйге кірер кірместен Қодар батыр,
Баянға баяғыдай жауап берді:

— Мені ұмытпай жүрме едің әлі, Баян,
Жаңа таптың теңінді бөлі, Баян.
Баяғы Қодекеңнің араласқан,
Таңдайыңда жүрме еді дәмі, Баян.

Бір құлдан баласына қылды хабар,
Қодарға күн тақалды қаза табар.
2310 «Қодарды кешіктірмей тез өлтірсін,
Бұл көпір бүйте берсе мазаны алар».

Ежелден Қозыке мен Қодар өшті,
Өштікпенен бірталай заман кешті.
Қодардың дүниеден дәмі бітіп,
Баласы Сая — Тулақ басын кесті.

Өлтірді Сая — Тулақ Қодар жасты,
Сиынып тамам құлдар көзін ашты.
Ғашық болған Баяннан [дәме қылған]
Қодардың басын кесті, қанын шашты.

- 2320 Өлтіріп Қодар құлды, көмді жерлеп,
Дүниеден дәм таусылды, нәсіп көрмек.
Қодардың бұл күнгеше аты қалды,
Әңгіме, жалшы-қойшы, қылады ермек.

Семірген Қодар батыр бекер буға,
Дәм айдап барып келген Ұлысуға.
Қодардан мәтел болып қалса керек,
Деген сөз «бұқа — буға, азбан — дуға».

- Артық боп Баян туған Қарабайдан,
Кем емес нұр сипаты туған айдан.
2330 Тоқсан құл Баян үшін келіп сіңген,
Адамзат, дәм айдаса, келмес қайдан?

Баянның жүзін көрген кете алмаған,
Еліне қайта басып бет алмаған.
Көргеніне мәз болып күн өткізіп,
Ешбірі мұратына жете алмаған.

Тоқсан құл келіп сіңген Баян үшін,
Көрген соң кете алмаған оның түсін.
Барлығы Қарабайға халал қылды,
Ақысы жоқ, пұлы жоқ қайрат күшін.

- 2340 Аягөзде бірікті екі ру ел,
Дәулеті Қарабайдың дария-көл.
Хүкіміне көндірді талай елді,
Қозыке, Сая — Тулақ — асусыз бел.

Қарабай өмірі бітті, дүние салды,
Бай болып айдап өткен сансыз малды.
Басында Қозыкеден қашып еді,
Әммесі, қызы түгіл, соған қалды.

Бай өтті бәйбіше мен дүниеден,
Бендеге өрне қылмақ бір Иеден.
2350 Бай болып, батыр болып халқын билеп,
Талай жан Қозыкеге қол сүйеген.

Бай да өтті, батыр да өтті, шешен де өтті,
Топты жарып сөйлеген көсем де өтті.
Өмірі біткен жандар бәрі де өтер,
Кім өлмей бұл дүниеден есен кетті?

Ұлғайып Қозы Көрпеш жасқа толды,
Өлгенше шарықтайды оңды-солды.
Фәниде ырыздығы біткеннен соң,
Бақиға көшетұғын уақты болды.

2360 Сөйледік Қозыкеден талай кепті,
Дұшпаннан тірілікте алған кекті.
Дүниеден ғиш-ғишрат қызық көріп,
Баянмен екеуі де сапар шекті.

Ажал келсе, талғамас ашты-тоқты,
Бай-патша, аш-әруақ, барды-жоқты.
Қызылқия дегеннен тас тасытып,
Қияметке қалғандай бейіт соқты.

Жазулы өміріміз әуел бастан,
Өмірден еш жан болмас өмірі асқан.
2370 Бойында Аягөздің бейіті бар,
Биік қылып қалаған қара тастан.

Әрқашан күл боп сөнген жайнаған шоқ,
Олардың бұл мекенде зүрияты жоқ.
Қозы Көрпеш — Баянның арасына
Қодар да шықты дейді көк тікен боп.

Бәрі де бір топ тікен құмдап өніп,
Моланың көрдік дейді ішіне еніп.
Тірілікте қас болып жүрген жаннан
Өлгенде де тұр дейді дұшпан болып.

- 2380 Тамам қылдым өзімнің білген жерін,
Әңгіме боп азырақ келгендерін.
Қозыке өлең болған анық емес,
Бекерге былжыратқан екі жарымес.
Бірі айтып, бірі жазып, әуре болған,
Бекер білмей айтқаны мақұл емес.

- Бұрынғы айтқандарға ұқсамайды,
Қозы қашып Баянның зарлағаны,
Қозы үшін Баян қыздың жылағаны.
Теріп айтып бірісін тастамайды,
Неше күндей қайғырып зарлағаны.
- 2390 Қодарға түбі терең құдық қазып,
Қодарды сол құдыққа тастағаны.

Қанша жан Көкқиядан тасын тасып,
Бөрінің сыпаттарын тасқа басып.
Қанша жандар Баян үшін өлген жерін
Екі ақын білмейді екен жақсы машық.
Неше күн жазған болдық білген жерін,
Нұрахмет шақырған соң шашып жарлық.

- Екі ақын айтқан шығар білгендерін,
Дәндібай, әкем — Айтбай, Мұрын елмін,
- 2400 Қаракерей ішінде асқар белмін.
Жасым келді бір қатар жетпіс үшке,
Мазақ болып жастарға налып жүрмін.

Жазған болдым білгенді құрап-сұрап,
Қор болғанға қайғырып күнде жылап.
Енді бізге Құдайым иман берсін,
Мұнан басқа не керек бізге сұрақ.

Сегіз-онға ерісті [менің жылым],
Қолым тітіреп жазуға жоқ мәзәлім,
Неше жаздым үміт етіп сауап [үшін],
Оқығандар қылама деп дұғаларын.
Дұғаңыздан фөрамуш етпеңіздер,
2413 Дұға қылмай, бекерге кетпеңіздер!

Тамам.

Қозы Көрпеш — Баян сұлу

(Молла Рахым нұсқасы)

Жаратқан жан біткенді бір Құдай-ды,
Жарық қылып жаратты күн мен айды.
Бұрынғы ноғай-қазақ заманынан,
Сөйлейік Қарабай мен Сарыбайды.

Жарасқан нар түйеге биік өркеш,
Мен сөйлесем, жұрт тыңдар ертеңді-кеш.
Сәтті күні екеуін Құдай қосқан,
Ғашық болды Баянға Қозы Көрпеш.

Екі бай сәтсіз атқа мінбейді екен,
10 Жұмыссыз ел аралап жүрмейді екен.
Екеуінің дәулеті мол болған соң,
Бір-бірінің қасына келмейді екен.

Сөз қылдық Қарабай мен Сарыбайды,
Екеуі көп ноғайды асырайды.
Қолдарында сүйгендей баласы жоқ,
Екі бай перзент үшін зар жылайды.

Екі бай бейсенбі күн аңға шықты,
Жұртына аттанды деп даңқы шықты.
Туғалы бірін-бірі көрмеген бай,
20 Жүргенде құлан аулап жолығыпты.

Бірін-бірі ғақылмен болжасыпты,
Жүргенде құлан аулап жолығысыпты.
Сәлем беріп, көрісіп тұрған жерде,
Алдынан буаз маралың шыға қашты.

Кекілін кер торы аттың сылатпан-ды,
Маралды атып баласын жылатпан-ды.
Үйдегі үй кісіміз күмәнді еді,
Сарыбай, сен атпасаң, мен атпанды.

- 30 Сарыбай Қарабайға сөз айтқан-ды:
— Марал атып баласын жылатпан-ды.
Біздің де үй кісіміз күмәнді еді,
Қарабай, сен атпасаң, мен атпан-ды.

Қарабайдың жауабы:

— Екеуіміз жақсы жолдан адаспалық,
Далада марал үшін дауласпалық.
Сарыбай, сен ат сана, мылтығың бар,
Бір мүшесін берсең де, таласпалық.

- Екі бай аңға шыққан мерген екен,
Алдынан буаз марал өрген екен.
Баба түкті шашты Әзиз марал екен,
40 Сол жерде атқызбай-ақ, жөнеледі.

Екі бай аңға шыққан мерген екен,
Алдынан буаз марал өрген екен.
Екеуі де қыз болса, а Қарабай,
Қарқарасы бір болсын деген екен.

Екі бай аңға шыққан мерген екен,
Алдынан буаз марал өрген екен.
Екі үйде жарлық пенен болса ұхл,
Сарыбай, қалай болар деген екен.

- Сарыбай жақсы жауап берген екен,
50 Екеуі де түнде бір түс көрген екен.
«Екі үй де ұл болса, Құдай қосып,
Құшақтасып дос болсын», — деген екен.

Екі бай аңға шыққан мерген екен,
Алдынан буаз марал өрген екен.

«Біреуі ұл, біреуі қызды тапса,
Құдай қосса, біз қостық», — деген екен.

Екі бай аңға шыққан мерген екен,
Бір-бірінің тіліне көнген екен.
«Екеуміз құда болсақ, қарғыбау», — деп,

60 Айбас құлды қарғыбауға сол жерде берген екен.

Екі бай аңға шығып келген екен,
Бір-бірінің тіліне көнген екен.
«Екеуміз құда болсақ, қарғыбау», — деп,
Қырық қара нар, жүз жылқы берген екен.

Жүргенде аңға шығып күн жауыпты,
Сарыбай қалжың сөзбен жол тауыпты.
Қарабайдың қатыны Мамабике
Байы түзде жүргенде ұл тауыпты.

Екі бай аңға шығып жүрген екен,
70 «Сүйінші», деп бір адам келген екен.
Қатыным ұл тапты деп қуаныш қылып,
Жүз жылқы сүйіншіге берген екен.

Аңға шығып жүргенде күн жауыпты,
Сарыбай қалжың сөзбен жол тауыпты.
Сарыбайдың қатыны Қаракөз де
Байы түзде жүргенде қыз тауыпты.

Екі байға бір адам келген екен,
Далада естіп қуаныш қылған екен.
«Қатыным ұл тапты», деп атқа шауып,
80 Қарабай үйге жетпей өлген екен.

Қолында бөйбішенің алтын жүзік,
Жас бала жетім қалды күдер үзіп.
Жалғызымның қуанышын көрейін деп,
Жығылды жеткен жерде мойыны үзіліп.

Той қылып екі қатын көп мал сойды,
Тойында жұрт жиылып етке тойды.
Баба түкті шашты Өзиз ақтап келіп,
Қозыке мен Баянның атын қойды.

Екі бай бір маралды тосып кетті,
90 Алдынан буаз марал шошып кетті.
Ер Қозыке, құрсақта, Баян сұлу —
Іште жатқан екеуін қосып кетті.

Жауады оңды-терісті көп жауған қар,
Сол күнде Сарыбайдың пейілі тар.
Қарабаймен құда болған заманында,
Бар екен еншілесі — құл Әлжаппар.

Екі бай бір маралды тосып кетті,
Баласын жатқан іште қосып кетті.
«Жетім ұлға қызымды бермеймін», деп,
100 Сарыбай қатынына «көпсін» депті.

Сарыбай менсінбейді жетім ұлды,
Азғырып кеудесіне шайтан толды.
«Жетім ұлға қызымды бермеймін», деп,
Сарыбай Аякөзге көшпек болды.

Сол күні ай қараңғы, болды жауын,
Құбыладан соғады қара дауыл.
«Жетім ұлға қызымды бермеймін», деп,
Аякөзге бөлінді тоғыз ауыл.

*Сарыбайдың көшпек болғанда қатыны Қаракөздің айт-
қаны:*

— Біледі Әліжаппар малдың жайын,
110 Жалғызға душар қылған бір Құдайым.
Жастай қалған баланы зар жылатып,
Қайда көшіп барасың, қубас байым?!

Қатынына Сарыбайдың берген жауабы:

— Қой қатын, олай десең көңілім қалар,
Мұнда тұрсам, көңліме қайғы толар.
Көп сөйлем, Қаракөз, үйінді жық,
Алдында ноғайлардың көп жұрты бар.

— Мұнда тұрсаң, әркімге табынарысың,
Көшіп барсаң, бұл жерден жаңыларсың.
Аякөзде ноғайдың көп жұрты бар,
120 Қой, қатын, жетім ұлды нағыларсың.

Сарыбайға Қаракөздің берген жауабы:

— Көшкенмен мұндай жерге қонбассың-ай,
Мұндағыдай қадірлі болмассың-ай.
Жастай қалған баланы зар жылатып,
Барсаң да һар? кезеңге оңбассың-ай.

Қаракөз Сарыбайдан түңіледі,
Қайғымен дәм татпай бүгіледі.
— Қой қатын, көп сөйлем, үйінді жық, —
Қасталып Қаракөзге жүгіреді.

Сарыбай ақылы жоқ, жарымес-ті,
130 Бұрын неге қыз беріп «Құдай» десті.
«Жетім ұлға қызымды бермеймін», деп,
Өлеңтінің аяғын өрлей көшті.

Мамабике қайғымен зар жылайды,
Құдасына көшпесін деп жалынады.
Өлеңтінің бойынан көшкен күні
Сарыбайдың сабасы жарылады.

Сабасы Сарыбайдың қорлы болған,
Арықтап қырық қара нар жолда қалған.
Сарыбайдың сабасы жарылған жер,
140 Ақкөл менен Жайылма сонан қалған.

Баянның талдай бойы жылдам өсті,
Қозыкеден айрылып күйге түсті.
Құдай қосқан құдасын тастап кетіп,
Сарыбайдай көрмессің жарыместі.

Көшкеннен соң Әлжаппар қуанады,
Сарыбай бір қолына ту алады.
Айшылықты алты басқан қара бедеу,
Әлжаппар құл мініп жер қарайды.

150 Әлжаппар бедеуді ұстап мінді,
Жылдық жерге бір күнде барып келді.
Жылқыдағы Сарыбай сөз сөйлейді:
«Бір қонғандай от-суың бар ма?» — дейді.

— Сареке, сондай тобыр үйің бар-ды,
Айдаған сан жетпеген қойың бар-ды.
Мал қырып, жолда отырмай үйінді жық,
Алдыңда Аякөздің бойы бар-ды.

— Мал салар жағасына көл бар ма екен,
Ерге қоныс болғандай жер бар ма екен?
Отын-суын көрдің бе Аякөздің,
160 Бізге бас-көз болғандай ел бар ма екен?

— Бірталай Аякөздің саласы бар,
Ноғайдың тастан соққан қаласы бар.
Бағатұғын малы жоқ ноғайлының,
Толып жатқан бірталай даласы бар.

Бастайды Әлжаппар көрген жерге,
Аякөздің арасы жылдық жерге.
Жазы-қысы он екі ай жайлап, қыстап,
Сарыбай көшіп келді Аякөзге.

200 Сарыбай Аякөзге көшіп келді,
Ноғайдың сиыр баққан құлы көрді.
«Дәулеті бар бір шалқар көл бай келді», деп,
Сұлтанғазы мырзаға хабар берді.

Ауыл қонып Қаракөз үйін тікті,
Баян жас серілікпен жиды жүкті.
Ноғайдың Сұлтанғазы бас мырзасы,
Сарыбайды шақырды ерулікке.

Ерулікке келсін деп кісі салды,
Келген кісі Баянды көріп қалды.
«Туған айдай балқыған қызы бар», деп,
180 Жұртына ноғайдың айтып барды.

Баянның сұлулығын ноғай білді,
«Қызы келсе көреміз», деп қарап тұрды.
«Тойға келсе Баянды көреміз», деп,
Төрт жүз жігіт алдынан қоршап тұрды.

Әлжаппар, Сарыбай атқа мінді,
Айбас байғұс мал бағып үйде қалды.
«Біз де барып ноғайды көреміз», деп,
Қаракөз Баянменен бірге келді.

Сарыбай жұртыменен тойға келді,
190 Ноғайлар бөрекелді деп сыйлап тұрды.
Сыйы екен ноғайлардың сонан қалған,
Алдынан самаурынмен шай келтірді.

Қаракөздің шайын көріп айтқан жауабы:

— Ауылға ноғай келсе барушы едік,
Қазина малға сатып алушы едік.
Жапырақты шай қылып іше алмаймыз,
Қантыңды көз ауруға салушы едік.

Бәйбіше Аякөзді жерсінбейді,
Молдығын Сарыбайдың кім сенбейді.
Қырда жүріп үйренген ол Қаракөз
200 Қант, шайды алдындағы менсінбейді.

— Қой қатын, олай десең, көңілім қалар,
Ноғайлар оны естісе, ашуланар.

Қызымызды берелік осы елге,
Ноғайдың толып жатқан мырзасы бар.

Қаракөз бұл сөзді естіп талып түсті,
Қайғымен наза болып күйіп-пісті.
— Малы жоқ беретұғын ноғайлардың,
Неге дәрі қыласың өңшең масты.

Баян жас құйған шайды алып ішті,
210 Қаракөз ұмытпайды өткен істі.
Жалғызы Шақшақ байдың — Қодар мырза,
Баянға төрде отырған көзі түсті.

Төрде отырған Баянды Қодар білді,
Шымылдықтан көре алмай күйіп пісті.
Баянға жалғыз ауыз тілдескелі
Қодар мырза, қайтқанда бірге жүрді.

Баян көркі таудағы мұнар болды,
Көруге Қодар мырза іңкәр болды.
Баянға жалғыз ауыз тілдескелі,
220 Қодар мырза, қайтқанда еріп жүрді.

Қодар құл тыста отыр, Баян үйде,
Оң жақта құрулы тұр алтын күйме.
Үйден шығып күймеге қыз барғанда,
Қодар қалмай соңынан бірге жүрді.

Баянға Қодардың берген жауабы:

— Ақ бөзін әулиенің кен алармын,
Мырзасы ноғайлының мен болармын.
Менсініп сөйлеспейсің, сұлу Баян,
Әке-шешем берсем де, сені алармын.

Баянның жауабы:

— Қолымда жетелеген нарым барда,
230 Ноғайларға тимеймін арым барда.

Қодеке тынышымды алмай жайыңа жүр,
Алтын айдар, шоқ белбеу жарым бар-ды.

Қодардың айтқан жауабы:

— Һәптиектің ішінде бар-ды «жұмды»,
Сені көріп, Баянжан, көңілім тынды.
Менен артық жарыңның аты кім еді,
Мен көрмеген бұл жерде кім бар еді.

Баянның жауабы:

— Сұрасаң, менің жарым — Қозы Көрпеш,
Мен Сарыбайдың қызы едім Баян еркеш.
Баба түкті Шашты Әзиз хабар берген,
240 Мен жарымды тілеймін ертеңді-кеш.

Баянның сұлулығын Қодар білді,
Көрген соң аламын деп ғашық болды.
Сұлулығын Баянның білгеннен соң,
Тоқсан мырза жиылып кеңес қылды.

Қодар мырза жұртына хабар берді,
Тоқсан мырза бұл сөзді естіп тұрды.
Малын бақсақ, қызын бізге береді деп,
Тоқсан мырза жиылып жалға жүрді.

Малын бақсақ, қызын бізге береді деп,
250 Тоқсан мырза жиылып жалғыз жүрді.
Тоқсан мырза қыз үшін жалғыз жүрді.
Сарыбайға қыз үшін қызмет қылды,

Сарыбайға жағымды боламыз деп,
Қодар бастап тоқсан құл малға келді.
Айбасың бір құдайға енді жақты,
Қодар құл ала айғырды іздеп тапты.

Сарыбайға жағымды боламыз деп,
Тоқсан мырза жиылып жылқы бақты.

Айбас құл ерте тұрып бетін жуды,
260 Қодар құл ала айғырмен жылқы қуды.

Құданың құдіретімен буаз болып,
Қанатты қара бедеуден құлын туды.
Тоқсан құл бір Баянға таласады,
Аламыз деп сыртынан жанасады.
Құлынның Бақа айғыр деп атын қойды,
Үш күннен соң биеден бойы асады.

Айбастың Баянменен көңілі жуық,
Жеріпті Сарыбайдан көңілі суып.
«Құдай қосқан жарыма барамын», — деп
270 Бақа айғырдың жаратты тілін буып.

Баян мен Қозыкемді Құдай қосты,
Арада Айбаспенен жақындасты.
«Құдай қосқан жарыңа барамын», деп
Айбас келіп Баянмен ақылдасты.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Азыққа бір құнан қой сойып алды.
«Құдай қосқан жарыңа барамын», деп,
Баянның домбырасын қолына алды.
Айбас құл қашайын деп ойына алды,
280 Баянмен ақылдасып жүрмек болды.
«Құдай қосқан жарыңа барамын» деп,
Баянның шаш моншағын қолына алды.
Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Баянмен ақылдасып көңілі толды.
«Құдай қосқан жарыңа барамын», деп,
Алтын сандық ақ қамшы қолына алды.
Сәлемдеме бес бұйым жиып алды,
Бұйымдарын бір жерге жиып салды?
Жылқыдағы Бақа айғырды іздеп барып,
290 Түніменен таба алмай әлек болды.
Айбас құл Бақа айғырды іздеп жүрді,
Жылқы баққан тоқсан құл мұны көрді.

«Айбас құл Бақа айғырды іздеп жүр», деп,
Көрген құлдар Қодарға хабар берді.

Қодекем сізден дұшпан асқалы жүр,
Ізінді қара дауыл басқалы жүр.
Нағып шіреп жатырсың-ай, Қодекем,
Айбас құл Бақа айғырмен қашқалы жүр!

300 Қалаға бұл апарып сататұғын,
Айбасым маған сырын айтатұғын.
Таң атқанша күзетіп жүрген Айбас,
Жылқының ортасында жататұғын.

Құлдардын берген жауабы:

— Қодеке, қыздан мейіз алмайсың ба,
Ғашық болған Баянға бармайсың ба?
Айбас құл Бақа айғырмен қашқалы жүр,
Көріп келдім, тіліме нанбайсың ба?!

Қодар қостан ақырып тұра келді,
Қатты дауысы Айбасқа естіледі.
Айбас құл жылқыдан қайтіп келіп,
310 «Дауысың неге шықты Қодар?» — деді.

Қодардың жауабы:

— Айбас құл, қашпақ болсаң мен нетейін,
Қамшыменен бір салып еңіретейін.
Мені тастап тазшаға жүрмек болсаң,
Амандасып қолымнан жөнелтейін.

Айбастың жауабы:

— Қолыңа өзім жазып хат берейін,
Сізден басқа кісіні жат көрейін.
Қодеке құлға сенбей жайыңа жат,
Ертең сәске болғанда ат берейін.

Қодар бұл сөзге сеніп жатып қалды,
320 Айбас қайтып жылқыға жаяу барды.
Қызыл іңір болғаннан жылқы аралап,
Таң атқанда айғырды тауып алды.

Айбас құл Бақа айғырға мініп алды,
Бес бұйымды қолына жиып алды.
Аякөздің бойынан шыққан күні,
Итішпестің бойында демін алды.

Ертең сәске болғанда жылқы келді,
Жылқы баққан тоқсан құл бірге келді.
«Түндегі мал күзеткен Айбасың жоқ,
330 Енді қайдан табамыз Қодар?» — деді.

Қодардың берген жауабы:

— Сендерге Айбас сырын айтқан шығар,
Таң атқан соң ауылға қайтқан шығар.
Түніменен күзетте жүрген Айбас
Бір шұңқырды қорғалап жатқан шығар.

Қодарға құлдардың айтқан жауабы:

— Тоқсан кісі жер жүзін іздеп жүрдік,
Тобылғылы шұбардың ізін көрдік.
Өзен, су, томар, көлден түк қоймадық,
Таппай келіп өзіңе хабар бердік.

Қодар бұл сөзді естіп тұра келді,
340 Ала айғырын жылқыдан ұстап мінді.
Не де болса тілдесіп қалайын деп,
Сегіз құл он алты атпен қуып кетті.

Қодар мен Әлжаппар төрт ат алды,
Алты құл он алты атпен қуып кетті.
Итішпестің бойында жатқан жерде
Сегіз құл он алты атпен қуып жетті.

Айбасты көріп Қодардың айтқаны:

- Айбас құл, көрмек болып көрдің бе түс,
Алғыс алдың, көрерсің көп теперіш.
Күймеде Баян сұлу жылап жатыр,
350 Қайда қашып барасың, Айбас байғұс.

Айбастың жауабы:

— Қодеке, шын тіліңе-ай, нанамын,
Мейіз берсең, аузыма көп саламын.
Маған неге жыласын сұлу Баян,
Құдай қосқан жарына барамын мен.

Қодардың жауабы:

- Айбас құл, жылдам үйге қайтшы, — деймін.
Сөзіңді майда қылып айтшы, — деймін.
Айбастың айтқан сөзін есіттің бе,
Әлжаппар садақпенен тартшы, — деймін.
- Айбас құл Бақайғырмен тілдес болды,
360 Құдай сақтап екеуі үндес болды.
Әлжаппар атқан оғы көкке шықты,
Қодардың атқан оғы жерге кірді.
- Айбас құл аттың басын тартшы дейді,
«Бұрынғы қашпақ, қумақ санат», — дейді.
Баянға тілдес болып көңілі өскен,
Айбас құл, оғын болса, сен ат, — дейді.
- Айбас құл оқ атуға ыңғайланды,
Қырық кез оқтың біреуін суырып алды.
Сегіз құлын он алты атын атып,
370 Итішпестің бойында жаяу қалды.
- Айдалада сегіз құл жаяу қалды,
Айбас байғұс құтылып демін алды.

Далада сегіз құлдың алтауы өліп,
Қодар мен Әлжаппар үйге барды.

Айбасқа мықтылық жарасыпты,
Тоқсан құл бір Баянға таласыпты.
Туғалы жер көрмеген Айбас байғұс,
Жүретұғын жерінен адасыпты.

Айбас байғұс адасқанын білмей қалды,
380 Қыз үшін ғаріп жанын отқа салды.
Итішпестің бойынан шыққан күні
Екі қалың ағашқа душар болды.

Айбас құл сол жерде жатып қалды,
Бақа айғырды суытып, демін алды.
Домбырасы, моншағы түсіп қалып,
Домбыралы-Моншақты содан қалды.

Айбас байғұс адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін ғаріп жанын отқа салды.
Тақыраулы Бақа айғыр тоқтаған жер
390 Жамшида ақ қамшысы түсіп қалды.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін ғаріп жанын отқа салды.
Баян туған жерінде демін алып,
Баянауыл деген тау содан қалды.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін ғаріп жанын отқа салды.
Есіл, Нұра бойында жеткен жерде
Бақа айғырдың белі ісіп жауыр болды.

Үш күн жатып айғырын жазып алды,
400 Жауырбұғы деген тау содан қалды.
Айбас құл онан шығып төмен барды,
Ер Қозыкем бірталай өлең болды.

Шу, Таластың бойына жеткен жерде
Көп қой жайған қойшыға жетіп келді.
Айбас байғұс қойшыға жетіп келді,
Қай ауылдың қойы деп сұрап білді.

— «Шын танымай тұрмысың, Айбасекем,
Баққаным Қарабайдың қойы», — дейді.
Екеуі ата-тегін теріседі,
410 Торсықтағы малтаны бөліседі.

Қойды баққан Қондыбай кенже інісі,
Танысып зар жыласып, көріседі.
Айбас құл Бақа айғырмен желіп келді,
Үйге таман аяңдап жүріп келді.

Бақа айғырды белдеуге байлап тастап,
Қарабайдың үйіне кіріп келді.
Мамабике қайғымен тарылады,
Айбас құл төрдегі асқа жарымайды.
420 Қайғымен қартайған Мамабикем
Өзі берген Айбасты танымады.

Мамабикенің Айбастан «кімсің?» деп сұрағаны:

— Бір жерден отыра алман тұрсам, — дейді,
Орнымнан жаман болар тұрсам, — дейді.
Атың жарау, жүдеген жас баласың
Ел — жөніңді айта көр, кімсің? — дейді.

Мамабикеке Айбастың берген жауабы:

— Үйіңе бұдан бұрын келіп пе едім,
Жас күнімде жүзімді көріп пе едің.
Екі бай аңға шығып, құда болған,
Айбасты қарғыбауға бермеп пе едің?

Мамабикенің айтқан жауабы:

430 — Үйіме Айбас келді ғой күліп-ойнап,
Жылқыда шырағым жүр бие байлап.

Жолаушы болып бармасаң, танып қояр,
Тазшаменен жүр еді асық ойнап.

Айбас құл Бақа айғырға мініп алды,
Ойнап жүрген баланы келіп көрді.
Тазшаменен жүр екен асық ойнап,
Айбас байғұс көргелі келді, — дейді.

Қозыкем асық ойнар алтынды сақа салып,
Тазшаның бар асығын ұтып алып.
440 Ер Қозыкем таниды Айбас құлды,
Асық ойнап жүргенде қарай салып.

Ойнап жүрген тазшамен көріседі,
Ұтып алып асығын бөліседі.
Ойнап жүрген асығын жерге тастап,
Тұра келіп Айбасқа көріседі.

Қозыкеңнің Айбасқа айтқаны:

Жақсының жүрген жері той-мереке,
Бұл елге қашан келдің өзің жеке.
Құдай қосқан жарымнан хабар бар ма,
Қайдан жүрсің, жол болсын, Айбасеке?

450 Айбас байғұс келгенін білдірмейді,
Сәлем беріп, көрісіп, үндемейді.
«Білдірсем, жұртқа өсекті болармын», деп
Үндемей атқа мініп жөнеледі.

Қозыкем айтпаған соң ашуланды,
Үш түйе сексеуілді жиып алды.
Бәрін жиып бір жерге көмір жағып,
Ұсталарды жидырып алып келді.

Ұсташылар көмірге садақ қылды,
Қозыкем садақ атып талап қылды.
460 Өрмек тоқып отырған бір кемпірдің
Оюын атып, көшіріп мазақ қылды.

Өрмек тоқып отырған кемпірдің Қозыкеге айтқаны:

— Ақ жүзін әулиенің кен айтады,
Ақылы жоқ жас бала нені айтады.
Ант ұрған оюымды көшіргенше,
Жарыңды іздеп алсайшы, — деп айтады.

Қозыкемнің қайтадан сұрағаны:

470 — Ақылы жоқ бұл кемпір нені айтады,
Бар сөзін өзі білмей кем айтады.
Оюыңды қайтіп орнына көшірейін,
Айтқаның не, шешеке — деп айтады.

Кемпірдің берген жауабы:

Бір тудың Қарабай мен Сарыбайдан,
Сіздерді сұрап қосты бір Құдайдан.
Оған неге бармайсың, Ер Қозыке,
Құдай қосқан жарың бар сұлу Баян.

Қозыке бұл сөзді естіп түңіледі,
Қайғымен дәм татпай бүгіледі.
480 Ойнап жүрген асығын жерге тастап,
Садағымен үйіне жүгіреді.

Қозыке жылап үйіне қайтты дейді,
Жарының дерті жанына батты дейді.
«Қарным ашып барады жан шешеке,
Қазаныңды аса көр депті», дейді.

Арада үш күн, үш түн өтті дейді,
Шешесіне бір қайғы бітті дейді.
«Қазанымды асайын шырағым-ай,
Жантақ теріп келе ғой депті», дейді.

490 Ер Қозыке жантаққа кетті дейді,
Жантақ алып үйіне жетті дейді.

Жантақ алып келеді жалғыз бала,
Шешесіне бидай қуыр депті, дейді.

Шешесі жалғызының тілін алды,
Қазанға бір аяқтай бидай салды.
Жалғыз ұлы қасында қарап отыр,
Қазандағы бидай пісіп қалды.
Бидай пісер мезгіл жеткенде,
«Аяқ ұста салайын», депті дейді.

Қозыкеңнің шешесіне айтқан жауабы:

500 — Сізден басқа кісіні танымаймын,
Өзімде бар ешкімге жалынбаймын.
Шешеке, маған берсең табаққа сал,
Аяқтағы бидайға жарымаймын.

Шешесі жалғызының тілін алды,
Ыстық бидай қолына тұтты дейді.
Шешесінің қолына басып алып,
«Шешеке, тура сөйле», — депті дейді.

Ыстық бидай қолына өтті дейді,
Түбіне шешесінің жетті дейді.
510 Атаңның атастырған дөнеме жоқ,
«Антұрған кім айтады?» депті дейді.

Көзыкеңнің шешесіне айтқаны:

— Өрмек құрған бір кемпір айтады,
Түйе баққан бір тазша және айтады.
Асығын ойнап, ойнап ұтып алсам,
Ыза болып тазша құл және айтады.

Шешесінің жауабы:

— Ыстық бидай қолыма өтті дейді,
Жүрегіме бір қайғы бітті дейді.
Қолым күйіп барады, шырағым-ай,
Қалыңдығың бар еді, депті дейді.

- 520 Өкініп ойламайды өткен істі,
 Жалғызынан айрылған қайғы күшті.
 Бұл бидайды табақ ішіне салған екен,
 Алақан терісі бірге түсті.

Аларсың нұрдың қызын барсаң, балам,
Ұйқтасам, түсімде жоқ мұндай заман.
Көз алдымда сен мені тастап кетсең,
Айрылдым жалғызымнан не дүр шарам.

Қозыкеңнің жауабы:

- Есен болсам келемін, айдай анам,
Алдыңа қойып кетсем малыңды, ана.
530 Атам қосқан Баянға барамын деп,
 Мен ортаға саламын жанымды, ана.

Шешесінің жауабы:

— Сұм шешең сен кеткен соң не болады,
Жалғызынан айрылған қор болады.
Шешеңді зар жылатып тастап кетсең,
Сұмырай шешең біреуге күң болады.

Қозыкеңнің жауабы:

— Шешеке, мен тіріде болмассың күң,
Жалғыз балаң бар еді қайнында жүр.
Барған кісі қайнынан келмей ме екен,
Жалғызың бір күн келер ойнап-күліп.

Шешесінің жауабы:

- 540 — Жалғызым мен білмеймін келеріңді,
 Ойлаймын барған соң өлеріңді.
 Тәңірден тілеп алған жалғызым-ай,
 Араздасып үзейін күдерімді.

Ұша алмас балапан құс бөрі алдында,
Жүзің ыстық көрінсін көп алдында.
Сен кеткен соң тоқсан құл күң қылады,
Қор қылмастан көміп кет көз алдында.

Қозыкеңнің жауабы:

— Ақсақалдар бата оқыр туған айға,
Иманды құл кіреді кең сарайға.
550 Мен түгіл, әкем өліп өлгенің жоқ,
Жыларсың өзің үшін бір Құдайға.

Қозыкеңнің атына барғаны:

Қыстауы шат қарайды Қозыкеңнің,
Сан жетпеген жылқыдан ат қарады.
Жүгенін сылдырлатып тұрғанында,
Алдынан ардакүрең жалт қарады.

Ай қараңғы күн бұлт тұман болды,
Қозыке Баян жасқа құмар болды.
Ардакүрең тай екен жалт қараған,
Қозыке жүген салғанша құнан болды.

560 Баян сұлу, Қозыке өлең болды,
Құдай берген жақсыға өнер болды.
Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды,
Ертоқымын салған соң, дөнен болды.

Көңілі Қозыкеңнің бітті дейді,
Қозыке үйіне қайтіп кетті дейді.
Үстіне күрең бесті мініп алып,
Қозыке үйіне қайтып кетті дейді.

Қозыкенің жүретінін біліп шешесінің жауабы:

Шешесіне бір қайғы бітті дейді,
Қайғыменен ғұмырым өтті дейді.

570 — Сан жетпеген жылқың бар, шырағым-ай,
Оны кімге тапсырдың, депті дейді.

— Парақор жұрт білмеген тұра берер,
Елді бұзған жаманды құдай көрер.
Мен кеткен соң бір құдай сақтамай ма,
Жылқы баққан Жидебай бағып тұрар.

Көңілі Қозыкеңнің бітті дейді,
Түбіне шешесінің жетті дейді.
«Қора толған қойың бар, шырағым-ай,
Оны кімге тапсырдың», депті дейді.

580 Шешесіне көп қайғы бітті депті,
Біткен дәулет түбіне жетті депті.
«Қора толған қойың бар шырағым-ай,
Аш бөріге жолықсын», депті дейді.

Шешесінің түбіне жетті дейді,
Өзіне үлкен дәулет бітті дейді.
«Желі толған түйең бар, шырағым-ай,
Оны кімге тапсырдың», депті дейді.

Малға айналып көңілім бітті дейді.
Жүрмек болып сыртына жетті дейді,
590 «Жасыңнан ақ сүт берген жан шешенді,
Мұны кімге тапсырдың», депті дейді.

— Азғана ел қысым көрсе ұлық жақтар,
Байы өлсе, қара салып қатыны жоқтар.
Мен түгіл, әкем өліп өлгенің жоқ,
Қайғырма менің үшін, Құдай сақтар.

Шешесі кетпесін деп құдайға жад айтады,
Хат білмеген көңілге жат айтады.
Жалғызының кетерін білгеннен соң,
Белін бекем буынып қатайтады.

- 600 — Ауылын Сарыбайдың көргенім жоқ,
Жалғызым, кетеріңді білгенім жоқ.
Сен кеткен соң жалғызым өлер болдым,
Сен түгілі, әкең де өліп, өлгенім жоқ.

Қозыкеңнің жауабы:

- Атекем анаң тілін алма деген,
Садағыңды беліңнен салма деген.
Сәрсенбі күні жұмысыңды бітір дағы,
Бейсенбі күні жолыңнан қалма деген.
- Жастай кеткен Баянның елі қашық,
Жалғызым мініп кетсін атын сайлап.
- 610 Барма десем болмадың, жалғызым-ай,
Қодар атты құлынан жерсің таяқ.
- Қодар деген немене құл ма, сірә,
Жатқанымнан тұрмайын өлсем сонда.
Сөз сұрасам, өлесің дей бересің,
Қалай жора тілейсің, шешем-ау, сен.

Шешесінің жауабы:

- Төңірден тілеп алған екен балам,
Жастан маған көп қылды Құдай тағалам.
Сен кеткен соң тоқсан құл күң қылады,
Араздасып қалайын біржолата.

Қозыкеңнің жауабы:

- 620 — Құдай қосқан күрең ат жолдасым-ды,
Баянға құрбан қылдым бұл басымды.
Жан барында іздеймін жақсыларды,
Өлгеннен соң білемін тұрмасымды.
- Шешеке, мен еркек пе, ұрғашы ма,
Мен Баяннан басқаны аламын ба?

Атаң қосқан Баянға барасың деп,
Сөйлеп сөзім айтпайды құрдасым да.

Шешесінің жауабы:

— Қыстауы Қозыкеңнің тауда дейді,
Қалыңнан ат жүре алмас қауда дейді.
630 «Жалғызымнан айрылып қаламын», — деп,
Анасы көкке емшегін сауды дейді.

Шешесі үйде отырып күйді дейді,
Қозыке кітап оқып тұрды дейді.
«Сен кеткен соң мұны кімге беремін», деп,
Мүкәмалын далаға шашты дейді.

Қозыке атқа мініп жүрмек болды,
Шешесі жүрмесін деп жылап тұрды.
«Сен кеткен соң мұны кімге беремін», деп,
Шашыпты дүниелігін өртегелі.
640 Аттан дағы жүре бер көрінбей-ақ,
Ашуымды келтірме жерсің таяқ.

Қозыкеңнің жауабы:

— Қарғыс емес, алғыс та қарғағаның,
Қорыққаным ба, Қодардан бармағаным.
Шешеке, бүгін жаман түс көріп пе едің,
Көзімше жора қалып, қарғағаның.

Шешесінің жауабы:

— Баянға сен барасың намыс қылып,
Не жақсылық көресің онда жүріп?
Ал жат ақ сүт берген ерсің, балам,
Әл-ауқатым кім білер маған келіп.
650 Алдыңда жылап отыр тапқан анаң,
Менен жақсы болды ма кеткен Баян?

Киім болса, кие кет үйден, балам,
Сен кеткен соң күң болар ғаріп анаң.

Қозыкеңнің атқа мініп кеткені

Қозыкем амандасып атқа мінді,
Шешесі жылап үйде жалғыз қалды.
Ақ сүт берген анасын зар жылатып,
Қозыке Баянды іздеп жүре берді.

Қозыке Баянды іздеп кетті дейді,
Шешесіне бір қайғы бітті дейді.
660 Ауылдан алты қонып шыққаннан соң,
Айбас байғұс артынан жетті дейді.

Құдай берді ақынға тіл мен жақты,
Айбас байғұс артынан жеткен жерде,
Тапсырды Баян жазған сәлем хатты.
Қозыке шаш ал десе, бас алады,
Хатын көрген соң көзіне жас алады.
Қозыке сәлем хатты оқып білді,
Көңіліне қапаланып сақтап жүрді.
Сәлем хаттың жазуын көргеннен соң,
670 Пірнемнен көзіне жас алады.
Қозыкеге дұғай сәлем жазған екен,
Жазыпты дұшпан болған тоқсан құлды.
Шырағым осы халімді көрсін депті,
Айбастан анық хабар білсін дейді.
Әкем мені Қодарға бергелі жүр,
Тірі болса, кешікпей келсін дейді.
Қозыке сәлем хатты қолына алды,
Қамзолының қалтасына алып салды.
Сәлем хаттың жазуын көргеннен соң,
680 Айбасты Құдай десіп іні қылды.
Сарыбайдың ауылын іздеп жүрді,
Астында күрең Бақа айғыр мінген аты,
Аякөздің бойына жетіп келді.

Тыңдасаң, Қозыкеден сөз келеді,
Жақсы менен күштіні көз көреді.
Аякөздің бойына жеткен күні,
Көп қой жайған тазшаға кез келеді.

Екі жігіт қойшыға жетіп келді,
«Қай ауылдың қойы», деп сұрап білді.
690 «Сен кеткелі бір қатар заман болды,
Қай жерден келіп жүрсің Айбас», деді.

Тазшаның жауабы:

— Баянның бұзылмайды ойы дейді,
Талшыбықтай бұралған бойы дейді.
Шын танымай тұрмысың, қашқан Айбас,
Баққаным Сарыбайдың қойы дейді.

Айбас пен Қозыке амал қылды,
Күн жайлатып тазшаны адастырды.
Баян жас осы жерге келе ме деп,
Жердің жүзін жайлатып боран қылды.

700 Тазша адасып далада өліп қалды,
Жердің жүзі көрінбей боран болды.
Күннің боран болғанын көріп келіп,
Сарыбай Баян жасқа хабар берді.

Баян жас бал қаймақты ішті дейді,
Сөз айтамын құлағыңа салшы дейді.
«Мынау күн сондай қатты боран болды,
Шырағым, қой алдынан баршы», дейді.

Баянның атасына берген жауабы:

— Атаеке, сіз биік тау, біз бір шынар,
Көруге Қозыкені болдым іңкәр.
710 Атаеке, өзіңмен бір жүрмесем,
Ноғайдың боз баласы мазақ қылар.

Баян жас қойға таман қадам басты,
Қойды көріп көзінен төкті жасты.
Баян қойға жеткенде күн ашылып,
Әкесімен бірігіп қой айдасты.

Жұрт білмеген Сарыбайдың малы көп-ті,
Баян сұлу Қозыкеге іңкәр бопты.
Баян сұлу қой айдап жүргенінде,
Алдынан душар бопты қоңыр тоқты.

Тоқтының Баянға айтқан жауабы:

720 — Апеке, не бересің енді — дейді,
Күрең атты жездемді көрдім — дейді.
Айбасекем Бақа айғырмен қасында жүр,
Сүйінші бер, жездекем келді, — дейді.

Сұлу қыз текеметке түр салады,
Көңіліне Баян сенбей кіре алмады.
«Ойбай, күйген жанымды күйдірме», деп,
Құйрығына қамшымен бір салады.

Қыздың соққан қамшысы өтіп кетті,
Қой құйрығы шыримас боп бөлінді.
730 Тоқты жатқан жерінен тұра алмайды,
Баянға сөйлесе алмай наза болды.

«Жазықсыз мені неге соқтың, Баян,
Ақша бетің тілінсін», деп-ақ салды.
Тіліне қоңыр тоқты Баян нанды,
Желкесінен бір тал жүнді жұлып алды.
«Шырағымнан бір хабар білдің бе?», деп,
Арқасынан қамшымен сипай салды.

Сарыбай қозы менен қойға келді,
Баян сұлу бір жерде жалғыз қалды.
740 Сарыбай қой қайтарып кеткенінде,
Қозыке тазша болып қызға барды.

Қозыке тазша болып қызбен өлең айтқаны:

— Баян жас, бал қаймаққа жаримысың,
Жарың мендей болса, танимысың?
Атаңның атастырған жары кім-ді,
Баян сұлу, қарашы, танимысың?

Баянның жауабы:

— Сұрасаң менің жарым — Қозы Көрпеш,
Мен — Сарыбай қызы едім Баян еркеш.
Келер атты күн бар ма, ойбай Құдай,
Мен жарымды тілеймін ертеңді-кеш!

Қозыкеңнің жауабы:

750 — Қойыңа мұнан бұрын келіп пе едің,
Жарыңды мұнан бұрын көріп пе едің?
Жарыңның қандай жерде белгісі бар,
Бесікке бөлегенде көріп пе едің?

Баянның жауабы:

— Сағындым Құдай қосқан алған жарды,
Әкемнің жаста айырған бейілі тар-ды.
Баба түкті Шашты Әзиз хабар берген,
Алтын айдар астында меңі бар-ды.

Қозыке өзін Баянға білдіргені:

— Жеткізді тілеуіне Құдіретім,
Қозыке Баян жастың көрді бетін.
760 Баянға күйеулігін білдіргелі,
Көрсетті сонда тұрып айдар шетін.

Баян жас күйеулігін білді дейді,
Сол жерде шат-құрам болып қалды.
Алтын айдар белгісін көрсеткен соң,
Баянның оң бетінен сүйіп алды.
Ағарып қара жерге қақ тұрады,

- Сүйген құлға дәулет бітіп, бақ тұрады.
Сағынып сүйгеннен соң Баян жасты,
Бетіне Баян жастың дақ тұрыпты.
770 Баян жас күйеулігін білгеннен соң,
Алтын табақ мейіз салып қойдырыпты.

Баян жас опа жақпас ақ бетіне,
Қозыке тазша болды қой шетінде.
«Үйге кірсем болармын», деп ұятты,
Алтын күйме құйдырды қой шетіне.
Қозыке қойды бағып үш жыл жүрді,
Білдірмей Баянменен ойнап-күлді.
Үш жылдан соң күймеде жатқан жерде
Сарыбайдың тезек терген күңі көрді.

- 780 Қара күңнің білгенін Баян білді,
Ұйқылы-ояу сескеніп тұра келді.
Барып әке-шешеме айтады деп,
Сезіктеніп Баян жас күңді өлтірді.

Бір күні келіп Баян жас тұршы деді,
Үйге таман, шырағым, жүрші дейді.
Әке-шешем қуансын күйеуім деп,
Ал шымылдық кәдесін қылшы дейді.

- Қозыке Баянменен бірге келді,
Екеуі қуаныш қылып бірге отырды.
790 Алтын айдар белгісін ашып еді,
Қараңғы үй шам жаққандай жарық болды.

Ақ жүзі әулиенің бірдей болды,
Шымылдықтың ішінде ойнап-күлді.
Бетіне жарық сәуле түскен екен,
Ұйықтап жатқан шешесі мұны көрді.

Қаракөздің қуаныш көріп айтқаны:

— Шырағым, қашан келдің шыныңды айтшы,
Кешіктірмей ұзатып алып қайтшы.

Қойды бағып қор болып жүргеніңше,
Көңілің жақсы жүргендей жылқы бақшы.

- 800 Қозыке ертең атқа мінді дейді,
Айбас құл тазша болып ерді дейді.
Ол жақтан екеуі келе жатса,
Жылқыдағы Қодар құл көрді дейді.

— Алты құлаш ала айғыр мінген атым,
Естіп іңкәр болдым қыздың атын.
Ол жақтан келіпсің екі тазша,
Қандай сәлемдеме жіберді біздің қатын.

Қозыкеңнің жауабы:

- Баяндар Қодеке десіп отыр,
Талдай бойы Қодеке өсіп отыр.
810 Қодар деген сен болсаң, сәлем дейді,
Тірі болса, тез келсін десіп отыр.

Баянжан Қодеке десіп отыр,
Баян шашын тарқатып есіп отыр.
Өзімнің Құдай қосқан жарым келді,
Шұнақ құл аулақ жүрсін десіп отыр.

Қодар құл ашуланып тұра келді,
Жылқыдан ала айғырды ұстап мінді.
Баяннан өзім анық білейін деп,
Жылқыдан сегіз кісі елге келді.

- 820 Қозыке мен Баянды Құдай қосты,
Ғашық болды Қодар құл іші күйіп.
Сегіз кісі жылқыдан келе жатса,
Сарыбай алдында жүр түйе жайып.

Қодардың Сарыбайға айтқаны:

— Сарыбай, бейілің жаман болдың сараң,
Көп жылқыңды бақсам да күнім қараң.

Тазшамен амал тапты күймесінде,
Күймеде Баян деген бақты қараң.

Сарыбайдың жауабы:

— Алтын күйме ішінде Баян жаным,
Шаш бауы шашағының қырық бір талым.
830 Сен тұрғанда еш күймеге бара қалман,
Үндемей жылқыңды бақ, Қодар залым.

Қодар түзден қуанып қайтып кетті,
Қозыке елге келіп ойнап-күлді.
Қыстай жүріп Қодармен жылқы бағып,
Жазғытұры жылқымен бірге келді.

Ауылға бие байлар Қодар мырза,
Шақырды Қозыкені желі қақ деп.
«Мойнына Кербурылдың тұмар тақ» деп
Шақырды Айбас құлды жақтап².

840 Қодарға мықтылығын білгізеді,
Айбасты ақылменен жүргізеді.
Қодардың қол ағашын лақтырып,
Қозыке қолыменен кіргізеді.

Қодардың жауабы:

Ақ жүзін Әулиенің кен айтады,
Ақылы жоқ тазша құл нені айтады.
Мынау тазша күшті екен Әлжаппар,
Аударыспақ ойналық деп айтады.

Қозыке бұл сөзін естіп тұра келді,
Қысыр емген тел торы тайға мінді.
850 Торы тайға Қозыке мініп алып,
«Келсең кел алысайық», деп айтады.

² Қолжазбада өшіп қалған сөз

Өктем, өктем сөйлейді малды кісі,
Балуанға тұрысады әлді кісі.
Баян сұлу тоқсан құлға көз салмайды,
Қозыкеден басқаны ойға алмайды.

Ала атымен Қодар құл тартып еді,
Қозыке тай үстінде қозғалмайды.
Қозыке бір Құдайға сенеді,
Тоқсан құл тамашаға жиылады.

- 860 Қодар құлды ала аттан тартып еді,
Қозыке оң қолымен салмақтайды.
Қозыке сенің күшің қайда жүр деп,
Баладай алақандап бармақтайды.

— Антұрған мынау тазша түпке жетті,
Мені аударып алған соң көңілі бітті.
Кісі өңгеріп ойнаған ойының құрсын,
Қу тазша айызың қанып ішім өтті!

- Саудаға Қызылжардай қала бар ма,
Сөзінде Қозыкеңнің шала бар ма.
870 Қодар құлды ала айғырға қайтып салды,
Сол жерде тышып қойса шара бар ма?

Баян алтын күймеде отыр еді,
Терезеден ойынды көзі көрді.
Шырағым менің мұндай болыпты деп,
Баян жас жағасын ұстап қуаныш қылды.

Көп жылқы түзде жүрер бетіменен,
Жүріпті бір Қозыке көркіменен.
Қодардың жүрегіне тигеннен соң,
Қашып жүрді жылқының шетіменен.

- 880 Сарыбай жұртынан асқан салтанаты,
Қозыке Баянменен ойнап жатты.
Орманбет би ноғайдың бір топ елі,
Жиын бар деп сол елге сауын айтты.

Баянмен Қозыкені Құдай қосты,
Екеуі тар күймеде араласты.
— Жұртыңның барған асына барайын, — деп,
Қозыке Баянменен ақылдасты.

Баянның Қозыкеге берген жауабы:

- Шырағым сен жылқыдан қалма деймін,
Садағыңды беліңнен алма деймін.
- 890 Асқа тойған тоқсан құл мазақ қылар,
Жұрттан жалғыз жиынға барма деймін.
- Қозыке Баян жастың тілін алды,
Сан жетпеген жылқыда жалғыз қалды.
Баян үйде болғанда, Қозыкең жылқыда жүр,
Өзге жаннан түк қалмай асқа барды.
- Не болар жұртсыз менің көрген күнім,
Сарғайды көңіл ашар қызыл тілім.
Жылқыда Баянменен тілдес екен,
Қызыл бие баласы торы құлын.
- 900 Қақ басқа құрықпенен құлынды ұрды,
Емізбей енесіне түңілдірді.
Қозыке жылқы ішінде күн жайлатып,
Шыңғыртып ноқтаменен буындырды.
- Баян да дауысын естіп, есік ашты,
Құлынды көріп жылқыға қадам басты.
Жылқыға жеткен жерде күн ашылып,
Алтын айдар Қозыке құшақтасты.
- Екеуі құшақтасып бірге келді,
Күймеге ойнап-күліп бірге кірді.
- 910 Құшақтасып күймеге келген жерде
Ауылдан екі қатын көріп қалды.
- Екеуі төрт күн, төрт түн ойнап-күлді.
Бір күн озып жылқыға Қодар келді.

Кешегі жылқы баққан тазшаға деп,
Тамақ үшін әкелдім өкпе, дейді.

Қодар жиылып күймеге күліп келді,
Баянды тимейсің деп жек көреді.
Кешегі жылқы баққан тазшаға деп,
Тамақ үшін әкелдім өкпе дейді.

- 920 Жылқыда Айбас байғұс жалғыз жүрді,
Қодар құл тазшаны іздеп ел қыдырды.
Елден таппай күймеге келген жерде,
Екі қатын көрдік деп хабар берді.

Қодар құл тазшаны іздеп ел қыдырды,
Елден таппай күймеге қайтып келді.
Терезеден көре салып бұл екеуін,
Тазша нағып жатыр деп зар еңірейді.

- Қодар жылап күймені үш айланды,
Кіруге Қозыкеден бата алмайды.
930 Бақты қара тазшамен бір жатыр деп,
Қодар жылап Сарыбайға жетіп барады.

Қодардың жауабы:

— Сарыбай бейілің жаман көпір, — дейді,
Күймеде қызың болды қатын, — дейді.
Нағып шыдап келесің, әй, Сарыбай,
Бақты қара тазшамен жатыр! — дейді.

Сарыбайдың жауабы:

— Тілің жалған айтасың ере қалман,
Мезгілсіз алдауыңа көне қалман.
Жылқы бағып жүре бер, Қодар балам,
Сен тұрғанда ешкімге бере қалман.

Қаракөздің Сарыбайға Қозыкені білдіргені:

- 940 — Сарыбай, білемісің тоқсан құлды,
Бөрі келіп қыз үшін жалға жүрді.
Құлға тартып сөйлеме бұрынғыдай,
Құдай қосқан Қозыке жалғыз ұлды.

Далаға мерген кісі мылтық атсын,
Қалаға бұлды кісі бұлын сатсын.
Мал бермеген Қодарды не қыласың,
Құдай қосқан Қозыке жатса жатсын.

- Сарыбай бұл сөзді естіп ашуланды,
Қодармен екеуі үйге барды.
950 Сарыбай мен Қодар құл ақылдасып,
Өлтіргелі көп ноғай жиып алды.

Қаракөз Сарыбайдан сөз сұрайды,
Қылған ісін жек көріп отырады.
Жалғыз Қаракөздің өлі кімге келсін,
Естіп, іші күйіп ол тұрады.

Қаракөз жан-жағына қарап алды,
Қызы үшін іші күйіп отырады.
Таман ноғай жиылып ақылдасып,
Алтын күйме жан-жағын қамап алды.

- 960 Қодардың қылғаны бүкті дейді,
Күймені ноғай қамап алды дейді.
Баян сұлу тар күймеде қысылған соң,
Күрең аттың бір тал жүнін тұтатады.

Айбас байғұс жылқыны бағып жүрді,
Көңілі Сарыбайға жағып жүрді.
Бақа айғыр мен күрең ат бір тұрады екен,
Айбас құл оны көріп жылап тұрды.

Айбас қайғыланды түсі қашып,
Тұр екен Бақа айғырмен амандасып.

- 970 Қозыкеге бір қысым болыпты деп,
Айбас қалды жылқыда зар жыласып.

Күрең ат көп жылқыдан бұрын келді,
Қозыкеңнің қысылғанын біліп келді.
«Айналайын, шырағым, жау бар ма!?» — деп,
Алтын күймені талқандап кіріп келді.
Қамап тұрған көп ноғай бата алмайды,
Тал түсте атқа мініп жиылып кетті.

Қозыкеден хабар алғалы Баян торғайын жібергені:

- Баян жас терезеден күңіренеді,
Қодардың қылған ісін мін қылады.
980 «Шырағымнан бір хабар алып кел», — деп,
Асыранды торғайын жібереді.

Бозторғай Қозыкеге жетіп барды,
Хабар алып, сөйлесіп қайтып ұшты.
Елге жетіп келгенде боз торғайды,
Қырық бір қарға қуалап ортаға алды.

Жақсының жүрген жері күнде сауық,
Қайырсыз бай қалады жерді қауып.
Мақпал тонын Баянның ұрлап киіп,
Жеңгесі отыр екен сиыр сауып.

- 990 Қырық бір қарға қуалап ортаға алды,
Қанатымен жеткені аулайды.
Баянның мақпал тонын бүркенген соң,
Мынау әпкем екен деп қорғалайды.

Жеңгесі сиыр сауды қастық қылып,
Баянның мақпал тонын ұрлап алды.
Баянның мақпал тоны бүркенулі,
Білдірмей (жеңіменен) ұстап алды.

Торғай келмеген соң жеңгесінен сұрағаны:

Торғай келер мезгілін Баян білді,
Кешігіп келмеген соң қайғы қылды:
1000 — Торғайымнан бір хабар білдің бе? — деп,
Баян жас жеңгесінен сұрай келді.

Жүгіріп шықсам боз үйден көйлегім кір,
Алтын айдар шекемде сегіз тал өр.
Жеңеше қолындағы торғайым бер,
Өлгенше алғаныңмен екеуің жүр.

Жеңгесінің жауабы:

— Тілейсің торғайыңды берер біліп,
Қашайын деп жүрмісің көзің күліп.
Ардақтаған бикешім қашып кетсең,
Сыртыңнан жүргізе ме қазақ күліп!

Баянның жауабы:

1010 — Біздерге күлсе күлсін күлген адам,
Біздерге неге күлсін білген адам.
Бір құрбыға боз бала үйленіпті,
Жүйрік аттай зымырап өткен заман.

Жеңгесінің жауабы:

— Тілейсің торғайыңды бермен, бикеш,
Екі ортасы шөл дейді адам жүрмес.
Қашып жүре бер сана күйеуіңмен,
Күйеуің жатқан жерін адам білмес.

Баянның жауабы:

— ³ Жұрт таппай мекен жатқан жерін,
Торғайымды бермесең, қалар көңілім.

³ Қолжазба өшіп қалған сөз

- 1020 Торғайымды бермейсің өкпелетіп,
Не көңіліңді қалдырдым, жеңге, сенің.

Жеңгесінің жауабы:

— Торғайыңды тілерсің берер біліп,
Айрылдың Қозыкеден нағып жүріп.
Шіркінді ұрғаным жоқ, соққаным жоқ,
Алып ем төбесінің жүнін жұлып.

Баянның жауабы:

— Торғайымды бермесең, кінә қылдың,
Біле тұра кінәні неге қылдың.
Торғайымды бермесең өкпеледім,
Айналайын, жеңеше, мен не қылдым?!

Жеңгесінің жауабы:

- 1030 — Жарықтығым, еш нәрсе қылғаным жоқ,
Жүнін жұлдым, торғайыңды ұрғаным жоқ.
Кінәсін менен көрсең торғайыңның,
Өліп қалды Алладан ажал келіп.

Баянның жауабы:

— Тілеймін торғайымды берер біліп,
Жеңешемнің отырған көзі күліп.
Жеңешем торғайымды берер біліп,
Үстінде қара тоным киіп алып.

Жеңгесінің жауабы:

- 1040 — Қашып барып үйленген қандай адам,
Қашты деген бикештің аты жаман.
Мен сырымды айтайын бикеш саған,
Мен берсем де, бермейді Қодар ағаң.

Баянның жауабы:

— Жалпайып жалынбаймын Қодарыңа,
Мен не қылдым жылқы баққан Құлдарыңа.
Жеңеше, қолыңдағы торғайым бер,
Қол алшы Қодарыңның өлеріне.

Жеңгесінің жауабы:

— Тірі жүрер деп пе едің Қодар өлмей,
Торғайың өліп қалды тілге келмей.
Торғайыңды бермеген мен бе [саған]
Тынышымды алмай жүр аулақ, жүзім көрмей.

Баянның жауабы:

1050 — Кімге айтайын торғайым сенен көрмей,
Өліп қалды торғайым тілге келмей.
Өкпеледім бермесең, өкпеледім,
Тірі жүрер деп пе едің біздер өлмей.

Жеңгесінің жауабы:

— Бикешжан, жас басыңмен неге өлесің,
Жастай өлсең, дүниеден не көресің?
Ардақтаған бикешім өліп кетсең,
Азды-көпті кінәні көтересің.

Мінгені Қозыкеңнің көк төбел-ді,
Астық еккен Түркістан тоқ деп еді.
1060 Оның жүнін жұлғанда үндемеді,
Төбе жүнін жұлғанда «шоқ» деп еді.

Қойшылар ертең өрер қойыменен,
Баян сұлу көрінер бойыменен.
Тамам ноғай таба алмай отырғанда,
Әлжаппар құл тапты ойды бірден.

Әлжаппардың жауабы:

— Аякөздің бауыры Шоқтеректі,
Айналасы малға жай, мол теректі.
Қысырақ қарап жүргенде көріп едім,
Айтқаны ойлап тұрсам сол теректі.

1070 Армансыз бір төсекте жата алмады,
Баянға бір ауыз сөз айта алмады.
Сарыбаймен тоғыз кісі барып еді,
Иіліп сәлем берген соң бата алмады.

Мінгені Қозыкеңнің күрең атты,
Шоқтеректің түбінде байлап жатты.

Байғұстың көзі ілініп кеткен екен,
Қозы жаурын қол оқпен Қодар атты.
Күрең ат азу тісін ойған ба, деп,
Баян жас көздің жасын тиған ба, деп,
Қозы жаурын қол оқпен Қодар атты,
«Бұ тазша не қылған, қойған ба», — деп.

Қодар құл оқпен атып өшін алды,
Сөйтіп, қастық қылғандай несін алды.
1080 «Үйдегі Баяныма берейін», — деп,
Шұрқылтайдың түбінен кесіп алды.

Бәрекелді Қодардың тентегіне,
Арда күрең жүрмейді жетегіне.
«Қозыкеңнің басы», — деп тастап еді,
Баян жылап салады етегіне.

Баянның жұрт қарайды жабдығына,
Қозыкеден жас қалған қамдығына.
«Ал, байыңның басы», — деп тастап еді,
Баян жылап, салады сандығына.

*Сонда жылап Баян Сарыбайдан Қозыкені кім өлтірді деп
сұрағаны:*

- 1090 Баян жылап күймеден тұра келді,
Сарыбайдың қасына жетіп келді.
Атасынан сұрайды бір сауалды:
— Қозыке атты күйеуім кімнен өлді?

Сарыбай қызын көріп тұра келді,
Баянға оң жағынан орын берді:
— Сен сұрасаң айтайын, шырағым-ай,
Күйеуің Қодар атты құлдан өлді.

- Бала арқар мен бір жігіт, жүз тайынды,
Көздің жасын қолыммен сүртейін де.
1100 Биылғы жыл сабыр қыл, шырағым-ай,
Қозыкеден басқаға қосайында.

Жылап атасына берген жауабы:

— Етегімді жел ашып жүрген емен,
Қозыкеден басқаға күлген емен.
Әке, неке қи дағы тіке өзің ал,
Елден бура салғандай інген емен.

Аузымнан жаман сөзді айта қалман,
Аузымнан шыққан сөзге қайта қалман.
Әке, неке қи дағы тіке өзің ал,
Елден айғыр салғандай байтал емен.

- 1110 Баян сұлу атандым тамам жұртқа,
Әке, қылған ісінді сен де ұмытпа.
Шешем Қаракөз бетіне қарай алмай,
Неке қиып өзің ал тоқалдыққа.

Баян сұлу қолына айна алды,
Қозыкеден айрылып қиналады.
«Өзімменен қосылып зарласын», — деп,
Ботасы өлген боз інген түйе алады.

Баянның іші күйіп жұртында жатып қалғаны:

- Баянжаның белбеуін белден шешті,
Қозыкеден айрылып қайғы түсті.
1120 Баян сұлу тұра алмай жұртында қалды,
Сарыбайдың аулы ертеңі тұра көшті.

Баян сұлу тұра алмай жұрта қалды,
Оны көріп Қодар құл қуанады.
Көш жөнеліп кеткенін біліп тұрып,
Жұртында қалған Баянға Қодар келді.

Қодардың жауабы:

— Жылқыны көп жалшылар суарады,
Баян, сені көріп көңілім қуанады.
Алған байың өлді ғой, сұлу Баян,
Енді сені мен алмай кім алады?

Баянның жауабы:

- 1130 Баян басын көтеріп тұра келді,
Жылап тұрып Қодарға жауап берді:
— «Мен сенікі болайын, Қодареке,
Қозыкені бір көрсет маған», — деді.

Қодардың жауабы:

— Әй Баян, тимесең енді, — дейді,
Тимесең болар ақыр заман, — дейді.
Осы жерде маған тисең тұра сөйле,
Тазшанды көрсетейін саған, — дейді.

- Баян сұлу қуанып тұра келді,
Қодарменен екеуі бірге жүрді.
1140 Ойдым-ойдым бір [жерге келгенінде],
— Кел екеуміз ойнайық, Баян, — деді.

Баян сұлу Қодарға жауап берді,
Қозыкені көрсетуге алып жүрді.

— Далада ойнағаның не болады,
Су басына барайық, Қодар, — деді.

Хақтың сөзін сөйлеуге болар дәуренім,
Баян жастың кигені алтын кебіс.
Су басына әпкелді сұлу Баян,
— Қодареке, шыдай тұршы киім жемес.

Қодардың жауабы:

1150 — Айт дегеннен айтамын, сұлу Баян,
Мұндай ақыл біздерге қайда, Баян.
Алдында жарық болған, сұлу Баян,
Қасыңа мендей жолдас қайда, Баян!

Айт дегеннен айтамын, сұлу Баян,
Қасыңа мендей жолдас қайда, Баян.
Тазаланып жатайын қойыныңа,
Білегіме шашыңды байла, Баян.

Баян алдап Қодарды суға салды,
Екі кебіс су ішіп мейірі қанды.
1160 Қодар құдық ішінде Баян қырда,
— Суға тоңдым, шығайын, Баян, — деді.

Баян бұл сөзді естіп тұра келді,
Бұйда пышақ қолына алып тұрды.
Қодар суда жатқанда Баян қырда,
Қодарды пышақпенен салып қалды.

Құдық ішінде Қодардың берген жауабы:

— Баян жас, мені есіңе алмадың ба,
Әуелі суға тастап алдадың ба?
Екі бірдей байыңнан тірі айрылып,
Енді қараң суалып қалғаның ба?

1170 Мұнша қастық қылғандай неттім, Баян,
Мені неге сергелдең қылдың, Баян?!

Екі бірдей байыңнан тірі айрылып,
Мұнша қастық қылғандай неттім, Баян?!

Тіл ұшымен мен сені жақын қылып,
Аңдап жүріп түбіме жеттің, Баян.
Ай Баян, айдай Баян, неттім, Баян,
Айтпай жүріп түбіме жеттің, Баян!

О дүниеде артыңнан еш қалмаймын,
Тікенек болып араңа біттім, Баян.
1180 Баян сұлу бұл жерде қуанады,
Қодар құлдың тіліне кім нанады,
Баян шашын қиып жібергенде,
Байғұс құдық түбіне домалайды.

Баян Қодарды өлтіріп, Қозыкеңнің басына барғаны

Ботасы өлген боз іңген алып келдім,
Мен Баян қайғы азабын тартып келдім.
Қодар құлды құдыққа тастай салып,
Қозыкеңнің басына қайтып келдім.

Шырағым, жатырмысың жер бауырлап,
Қарға жүнді, қайың оқ соны ауырлап.
1190 Тұрар болсаң тұр сана, шырағым-ай,
Баян жас алған жарың келдім зарлап.

Шырағым, жатырмысың жер бауырлап,
Алты батпан топырақ соны ауырлап.
Тұрар болсаң тұр сана, шырағым-ай,
Құдай қосқан қосағың келді зарлап.

Қозыке жүрмек болып қылды талап,
Жеткізді тілеуіне құдай қалап.
«Не өлісін, не тірісін білейін», — деп,
Баян отыр Қозыкеңнің мойнын жастап.

1200 Сұлу Баян зар жылап түрегелді,
Құдайдан тілегені қабыл болды.

Баян көзі ілініп кеткен екен,
Түсінде періштелер хабар берді.

Құдайдан сол мезгілде пәрмен болып,
Түсінде Баянға хабар берді.
Аллаһтан періштелер хабар берді:
— Неше күндік тілейсің ғұмыр? — дейді.

Баян байғұс зар жылап түрегелді,
Құдайдан тілегені қабыл болып.
1210 — Ұзақ ғұмыр тілеп мен не қылайын,
Үш күн, үш түн ойнасам болар — дейді.

Баян жастың тілеуін Құдай берді,
Періштелер бұл сөзді естіп тұрды.
Құдайдан сол мезгілде пәрмен болып,
Ер Қозыке сілкініп тұра келді.

Ер Қозыке сілкініп тұра келді,
Жаппар айым тілеуін қабыл қылды.
Құдайдың бақ бергені кем бола ма,
Үш күн, үш түн ойна, деп ғұмыр берді.

1220 Қозыке өлең болғалы бір талай жыл,
Құдай берген жақсыға бар қызыл гүл.
Шығарайық өлең қылып бұл қиссаны,
Баянның сұлулығын естіп біл.

Ибраһим Мекке тұрғызды Құдай үшін,
Жүрген жері жақсының бөрі жиын.
Үш күн, үш түн көп ойнап-күлді,
Ғұмырын қысқа тілеп болды қиын.

Қозыке мен Баянды өлең қылып,
Шығардық хатқа жазып анық біліп.
1230 Басына ақ кірпіштен үйін салып,
Екеуі үш күн, үш түн ойнап күлді.

Ақ кірпіштен басына үйін салып,
Ғұмыры қысқа тілеп болды қиын.
Төртінші күн болғанда пәрмән болып,
Ажалына шығарыпты қызыл құйын.

Қияметтің қыл көпірі тар дейді,
Бір жағы от, бір жағы жар дейді.
Қозыке мен Баян өлген шақта,
Қырық бір молла Меккеге барған екен.

- 1240 Қырық бір молла Меккеге барды дейді,
Қырық періште қасына жолдас болды.
Меккеден үйге қарай келе жатса,
Жолда тұрған ақ сары үйді көрді.

Кімде болса бір дұға қылайық деп,
Қырық бір молла сарайға кіріп келді.
Қырық бір молла сарайға кіріп келді,
Отырып Құран оқып түрегелді.

- Хат қылып отырғанда сөйлесіп,
Төбесінде жазулы хатты көрді.
1250 Ақ сарай үйде жазулы хатты көрді,
Қозыке мен Баянның атын көрді.

«Жаратқан жеті ғашық бір екен», деп
«Құдайдан тілейік», — деп кеңес қылды.
Қырық бір молла жиылып кеңес қылды,
Өрқайсысы өртүрлі сөз сөйлемес.

Өркімнің тілеуі өзінде бар,
Құдай бізге алғанын енді бермес.
Ақ сақалды бір молла тұра келді,
Өзгесінің сөздерін тыңдап тұрды.

- 1260 «Жан кеткен денеге жан кіргізсең,
Табарсың онан үлкен сауап», — дейді.
Ақ сақалды бір молла жауап берді,
Бар жас мұны көріп қабыл қылды.

Қозыке мен Баянның жанын тілеп,
Намаз оқып Құдайға жылап тұрды.
Қырық бір молла Құдайға жылап тұрды,
Қырық періште Құдайға ғарыз қылды.
Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды,
«Періште, не себептен келдің», — дейді.

Аллаһ тағалаға Жәбірейіл періштенің берген жауабы:

1270 — Меккеге тәуба қылып жүрдік, — дейді.
Қозыке мен Баянды көрдік, — дейді.
Жаратқан жеті ғашық бірі екен, деп
Біз соның үшін келдік, — дейді.

Біздермен қырық молла жолдас болды,
Меккеге жолдас болып бірге келді.
Қозыке мен Баянның атын көріп,
Қырық бір молла біздерден тілек қылды.

Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды,
Қырық бір молланың тілегін қабыл қылды.
1280 Мың жанды бір қапасақа салған екен:
«Екі жанды шығарып алың», — дейді.

Періштелер қапастың ішін ашты,
Жатқан мың жан қапастан тұра қашты.
Қозыке мен Баянның себебінен
Көрде жатқан мың жанның басын қосты.

Екі жанды періштелер алып келді,
Қозыке мен Баянның атын көрді.
Қырық бір молла тілегі қабыл болып,
Екеуі көрден шығып түрегелді.

1290 Қырық бір молла тілеуін қабыл көрді,
Қозыке мен Баянның жаны кірді.
Қозыке мен Баянның себебінен,
Көрде жатқан мың кісі түрегелді.

Екеуі көрден шығып тұра келді,
Жалаңаш айдай балқып түрегелді.
Құдай берді жұмақтан халле тонды,
Екеуі түнде киіп шүкір қылды.

Ақ жүзі бұрынғыдан артық болды,
Моллалардың тілеуін қабыл қылып.
1300 «Отыз бір жыл ойна», — деп ғұмыр берді,
Қозыке мен Баянның көңілі толды.

Құдайдан тілегені қабыл болды,
Қозыке мен Баянға бата беріп.
Моллалар амандасып жүре берді,
Екеуі көр басында жатып қалды.
Төңіректе еш нәрсе көрінбейді,
Қасында ауыл түгіл, дәнеме жоқ,
Айдалада қалғанын білді дейді.

Көңілі Қозыкеңнің біткен екен,
1310 Түбіне жалғыз Қодар жеткен екен.
Сарыбай күйеу, қызынан айрылған соң,
Өлеңтіге қайта көшіп барған екен.

Баянның шешесі бір күн жатып түсінде көргені:

Қаракөз бір күн жатып түс көрді,
Түсінде күйеу, қызы сәлем берді.
Тірлігіне көңілі неғиян болып,
Күн шықпастан кемпір жылап түрегелді.

Кемпір жылап күн шықпай түрегелді,
Үш көш жерде жылқыға жаяу барды.
Пәрмен болды тіл бітті екеуіне,
1320 Арда күрең, Бақа айғыр сәлем берді.

Арда күрең, Бақа айғыр сәлем берді,
Жылап тұрған кемпірді бұлар көрді.
— Туғалы мал көрмеген адам едің,
Шешеке, неге жылап келдің, — дейді.

Қаракөздің екі атқа берген жауабы:

— Бүгін жатып түсімде көрдім, қалқам,
Қозыке мен Баянды көрдім, — дейді.
Өзім іздеп барар шырағым жоқ,
Сіздерге соны айтқалы келдім, — дейді.

1330 Өзімнің іздеп барар шырағым жоқ,
Тірі болса, көруге көңілім тоқ.
Тәңірден тілеп қосқан екі көзім,
Көргенше зар жылаймын іңкәр болып.

Екі ат Қаракөзге айтқаны:

— Айталық, тура жауап сізге, — деді,
Балаңнан күдерінді үзбе, — дейді.
Есен болсақ, екеуміз әкелерміз,
Алтын жабдық әзірле бізге, — дейді.

1340 Байғұс кемпір қуанып қайтып кетті,
Алтын жабдық ер-тоқым әзірледі.
Қозыке мен Баянның киімдерін,
Өз алдына даярлап алып қойды.

Түс болған соң ауылға жылқы келді,
Арда күрең Бақа айғыр бірге келді.
— Қозыке мен Баянға барамын, — деп,
Екі айғыр дараланып жүрмек болды.

Айбас құл көп жылқымен түзде қалды,
Құл мен күң биелерді байлап алды.
Намазшам мезгілінде бие ағытып,
Екі айғыр желі басында жатып қалды.

1350 Арда күрең Бақа айғыр жатып қалды,
Қас қарайып болған соң түрегелді.
Алтын жабдық ер-тоқым киіп алып,
Кемпірге амандасып жүре берді.

Құдайдан екеуіне пәрмен болды,
Қасында әулие сақшы болды.
Екеуі көр басында отыр екен,
Арда күрең Бақа айғыр жетіп келді.

Арда күрең Бақа айғыр оған жетті,
Алтын-көшті көрген соң көңлі бітті.
Екеуінің киімі киілгеннен соң,
1360 Қыбыла тоны жұмаққа қашып кетті.

Екеуі алтын-көштен киім алды,
Баянға Бақа айғырды ерттеп берді.
Қозыке күрең атқа мініп алды,
Ауылын Сарыбайдың іздеп жүрді.

Сарыбайдың ауылын іздеп кетті,
Орта жолда ойнап көңілі бітті.
«Енді кәдесін қылайық», — деп,
Мал ішінде жатқанда тастап кетті.

Қозыке күйеу болып түзде қалды,
1370 Баян сұлу қуанып үйіне барды.
Сарыбай мен Қаракөз қарсы шығып,
Үшеуі құшақтасып зар жылайды.

Қаракөз қызын көріп зар жылайды,
Көптен бері қызын көрмей қайғырады.
Күйеу, қызы қолына келгеннен соң,
Төрт күн, төрт түн той қылып жыласады.

Жұрт білді Қозыке мен күйеу атын,
Алдынан шатыр тікті қырық бір қатын.
Сағынып жаяу барды қайын енесі,
1380 Күйеуіне көрісіп зар жылайды.

Торғайға қастық қылған жан жеңгесі,
Ұзатқанша көре алмай қорғаланды.
Қозыке ақ шатырда қорғаланды,
Түнде алтын күймеде дәурен сүрді.

Қозыкеңнің ел-жұрты есінде жоқ,
Ауылында Сарыбайдың он жыл жүрді.
Айбас құл Қозыкені бек сағынды,
Елге келмей жылқыны бағып жүрді.

Көп жылқыдан ел көрмеген Айбас байғұс,
1390 Бір күні көп жылқыдан елге келді.
Айбас байғұс көп жылқыдан елге келді,
Қозыкенің шатырын көзі көрді.

Шатырдың ішінен қарай салып,
Қозыкеңе көрісіп зар жылайды.
Қозыке күйеу Айбас қосшы болды,
Бір-біріне көрісіп көңілі толды.
Баян бір күн күймеде ұйықтап жатты,
Мамабике бәйбіше түсіне енді.

Баянның түсінде қайын енесін көргені:

Сол күні ай қараңғы түн болыпты,
1400 Ғашықтар жалған емес шын болыпты.
Қозыкеден айрылып қалғаннан соң,
Шешесі тезек теріп күң болыпты.

Қарабайдың үйінде тоқсан құлды,
Жидебай қалған үйге ие болды.
Тоқсан құлдың бастығы Жидебай құл,
Бәйбішені күң қылып ғазап қылды.

Тоқсан құлдың бастығы Жидебай құл,
Құлдың қылған ісіне кім шыдайды.
Баян жастың түсіне хабар берді,
1410 Құлға күң болдым деп зар жылайды:

— Шырағым мені есіңе алмадың.
Дұшпанның өсегіне нанба, — дейді.
Тәңірден тілеп алған екі көзім,
Мен байғұстың көрген күнім қараң, — дейді.

Баян жас күймеден тұра келді,
Қозыкеден сұрайды енді сөзді.
— Шырағым, қайдан өстің, қайдан тудың,
Біз көргендей ел-жұртың бар ма? — дейді.

Бұл жерге жан жуымас Аллаһ десең,
1420 Жаһаннам түбіне кетерсің арам жесең.
Екеуімізге қуанып атам өлген,
Зар жылап қалыпты ғой жалғыз шешең.

Қайғысын ұзын жолдың сар (зар) көреді,
Танымаған көшіне жат көреді.
«Енді бізді ел-жұртқа ұзатсын», — деп,
Баян жас атасына хат берді.

Сарыбай бұл сөзді естіп қайғырады,
Қарагөз ұзатуға ой қылады.
Шідерде еді Бақа айғыр шідер үзген,
1430 Өлеңті өлең айтып той қылады.

Ғаділ болса, бұзылмас ханның тағы,
Ақынның тіпті сөйлер тіл мен жағы.
Өлеңтінің Ақжер деген бір жері бар,
Сарыбайдың той қылған жер-ошағы.

Қырық күндей той қылып дәурен сүрді,
Қырық қара нар артып алып қыз жөнелді.
«Шырағым, жұрттан жалғыз бармасын», — деп,
Қырық қыз барып Баянның қасына ерді.

Қырық қыз жиырма жігіт қасына ерді,
1440 Неке қиып бір-біріне қосып кетті.
Айбас пен Қозыке озып кетті,
Жұпардың қорығына барып қайтты.

Ел шетінде бір адам қой жайып жүр,
— Қай ауылдың қойы, — деп сұрап еді.
— Менен несін сұрайсың екі жігіт,
Иесіз бағып жүрмін қалған малды.

- Қалай-қалай сөйлейсің, қойшы жаным,
Мұңлы сырың құдайға болсын мәлім.
Біздер үйден шыққалы бірталай күн,
1450 Иесіз бағып едің кімнің малын?!

Қойшының жауабы:

- Жаратқан сыйынамыз бір Құдайға,
Көре алмай іңкәр болдық көп жылдарға.
Қозыке зар жылатып жаста кетіп,
Қалған дәурен қор болды Жидебайға.
- Қойшыдан ауылдың жөнін сұрап білді,
Үйіне қонақ болып бұлар келді.
Үйге келіп тұрады екі қонақ,
Жидебай үйде отырып жауап берді:
- Шұнақ күң, қолыңды отқа тықшы, — дейді,
1460 Ұятты қонақ болса, бұқшы, — дейді.
Үй артында келіпті екі қонақ,
Кім екенін білуге шықшы, дейді.
- Қозыке амал ойнап ақыл қылды,
Жеткізді шешесіне құдай айдап.
Үйден шыққан шешесін тани салып,
Алдынан қарсы шықты атын байлап.
- Байларға күнде қонақ көп келеді,
Жәнсіз қонақ келгенін жек көреді.
«Қарны ашқан екі қонақ бір тойсын», — деп,
1470 Екеуіне үш табақ ет береді.
- Айбас құл елін танып күлімдейді,
Қозыке келген жерден білінбейді.
«Жүдеген мұңды кемпір бір тойсын», — деп
Үш табақ еттің біреуін оған берді.

Мұны көріп Жидебайдың айтқан жауабы:

— Қонақ, саған не болды қара басып,
Адал асты мен бердім саған асып.
Жалғызынан айрылған мұндар күң,
Неге асыңды бересің ішің ашып.

Сонда Қозыкеңнің айтқан жауабы:

— Өзіміз мылтық атқан мерген едік,
1480 Үйіңе қонақ болып келген едік.
Мұңлы адамға неге жаным ашымасын,
Жалғызын қойнындағы көріп едік.

Жидебайдың жауабы:

— Адал астан бердім саған салып,
Жақсы қонақ екен деп көңілін танып.
Қодар атып сүйегі қурап қалған,
Не қыласың шіркінді аузыңа алып!

Қозыкеңнің жауабы:

— Құл болсаң, жылқы бағып жатар едің,
Би болсаң, жұртқа кеңес айтар едің.
Жағанды ұстап шүкір қыл, Жидебайым,
1490 Жалғызы келіп қалса, қайтер едің?

Жидебайдың жауабы:

— Ғаділ болсаң, жұртыңның қамын жерсің,
Қонақ сыйлап жөнелтсем, пәлі дерсің.
Қодар атып сүйегі қурап қалған,
Өлген кісі тіріліп қайдан келсін!

Қозыкеңнің жауабы:

— Ғаділ болсаң, дәулетің мол боларсың,
Етің кетсе, сүйегің қор боларсың.

Жағаңды ұстап шүкір қыл, Жидебайым,
Жалғызы келіп қалса, қор боларсың!

Жидебайдың жауабы:

— Жасымнан ерке болып өсіп едім,
1500 Жәкбас қонақ келәдесін кесіп едім.
Мұнша неге жаның ашыды мұндар күңге,
Сен мұның иесі ме едің, досы ма едің?

Қозыкеңнің жауабы:

— Өзіңнен басқа адамды аямайсың,
Жалғыз болсаң, жұмысқа жарамайсың.
Барлық жоқтық басыңнан кешкен жоқ па,
Неге мұндай ғаріпке қарамайсың?

Қозыке ертең тұра атқа мінді,
Жылқыдан қырық боз бие алып келді.
Қырық биенің құлынын байлап қойып,
1510 Сүтін сауып шешесін шомылдырды.

Жидебайдың жауабы:

— Антұрған мұнау қонақ түпке жетті,
Жылқыдағы биемді айдап кепті.
Малымның бәрі құрлы басы жоқ па,
Бекер байлап құлынның жәйі кетті.

Қозыкеңнің жауабы:

— Жағады бәйбішеміз опа-ендігін,
Қарайсың айнаман көркемдігін.
Құл-құтанның бар еді сенің малың,
Қонақтың бай көтерер еркелігін.

Жидебай, көп сөйлеме үнің өшсін,
1520 Тақылдаған тіліңді шалғым кессін.

Құл-құтанның жегені сенде малы,
Не қыласың, байғұстың көңлі өссін!

Ол кемпір құлдан қорқып төмен бұқты,
Жерде жатқан тезекті қапқа тықты.
Тезек теріп шешесі жүрген екен,
Шешесін айдалаға алып шықты.

— Жидебай тоқсан құлдың басы, — дейді,
Көзіңнің бекер шықты жасы, — дейді.
Біздер үйден шыққалы бірталай күн,
1530 Сауап болсын арқамды қасы, — дейді.

Мамабике арқасын қасып берді,
Арқасында бармақтай меңді көрді.
Ары-бері арқасын қасып беріп,
Көзінен жас таусылып қаны қашты.

Мамабике сол жерде жылап тұрды,
Жылағанын Қозыке көріп тұрды.
— Менен басқа жүр ме едің кісі көрмей,
Кемпір, саған не мүшкіл болды? — дейді.

— Шыныңды айтсаң, көңлім тынсын, балам,
1540 Жалған болса, сүйегім сынсын, балам!
Жалғызымның белгісі бойыңда тұр,
Шыныңды айтып отыршы, балам! — дейді.

Қозыкеңнің шешесіне өзін білдіргені:

— Құдайдан тілеп алған сені, шеше,
Тілегім қабыл болды енді, шеше.
Баянды Құдай қосқан алып келдім,
Жаста кеткен шырағың мендімін, шеше!

Екеуі көріседі құшақтасып,
Үш күн, үш түн отырды зар жыласып.
Айбаспенен үшеуі бірдей жылап,
1550 Көздің жасы көл-дария болды тасып.

Үшеуі үш күн, үш түн ойнап күлді,
Төрт күннен соң үшеуі есін жиды.
Үшеуі ес-түсін жиып алып,
Ақ Орданың ішіне жүріп келді.

Көп дәулет таусылмайды молдығынан,
Жидебай бай пішеді күң қылады.
Шешесіне қас қылған Жидебайды,
Иттей кесіп өлтірді қорлықпенен.

1560 Қозыкеңнің келгенін жұрт білді,
Қырық жылқы сойдырып тойын қылды.
Қозыке жұртын билеп ұлық болды,
Айбас жылқы бағып түзде жүрді.

Айбас құл жылқы бағып түзде жүрді,
Екі қатын Айбасқа алып берді.
Бұқалды Қарайдың елі болды,
Бірнеше күн өткен соң Баян келді.

Ел шетінде Баянды Айбас көрді,
Енесінен сүйінші сұрай келді.
1570 Жүз жылқы сүйіншіге бөліп берді,
Баян сұлу еліне жақын келді.

Төрт кісі Баяннан озып келді,
«Мамабике құдағи бар ма?» — дейді.
Құдағи үйде болсаң, сүйінші бер,
Құдай қосқан келінің келді! — дейді.

Мамабике естіп тұра келді,
Үйден шығып жан-жаққа қарап алды.
Баян жастың қарасын көргеннен соң,
Қуанғаннан жүрегі жарылып өлді.

Иесіз қалған үйге Баян түсті,
1580 Өліп жатқан енесін көзі көрді.
«Алтынымды қолымнан қоямын», — деп,
Баян жас таза жуып өзі көмді.

Қозыке жұртын билеп ұлық болды,
Құдайдың бергеніне көңлі толды.
Отыз бір жыл берген Құданың бұйрығы бар,
Перзент үшін көкірегіне қайғы толды.

Отыз бір жыл берген ғұмыры төмәм болды,
Ұйықтаса түсінде ғайан берді.
— Қозыке, амандасып жеріңе қайт,
1590 Бұйрығың Аякөзде болар, — дейді.

Қозыке ертең тұрып түсін жорып,
Біткен малын санатып үш бөлдірді.
Екеуін пақыр-міскінге үлестіріп,
Бір бөлігін Айбасқа өзі берді.

Төмәм жұртын Айбасқа табыс қылып,
Айбас мұнда жұртына ұлық болды.
Мінер ат, сауар сауын бәрін алып,
Қозыке Аякөзге көшіп жүрді.

Қозыке Аякөзге кетіп қалды,
1600 Көп кісілер шығарып жолға малды.
Мінер ат, сауар сауын бітіп қалып,
Қозыке, Баян сұлу жаяу барды.

Екеуі Аякөзге жаяу барды,
Өзен судан бұрылып бұлар өтті.
Баян сұлу таһрат алып болғанша,
Қозыке амандаспай опат болды.

Баянға амандаспай бұрын өлді,
Баян барып қасына зар еңіреді.
Баян жас зар еңіреп отырғанда,
1610 Бір топ керуен көрді дейді.

Қырық керуен бұларға келді, дейді,
Жылап тұрған Баянды бұлар көрді:
«Біз жүргенде жоқ еді сендей адам,
Нағылып жылаған жансың», — дейді.

Баянның керуенге берген жауабы:

— Біз тудық Қарабай мен Сарыбайдан,
Жүзіміз артық болды күн мен айдан.
Отыз бір жыл ортада ғұмыр сүріп,
Бір күн қаза жетіп тұр бір Құдайдан.

1620 Қырық кісі керуен бұлар мұны көрді,
Сұлулығын көрген соң алмақ болды.
«Сұлуға жалғыз тұру жарамайды,
Қайсымызға тиесің айтшы», — дейді.

Баян сұлу қайғымен болды күйіп,
Тамам керуен Баянға болып себеп.
Баян сұлу жарлық қылды керуенге:
«Там тұрғызған кісіге тиемін», — деп.

Баянның айтқан жарлығын керуен білді,
Қырық күнде Қозыкеңнің тамын болды.
Баян сұлу өзі барып көріп келді,
1630 — Қиямет-қайым болғанша тұрар, — деп.

Тамам керуен жиылып кеңес қылды,
«Баянды аламыз», — деп кеңес қылды.
«Сұлудың айтқан жарлығын қылып болдық,
Қайсымызға тиесің айтшы», — деді.

Өзі керуеннің басы дейді,
Баянды аламыз деп кеңес қылды.
Баян жас өз алдында жылап тұрды,
Керуенге жүзі таймай жауап берді:

— Көп керуен, разымын қылғаныңа,
1640 Белгісін тұрғыздың өлгеніме.
Әрқайсыңа үлесем, мүшем жетпес,
Тиемін ақылы артық үлкеніңе.

Тамам керуен бір жерге жиылады,
Баян сарай қылуға бұйырады.

Қам Керуен Баянды аламыз, — деп.
Сұлу жарды бөле таласып, қырылады.

1650 Тамам керуен қырылды жол таласып,
Баян сарай салдырды жарлық шашып.
«Бұл Керуенге құдай-ай, қор қылма», — деп,
Баян сын тас болыпты құшақтасып.

Қырық кісі таласып қырылыпты жол,
Баян үшін өліпті төбелесіп.
Көп Керуен сол жерде өлді, — дейді,
Үш кісі үш ру елге барды дейді.

Өзі де Құдай бізге өнер қалған,
Қозыкеңнің сарайын керуен қылған.
Үш кісі үш ру елге барды қашып,
Сол қылған Қозыкені өлең дейді.

Қодардың ұры болып қалған жері,
Қозыкенің амандаспай өлген жері.
Қозыке өлген жерде Баян да өлді,
1664 Әркімнің сондай болсын алған жары.

Қозы Көрпеш — Баян сұлу

(Қоңқабай Мейірманұлы нұсқасы)

Дүниені жарық қылған Күн мен Ай-ды,
Жаратқан жанның бәрін бір Құдай-ды.
Кешегі ноғайлының заманында
Қарабай, өлең қылдық, Сарыбайды.

Түйеден нар туады молтақ өркеш,
Бұларды өлең қылдық ертеңді-кеш.
Кешегі ноғайлының заманында
Баянға ғашық болған Қозы Көрпеш.

10 Қарабай Сарыбаймен аңға шықты,
Екі бай аттанды деп даңға шықты.
Екі бай бір жапанда келе жатса,
Алдынан буаз марал аң қашыпты.

Қарабай Сарыбаймен мерген екен,
Алдынан буаз марал өрген екен.
Қарабай Сарыбайға «сен ат» депті, —
Күмәнді үйде зайып» деген екен.

Қарабай Сарыбаймен мерген екен,
Алдынан буаз марал өрген екен.
«Қарабай сен атпасаң, мен де атпаймын,
20 Күмәнді біздікі де» деген екен.

Қыстауы Қарабайдың Бөген екен,
Тәшкеннен Ой қарағаш төмен екен.
Жапанда Құдай айдап душар болдық,
«Қайтеді досты болсақ» деген екен.

Мінгені Сарыбайды көк-ті дейді,
Салғанда айтқан сөзге бекті дейді.
Жапанда Құдай айдап душар болдық,
«Досты болсақ, болайық» депті дейді.

- 30 Қыстауы Қарабайдың Бөген екен,
Тәшкеннен ой қарағаш төмен екен.
«Ұл туса екі бірдей зайыптардан,
Қыламыз оны қалай?» деген екен.

Мінгені Сарыбайдың көк-ті дейді,
Салғанда айтқан сөзге бек-ті дейді.
«Екі бірдей ұл туса зайыптардан,
Ақыреттік дос болсын», депті дейді.

- 40 Қыстауы Қарабайдың бөген екен,
Тәшкеннен Ойқарағаш төмен екен.
«Қыз туса екі бірдей зайыптардан,
Оны қалай қыламыз?» деген екен.

Мінгені Сарыбайдың көк-ті дейді,
Салғанда айтқан сөзге бекті дейді.
«Екі бірдей қыз туса зайыптардан,
Бір күйеуге берелік», депті дейді.

Қыстауы Қарабайдың Бөген екен,
«Тәшкеннен Ойқарағаш төмен екен.
Бірінен қыз, бірінен туса егер ұл,
Оны қалай қыламыз» деген екен.

- 50 Мінгені Сарыбайдың көк-ті дейді,
Салғанда айтқан сөзге бекті дейді.
«Бірінен ұл, бірінен туса егер қыз,
Қосыңыз да қойыңыз» депті дейді.

Жүргенде құлан аулап күн жауыпты,
Қарабай ақылымен жол тауыпты.
Екі бай құлан аулап жүргенінде,
Зайыптар үйіндегі босаныпты.

- Құлан аулап жүргенде күн жауыпты,
Қарабай ақылыменен жол тауыпты.
Сарыбайдың қатыны қыз тауыпты,
60 Қарабайдың қатыны ұл тауыпты.

Қарабайдың қатыны мал сойыпты,
Елі-жұрты жиылып, бір тойыпты.
Бабай Түкті Шашты Әзіз әулие екен,
Екі туған балаға ат қойыпты.

Үйде отырып той қылды екі қатын,
Қарабайдың беріпті Құдай датын.
Баян сұлу қояды қыздың атын,
Қозы Көрпеш қояды ұлдың атын.

- Сиына бер, жігіттер, бір Құдайға,
70 Ақсақалдар бата оқыр туған айға.
Тойы тарқап болған соң екі кісі,
Сүйінші тілей шабады Қарабайға.

Сүйінші тілей екі адам келді дейді,
Сүйінші тілей келгенін білді дейді.
«Бәйбішеңіз ұл тапты» дегеннен соң,
Сүйіншіге үш тоғыз берді дейді.

- Ер Қозыке бірталай өлең болды,
Біліп айтқан кісіге өнер болды.
«Бәйбішеңіз қыз тапты» дегеннен соң,
80 Сарыбайдың көңілі төмен болды.

Құлан аулап кез болды биік тауға,
Жігіттер, өнер үйрен денің сауда.
«Қырық жылқы, қалыңмалға,
қырық нар ал», — деп,
Береді Айбас құлды қарғыбауға.

Қарабай Құдай сүйген бақты дейді,
Қалмысы Құдіретке жақты дейді.

Қатынының ұл тапқан қуанышымен,
Қарабай елге қарай шапты дейді.

Сүйінші тілеп екі адам келді дейді,
90 Үш тоғыз сүйіншіге берді дейді.
Аты сүрініп, жығылып, мойны үзіліп,
Қарабай ұлын көрмей өлді дейді.

Қарабай ұлын көрмей өліп қалды,
Жесір қатын, жетім ұл қарап қалды.
«Жетім ұлға қызымды берем бе», — деп,
Сарыбай көшейін деп ойына алды.

Қарабай ұлын көрмей өліп алды,
Жесір қатын, жетім ұл қараң қалды.
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», — деп,
100 Бұзылып ой сарыпты үйге барды.

Сарыбай қарап жүріп жаман састы,
Бұзылып достығынан қара басты.
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», — деп,
Келді де қатынымен ақылдасты.

Қаракөз жақтырмайды айтқан сөзін:
— Жапанда бек сөйлесіп келдің өзің.
Сөзіңді өзің айтқан өзің бұзсаң,
Көрмессің ақыретте Құдай жүзін.

Қаракөз ақырған соң шошып кетті,
110 Өз елінен өзі үркіп, босып кетті.
Қылады қанша қайрат қатын шіркін,
Сабап үйін жықтырып, көшіп кетті.

«Аякөз ақпай көшті өрлеймін» деп,
«Қозыке жетім қалды көрмеймін» деп.
Әкесін тумай жатып, жұтып салған
«Жетім ұлға қызымды бермеймін» деп,

Сарыбай күншығысты құлдай көшті,
Үш ай жарым болғанша ұдай көшті.
Дамылсыз күнде көшіп бұл Сарыбай
120 Бойына Өлеңтінің келіп түсті.

Он бір жыл Өлеңтіде өтті дейді,
Сарыбай елден үркіп кетті дейді.
Бұл ара бізге деген болмайды ғой,
Әли Жаппар қоныстар депті дейді.
Әли Жаппар қоныс қарап кетті дейді,
Арада бірталай күн өтті дейді.
Ауылдан алты қонып шыққаннан соң,
Бойына Аякөздің жетті дейді.

Аякөз ағып жатқан жерді көрді,
130 Ноғайлы қалың жатқан елді көрді.
Өзен суы ағып жатқан қалың ел бар,
Бұл ара бізге мекен болар деді.

Әли Жаппар қоныс қарап қайтып келді,
Аякөзді ағып жатқан айтып келді.
Өзен суы ағып жатқан қалың ел бар,
Тұруға мекен қылып артық деді.

Дәулеті Сарыбайдың өсті дейді,
Сарыбай бұл сөзді естіп көшті дейді.
Дамылсыз күнде көшіп бұл Сарыбай
140 Бойына Аякөздің түсті дейді.

Бойына Аякөздің түсті дейді,
Дәулеті жылдан-жылға өсті дейді.
Өлеңге тоғыз ауыл қонғаннан соң,
Ел-жұрты ноғайлының есітті дейді.

Өзенге ауыл қонды, малы бар көп,
Қазына неше түрлі табылар көп.
Еліне көрген малшы айтып келді,
Балқыған туған айдай қызы бар деп.

- Мінеді бай Сарыбай Қаракөкке,
150 Бұл хабар естіледі төңірекке.
Сұлтанғазы ноғайдың бастығы екен,
Шақырды Сарыбайды ерулікке.

Сарыбай Қозыкені жек көреді,
«Баянды бермеймін» деп көп көреді.
Шақыра ерулікке келген кісі:
«Жүріңдер бірің қалмай», — деп келеді.

- Сарыбай қыз кетіне бірге жүрді,
Өкініп ұмытпайды өткен күнді.
Сый екен ноғайлының сонан қалған,
160 Алдына самауырмен шай келтірді.

Қарагөз Аягөзді жерсінбейді,
Молдығын Сарыарқаның көрсін дейді.
Қырда жүріп үйренген ол бәйбіше
Ноғайдың қант пен шайын менсінбейді.

— Ауылға ноғай келсе, барушы едің,
Қазына малға сатып алушы едің.
Шай қылып жапырақты ішеміз бе,
Қантты көз ауруға салушы едің.

- Бұл жұртты олай деме, көңілі қалар,
170 Ноғайлар мұны есітсе, ашуланар.
Берелік қызымды осы елге,
Ноғайдың толып жатқан мырзасы бар.

Қаракөз бұл сөзді есітіп күйіп пісті,
Өкініп ұмытпайды өткен істі.
— Малы жоқ ноғайлының беретұғын,
Қылайын неге дәрі өңкей масты?

- Баян жас құйған шайды алып ішті,
Өкініп ұмытпайды өткен істі.
Шақбақ байдың жалғызы Қодар мырза
180 Төрде отырған Баянға көзі түсті.

Баян жас, өзі сұлу көркем екен,
Құдайым сонша көрік берген екен.
«Баянды тойға келсе, көрейік», — деп,
Жиылып тоқсан мырза көрген екен.

Баянды төрде отырған Қодар көрді,
Көрген соң алайын деп ынтық болды.
Баян сұлу үйіне қайтқанында,
Қодар еріп соңынан бірге жүрді.

— Ақ жүзің, Баян сұлу, бір көрермін,
190 Мырзасы ноғайлының мен ерермін.
Менсініп, сөйлеспейсің неге, Баян,
Берсем де әке-шешем, сені алармын.

— Қомда жетелеген нарым бар-ды,
Тимеймін ноғайлыға ерім бар-ды.
Қодеке, қодаңдамай жайыңа жүр,
Шоқ белбеу, алтын айдар жарым бар-ды.

— Ішінде айтып көзін жұмды,
Баян жас, сені көріп көңілім тынды.
Бұл жерде мен көрмеген кім бар еді,
200 Жарыңның менен артық, аты кім-ді?

Баян:

— Сұрасаң, жарым аты — Қозы Көрпеш,
Қызымын Сарыбайдың Баян еркеш.
«Күн бар ма келер атты» деп жылаймын,
Құдайдан мен тілеймін ертеңді-кеш.

Баянның сұлулығын Қодар білді,
Көрген соң «аламын» деп ынтық болды.
«Баянды қалай қылсақ, аламыз», — деп,
Жиылып тоқсан мырза кеңес құрды.

Жігіттер, өрне қылса, Құдай қылды,
210 Жиылып тоқсан мырза кеңес құрды.

«Сарыбай малын бақсақ, бере ме» деп,
Жиылып тоқсан мырза жалға жүрді.

Айбастың бір Құдайға ісі жақты
Қодар құл ала айғырды іздеп тапты.
«Жағымды Сарыбайға боламыз», — деп,
Құл болып, тоқсан мырза жылқы бақты.

Айбас құл ерте тұрып, бетін жуды,
Қодар құл ала айғырменен жылқы қуды.
Құданың Құдіретімен таңғажайып,
220 Қанатты қара бедеуден құлын туды.

Тоқсан құл бір Баянға таласыпты,
«Сыртынан аламыз» деп жанасыпты.
Құлынның «Бақа айғыр» деп атын қойды,
Биеден үш айдан соң бойы асыпты.

Айбас құл Баянменен болды жуық,
Жүреді Сарыбайдан көңілі суып.
«Қозыкені Құдай қосқан іздеймін», — деп,
Жаратты Бақа айғырдың тілін буып.

Баянды Қозыкемен Құдай қосты,
230 Арада Айбас келіп жақындасты.
«Жарыңды Құдай қосқан іздеймін», — деп,
Айбас құл Баянменен ақылдасты.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Баянмен ақылдасып ұрын алды.
«Жарыңа Құдай қосқан беремін», — деп,
Баянның шаш моншағын қолына алды.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Азыққа бір құнан қой сойып алды.
«Жарыңа Құдай қосқан беремін», — деп,
240 Баянның домбырасын қолына алды.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Азыққа бір құнан қой сойып алды.
«Құдай қосқан жарыңа беремін», — деп,
Алтын сандық, ақ жамшысын қолына алды.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Баянмен ақылдасып ұрын алды.
«Жарыңа Құдай қосқан беремін», — деп,
Баянның қарқарасын қолына алды.

Бес бұйым сәлемдеме жиып алды,
250 Бір жерге бұйымдарын жиып салды.
Қызыл іңір болғанда жылқы аралап,
Таба алмай Бақа айғырды қараң қалды.

Айбас құл Бақа айғырды іздеп жүрді,
Біреуі тоқсан құлдың оны көрді.
«Айбас құл Бақа айғырды іздеп жүр», — деп,
Көрген құлы Қодарға хабар берді.

Ақырып Қодар қосынан түрегелді,
Айбасқа қатты даусы естіледі.
Жылқыдан Айбас байғұс қашып келіп:
260 — Дауысың неге шықты, Қодар? — деді.

— Айбас құл, кетпек болсаң, мен нетейін,
Бір салып қамшыменен еңіретейін.
Тазшаға мені тастап, кетпек болсаң,
Қолымнан амандасып жөнелтейін.

Айбас айтты: — Тілімнен хат берейін,
Сізден басқа құлдарды жат көрейін.
Құлға сенбе, Қодеке, жайыңа жат,
Ертең сәске болғанда ат берейін.

Қодар сеніп тіліне жатып алды,
270 Айбас байғұс жылқыға қайта барды.
Қызыл іңір кезінде жылқы аралап,
Кешікпей-ақ айғырын тауып алды.

Айбас құл Бақа айғырды мініп алды,
Бұйымын сәлемдеме жиып алды.
Үстіне Бақа айғырды мінгеннен соң,
Құдайға шүкір қылып сыйынады.

Айбас құл Бақа айғырды мініп алды,
Бөгелмей күн-түн қатып тағы салды.
Неше күн ұйықтамаған Айбас байғұс,
280 Келді де асын ішпестен ұйықтап қалды.

Болғанда ертең сәске жылқы келді,
Тоқсан құл жылқы баққан бірге келді.
— Түндегі мал күзеткен Айбасың жоқ,
Табамыз енді қайдан, Қодар? — деді.

— Сіздерге Айбас сырды айтқан шығар,
Ауылға таң атқан соң қайтқан шығар.
Күзетте түніменен жүрген байғұс,
Қорғалап бір шұқырда жатқан шығар.

Жер жүзін тоқсан кісі іздеп жүрді,
290 Шұбардан тобылғылы ізін көрді.
Аққан су, томар, көлден түк қоймады,
Таба алмай кербезіме хабар берді.

Қодар құл ашуланып түрегелді,
Жылқыда ала айғырды ұстап мінді.
«Тілдесіп не де болса қаламын», — деп,
Сегіз құл он алты атпен қуады енді.

Сегіз құл он алты атпен таяныпты,
Жолықса, өлтірмекке ойға алыпты.
Құдайдың құдіретімен пәрмен болып,
300 Айбас құл ұйықтап жатқан ояныпты.

Айбас құл ұйқысынан тұрды дейді,
Тұрып-ап Бақа айғырға мінді дейді.
«Тілдесіп не де болса кетейін», — деп,
Қодарға қарсы қарап тұрды дейді.

Қодар:

— Айбас құл, неге қаштың, көрдің бе түс,
Аласың, алғыс алсаң, көптен ырыс.
Күймеде Баян сұлу ұйықтап, жылап жатыр,
Барасың, қайда қашып, Айбас байғұс?

Айбас:

— Қодеке, шын тіліңе нанамын мен,
310 Аузыма мейіз берсең, саламын мен.
Маған неге жыласын Баян сұлу,
Жарына Құдай қосқан барамын мен.

Қодар:

— Айбас құл жылдам үйге қайтшы деймін,
Тіліңді майда қылып айтшы деймін.
Жауабын мына құлдың есіттің бе,
Садақпен, Өли Жаппар, тартшы деймін.
Қодар құл оқ атуға оңдайланды,
Біреуін қырық кез оқтың қолына алды.
Өли Жаппар атқан оқ көкке шығып,
320 Атқан оғы Қодардың жерге барды.

Қодар:

— Айбас құл, жылдам үйге қайтшы деймін,
Тіліңді майда қылып айтшы деймін.
Баянмен ақылдасып кеңесің өскен,
Айбас құл, оғың болса, атшы деймін.

Айбас құл оқ атуға оңтайланды,
Біреуін қырық кез оқтың қолына алды.
Он алты сегіз құлдың атын атып,
Сегіз құл айдалада жаяу қалды.

Құтылып Айбас байғұс демін алды,
330 Атын атып құлдардан кегін алды.

Сегіз құлдың он алты аттары өліп,
Әли Жаппар Қодармен үйге барды.

Тоқсан құл бір Баянға таласыпты,
Сыртынан аламыз деп жанасыпты.
[Ел шолып, жер] көрмеген Айбас байғұс,
Жолынан жүретұғын адасыпты.

Айбас құл олай шапты, бұлай шапты,
Бәрін де, тамам жолдың оймен тапты.
Баянның ақ сандығы түсіп қалып,
340 «Алтын сандық, Ақша тау» сонан қапты.

Айбас құл олай шапты, бұлай шапты,
Бәрінде тамам жолдың оймен тапты.
Жалындағы домбыра түсіп қалып,
«Домбыралы, Моншақты» сонан қапты.

Айбас құл олай шапты, бұлай шапты,
Бәрін де тамам жолдың оймен тапты.
Жанындағы жамшысы түсіп қалып,
«Тоқырауын жамшылы» сонан қапты.

Айбас құл олай шапты, бұлай шапты,
350 Бәрінде тамам жолдың оймен тапты.
Баянның қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы» [тау аты] сонан қапты.

Айбас құл онан шығып төмен жүрді,
Жолда жүріп көргенін өлең қылды.
Есіл — Нұра бойына келгенінде,
Белі ісіп, Бақа айғырдың жауыр болды.

Үш күн жатып, айғырын жазып алды,
Ісіне Құдіреттің қайран қалды.
Есіл, Нұра бойында осы күнге,
360 «Жауыр тағы» деген тау сонан қалды.

Атқа мініп Айбас құл тағы салды,
Үш күн жатып айғырын жазып алды.
Қарабай елі Жұпар қорығында,
Бұқардың ар жағына барып қалды.

Базардан бауша-бауша бөз келеді,
Аузына ақындардың сөз келеді.
Жұпардың қорығына келгеннен соң,
Қойшыға көп қой жайған кез келеді.

Айбас мойнын қойшыға бұрады енді,
370 Сәлем беріп қасында тұрады енді.
Амандасып болған соң Айбас байғұс,
«Қай ауылдың қойы?» — деп сұрады енді.

— Бұзылмайды Баянның ойы дейді,
Тал шыбықтың бұралған бойы дейді.
Қайдан жүрсің, жол болсын, Айбас-еке,
Жайғаным Қарабайдың қойы? — дейді.

Ауыл жөнін қойшыдан сұрап алды,
Қонақ болып үйіне тура барды.
380 Бақа айғырды белдеуге байлап тастап,
Үйіне Қарабайдың кіріп барды.

Түздегі асқа Айбас құл жарымайды,
Ашаршылық көрсе де, арымайды.
Қайғыменен қартайған Мамабике,
Өзі берген Айбас танымайды.

Мамабике:

— Неге менің жүрегім дүрсілдейді,
Айнам, сен не жұмыста жүрсің, — дейді.
Өңің қашқан жүдеген ұл екенсің,
Ел жөніңді сұраймын, кімсің? — дейді.

Айбас:

390 — Мұнан бұрын үйіңе келіп педім,
Өміріңде жүзіңді көріп пе едім?
Анда жүріп, екі бай құда болып,
Айбасты қарғыбауға беріп пе едің?

Жанның бәрін жаратқан бір Құдай-ды,
Адамзатты бір Алла не қылмайды.
«Атым — Айбас» деген соң, Мамабике
Айбас құлға көрісіп, зар жылайды.

Айбас келді үйіне Құдай айдап,
400 Жылағанын қояды күліп-ойнап.
— Жолаушы боп бармасаң, танып қояр,
Тазша құлмен жүргенде асық ойнап.

Айбас, саған айтайын білгенімді,
Менің жақсы көрмесең бөлгенімді.
Сырыңды айтсаң, кетем деп бөле салар,
Қозыкеге білдірме келгеніңді.

Бақа айғырға Айбас құл мінді дейді,
Мамабике қуанып келді дейді.
Бақа айғырға Айбас құл мініп алып,
410 Ойнап жүрген балаға келді дейді.

Асық ойнар Қозыке сақа салып,
Бар асығын тазшаның тартып алып.
Айбас байғұс қасына жетіп келсе,
Ер Қозыке таниды қарай салып.

— Ассалаумағалейкум, Айбас-еке,
Қашан келдің бұл елге өзің жеке.
Сен кеткелі көп заман болып еді,
Аман-есен жүрмісің, Айбас-еке!

Айбас оған келгенін білдірмейді,
420 Сәлем беріп, көрісіп үндемейді.

Қарабайдан айрылып қалғаннан соң,
Әлдеқайдан қаңғырып жүрмін, — дейді.

Ойнағалы тағы да сақа салды,
Бар асығын тазшаның тартып алды.
Қылқа салып, асығын алғаннан соң,
Ашуланып тазша құл айтып салды.

Әулиенің ақ жүзін кен айтады,
Өзі білген бар сөзін, кім айтады?!
«Асық ойнап, қор болып жүргеніңше,
430 Жарыңды іздеп алсаңшы!» — деп айтады.

Бұл сөзді есітіп Қозыке түңіледі,
Ас-су ішпей Қозыке бүгіледі.
Тазша құлдың жауабын есіткенсін,
Шешесінен сұрағалы жүгіреді.

— «Тазша құл жарыңа бар» деп айтады,
Өзі білген бар сөзін кім айтады.
Ұтып алсам, асығын бір Аллалап,
«Жарыңды іздеп алсаңшы» деп айтады.

— Сөзіне ерме адамның, тілімді алсаң,
440 Тіліне ерсең, боласың әуре сарсаң.
Шағыстырған көп дұшпан не демейді,
«Жарың» деген ешкім жоқ, маған нансаң.

Қозыке бір Құдайға сыйынады,
Ішіне бір қайғыны іліп алды.
Сегіз түйе сексеуіл көмір жағып,
Ұсталардың бәрін де жиып алды.

Темір соғып, ұсталар садақ қылды,
Садақ атып, Қозыке талап қылды.
Өрмек тоқып отырған бір кемпірдің
450 Үйін атып, көшіріп мазақ қылды.

Әулиенің ақ жүзін кен айтады,
Өзі білген бар сөзін кім айтады?!
«Тіп-тік тұрған үйімді көшіргенше,
Жарыңды іздеп алсаңшы!» — деп айтады.

Әулиенің ақ жүзін кен айтады,
Ақылы жоқ қу кемпір нені айтады.
«Ақ үй тігіп берейін, жан шешеке,
Айтып берің анығын», — деп айтады.

Қарабай Сарыбаймен мерген еді,
460 Бірін-бірі далада көрген еді.
Екеуі аңда жүріп құда болып,
Баянды саған балам берген еді.

Қарабай Сарыбаймен мерген еді,
Баянды саған іште берген еді.
Сенің туған қуанышыңмен елге шауып,
Аты жығылып, мойны үзіліп, өлген еді.

Қарабай сені көрмей өлген еді,
Сарыбай сонда көңлін бөлген еді.
«Қалыңмалға қырық жылқы, қырық нар ал» деп,
470 Айбасты қарғыбауға берген еді.

Талай жан сенен бұрын ғашық еткен,
Жолында «іздеймін» деп басы кеткен.
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», — деп,
Сарыбай жерін тастап көшіп кеткен.

Қозыке бұл сөзді естіп, түңіледі,
Қайғымен ас-су ішпей егіледі.
Атып жүрген садағын жерге тастап,
Шешесінен сұрағалы жүгіреді.

Қозыке үйге таман кепті дейді,
480 Түбіне шешесінің жетті дейді.
Сұрланып қаны қашып, үйге келіп,
«Шешеке, бидай қуыр», депті дейді.

«Бидай қуыр, шешеке», депті дейді,
Жастықпенен өмірім өтті дейді.
Қазанымды асайын, қарағым-ау,
«Жаңқа теріп келе ғой», депті дейді.

Ер Қозыке жаңқаға кетті дейді,
Жаңқа теріп, үйіне кепті дейді.
Қарным ашып барады, жан шешеке,
490 «Жылдам қуыр бидайды», депті дейді.

Қазанға қуырғалы бидай салды,
Қазандағы бидайы пісіп қалды.
Бидай деген хайласы Қозыкенің
Көңліне бір қайғы түсіп қалды.

Бидай пісер мезгілі жетті дейді,
Қозыкенің көңілі кетті дейді.
Қазандағы бидай піскеннен соң,
«Аяқ ұста, салайын», депті дейді.

— Еш адамға өзім де жалынбаймын,
500 Сізден басқа кісіні танымаймын.
Маған берсең, шешеке, қолыңмен бер,
Аяқтағы бидайға жарымаймын.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
Ыстық бидай қолына салып алып,
«Тура сөйле, шешеке» депті дейді.

Ыстық бидай қолына өтті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
«Қолым күйіп барады, шырағым-ау,
510 Қалыңдығың бар еді», депті дейді.

Осы сөзім, қарағым, Аллаға аян,
Аллаға аян сөзімді халыққа жаям.
Атаң аты Сарыбай — Аякөзде,
Жарың атын сұрасаң, сұлу Баян.

Тілеп алған Төңірден жалғыз балам,
Сені жалғыз жаратқан Алла Тағалам.
Ұлы-қызы шуласын мендей болып,
Мұны саған сөз қылып, айтқан адам.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
520 Жастықпенен өмірім өтті дейді.
«Әкем қосқан Баянды іздеймін», деп,
«Рұқсат бер, шешеке», депті дейді.

— Сенен бұрын неше ашық өткен, балам,
Бірі жетіп, бірі жетпей кеткен, балам.
Баянды іздеп, сен кетсең, шырағым-ау,
Күні нешік болады тапқан анаң.

— Кеткен бала қайыра келмей ме екен,
Қайтып келіп, шешесін көрмей ме екен.
Өзі жан ғып жаратқан Құдіретім,
530 Екі ашық тілеуін бермей ме екен.

— Сен сабыр қыл, жалғызым, қыз көрейін,
Байлап, матап, бір күнде мал берейін.
Патша болсын, бай болсын, малын беріп,
Елден таңдап бір сұлу әперейін.

— Не қылсаң да іздеймін Сарыбайды,
Бұл сөзіңе көңілім жарымайды.
Ноғайлыдан тоғыз қыз әперсең де,
Әкем қосқан Баянға татымайды.

Мен еркек пе, шешеке, ұрғашы ма
540 Қайтып тура қараймын сырласыма?
Әкем қосқан Баянды іздемесем,
Сөйлеп сөзім өтпейді құрдасыма.

— Ал, қарағым, міне гөр, атың сайлап,
Мен қалармын артыңда, сорым қайнап.
Барма десем, болмассың, шырағым-ау,
Қодар қастық қылмасын, жолың байлап.

- Қодар деген немене, құл ма, сірә,
Жатқанымнан тұрмайын өлсем, сірә?!
Ат арытып іздемек сүйген жарды,
550 Бұрынғыдан — соңғыдан қалған мұра.

Сан жылқыдан Қозыке ат қарады,
Қарабайдың қыстауы шат қарады.
Сылдыратып жүгенін келгенінде,
Арда күрең тай екен жалт қарады.

Ай қараңғы сол күні тұман болды,
Ер Қозыке Баянға құмар болды.
Арда күрең тай екен жалт қараған,
Басына жүген ілген соң, құнан болды.

- Ер Қозыке бірталай өлең болды,
560 Іліп айтқан кісіге өнер болды.
Құдіретінің Құданың пәрмен болып,
Ер тоқымын салғанда дөнен болды.

Қозыкенің күреңге көңілі толды,
Алды-артынан қарайды оңды-солды.
«Бисмилда» деп Қозыке мініп еді,
Арда күрең сол жерде бесті болды.

- Арда күрең бестіге жетті дейді,
Қозыкенің көңілі кетті дейді.
Арда күрең бестіге мініп алып,
570 Үйге таман Қозыке кепті дейді.

Қарабайдың дәулетін бөлмек болды,
Алланың не салғанын көрмек болды.
Кетпей көңілі Қозыке тоқтар емес,
Шешесіне қоштасып жүрмек болды.

Шешесі айтты: «Жалғызым, кеткенің бе,
Қалған ғұмырым қайғымен өткенің бе?
Бір өзіңе жетер мал бар еді,
Қыдырыңды басына тепкенің бе?»

— Сөйлей берсең, таусылмас тіл мен жақ бар,
580 Жәрдем болсын біздерге жалғыз Жаппар.
Кеткен бала қанына келмей ме екен
Менің үшін қайғырма, Төңір сақтар.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Сан жетпеген жылқың бар, қарағым-ау,
Оны кімге тапсырдың, депті дейді.

— Не қылса да адамға Құдай қылар,
Баян жасқа теңім деп болдым құмар.
Мен кеткенде бар Құдай сақтамай ма,
590 Жылқы баққан Жидебай бағып тұрар.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Мыңнан артық түйең бар, қарағым-ау,
Оны кімге тапсырдың? депті дейді.

Жүрмек болып көңілім кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Мыңнан артық түйеңді жан шешеке,
Алакүлік өктесін, депті дейді.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
600 Шешесіне бір қайғы бітті дейді.
— Тоғай толған сиыр бар, қарағым-ау,
Оны кімге тапсырдың, депті дейді.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Тоғай толған сиырды, жан шешеке,
Салаумәлік өктесін, депті дейді.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Қора толған қойың бар, шырағым-ау,
610 Оны кімге тапсырдың, депті дейді.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Қора толған қойыңды, жан шешеке,
Араласын ақша бөрі, депті дейді.

Қозыкенің көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
— Ақ сүт беріп, асыраған анаң едім,
Мені кімге тапсырдың, депті дейді.

— Қысым көрсе азғана ел, ұлын жақтар,
620 Қара салып, байы өлсе, қатын жоқтар.
Кеткен бала қанына келмей ме екен,
Менің үшін қайғырма, Құдай сақтар.

Қарабайдың қыстауы таудан дейді,
Ат жүрмейтін шалғыны қаудан дейді.
«Жалғызымнан айрылып қалам ба», деп,
Екі емшегін аспанға сауған дейді.

Жүрмек болып көңілі кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
Ақ сүт берген шешесін зар жылатып,
630 Баянды іздеп, Қозыке кетті дейді.

Баянды іздеп, Қозыке кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
Ер Қозыке ауылдан шыққаннан соң,
Айбас байғұс артынан жетті дейді.

Он күн жүріп, екеуі түзде жатты,
Таң сарғайып, күн шығып әбден атты.
Айбас байғұс сол жерде бетін ашып,
Баян берген тапсырды сәлем хатты.

Шаш ал десе, Қозыке бас алады,
640 Хат көрген соң көңілі босанады.
Сәлем хаттың жазуын көргеннен соң,
Пердеменен көзіне жас алады.

Сәлем хаттың жазуын оқып білді,
Сөзін есітіп, Баянның көңілі тынды.
Сәлем хаттың ішіне Баян сұлу
Дұшпан болған жазыпты тоқсан құлды.

Тоқсан құлдың бастығы Қодар, депті,
Сені көрсе көңілі толар, депті.
Тілер жемес асынан дәметеді,
650 Бір көрмеген жүзімді құмар, депті.
Осы хатты жалғызым көрсін, депті,
Алға хабар Айбастан білсін, депті.
Әкем мені Қодарға бергелі жүр,
Тірі болса Қозыке, келсін, депті.

Атқа мініп екеуі жөнеледі,
Дамыл қылып арада бөгеледі.
Қодар құлдың хабарын естіген соң,
Езу тартып, Қозыке бір күледі.

Күн-түн қатып, екеуі кетті дейді,
660 Бірнеше күн арада өтті дейді.
Үш айшылық жол екен екі арасы,
Он үш қонып арада, жетті дейді.

Бауша-бауша базардан бөз келеді,
Ажалдыға атқан оқ кез келеді.
Ел шетіне екеуі ілінген соң,
Көп қой жайған қойшыға кез келеді.

Сол екеуі қойшыға тура келді,
Сарабайдың қойы екен таниды енді.
Сәлем беріп, сәлемін алғаннан соң,
670 «Қай ауылдың қойы? — деп сұрайды енді.

— Батыр жауға шабады жеке-жеке,
Жүрген жері жақсының той-мереке.
Сен кеткелі көп заман болып еді,
Сен танымай тұрмысың, Айбас-еке.

— Біз келеміз еліңнің дәмін тата,
Бір Құдайдан өзгенің қата.
Айбас деген кісіні біз білмейміз,
Қай ауылдың қойы бұл, атын ата?!

— Бұзылмайды Баянның ойы, дейді,
680 Талшыбықтың бұралған бойы, дейді.
Сен айтпасаң, айтайын мен жөнімді,
Сарыбайдың баққаным қойы, — дейді.

— Ажал жетсе, ер құлар жалғыз оққа,
Көп алданып мұсылман дүние боққа.
Бұзылмайды Баянның ойы дейсің,
Қодар құлға Сарыбай берген жоқ па?!

— Қодар құлға көнбейді бергеніне,
Баян ырза онан да өлгеніне.
Бақа айғырмен хабарға Айбас кеткен,
690 Қозыкенің қарап жүр келгеніне.

Біліп тұрмын сіздерден қылып үміт,
Иман сүйсең, жігіттер, дініңді күт.
Танып тұрмын сізді мен, Айбас-еке,
Ер Қозыке болмасын осы жігіт.

Таздың басын сол жерде қағып алды,
Бір Құдайға Қозыке сыйынады.
Таздың басын сол жерде қағып тастап,
Таз кебінін басына киіп алды.

Боран қылып, сол жерде күн жайлатты,
700 Айбас байғұс далада жалғыз жатты.
Таз кебінін үстіне киіп алып,
Қой қайтарып, Қозыке үйге қайтты.

Борандатып Қозыке келе жатыр,
Құдіретінсіз Құданың болмайды ауыр.
Күн боранын көрген соң, бай Сарыбай,
«Мал қайдалап» ауылға салады ауыр.

— Балқаймақты, Баянжан, алшы, дейді,
Сөз айтамын құлағың салшы, дейді.
Мұндай жаман, міне, күн боран болды,
710 Қой алдына, қарағым, баршы, — дейді.

Әкесінің Баян жас тілін алды,
Сулық киім үстіне киіп алды.
Өзі жалғыз далаға шығушы емес,
Әкесіне қарайлап тұрып алды.

— Сіз биік тау, әкеке, біз бір шынар,
Қозыкені көре алмай болдым құмар.
Өзіңменен, әкеке, бір жүрмесем,
Ноғайлының жігіті мазақ қылар.

Әкесімен Баян жас бірге жүрді,
720 Ұмытпайды өкініп өткен күнді.
Қой қайтара Баян жас келген жерде
Қоңыр тоқты алдынан душар болды.

Езу тартып Баян жас күлмес екен,
Үйден шығып жүз қадам жүрмес екен.
Қоңыр қойдың баласы қоңыр тоқты
Баянменен туғалы тілдес екен.

Қоңыр тоқты алдынан маңырайды,
Оның тілін Баян жас жаңылмайды.
«Сүйінші бер, сіз бізге, Баян апа,
730 Ер Қозыке келді» деп аңырайды.

Текеметке есті қыз түр салады,
Баян сенбей сөзіне теріс алады.
«Ойбай, күйген жанымды күйдірме» деп,
Қамшыменен құйрыққа бір салады.

Қоңыр тоқты шыдамай керіледі,
Сөйлесуге Баянмен ерінеді.
Қамшыменен құйрыққа салған екен,
Жырымшақ боп құйрығы бөлінеді.

Тазша болып Қозыке ақыл тапты,
740 Қой қайтарып, Баянға жақындапты.
Қыздың соққан қамшысы кесел екен,
Қойдың жырым құйрығы сонан екен.

— Үшбу сөзім, Баян жас, Аллаға аян,
Аллаға аян сөзімді халыққа жаям.
Ақша бетің тілінсін мендей болып,
Мені неге жазықсыз соқтың, Баян?!

Қоңыр тоқты тіліне сыйынады,
Желкесінен бір жүнін жұлып алды.
«Айтқан сөзің ылайым шын болсын» деп,
750 Арқасына қолымен сипалады.

Баян жастың тілегін Құдай берді,
Қозыкені есітіп жылай берді.
Қой қайтара Сарыбай кеткен екен,
Тазша болып Қозыке қызға келді.
— Бері таман, Баян жас, келші, — деді,
Менің айтқан сөзіме ерші, — деді.
Айбас пенен Қозыке келді бүгін,
Қане, маған сүйінші берші, — деді.

— Қозыке еді Құдайдан сұрағаным,
760 Ертеңді-кеш көрсем деп жылағаным.
Қозыкені көрсетер заман болса,
Тазшам байғұс, ала гөр қалағаның.

— Төбелдің мойнында екі құлып,
Сөзімді есіт, Баян жас, тоқтай тұрып.
Қалағаным берсеңіз, Баян сұлу,
Ақ бетіңнен сүйгізші мойның бұрып.

Баян сұлу қозғалмай тұрып алды,
Тазға таман мойынын бұрып алды.
Тазша болып Қозыке қызға келіп,
770 Ақ бетінен Баянның сүйіп алды.

Кез келтірді екеуін Құдіретім,
Баян жастың Қозыке көрді бетін.
Күйеулігін Баянға білдіргелі,
Сонда тұрып шығарды, айдар шетін.

Қозыкеге көңілі қанып қалды,
Алтын айдар белгісін танып қалды.
Алтын айдар белгісін таныған соң,
Баян сұлу сол жерде талып қалды.

780 Тұра келді аздан соң есін жиып,
Қозыкенің бетінен алды сүйіп.
Екі ғашық сол жерде жолыққан соң,
Кете алмайды бір-бірін көзі қиып.

Кете алмайды бір-бірін көзі қиып,
Ала алмайды көзінің жасын тыйып.
Екеуі шыр айланып тұрған жерде
Бай Сарыбай келеді қойын жиып.

Баян сұлу көреді Қозыке ерді,
Екеуінің тілеуін Құдай берді.
Қой қайтарып, Сарыбай таянған соң,
790 Екі айрылып екеуі жүре берді.

— Тазша болып жүре бер қой көтіне,
Алтын күйме тіктірем қой шетіне.
Ақырында тілеуді Құдай берсін,
Көнбеймісің Құдайдың құдіретіне.

Баян сұлу күйеуін көреді анық,
Түнде алтын күймеде жүрді дарып.
Қой шетіне құрдырды алтын күйме,
Алтын табақ қояды мейіз салып.

800 Қойды бағып, Қозыке үш ай тұрды,
Түнде алтын күймеде дәурен сүрді.
Тазша келіп күймеге кірген жерді,
Сарыбайдың тезекші күңі көрді.

Қара күңнің көргенін Баян білді,
Ұйқылы-ояу сескеніп тұра келді.
«Барып әке-шешеме айта ма» деп,
Сезіктеніп бұл күнді өлтіреді.

Бері жатып, Баян жас: «Тұршы, — деді,
Үйге таман қарағым жүрші, деді.
Әке-шешем қуансын күйеуім, деп,
810 Ал шымылдық кәдесін құршы, — деді.

Баянменен Қозыке бірге жүрді, үйге кірді,
Шам жаққандай қараңғы үй жарық болды.
Жарық сәуле бетіне түскен екен,
Ұйықтап жатқан Қаракөз мұны көрді.

Ұйықтап жатқан Қаракөз мұны көрді,
Ұйқысынан оянып тұра келді.
«Менің жалғыз шырағым келген бе?» деп,
Қозыкенің қасына жетіп келді.

Бір Құдайға Қарагөз сыйынады,
820 Бар ақылын бойына жиып алды.
Шымылдықтың ішіне кіріп келіп,
Қозыкенің бетінен сүйіп алды.

Қашан келдің, қарағым, шыныңды айтшы,
Кешіктірмей ұзатып алып қайтшы.
Қойды бағып, қор болып жүргеніңше,
Көтеріліп көңілің жылқы бақшы.

Қаракөздің еркектен ақылы асты,
Жаппар Алла, көрсетші екі жасты.
Қозыкені көзімен көріп алып,
830 Ертең тұрып Сарыбайға ақылдасты.

Жақсы-жаман баршасын бір көрелік,
Қой бағуға, біреуге пұл берелік.
Бір Құдайдың бұ дағы құлы емес пе,
Тазша құлды жылқыға жіберелік.

Бұл айтқанын Сарыбай мақұл деді,
Бір табылған бұ дағы ақыл деді.
Бақса бақсын жылқыны бұ да байғұс,
Тазша құлды бір үйге шақыр деді.

Шақырған соң тазша құл үйге кірді,
840 Сарыбайға келді де сәлем берді.
Сәлем беріп, сәлемін алғаннан соң,
«Жылқы бақсаң қайтеді, балам», — деді.

«Мақұл», — деді тазша құл Сарыбайға,
Сыйынады ішінен бір Құдайға.
«Жылқы бақпақ болдым» деп ер Қозыке,
Жылқыдағы келеді Қодар байға.

Бұл келген соң Қодар құл қабыл алды,
Бұл келген соң тынығып дамыл алды.
Ұзақ таңға бір көзі ілінбейді,
850 Қодар құлға әбден-ақ жағып алды.

Құдай берсе, пендеге кім бермейді,
Жақсы кісі жамандық тілге ермейді.
Қодар құлға әбден-ақ жағып алды,
Құрға салса, асауды жібермейді.

Айтқан сөзін тазшаның шын көреді,
Өзге құлды бойына мін көреді.
Қызметі тазшаның жаққаннан соң,
Тазша құлды ауылға жібереді.

Баян отыр үйінде гүл-гүл жайнап,
860 Барған сайын қайтады күліп-ойнап.
Бұрынғыдан көңілі жақсы болды,
Сыйынып жүр ішінен «а, Құдайлап».

Тазша барып, ауылдан келе жатыр,
Қарсы шықты алдынан Қодар батыр.
Қодар мырза қодаңдап келген жерде,
Сәлем берді, жымыып тазша батыр.

— Қашан барып ауылдан келдің, — деді,
Не қызмет ауылдан көрдің? — деді.
Кешіктірмей шапшаң айт, тазшам, енді,
870 Баян не сәлемдеме берді? — деді.

— Талдай бойы Баянның өсіп отыр,
Баян шашын тарқатып есіп отыр.
«Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Келмеді ғой Қодекем» десіп отыр.

— Бұл жалғанның қызығы — жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Кешіктірмей шапшаң айт, сорлы тазшам,
«Не» деп отыр тағы да біздің қатын.

— Баян да ай Қодеке, десіп отыр,
880 Баян шашын тарқатып есіп отыр.
«Құдай қосқан өзімнің жарым келді,
Аулақ жүрсін, Қодар құл! десіп отыр.

Бұл сөзді есітіп Қодар құл ашуланды,
Іші-бауыры өртеніп оттай жанды.
«Ауызба-ауыз Сарыбайдан сұраймын», деп,
Қодар салып жылқыдан үйге барды.

Елге қайтты Қодар құл іші күйіп,
Бір сұмдықты келеді іші түйіп.
Елге таман Қодар құл келе жатса,
890 Бай Сарыбай жүр екен түйе жиып.

Сарыбайға келді де берді сәлем,
— Аманбысың, — Сарыбай, деді — балам,
Малыңды жақсы қарап, жақсы күтсең,
Бақыт берсін өзіңе Алла Тағалам!

— Сарыбай пейілің жаман, болдың сараң,
Көп жылқыңды бақсам да күнім қараң.
Тазшаменен ойнас боп, кәміл алыпты,
Күймеде Баян деген жүзі қараң.

- Алтын күйме ішінде Баян жаным,
900 Шашбауының шашағы қырық бір талым.
Сен тұрғанда ешкімге бере қалман,
Жылқың бақ та жүре бер, Қодар жаным.

Қодар сеніп сөзіне қайтып кетті,
Ертеңгеше жылқыға тағы жетті.
Қодаңдаған күші бар Қодар құлдың,
Айла тауып ақылмен білмейді епті.

- Дәмелі боп, Баяннан өмірі өтті,
Ақыл тауып айламен білмейді епті.
Ала қыстай далада жылқы бағып,
910 Жаз шыққан соң, ауылға бірге кепті.

Айбас құлға бұйырды: «Жылқы бақ, — деп,
Кер төбелдің мойнына тұмар тақ, — деп.
Қодар мырза ауылға бие байлап,
Қозыкені шақырды желі қақ», деп.

Мықтылығын Қодарға білгізеді,
Ақылменен Айбасты жүргізеді.
Қолағашын Қодардың лақтырып,
Белін қазыға қолымен кіргізеді.

- Сарыбайдың дәулеті көпті дейді,
920 Тоқсан құлға жылқысы жетті дейді.
Міне ,тазшаң күшті екен, Әли Жашпар,
«Аударыспақ ойналық», депті дейді.

Ер Қозыке бұл сөзді есітті дейді,
Құдай берген қайраты күшті дейді.
Қысыр емген телторы тайға мініп,
«Аударыссаң, келсең кел», депті дейді.

- Қозыке сөз сөйлейді серілікпенен
Көңілі қорқар емес ерлікпенен.
Қодар құлға қайратын көрсеткелі,
930 Бір құлды жібереді терлікпенен.

Ер Қозыке бірталай бастады істі,
Қозыкеге бір Құдай берген күшті.
Қатқан терлік тиген соң жіберген құл,
Терлікпенен домалап бірге түсті.

Ер Қозыке бастады бір жарысты,
Көрсетеді Қодарға талай істі.
Терлікпенен бір құлды ұрып жығып,
Әли Жаппар құлменен аударысты.

Торы тайға Қозыке мініп алды,
940 Бір Құдайға ішінен сыйынады.
Әли Жаппар құлменен алысқанда,
Ат үстінен тымақтай жұлып алды.

Қодар құлға мойынын бұрып алды,
Жекпе-жектеп сол жерде түйіп алды.
Қысыр емген Телторы тайға мініп,
Қодар құлды ала аттан жұлып қалды.
Қодар күліп «ойын» деп ыржақтайды,
Оң қолымен «Қодеке қайда жүр?», — деп,
Баладай алақандап салмақтайды.

950 — Міне, тазшаң, Әли Жаппар, түпке жетті,
Мені аударып алған соң көңілі бітті.
Тайға өңгеріп, ойнаған ойының құрсын,
Ердің қасы, қу тазша, ішіме өтті.

Қызылжардай бұл жақта қала бар ма,
Қозыкенің ойында ала бар ма?
Қодар құлды атына қайтып салды,
Тышып қойса, сол жерде шара бар ма?

Баян сұлу күймеде жатыр еді,
Терезеден ойынды көзі көрді.
960 «Менің мұндай жалғызым болған екен, —
Баян сұлу, — Құдайға төуба», деді.

Жұрттан асқан Сарыбай салтанатты,
Баян менен Қозыке ойнап жатты.
Сұлтанғазы ноғайдың бастығы екен,
«Тойым бар» деп сол елге сауын айтты.

Қозыке мен Баянды Құдай қосты,
Айбас келіп арада жақындасты.
«Жұртпен бірге барамын жиынға» деп,
Қозыке Баянменен ақылдасты.

970 — Сен жылқыдан, жалғызым, қалма, — деді,
Садағыңды жаныңнан салма, — деді.
Асқа тойған тоқсан құл мазақ қылар,
Жұрттан жалғыз жиынға барма, — деді.

Баян жастың Қозыке тілін алды,
Сан жетпеген жылқыда жалғыз қалды.
Ер Қозыке — жылқыда, Баян — үйде,
Өзге жаннан жан қалмай асқа барды.

Баян жатыр күймеде гүл-гүл жайнап,
Айбас қалды жылқыда «а, Құдайлап».
980 Өзге жаннан жан қалмай асқа барды,
Қозыке жүр ауылда бие байлап.

Жұртсыз менің немене көрген күнім,
Көңіл ашып сайраған қызыл тілім.
Жылқы ішінде Баянмен тілдес екен,
Қызыл бие баласы — буырыл құлын.

Құрықпенен қақ басқа құлынды берді,
Енесіне емізбей азар берді.
Қозыке жылқы ішінде күн жайлатып,
Ноқтаменен құлынды буындырды.

990 Дауысын естіп, Баян жас есік ашты,
Құлын көріп желіге қадам басты.
Қадам басып желіге келген жерде
Алтын айдар Қозыке құшақтасты.

Құшақтасып екеуі бірге жүрді,
Жүріп алтын күймеге келіп кірді.
Келіп алтын күймеге кірген жерде
Екі қатын ауылдан оны көрді.

Тоқсан құлдың бастығы Қодар деді,
Бір Құдайдың жазғаны болар деді.
1000 Тойы тарқап болған соң ноғайлының
Бұрын озып ауылға Қодар келді.

Қодар желіп күймеге көп келеді,
Қозыкеге Баянды көп көреді.
«Жылқы баққан далада тазшаға» деп,
Тамақ үшін әпкелдім өкпе деді.

Қодар желіп жылқыны аралады,
Қозыкені жылқыдан таба алмады.
Қозыкені жылқыдан таппаған соң,
Қодар желіп ауылға қайта салды.

1010 Қайта келіп ауылдан сұрады енді,
Аң-таң қалып, Қодар құл тұрады енді.
Қайда екенін біле алмай тұрғанында,
Екі қатын «көрдік» деп хабар берді.

— Тазша сенен Баянға жақын, деді,
Сенің бар ма кеудеңде ақыл, деді.
Немене сен сұрайсың аң-таң қалып,
Тазша құлың күймеде жатыр, — деді.

Қодар желіп күймені үш айланды,
Баян менен Қозыке бек жайланды.
1020 Неше оқталып қодандап келсе дағы,
Қозыкеден кіруге бата алмады.

Іші күйіп, Қодар құл қайғыланды,
Не қыларын біле алмай, үш айланды.
Қозыкеден кіруге батпаған соң,
Сарыбайдың алдынан қайта салды.

Сарыбайдың алдынан шауып барды,
Түсінен айырылып ауып барды.
Шұнақ құлдың ақылы әуелден жоқ,
Жас баладай өкіріп зар жылайды.

- 1030 — Пейілің жаман Сарыбай кәпір, деді,
Қызың болды күймеде қатын, деді.
Нағып шыдап келесің, а, Сарыбай,
Қызың бірге тазшамен жатыр, — деді.

— Алтын күйме ішінде Баян жаным,
Шашағы шашбауыңның қырық бір талым,
Сен тұрғанда ешкімге бере қалман,
Жылқың бақта жүре бер, Қодар жаным.

- Ашуланып Сарыбай қиналмайды,
Қодар жылап, балаша ыржаңдайды.
1040 Қаракөзден сұрайды бай Сарыбай,
Қодар құлдың тіліне иланбайды.

Сол арада Қаракөз жауап берді,
Қодар құлдың Сарыбай тіліне ерді.
— Қодар құлды, қайтесің, қаңғып жүрген,
Құдай қосқан Қозыке өзі келді.

Жыламаса, Қодарды Тәңірі алсын,
Иманды құл ұжмақтың дәмін татсын.
Бұрынғыдай сөйлеме құлға тартып,
Құдай қосқан Қозыке жатса жатсын.

- 1050 Бұл сөзді естіп, Сарыбай ашуланды,
Іші-бауыры өртеніп ду-ду жанды.
«Мен ырза бұл сөзге болмаймын» деп,
Ноғайлының баршасын жиып алды.

Ноғайлының бәрін де жиып алды,
«Ұстасам, өлтірем» деп ойына алды.
Ноғайлының қаншасын жиып алып,
Алтын күйменің жан-жағын қамап алды.

Айбас байғұс жылқысын бағып жүрді,
Сарыбайдың көңіліне жағып жүрді.
1060 Арда күрең, Бақа айғыр бір түр екен,
Мұны көріп, Айбас құл зар жылады.

Арда күрең түр екен қасынысып,
Жетіп келді Айбас құл асып-сасып.
Арда күрең талтүсте желіп кетті,
Айбас қалды жылқыда зар жыласып.

Қамағанын ноғайдың көзі көрді,
Бір сұмдықтың болғанын іші білді.
«Бұған енді не айла қыламыз?» — деп,
Бір тал қылын күреңнен тұтатты енді.

1070 Елге таман күрең ат жүріп келді,
Қысылғанын Қозыке біліп келді.
Айналайын, Қозыке, жау қамап тұр,
Алтын күйме қалқалап кіріп келді.

Үш ауыз сөз Баянға айта алмады,
Арманы сол үш күн, үш түн жата алмады.
Атқа мініп талтүсте желіп кетті,
Қамап тұрған көп ноғай бата алмады.

Баян жылап күймеде уанбады,
Көздің жасы көл болып суалмады.
1080 Атқа мініп талтүсте желіп кетті,
Қамап тұрған көп ноғай қуа алмады.

Баян сұлу күймеде зарланады,
Қозыкенің ісіне арланады.
Ертең тұра Сарыбайдың ауылы көшті,
Баян сұлу тұра алмай жұртта қалды.

«Тұрғызам» деп Сарыбай қарамады,
Баян сұлу тұра алмай жұртта қалды.
Жұртта қалған күймені көзі көріп,
Қодар жылап қасына жетіп барды.

- 1090 Баян жастың қалғанын біліп келді,
Анадайдан қуанып, күліп келді.
Алты құлаш ала атты байлай тастап,
Алтын күйме ішіне кіріп келді.

Шұнақ құл, қолыңды тарт, неге енесің,
Бүйтіп жүріп, дүниеден не көресің?
Кімдер жемес асынан дәметеді,
Мен де өлемін, Қодар құл, сен де өлесің.

- Көнбейтінін Баянның іші білді,
Сол арада Қодардың көңілі сынды.
1100 Көнбейтінін Баянның түрін көріп,
Ала атына Қодар құл қайтып мінді.

Атқа мініп, Қодар құл жөнеледі,
Күймесінде Баян жас күңіренеді.
Болмайтұғын Баянның түрін көріп,
Сол арада көңілі түңіледі.

Ашуменен Баян жас талып қалды,
Сарыбайдан көңілі қалып қалды.
Іштен шыққан шешесі шыдасын ба,
Ауылына Баянды алып барды.

- 1110 Күймесінде Баян жас күңіренеді,
Қылған ісін өзіне мін көреді.
«Қозыкеден бір хабар алып кел», деп,
Асыранды торғайын жібереді.

Қозыкеге бозторғай ұшып барды,
Хабар алып сөйлесіп қайта салды.
Мақпал тонын Баянның ұрлап киіп,
Қастықпенен жау жеңге сиыр сауды.

- Жүрген жері жақсының күнде сауық,
Қайырсыз бай қалады жерді қауып.
1120 Мақпал тонын Баянның ұрлап киіп,
Отыр екен жау жеңге сиыр сауып.

Қырық бір торғай торғайды қуалайды,
Жеңгені қанатымен уалайды.
Мақпал тонын Баянның көргеннен соң,
«Мынау менің ием» деп қорғалайды.

Жеңгесі қастықпенен сиыр сауды,
Ежелден қыз балаға жеңге жау-ды.
Қойнына торғай келіп кірген жерде,
Торғайды жеңіменен ұстап алды.

- 1130 Торғай байғұс қойнына келіп кірді,
Қозыкеден келгенін іші білді.
«Қайдан келдің, торғайым, шыныңды айт?» деп,
Бір-бірлеп бозторғайдың жүнін жұлды.

Әли Жаппар мінгені Көктөбелді,
Астығы ма Түркістан тоқ деп еді.
Өзге жүнін жұлғанда үндеген жоқ,
Төбе қылын жұлғанда «шоқ» деп өлді.

- Торғай келер мезгілін Баян білді,
Ұйқылы-ояу сескеніп тұра келді.
1140 Бозторғайы кешігіп келмегесін,
Жеңгесінен Баян қыз сұрай келді.

— Сен көрдің ғой, жеңеше, торғайымды,
«Көрді ғой» деп ойлаймын ыңғайыңды.
Қолыңдағы, жеңеше, торғайым бер,
Не қылсам да табайын, өз жайыңды.

— Өрі жүрші, а, бикеш, көзің күлмей,
Бекер босқа торғайды менен көрмей.
Бекер босқа кісіге жала қылма,
Қозыкеге тимейсің Қодар өлмей.

- 1150 — Нағып өлді торғайым тілге келмей,
Торғайым бер қазақтың тіліне ермей.
Торғайымды бермесең, өкпелетіп,
Тірі жүрер деймісің, өзімді өлмей.

Өлгеніне торғайдың көзі жетті,
Баян жастың көңіліне қайғы бітті.
Жалғандағы бір жауың — өгей жеңге,
Қозыкенің түбіне әбден жетті.

Торғайы жоқ болған соң қатты састы,
Ақыры Алла жылатты екі жасты.
1160 «Шоқ» дегені торғайдың немене?» деп,
Тамам ноғай жиылып ақылдасты.

Ерте өреді қойшылар қойыменен,
Баян сұлу көрінер бойыменен.
Тамам ноғай таба алмай отырғанда,
Әли Жаппар құл тапты ойыменен.

Аякөздің бойында Шоқтерек-ті,
Онан бөлек жерлерде жоқ терек-ті.
Қысырақ қарап жүргенде көруші едім,
Айтқаны, ойлап тұрсам, сол терек-ті.

1170 Шоқтеректе жатқанын енді білді,
Не қыларын біле алмай Баян бұлды.
Қозыкені не қылса өлтірмек боп,
Өзі бас боп, Сарыбай атқа мінді.

Атқа мініп ноғайлар жөнеледі,
Мұны көріп, Баян жас зар еңіреді.
Отыруға тағат қып, шыдай алмай,
Жаяу жылап, артынан о да ереді.

Байлап қойған терекке күрең атты,
Шоқтеректің түбінде жалғыз жатты.
1180 Ұйқысынан сол жерде оянбапты,
Қозыкені қол оқпен Қодар атты.

Қозыкені қол оқпен атып салды,
Сонша қастық қылғандай несін алды.
«Үйдегі Баяныма беремін» деп,
Шұрқылтайдың түбінен кесіп алды.

Сарыбай ноғайлыны алған жиып,
Өлтірді Қозыкені көзі қиып.
Белгісін алтын айдар көргеннен соң,
Үш айланды Сарыбай іші күйіп.

- 1190 Қолына Баян сұлу ине алады,
Айрылып Қозыкеден қиналады.
«Өзіммен бірге жүріп қиналсын» деп,
Бозіңген — ботасы өлген түйе алады.

Қодардың, бөрекелді, тентегіне,
Асау күрең жүрмейді жетегіне.
«Ал байыңның басы», деп тастай берді,
Баян жылап салады етегіне.

- Бай Сарыбай мінеді Көкшесіне,
Мін болмайды сұлудың өкшесінде,
1200 «Ал, байыңның басы», деп тастай берді,
Баян жылап салады текшесіне.

Басты көріп, Баян жас талып қалды,
Алтын айдар белгісін танып қалды.
Күліп тұрған ноғайлы көтермелеп,
Күймесіне Баянды алып барды.

Талғанынан Баян жас көзін ашты,
Қайғыменен төгеді қанды жасты.
Біріктіріп қоюға ойланады,
Денесінен айырып кескен басты.

- 1210 Баян сұлу күймеде зарланады,
Қозыкенің өліміне арланады.
Ертең тұра Сарыбайдың ауылы көшті.
Баян сұлу тұра алмай, жұртта қалды,

Баян сұлу тұра алмай, жұртта қалды,
«Тұрғызам» деп Сарыбай қарамады.
Жұртта қалған күймені көзі көріп,
Қодар желіп қасына жетіп барды.

Баян жалғыз екенін біліп келді,
Анадайдан қуанып күліп келді.
1220 Қозыкені өлтіріп көңілі өскен,
Қодаң қағып күймеге кіріп келді.

Кіріп келді Баянның күймесіне,
Қарамады жек көрген сүймесіне.
Жылағанын Баян да қоя қойып,
Бір қулықты ойланып алды есіне.

— Жақсы келдің, Қодеке, — деді Баян,
Өлмес күнін өзінің жеді Баян.
Бір көрейін сүйегін Қозыкенің,
Мені бастап апаршы, — деді Баян.

1230 Қодар тілін Баянның қайырмады,
Екі көзін Баяннан айырмады.
Өзі жаяу бастауға ыңғайланып,
Мінуге атын Баянға дайындады.

Баян сонда Қодарға: «Қодар, деді,
Өр мінезің, Қодар құл, о жар, деді.
Жаяу барып көремін Қозыкені,
Атқа мінсем етегім тозар», — деді.

Атты тастап екеуі жаяу кетті,
Қозыкенің басына түзеп бетті.
1240 Алыс екен Шоқтерек Аякөзден,
Тобылғылы томарға түсте жетті.

Түсте жетті екеуі томаршаға,
Мына қызға қарай ғой тамашаға.
Елден аулақ шыққан соң, шұнақ Қодар
Сөз сөйлейді Баянға оңашада.

— Айт дегеннен, айтайын айда, Баян,
Мұндай аулақ біздерге қайда, Баян.
Ойдым-ойдым жер келді ойнағандай,
Кел, екеуміз ойналық енді, Баян.

1250 — Айтқан сөзге тұрмаған адам емес,
Жүрген жері жақсының күнде кеңес.
Қозыкенің көрейін жатқан жерін,
Қодаңдама, Қодеке, ешкім жемес.

— Тілеуімді бар Құдай берді, Баян,
Алған жарың Қозыке өлді, Баян.
Мұнда аулақ біздерге табылмайды,
Кел, екеуіміз ойналық енді, Баян.

Айт дегеннен, айтайын айда, Баян,
Мұндай аулақ біздерге қайда, Баян.
1260 Ана терек түбінде байың жатыр,
Тірілмейді менімен ойна, Баян.

— Қозыке атты барайын жолдасыма,
Көзім жетті орнынан тұрмасына.
Айдалада қодаңдап қоймаған соң,
Алып келді Қодарды су басына.

Ер Қозыке бір жатқан мазар дейді,
Өлген кісі қуарып қалар дейді.
— Шөлдедім ғой, Қодеке, су әперші,
Мен сенікі болған соң, не бар? — деді.

1270 — Айт дегеннен айтайын айда, Баян,
Маған тисең, жаныңа пайда, Баян.
Қолым суға жетпейді еңкейсем де,
Білегіме шашыңды байла, Баян.

Білегінен шашымен байлап алды,
Баян алдап, Қодарды суға салды.
Басқа ыдыс жоқ кебісін суға салды,
Екі кебіс су ішіп, мейірі қанды.
Баян шашын жіберді сонда қиып,
Құл құдықтың түбіне жұмарланды.

1280 — Айда Баян, қу Баян, неттім, Баян,
«Сені алам» деп өзім де өлдім, Баян.

Ақыретте обалым саған болсын,
Аңдып жүріп, түбіме жеттің, Баян.

Айда Баян, қу Баян неттім, Баян,
Әке-шешем жылатып кеттім, Баян.
Ақыретте қалмаймын қыр соңыңнан,
Тікен болып, араңа шықтым, Баян.

Баян сұлу бұл сөзге ызаланды,
Екі кебіс су ішіп, мейірі қанды.
1290 Қазандай қара таспен қойып еді,
Құл құдықтың түбіне жұмарланды.

Қодар құдық түбіне енді дейді,
Баян жастың тілеуін берді дейді.
Қодар құлды өлтіріп, көңілі тынып,
Қозыкенің басына келді дейді.

Қозыкені құшақтап қарманады,
Қылғанына Қодардың арланады.
Қозыкенің денесін құшақтап-ап,
Мінәжат қып, Құдайға зарланады.

1300 Жатырмысың, жалғызым, жер бауырлап,
Жалғыз оқ, қарға адым жер, соны ауырлап.
Қодарды сені өлтірген мен де өлтірдім,
Қосағың Құдай қосқан келді зарлап.

Жылап-жылап Баянның көзі ілінді,
Ақырында тілеуін Құдай берді.
Көзі ілініп, Баянның кеткен жерде
Ақсақалды бір адам жетіп келді.

Ақсақалды бір адам жетіп келді,
Жаппар ием тілегін қабыл көрді.
1310 Ұйқысында Баянның аян берді,
«Неше күндік тілейсің өмір?» деді.

— Неше күндік тілейсің өмір? — деді,
Жаппар Құдай тілегін қабыл көрді.
— Ұзақ ғұмыр тілеп, мен не қылайын,
Үш күн, үш түн ойнасам, болар, — деді.

Бата беріп, ол адам жүре берді,
Жаппар ием тілегін қабыл көрді.
Баян сұлу ұйқыдан оянғанда,
Ер Қозыке сілкініп тұра келді.

- 1320 Ер Қозыке тіріліп тұра келді,
Мырза Құдай тілегін қабыл көрді.
Екі ғашық бір-бірін көргеннен соң,
Құшақтасып екеуі көріседі.

Үш күн, үш түн екеуі жатып алды,
Қазынасына Құданың батып алды.
Үш күннен соң, екеуі тұра келіп,
Ғұсыл құйып үстіне тазаланды.

- Құдай өзі қылған соң несі қиын,
Жүрген жері жақсының күнде жиын.
1330 Ойнап-күліп екеуі отырғанда,
Пәрімән бірлән құлатты қызыл құйын.

Пәрімәніменен Қозыке құлап қалды,
Баян сұлу қасында жылап қалды.
Баян жылап отырса керуен қонды,
Бәйтеректің түбінде бұлақ бар-ды.

Баян сұлу зарланып отыр жылап,
Керуендер аң-таң қап тұрды тыңлап.
«Нағып, жылап, отырған бұл адам», — деп,
Көріп керуен жиылып келді шұбап.

- 1340 Керуендер жиылып шұбап келді,
Баян жасты көрген соң жылап келді.
«Нағып жылап, отырған адамсың?» — деп,
Керуендер мәнісін сұрап келді.

— Жүрген жері жақсының думан, деді,
Ақ жүзімді қызыл таң жуған, деді.
Бәріміз мұсылманның баласымыз,
Құдай үшін, үй сап бер, бұған, — деді.

Үй сап берсең, мұсылман, бұған арнап,
Сәті болып сап берсең, Құдай қалап.
1350 Жақсы қылып бір үйді салып берсек,
Біреуіңе тиер ем, өзім қалап.

Керуендер жиылып салды сарай,
Кез келтірді Баянға Жаппар Құдай.
Ылғи тастан үй салды көп керуен,
Құдіретіне Құданың бәрі де оңай.

Жеті күндей керуен еру болды,
Қимылдайды шұнақ сарт оңды-солды.
Сарай салып болған соң, сұлу Баян,
Қозыкені құшақтап шейіт болды.

1360 Бұйда пышақ ішіне салып алды,
Қырау құрлы көрмеді шыбын жанды.
Қозыкені құшақтап Баян өлді,
Адырайып тамам сарт аң-таң қалды.

Керуендер таң қалып кетті көшіп,
Қоқаңдаған көп сарттың үндері өшіп.
Құдіретіне Құданың таң қалыңыз,
Ауаз бірлан жабылды салған есік.

Бұйрық емес Құдайдың салғандары,
Пайғамбардан бұл мирас қалғандары.
1370 Қозы Көрпеш өлгенде Баян да өлген,
Сондай болсын, әркімнің алған жары.

Мұныменен арада бір жыл өтті,
Өлмегенің көресің талай кепті.
Баян менен Қозыке өлгеннен соң,
Өлеңтіге Сарыбай көшіп кетті.

Қияметтің қыл көпір тарлы дейді,
Бір жағы су, бір жағы жарлы дейді.
Баян менен Қозыке өлген шақта,
Қырық бір молла Меккеге барды дейді.

- 1380 Қырық бір молла Меккеге тура жүрді,
Қырық періште қасына жолдас ерді.
Сол моллалар Меккеге келе жатып,
Жолда тұрған ақ сарай үйді көрді.

Жолда тұрған ақ сарай үйді көрді,
Үйде көріп моллалар бұрылды енді.
«Кімде болса, бір Құран оқылық» деп,
Ақсарайға моллалар кіріп келді.

- Ақсарайға моллалар кіріп келді,
Қатар тұрып, Құранын оқиды енді.
1390 Құран оқып, сөйлесіп отырғанда,
Төбесінде жазулы хатын көрді.

Төбедегі жазулы хатын көрді,
Қозыке мен Баянның атын көрді.
«Мұратына жетпеген ашық екен,
Тілелік», — деп Алладан кеңес құрды.

Қырық бір молла Алладан сұрайды енді,
Мінәжат қып, Алладан жылайды енді.
«Осы екеуін Алладан сұралық», деп,
Қырық періште Құдайға арыз қылды.

- 1400 Қырық бір молла Құдайға дұға қылды,
Жаппар Ие тілегін қабыл қылды.
Құдіретіне Құданың несі қиын,
«Отыз бір жыл ойна» деп өмір берді.

Қырық бір молла дұғасын қабыл қылды,
Баян менен Қозыке тірілді енді.
Екі ашықты қабірден тірілтіп ап,
Амандасып, моллалар жүре берді.

- Амандасып, моллалар жүре берді,
Жаппар Ие тілегін қабыл көрді.
1410 «Ашық адам жалаңаш тұрмасын» деп,
Періштелер ұжмақтан қалле берді.

Қалле киіп, ұжмақтан, тағам жеді,
Жаппар Ие тілегін қабыл көрді.
Бір күні Қаракөз ұйықтап жатыр еді,
Қозыке мен Баянды тірі көрді.

Ұйқысынан оянып тұра келді,
Қозыке мен Баянды тірі көрді.
Тірілгені көңліне мағлұм болып,
Күн шықпай-ақ жылқыға жүре берді.

- 1420 Ерте тұрып, жылқыға жүре берді,
Толып жатқан жылқыға кіреді енді.
Арда күрең, Бақа айғыр бір түр екен,
Анадайдан кемпірді көреді енді.

Желіп жортып екеуі келеді енді,
Анадайдан екеуі көреді енді.
— Мал көрмеген туғалы адам едің,
Не себепті, шешеке, келдің? — дейді.

- Бүгін жатып ұйқыдан тұрдым, деді,
Қозыке мен Баянды көрдім, деді.
1430 Екеуінің тірілген қуанышымен,
Соны айтқалы сіздерге келдім, — деді.

— Тұра жауап берелік сізге, дейді,
Күдерінді балаңнан үзбе, дейді.
Аман болсақ, екеуміз әпкелеміз,
Алтын жабдық әзірле, бізге, — дейді.

Қайғыменен өмірі өткен екен,
Жалғыз Қодар түбіне жеткен екен.
Күйеу — қыздан Сарыбай айырылғасын,
Қайта көшіп ауылына кеткен екен.

- 1440 Тапа-тал тұс болғанда, жылқы келді,
Алтын жабдық Қаракөз әзірледі.
Желі басында екеуі жатып қалып,
Намаздыгер шенінде түрегелді.

Жатып-жатып екеуі түрегелді,
Қаракөздің ауылдан көзі көрді.
Амандасып екеуін жөнелткелі,
Алтын жабдық әзірлеп алып келді.

- Мұны көріп екеуі кісінеді,
Көлденеңдеп кемпірге түрегелді.
1450 Алтын әбзел ерттеп, киім алып,
Амандасып, кемпірге жүре берді.

Амандасып, кемпірге кетті дейді,
Екеуі де жануар текті дейді.
Алты күндік жер екен, екі арасы,
Ара қонып, сәскеде жетті дейді.

Ара қонып, сәскеде жетіп келді,
Қозыке мен Баянды көзі көрді.
Мал да болса, екеуі тіл біледі,
Бір-біріне көрісіп, зар еңіреді.

- 1460 Арда күрең, Бақа айғыр оған жетті,
Қозыке мен Баянның көңілі бітті.
Киім-жабдық, ер, тоқым келгеннен соң,
Қалле тоны ұрмаққа ұшып кетті.

Бар киімін екеуі киіп алды,
Бір Құдайға ішінен сыйынады.
Бақа айғырды Баянға ерттеп беріп,
Күрең атқа Қозыке мініп алды.

- Екеуі екі атына мінді дейді,
Құдайға шүкір қылып, күлді дейді.
1470 Екі аты ұшып жүрген құспен бірдей,
Аулына Сарыбайдың келді дейді.

Баян жас Бақа айғырмен үйге барды,
Қозыке күйеу болып түзде қалды.
Қаракөз үйден шығып қарсы жүрді,
Көрісіп анасына зар жылады.

Сарыбай үйден шығып жүгіреді,
Баян жас әкесінен түңіледі.
Екеуі «жалғызым» деп көріскенде,
Жамағат қойдай шулап күңіренеді.

- 1480 Қаракөз Қозыкеге келе жатыр,
Жиылды сол елдегі мұңлы пақыр.
Дірілдеп жердің жүзі күңіренеді,
Болғандай шала молла заманақыр.

Сарыбай тағы келді айқай салып,
Жиылды мұны көріп барша халық.
Қуанған мен қорыққан бірдей екен,
Қаракөз сол арада қалды талып.

- Қаракөз түрегелді есін жиып,
Көзінің құрғатады жасын тыйып.
1490 Сарыбай ақырында қуанады,
Өлтірген Қозыкені көзі қиып.

Береді Қаракөздің Құдай датын,
Арттырған ел-жұртынан салтанатын.
«Күйеу» деп Қозыкені сол арада,
Алдынан шатыр тікті қырық бір қатын.

Ат қойып көп жылқыдан Айбас келді,
Баянды Қозыке мен көзі көрді.
«Екеуінді көрер күн, бар екен», деп,
Екеуіне көрісіп зар еңіреді.

- 1500 Сарыбай «тойым бар» деп сауын айтты,
Жаратты бөйгі жүйрік арғымақты.
Өткендерден бір мысал оның үшін,
«Шатыр тікпек күйеуге» сонан қапты.

Топта сөйлер ақынның тіл мен жағы,
Малы кетсе, таяды ердің бағы.
Қырық күн ұдай той болды тарқамастай,
Сарыбайдың көңілі толған шағы.

Сарыбай Қозыкені бала қылды,
Баянның Қозыкемен көңілі толды.
1510 Елі-жұрты Қозыкенің есінде жоқ,
Елінде Сарыбайдың бес жыл тұрды.

Жақсыға жаман адам теңелмейді,
Адамзат тірілікте не көрмейді?
Торғайға қастық қылған жау жеңгесі
Баянға ұзатқанша көрінбейді.

Жалғызым, жатырмысың, балам, деді,
Бір сұмдық Жидебайға таянды енді.
Баян жас шырт ұйқыда жатыр еді,
Түсінде Мамабике аян берді.

1520 Жақсылық жақсылыққа табылмайды,
Дінсіз құл жамандықтан жаңылмайды.
Түсінде Мамабике аян беріп,
«Құлға күң болдым ғой» деп зар жылайды.

Түсінде Мамабике аңырады енді,
Ұйқыда Баян бірге зарлады енді.
«Тәңіріден тілеп алған екі балам,
Күн көрер мен сорлыда бар ма?» — деді.

Баян жас ұйқысынан тұрады енді,
Мойынын Қозыкеге бұрады енді.
1530 — Жалғызым қайдан өніп, қайдан тудың,
Ел-жұртың мен көргендей бар ма? — деді.

— Бойыңа мін жуымас Алла десең,
Кетерсін жаһаннамға арам жесең.
Қуанып екеуімізге әкем деген,
Зар жылап қалып еді жалғыз шешем.

— Түсімде бүгін менің шешең келді,
«Құлға күң болдым» деп зар еңіреді.
Төңіріден тілеп алған екі балам,
Көерер күн мен сорлыға бар ма? — деді.

1540 Қозыке тағат тұтып тұра алмады,
Көңілін дүниелікке бұра алмады.
Енді менің тұрарға дәрменім жоқ,
«Рұқсат ата-анаңнан сұра», дейді.

Азабын ұзын жолдың сарт көреді.
Танымаған бір-бірін жат көреді.
«Енді мені жұртыма ұзатсын» деп,
Баян жас шешесіне хат береді.

Қаракөз ұзатуға ой қылады,
Сарыбай «жері алыс» деп қайғырады.
1550 Шідертіде Бақа айғыр шідер үзген,
Өлеңтіде өлең айтып той қылады.

Ақынның топта сөйлер тілі мен жағы,
Малы кетсе, таяды ердің бағы.
Өлеңтіде бір жер бар «Ақбар» деген,
Сарыбайдың той қылған жерошағы.

Он бес күндей той қылып қамын жеді,
Қызметіне он жігіт, он қыз берді.
Қисабы жоқ қазына толып жатыр,
Қырық нар артында қыз жөнелді.

1560 Бар жабдығын түгендеп, алды сайлап,
Қуанады ішінен, «а, Құдайлап».
Сарыбайдың дәулеті толып жатыр,
Қара саба орнатты бие байлап.

Қызметіне он жігіт, он қыз ертті,
Ақырында мұратқа түгел жетті.
Жолдастыққа Сарыбай молда берген,
Неке қиып, бір-бірін қосып кетті.

- Бірнеше күн арада тағы да өтті,
Ақырында мұратқа бұлар жетті.
1570 Үш күншілік жеріне шығарып сап,
Амандасып, ел жұрты қайтып кетті.

Бір алты күн арада тағы да өтті,
Өлмегенің көресің талай көпті.
Тоғыз қонып ауылдан шыққаннан соң,
Бір жолдаспен Қозыке озып кетті.

Бір жолдаспен Қозыке жөнеледі,
Бір түн жатып арада бөгеледі.
Қарабай елі Жұпардың қорығында,
Күн-түн жүріп кешікпей жетіп келді.

- 1580 Бауша-бауша базардан бөз келеді,
Ажалдыға атқан оқ кез келеді.
Ел шетіне екеуі ілінген соң,
Көп қой жайған қойшыға кез келеді.

Сол екеуі қойшыға жетіп келді,
Мұны көріп, қойшы да сәлем берді.
Сәлем беріп, сәлемін алғаннан соң,
«Қай ауылдың қойы?» деп сұрады енді.

- Қойшы байғұс сол жерде налыды дейді,
Көзінің жасы жерге ағып тамды дейді.
1590 «Менен несін сұрайсың, екі жігіт,
Бағып жүрмін иесіз малды», — дейді.

— Қалай-қалай сөйлейсің, қойшы жаным,
Мұңлық зарың Құдайға болсын мәлім.
Елдің жөнін сұрасақ, зар жылайсың,
Бағып жүрсің, иесіз кімнің малын?

— Тиіп еді бұл дәулет Қарабайға,
Құда болған, антұрған Сарыбайға.
Соған кетті Қозыке зар жылатып,
Қалған дәулет қор болды Жидебайға.

1600 Бәрімізді Жидебай жүн қылып тұр,
Айтқан сөзін бір Алла бұл қылып тұр.
«Қозыке өлді Қодардан» деп есітеміз,
Қарабайдың қатынын күң қылып тұр.

— Болған екен Құдайға мүлде қарсы,
Болған екен жетіліп мұндар ғасы.
Өлген кісі тіріле ме, әжап емес,
Сол Жидебай мырзаның ауылы қайсы?

Ауыл жөнін қойшыдан сұрап алды,
Қонақ болып үйіне тура барды.
1610 Үй артына келді де сөйлес қылды,
Үйде отырып Жидебай жауап берді.

— Қолыңды отқа, мұндар күң, тосшы, дейді,
Қонақ болса ұятты, бұқшы, дейді.
Үй артына келіп тұр екі кісі,
Кім екенін біліп кел, шықшы, — дейді.

Бүкең қағып ол кемпір шыға келді,
Өз шешесі екенін көзі көрді.
Тағат қылып, ол жерде шыдай алмады,
Аттан түсіп кемпірге көріседі.

1620 Жидебайдың асқанын біліп келді,
Жәнсіз оқтай құбылып жүріп келді.
Сабыр қылып, өз бойын тоқтатып ап,
Сәлем беріп, үйіне кіріп келді.

Сәлем беріп, үйіне кіріп келді,
Қозыкенің келбетін көзі көрді.
Жақсы қонақ екенін таныған соң,
Көрпе салып астына құрмет қылды.

Күнде қонақ байларға көп келеді,
Жәнсіз қонақ келгенін жек көреді.
1630 «Екі қонақ жүр екен бір тойсын», — деп,
Екеуіне үш табақ ет береді.

Жидебайдың Қозыке жүзін көрді,
Жүдегенін шешесі көзі көрді.
«Мұңлы кемпір қарны ашқан, бір тойсын» деп,
Үш табақ еттің бірін оған берді.

— Қонақ, саған не болды қара басып,
Алал етті мен бердім саған асып.
Жалғызынан айрылған мұндар күңді
Неге етіңнен бересің, жаның ашып?

1640 — Жан-жағыңа Жидебай қарамайсың,
Жалғыз болсаң, жұмысқа жарамайсың.
Пақыршылық басыңнан кешкен жоқ па,
Неге мұндай мұңлыны аямайсың?

— Мырза болып жасымнан өсіп едім,
Қонақ басын жақпаса, кесіп едім.
Мұнша жаның ашиды мұндар күңге,
Иесі ме едің, мұның досы ма едің?

— Жұртқа өнеге би болсаң, айтар едің,
Жылқы бағып құл болсаң, жатар едің.
1650 Жағаңды ұстап, тәуба қыл, Жидебайым,
Келіп қалса жалғызы, қайтер едің?

— Сыйлай берсе, қонағым, мырзам дерсің,
Әділ болсаң, жұртыңның қамын жерсің.
Қодар атып, сүйегі қуарып қалған
Өлген кісі тіріліп қайдан келсін?

— Өр не салса, адамзат көнбей ме екен,
Ер жігіттің тілегін бермей ме екен.
Жоқтан бар ғып жаратқан Құдіретім,
Тірілтуге шамасы келмей ме екен.

1660 Бұл сөзбенен Қозыке жатты дейді,
Таң сарғайып кешікпей атты дейді.
Екі қонақ таң ата атқа мініп,
Өрістегі жылқыны тапты дейді.

Ер Қозыке бір істі ойлайды енді,
Жидебайдың еркіне қоймайды енді.
Қырық боз бие жылқыдан айдап келіп,
Шырқыратып құлынды байлайды енді.

1670 Ұйқысынан Жидебай тұра келді,
Байлаулы тұр қырық бие көзі көрді.
Ауыл малын бір қонақ билей ме екен,
Жан көрмеген, япырмау, бұл не? — деді.

Мына қонақ антұрған түпке жетті,
Жылқыдағы биемді айдап кепті.
Құлынның бірі құрлы басы жоққа,
Биенің бекер байлап тынышы кетті.

— Жидебай, көп сөйлеме, үнің өшсін,
Тақылдаған тіліңді Тәңірім кессін!
Малданғаны ауылдың сенің малың,
Не қыласың кемпірдің көңілі өссін.

1680 Қозыкені сөзбенен түңілдірді,
Қызы қорқып, шешесін бүгілдірді.
Қырық биенің құлынын байлап қойып,
Сүтін сауып, шешесін шомылдырды.

Құлдан қорқып, шешесі төмен бұқты,
Жерде жатқан тезекті қапқа тықты.
Тезек тере шешесі жөнелгенде,
Оңашаға байғұсты алып шықты.

1690 — Өзің тапқан Жидебай балаң ба еді,
Бұған қылған бар ма еді жазаң? — деді.
Өз анасын осынша зар жылатқан,
Мұны қылған антұрған надан, — деді.

— Өзім тапқан Жидебай балам емес,
Мен айтайын тыңдасаң, саған кеңес.
Қозыке атты бар еді бір жалғызым,
Өлі-тірі екенін ешкім білмес.

Қозыке атты бар еді, бір жалғыз балам,
Одан мені айырды Алла Тағалам.
Қайын іздеп кеткелі, көп жыл болды,
Ол кеткен соң, жылаумен күнім қараң.

- 1700 Қозыке атты бар еді жалғыз ұлым,
Күміс кекіл, маңдайда, алтын тұлым.
Жарын іздеп кеткелі көп жыл болды,
Тастап кетті артына мал мен құлын.

Ол кеткен соң, Жидебай әбден асты,
Мырза болып, бұл күнде малды басты.
Мені күң қып ұстайды осы күнде,
Сол күндегі күң мен құл бөрі қашты.

- Мамабике жылады осыны айтып,
Әңгімені бастады сөзді ұзатып.
1710 Ер Қозыке шешесін қуантпаққа
Менмін деді Қозыкең келген қайтып.

Мамабике қарады аң-таң қалып,
Қозыке отыр алдына басын салып.
«Қозыке атты жалғызың — мен» деген соң,
Сорлы кемпір сол жерде қалды талып.

Домбырасы Баянның алтын тиек,
Қайда барса, қор болмас асыл сүйек.
Сорлы кемпір сол жерде талып қалды,
Қозыке отыр зар жылап, басын сүйеп.

- 1720 Біраз талып, бәйбіше есін жиды,
Қозыкенің бас салып, бетін сүйді.
Мұратына бір Алла жеткізген соң,
Шүкірлік қып, көзінің жасын тыйды.

Бір Аллаға қылмысы аянды енді,
Жидебайға бір сұмдық таянды енді.
Есін жиып алған соң Мамабике,
Көшкен елдей күңіреніп Баян келді.

Шек келтірме, жігіттер, Құдіретке,
Құдіреті Құданың жетер көпке.
1730 Хан тағына бәйбіше мініп алып,
Ат шаптырып той қылды төңірекке.

Баян артып келеді қырық нар түйе,
Мұратына жеткізді Жаппар ие.
Қозыке мен Баянды көргеннен соң,
Көнек алып Жидебай сауды бие.

Бір асқанға бір үлкен зауал бар-ды,
Оңдамайды әрқашан бейілі тар-ды.
Неше күндей той тарқап болғаннан соң,
Жидебайдың қатынын Айбас алды.

1740 Жаппар Құдай Айбасты жарылқады,
Ер Қозыке Айбасқа тарылмады.
«Тіршілікте ақ неке қыламын» деп,
Айбас таңдап бір қатын тағы да алды.

Қозыкенің дәулеті көп-ті дейді,
«Айбастікі үштен бірі» депті дейді.
Әуелінде азғана мехнат тартып,
Мұратына осындай жетті дейді.

Жидебай құл қор болып қорғалайды,
Бәйбішеге тік тұрып жорғалайды.
1750 Жаяу жүріп, сауады көп биені,
Табанынан қара қан сорғалайды.

Көрмегенді Жидебай көрді дейді,
Баян сұлу екі ұлды болды дейді.
Қыбы қор боп, биені жаяу сауып,
Жидебай құл қор болып өлді дейді.

Құдай досты [Мұхаммед] пайғамбары,
Бұл мұра ашықтардан қалған зары.
Қозы Көрпеш өлгенде Баян да өлген,
Сондай болсын әркімнің алған жары.

Қозыке мен Баянның болған жері,
Бәйшешектей түрленіп толған жері.
Құдіретіне Құданың бәрі де оңай,
1763 Ғибрат ал бұлардан, ердің ері!

Қозы Көрпеш — Баян сұлу

(Бекмұрат Мақанов нұсқасы)

Ерекше сұлу Баян жаралыпты,
Дүниеге сұлулығы таралыпты.
Сыртынан құрғақ ие болып жүрген,
Жанына Қодар қашан бара алыпты?

Баяннан таба амайсың талдай мінді,
Ақ жүзі жарық қылған қараңғы түнді.
Баласы тоқсан байдың іздеп келіп,
Бәрі де қолы жетпей, құл боп сіңді.

Баян боп бөрінің де ынтызары,
10 Қолы жетпей, құл болып сіңді бөрі.
Белгілі соның бірі асқан тазша,
Баласы Тоққараның Көсемсары.

Бәрін де айдап, өргізіп жүрген Қодар,
Қодарға қарсы келмейт, ешбір олар.
Баянға алмақ түгіл, сөйлескен жоқ,
«Бұқа — буға» деген сөз сонан қалар.

Көрі құлақ есіткен, көрген жоқ көз,
Ақын сөзін түзеген ол бейім тез.
Қарабай, Қодар, тоқсан жата тұрсын,
20 Азырақ Балталыдан сөйлейік сөз.

Қозы Көрпеш он алты жасқа келді,
Шешесі таққа мініп, ел биледі.
Он алты да шеп бұзып, шерік бастап,
Жылқыдан таңдап мінді

Садағын асқан мерген сағымға ілген,
Ақ жүзі шағылысты жарық күнмен.
Ішінен ханым байғұс тәуба қылып,
«Сақта» деп жалғызымды көз бен тілден.

- Баласы бір кемпірдің болды мықты,
30 Қайраты балталыдан озып шықты.
Бір [зор] бай баласына қыз ұзатып,
Бір үлкен ат шаптырып, той қылыпты.

Кемпірдің баласының қайраты мол,
Сол тойға бас палуан боп тұрады ол.
Шыға алмай Тайлақ жақтан оған ешкім,
[Ұлықсат] Тайлақ биден сұрады ол.

- Тайлаққа Қозы Көрпеш келді жетіп,
— Мынаның кетті маған ызасы өтіп.
Осымен күресуге мен барайын,
40 Жат елге қалар, — деді, — намыс кетіп.

Тайлақ айтты: — Әлпештеген Қозы бала,
Сен едің әлпештеген жаңғыз қара.
Қарағым, мен ұлықсат бере алмаймын,
Есітсе ханым, ұрысып жүрер жана.

- Алмас кездік жатпайды қап түбінде,
Мен сандыққа салатын бұйым емен,
Қазам жетсе егерде, онсыз да өлем.
«Жас-жас» деп құр қалдырма шар-талаптан,
Жалын жігер шығады жастық шақтан.
50 Бәйге алсам, топ алдында сізге мұрас,
«Жетімді жеткердім» деп сонда мақтан.
Ұлықсат бер, «Қозының сөзі жөн» деп,
Тайлақты қамады елі тұс-тұс жақтан.
Бата алып, ұлықсат ап Тайлақ биден,
Ер Қозы күресуге түсті аттан.

Болат білек Қозының қолы қатты,
Орап алып, іріп зырқыратты.

Жоғары көтеріп ап соққанында,
Ол балуан сүтпісірім талып жатты.

- 60 Жүгіріп келді кемпір баласына,
Біле алмай істің ақ пен қарасына.
Өткір тілді, орақ ауыз сұмырай кемпір,
Қарамай қарғай берді шамасына:

— Қу жетім, тумай шөккір, тудың қайдан?
Әкеңді тумай жатып жұтқаныңнан.
Төбеңнен менің балам құй қазды ма,
Іздеп ал жесіріңді Қарабайдан!

- Жүрекке кемпір сөзі жара салды,
Жесірі не, біле алмай аң-таң қалды?
70 Сөйлеспей еш адамға Қозы Көрпеш,
Үйіне келді дағы жатып алды.

Жүгіріп есіткенсін ханым келді,
«Ауырды ма, бір жерің қалқам?» — деді.
Қозы айтты: «Жалғыздан сыр жасырасың,
Бермеймін, саған жауап, өрман» деді.

Болғанын бір сұмдықтың ханым сезді,
Шақырып Тайлақ биді әкелгізді.
Ханымға бастан аяқ айтты Тайлақ,
Сұмырай бағанағы кемпір сөзін.

- 80 Елі-жұрты сол арада болды жиын,
Ханымға бұл әңгіме болды қиын.
Ханым айтты: «Не қылсаң да, Қозыны уат,
Бабын тап, енді өзің, Тайлақ биім».

Тайлақ келіп көтерді Қозы басын,
Қозыға шын аударған ықыласын.
«Жесірі» деген сөзді түсіндіріп:
«Сол итті іздеймін, — деп, — не қыласың?»

Қозы айтты:

- Бұл сөзің рас болса, биім Тайлақ,
Ыза-кегім қозғалды, ішім қайнап.
90 Қызын ап, жақсы болса, жар қыламын,
Артыма, жаман болса, салам жайдақ.

Тайлақ айтты:

- Жүре бер, Қозы, еліңде ойнап-күліп,
Менің де жүрегімде жүрген ілік.
Аямай мал-басыңды әперейін,
Жолыңда кісі өлсе де, қан төгіліп.
Түр екен қандай жерде, қызы қандай,
Әуелі Айбас барып, келсін біліп.
- Айбас та болса керек ердің ері,
Егессе, ер жігіттің керек жері.
100 Елінің намысы үшін іздеп шықты,
Тайлақтың кенже інісі — Айбас шері.
- Астына көк тұлпарды мініп алды,
Көк тұлпар — қамыс құлақ, қақпан белді.
Есіліп жел қайықтай, желдей желді,
Арада аз жүрді ме, көп жүрді ме,
Тауына [Тарбағатай] бұ да келді.
- Қажырлы қажымайды Айбас мықты,
Білмейді болдыруды тұлпар тіпті.
Мөлшері жұрттың айтқан болды ғой деп,
110 Басына Ақшәулінің келіп шықты.
- Жортқан ер көреді талай жерді,
Биіктен жан-жағына көз жіберді.
Қырағы, қыран көзі түстік жерден
Отырған Аякөзде елді көрді.
- «Шаң шыққан маңайынан будақ-будақ,
Ауылы Қарабайдың осы ғой», — деп,

«Тұлпардың желаяғы, Көк тұлпарым,
Барыңды бүгінгі күн қарыштап бақ!» —

Деді де, Көк тұлпарға қамшы салды,
120 Түс болмай ел шетіне жетіп барды.
[Бөктерде] жеміс теріп ойнап жүрген,
Алдынан үш қыз душар бола қалды.

Айбас айтты:

— Еріксіз адам басы болса сарсаң,
Дәл келсін ер жігіттің жан жолдасы.
Жолаушымын, жөніңді айтқыл, сұлу,
Үшеуің қандай бақтың сандуғашы?

Қыздар айтты:

— Түсі игі, жолаушының майда тілді,
Ұйқысы түн қатқандай күндіз-түні.
«Түсі игіден түңілме» дегендейін,
130 Сіз кімсіз, өзің батыр, жүзің жылы?!

Айбас айтты:

[Бір қайғы көрген жандай]
— Сіз бұрын айт, жөніңді, кенже ақмаңдай?

Баян айтты:

— Сұрасаң, менің атым — сорлы Баян,
Бөндеге жазықсызым өзіме аян.
Әкем атын сұрасаң, хан Қарабай,
Қайырсыз, мал жинаған бақа-шаян.

Қайқы төс, қазмойынды тұлпар мініп,
Сарамжақ, сауыт-сайман, садақ іліп.
.....
Сіз кімсіз, өзің батыр, тидің жылы?!

Айбас айтты:

- 140 — Балталы, бағаналы елден келдім,
Тайлақ би ел меңгерген, жерден келдім.
Сәлемін Қозыкемнің жеткеруге
Қырық күн, күн-түн қатып, шөлден келдім.

Тайлақ би — ағам аты, атым — Айбас,
Қас батыр Қозым — сұңқар жаудан таймас.
Еңбегім сені көріп, жаңа жанды,
Ал, Баян, біздік болсаң, белді байлаш.

Баян айтты:

- Ағекем, түсің жылы, тілің майда,
Мен даяр өз беліңді мекем байла.
150 Мөңіреп құр тұлыпқа мен не дейін,
Қозының, мені алатын, өзі қайда?

Тайлақ би Балталыдан озған шынар,
Қозыға көрмесем де, болдым құмар.
Ағаға сендей басшы ере алмаған,
Ат ерттеп міне алмайтын біреу шығар.

Айбас айтты:

- Сертінен уәделі әкең тайған,
Жас түлек Қозым сұңқар қанат жайған.
«Туат» деп сіздей асыл ойлаушыма ек,
Ақылсыз әкең сынды Қарабайдан.
160 Ол ақ сұңқар, сен көлдегі лашын,
Толады айдай нұрға ақ құлашың.
Әкеңді, жерге кірсе, құтқармайды,
Байлай бер, уәдеңнің шын-расын!

Баян айтты:

— Ер Айбас, Көк тұлпармен түстің ізге,
Кез келдің, жапан дүзде келіп бізге.

Уәдемізді тез байлап айрылалық,
Қодар келіп қалмасын үстімізге.

Айбас айтты:

- Қалпыңнан, сұлу Баян, таппадым мін,
Сүйтсе де айтылмай тұр, жалғыз бір шын.
170 Үрейің қос құдаша ұшып кетті,
Қоқитқан құбыжық қып, Қодарың кім?

Қыздар айтты:

- Тартынбас, еш адамнан Қодар тайып,
Есітсе бұл сөзіңді, салар айып.
Қодардың атасы жел, анасы көл,
Кез болған сары далада ол бір ғайып.
- Торғауыттан бізді іздеп Қодар кепті,
Бетпақ шөлде бізді кеп қуып жетті.
«Жылқыма құдық қазып бере гөр» деп,
Малы қорда әкем сонда зар еңірепті.
- 180 Жылқыны алып өтті аман-есен.
Еңбек қып, су шығарып не тереңнен.
Әкемнің Қозы Көрпеш ойында жоқ,
Баянды Қодар құлға берем деген.

Айбас айтты:

— Қоныстың Қозым қонар тынығына
Кіріспес кім көрінген былығына.
Қонбайды олай болса, бізің Қозы,
Қодардың әлде қандай құдығына.

Баян айтты:

- Шыққан жоқ Қодарменен жаманатым,
Құдайға әлі таза сыр-сыпатым.
190 Қарызым келмей қалса, өз мойнында,
Сақтаймын ақыретке аманатын.

Айбас айтты:

— Қодармен кез келеді қайрат сынар,
Менің де ондай іске жаным құмар.
Мақтаған Қодарыңды маған келтір,
Кездеспей кісісіне жүрген шығар.

Баян айтты:

— Бір тау ғой көпір Қодар кім таласар,
Тұлғасын көрген адам жаман сасар.
Ағеке-ау, тілімді алсаң, көрінбей кет,
Кетпестей сүйегіңе таңба басар.

- 200 Жалынып үш қыз сонда: «Барма, — деді,
Тығылып жата бер, осы жарда, — деді.
Тығылып үш күн жат та, еліңе қайт,
Қозыға бізден белгі ал да», — деді.

Тығылып сол арада үш күн жатты,
Аунатып серіктірді Тайкөк атты.
Тамағын неше түрлі қыздар тасып,
Тынығып рахатқа әбден батты.
Алтын тон, күдері белбеу, гауһар жүзік,
Берді де тоғыз белгі, жазды хатты.

- 210 Бір қатын тезек терген сол арада
Қыздарды Айбаспенен көріп қапты.

Ер Айбас қайтпақ елге бет түзеді,
Белгіге тон бастаған тоғыз берді.
Тезегін қабындағы төге тастап,
Қодарға зыр жүгіріп қатын келді.

Бір жігіт жан жетпейді бағасына,
Пері ме, періштенің баласы ма?
Үш қызбен сөйлескенін көрді көзім
Сол анау қалың томар арасында.

- 220 Есітіп Бақа айғырмен Қодар салды,
«Қайтем» деп қыздан аяп бұ қу жанды.
Үш қызбен сөйлесіп тұрғанында
Айбасты келе сала ұстай алды.
Екеуі жағаласып тартысқанда
Аттары шөге түсіп, жатып қалды.
- Үш қыздың қорыққаннан зәресі ұшты,
Қопарып түбірімен шөптің түбін,
Жұлқысты әрі-бері екі күшті.
Қимылдар өкім-өкім Қодар тіпті,
- 230 Белінен Қодар қатты қысқанында
Айбастың төлтіректеп зәресі ұшты.
- Айлалы сұлу Таңсық жүгіріп кеп:
Шегістің, батыр Қодар, мұның кім? — деп.
Сүйгені қайын бикең сұлу Айдың,
Адастың, батыр, тоқта, жолдан тайдың.
Сенің жарың Баянмен жұмысы жоқ,
Бар қызын қорисың ба Қарабайдың?!
- Айып бер, ат пен шапан, бажаңызға,
Ұстаған жағасынан жазаңызға.
- 240 Әркімнің өз сүйгені — өзіне әсіл,
Қарамайт ол пысқырып Баян қызға.
- Қодар батыр тоқтады сөзге нанып,
Айбастың алатыны айдан анық.
Шынында Ай сұлуды алмақ болған,
Екеуі келген күні сөз байласып.
«Басында неге маған айтпадың?» — деп,
Отырды қоя беріп, демін алып.
- Қодар кетті сол жерде жылқы жаққа,
Бажасымен келгесін ынтымаққа.
- 250 Баян сәлем айтады жылап тұрып,
«Қайтем» деп Айбас атқа мінген шақта.

Алмайды Қодар мені, алады жер,
Әуре боп, бекер босқа, жүр арам тер.
Егерде Қозы Көрпеш келмей қалса,
Келер жыл неде болса хабарын бер.

Ағаке-ау, шын ғашықпын ініңізге,
Қосылар күн туады қашан бізге?
Тоғыз жүз, тоғыз белгі сәлемім бар,
Тапсырдым екі аманат өзіңізге.

- 260 Қозының анасына сәлем дерсің,
Көзімнің көл боп аққан жасын көрсін.
Болғанда Қозы — Айы, мен — Шолпаны,
Іздеуге мен сорлыны ұлықсат берсін.

Айта бар балталының баласына,
Тайлақ би елден асқан данасына.
Қозыдан бөтен көрсе, Құдайға шерт,
Қозының сәлем дерсің анасына!

Сонымен Айбас жүріп кетті. Тәулігіне бір нәр татып, Сарыбай ханның ордасына келіп, белін шешті. Онда қыздың сәлемдемелерін бергеннен кейін, Қозы бала жалғыз өзі жүрмек болды.

Тайлақ айтты Қозыға:

- Баласың көптің ауған ықыласы,
Елі-жұрты жоқ кісідей жаңғыз барсаң,
270 Ол — үлкен масқараның масқарасы.
Жігіт ал елден таңдап сексен батыр,
Жаңғыздық қассыз ердің сыбағасы.

Қозы айтты:

— Кісі ертпеймін, жаңғыз кетем,
Көсем де керек емес, батыр да керек емес.
«Алды, — деп, — Қозы біздің арқамызбен»,
Ертең кеп бәрі желдей еседі де.

«Жесірін іздеп барып, әпердік», — деп,
Қалмаймын Балталының өсегіне.

Шешесі сонда сөйледі:

— Қарағым, бұл сапардан қалсаң нетер,
280 Көзіңді мен ғаріпке салсаң нетер.
Алсаң да отыз қатын малың жетет,
Бір сұлу елден таңдап алсаң нетер?
Сол иттен қайтіп жақсы қыз туады,
Айбастың айтқан сөзі тіпті, бекер.

Баянды еркештейді аты Еркеш,
Көп қойды бастайтұғын көсем серкеш.
Кептіріп мен сорлыны [қубас етіп]
Кетесің кімге тастап, Қозы Көрпеш?!

Қозы айтты:

— Деуші едім сені шеше, халің азар,
290 Қатты ғып тапқаныңды өзіңнен көр.
Баянды мен іздеймін, жата алмаймын,
Ұлықсат, ырзалықпен батаңды бер!

Бұршақтап жауып тұрса алдымнан оқ,
Бет бұрып бұл сапардан қайтарым жоқ,
Сұлуын дүниенің жисаң дағы,
Көзіме көрінбейді Баяндай боп.

Шешесі:

— Қарағым, қартайғанда сені көрдім,
Дәм тұзды тартқан шығар талай жердің.
Жалғызым, қайда болсаң жолың болсын,
300 Ұлықсат, ырзалықпен бата бердім!

Қозы айтты:

— Баянды көрмесем де болдым құмар,
Құмарлы кеуіл шіркін қашан тынар?

Бөгемей сапарымды, жөнелейін,
Ер Айбас, мен мінетін қандай ат бар?

Айбас айтты:

— Жылқыны аралаушы ем ерте-кешті,
Біреуі жүйрік, біреуі жорға десті.
Шыққыр көзім шықпаса, мен таныдым,
Дейтұғын бір атың бар Күрең бесті.

Күреңді әкелдіріп Қозы мінді,
310 Сауыт-сайман, сарамжақ, садақ ілді.
«Қош айтысып Қозыға қаламыз», — деп,
Басы Тайлақ би болып ел жиылды.

Қозы айтты:

— Батагөй есіркеуші сенсің, бабам,
«Тоқтатам сапарыңды» дей көрмеңіз,
Кеуілің құлдық, ата, қалар маған.

Тайлақ айтты:

— Қарағым, шыдай алмай келдім еріп,
Мен келдім қалайын деп сені көріп.
Мен бөтен Балталыдан санамаймын,
Айбасты ерт, тым болмаса ақылсерік.
Қайтейін, тіл алмадың амал бар ма?
320 Қаламын қош айтысып, бата беріп!

Қозы айтты:

— Жиналған елі-жұртым, көрі-жасым,
«Кісі ерт» деп, қинап мені, неғыласың.
Ешкімді ортақ қылмай жаңғыз тартам,
Тағдырдың жақсы-жаман сыбағасын.

Елі-жұртым, ере бермей, ал тоқтай қал,
Артымда қалды менің сансыз көп мал.

- Тапсырдым бір өзіңе, Тайлақ биім,
 Сол малды өз қолыңа түгелдеп ал.
 Қылмас ем өз басымды ешбір арман,
 330 Шешеме туар екен қандай зауал?
 Деп Қозы қатуланды қайраттанып,
 Күреңді қамшыменен жанып, жанып.
 Жер сүзіп, күрең тұлпар желді алып,

 Лашын түсі керік мұздай сұрғылт,
 Жарасып сауыт-сайман, сарамжағы.
 Артына бір қарамай кеткеннен соң,
 Ханымның сонда тұрып зарлағаны.
- Тиянақ, алданышым, жалғыз балам,
 Қурады, өшті шырақ — менің панам.
 340 Күн батпай, таң атпайды қасіретпен,
 Артыңда сарғаяды қассыз анаң.
- Кетем бе қызығыңды анық көрмей,
 Жан шіркін неткен берік, тұрсың өлмей!
 Жасымда алты қатын үстіне кеп,
 Бар ма екен қайғы тартқан, сірә, мендей?!
 Топырақ жаңғызымнан бұйырмады,
 Тастап кеттің өлмей-ақ, тірі көмбей.
- Ер Қозы айналмады, жүріп кетті,
 Алдында ақ белеңге барып жетті.
 350 Қозыны жіберуге көзі қимай,
 Жүгіртіп батыр Айбас жетіп кепті.

Қозы айтты:

— Ей, Айбас, мен ініңмін, сенсің ағам,
 Басқадан артық сенің маған бағаң.
 Артымда қалың жұртым, шешем қалды,
 Тапсырдым бір аманат, батыр, саған!

Айбас айтты:

— Бұл елге батыр Тайлақ, би емес пе,
 Бәрі де мал басыңа ие емес пе?

Жерім ғой көріп келген тура бастап,
Барғаным саған еріп, сый емес пе?

Қозы айтты:

- 360 — Ей, Айбас, осы сөзді не деп айттың,
Мен үшін Баян қызды көріп қайттың?!

Айбас айтты:

— Ендеше жүретұғын жолың былай,
Оңғарсын сапарыңды патша Құдай.
Ғашықпын мен де өзіндей, амал бар ма,
Сөлем де Ай сұлуға дұғай-дұғай.

Айсұлу жүрген шығар күл-күл жайнап,
Қайтейін кеттің, Қозы, жіпсіз байлап.
«Жетпеді уәдеміз» дей көрмесін,
[Өрдәйім ғашығымды жүрмін ойлап.]

- 370 Танбаймын, мен иемін өз сөзіме,
Егер де шыдамаса, кінә өзіне.
Тірі болсам, келер жыл мен барамын,
Жетіліп Көк жеткенсін ат кезіне.

Ер Қозы айналмады жүріп кетті,
Алдында сар белеске барып жетті.
Болмаса ашықлық па қайта ойлатқан,
Артынан батыр Айбас жетіп кепті.

- Ей, Қозы, мен ағаңмын, сенсің інім,
Басқадан артық маған бағаң сенің.
380 Артыңда қалың жұртың, шешең қалды,
Қанеки, айтшы жайлап дұғай сөлем.

Суыққа Қозы Көрпеш салды бетті,
«Қажыттың қайта сөйлеп мені, — депті. —
Шешем мен елі-жұртым сұрай қойса,
Дегейсің барса — келмес жерге кетті».

Ер Қозы айналмады жүріп кетті,
Бірталай жүре-жүре күні көшті,
Бетпақ шөл, меңіреу дала, шөлді кешті
Қиусыз көп сандалды, ел табалмай,
390 «Мол шөлі Айбас айтқан болды» десті.

Жүре-жүре бірталай күні көшті,
Бетпақ шөл, меңіреу дала, шөлді кешті.
Арықтап күрең аты болдырғасын,
Басына ғаріпшілік сонда түсті.

Ер Қозы кейде аяңдап, кейде желіп,
Қопаға арық атпен зорға жетті.
Жүгенін, ер-тоқымын сыпырып ап,
Сол жерде күрең атты қоя берді.

Ер Қозы аң атуға асқан шебер,
400 Өзінің қайратына әбден сенер.
Ер Қозы аң атып жеп, қорек етті,
Қопаға келгеніне бір ай жетті.
Бір ай оттап, Күрең ат көбеңдепті,
Жүруге енді он күн жарар депті.
Қопаның Қозы жатқан жиегіне
Қытайдан қайтқан қалың керуен кепті.

Керуенді көргеннен соң Қозы барды,
Ішінде бір адам бар ақсақалды.
Қозының аты менен түрін көріп,
410 Шақырып әлгі ақсақал қасына алды.

Ақсақал адам екен керуенбасы,
Қозыға ауып кетті ықыласы.
«Қалайша жаңғыз жүрген жас бала» деп,
Сескенді жанындағы көп жолдасы.

— Арығаны болмаса атың — тұлпар,
Хан ұлына ылайық — өзің сұңқар.
Жаңғыз бүйтіп қаңғырар жан емессің,
Қарағым, жасырмай айт, не сырың бар?

Айтады Қозы Көрпеш жайдың бәрін,
420 Баяндай іздеп жүрген ашық жарын.
Ақсақал ынтысымен отыр тыңдап,
Айтады Қозы Көрпеш әмде жайлап.

Ақсақал Қозыға тым ықыласты,
Кім жатырқар сол сықылды уыз жасты.
«Қозыны іні қылам» деп малын сойып,
Екеуі жапан дүзде құшақтасты.

Ақсақал айтты сонда: «Бақ сөзіме,
Егер де тыңдамасаң, кінә өзіңе.
Дос емес жанның бәрі саған мендей,
430 Көрінбе бұл түріңмен ел көзіне.

Берейін жаман киім, таздың кебін,
Барғанда ел шетіне соны киін.
Әрі қожа, молламын дуам күшті,
Қарағым, қысылғанда маған сыйын.

Көрмейсің мұнан былай мехнатты,
«Табасың ашығыңды» деп жұбатты.
Дейтұғын Қара Қожа қожаң менмін,
Айтқаны келетұғын кәрәматті.

Арыстандай айбатты, отты жүрек,
440 «Ашу — дұшпан, ақыл — дос» деген, сірә,
Бойыңды ақылменен жеңу керек.
Бір нәрсе сұраймын, берсең қашпай,
Қанішер боп қолыңды былғай көрме,
Ашу үсті достыңа ақылдаспай».

Айрылды, он бес күндік азық берді,
Күйтіне күрең ат та әбден келді.
Басына Сандықтастың шығып тұрып,
Отырған Аягөзде елді көрді.

Бір жерде Қозы бала аттан түсті,
450 Бар киімін қоржынға қаптап салды.

Қожа берген қой жүні қоңыр пөстек,
Басына таздың кебін киіп алды.

Қуанып ел көргесін таз келеді,
Құбылып тазша болып өзгереді.
Құлдилап Аягөзде келе жатса,
Бір тазға қойды жайған кез келеді.
Қой жайған, Қозы бала, тазға келіп,
Таз келіп, таз қойшыға сәлем берді.
— Бұл қойың, кімнің қойы, қой жайған таз,
460 Айта бер елдің жөнін бізге? — дейді.
Аласа тапал бойлы кәрі тазша,
Сұрайды айранымды депті ойы.
Теріс қарап, қыңыртықтап жауап берді:
— Қайырсыз хан Қарабайдың қойы.

Қозы айтты:

— Кеселді таз мінезі емес майда,
Болады желікпелі осындайда.
Қайырсыз хан Қарабай қойы болса,
Байыңның тура сілте, аулы қайда?

Шал айтты:

— Басыңды сенің жеген құрт мен емес,
470 Шаш шығар басымызға құрсақ кеңес.
Үш барып кешке шейін, үш келесің,
Ауылы осы арада ұзақ емес.

Қозы айтты:

— Өсіпті самай шашың ешкім алмай,
Сіркесі тізіліп тұр таңдай-таңдай.
Екі таз аулақ жерде сырласалық,
Бойжеткен Қарабайдың қызы қандай?

Шал айтты:

— Антұрған таз, тобаңнан жаңыласың,
Қой жүні пөстегінді жамыласың.

Жалатпас қыздар саған табанын да,
480 Қышылын сұм тазшаның не қыласың?

Қозы айтты:

— Келеді, міне, осындай малшы деген,
«Бастасын» деп сыр сұрап ем, тазша, сенен.
Бермеймін мен кеулімді байлығына,
Садақа қызы қабат малыменен.

Шал айтты:

— Алдама, сендей тантық көргенім жоқ,
Соларға пар келе ме сендей шартық.
Салтанат, киген киім, жүрісі анау,
Сені мен сонда дағы менен артық.

Қозы айтты:

— Сұлу деп естіледі әруағы,
490 Артық та артық болса, менен бағы.
Баласы мен де адамның [солар құрлы]
Қызы бар қандай-қандай сонда дағы?

Шал айтты:

— Сұрасаң қыздың жайын, тазша бала,
Екі қыз Ай мен Таңсық — ол бір дана.
Қыпша-ай бел, алма мойын, алтын жүзді,
Олардан Баян сұлу жеке қара.

Қозы айтты:

— Біз түстік әңгіменің ұзын сарын,
Бар шығар теңлес кісі біреу-жарым.
Малшылар бай қызымен сырлас келер,
500 Көрдің бе кіріп шыққан тамырларын?

Шал айтты:

— Бар екен сен тазшада бір шағым қу,
Бетіңнен ашық оты шықты ду-ду.

Тоқсан құл Қодар менен сере бойдақ,
Бәрін де бір сұлулық қойды байлап.
Баянға алмақ түгіл, сөйлескен жоқ,
Күлмейді езу тартып, Баян ойнап.

Қозы айтты:

— Байғұс шал, жас күніңнен болдың малшы,
Ашиды жаным саған тілімді алшы.
Жетерлік өміріңе пұл берейін,
510 Қойыңды мен жаяйын, кетіп қалшы.

Шал айтты:

— Мен үшін қойды жайсаң егер, балам,
Қорлықпен сөнді менің жігер санам.
Тәшкенді пұлым болса, табар едім,
Көрінбей кетер еді бұл таз ағаң.

Ер Қозы барлық сырын айтты шалға,
«Бұл сырды айтпа, — дейді, — тірі жанға».
Үстіне хан Қарабай келіп түсті
Екеуі ақылдасып отқанында.

Қойшыны келе сала шақырады,
520 «Қой жаймай отырсың», — деп ақырады.
Қамшымен тарсылдатып сорлы тазды,
Мейлінше қиянаттап бақырады.

Қамшысын тазша бала ұстай апты,
Қарабай Аққайыңмен омыраулатты.
Ұстап ап, шоқтығынан басып қалса,
Аққайың шөге түсіп, жатып қапты.

Қорықты Қарабайдың өңі қашып,
Атынан түсе қалды асып-сасып.
Түсті ме, қорықты ма, әлде ойына,
530 Тазшамен жөнге келді, сөз сұрасып.

Тазша айтты: «Осы шалдың баласы ем,
Әдейі әкемді іздеп, мен шығып ем.
Ұлықсат болса әкемді қайтарамын,
Орнына енді қойды жаямын мен».

Қарабай айтты:

— Келіпсің, балам, жүріп бірталай жер,
Қартайған сұмырай әкең, кімге дәркер.
Өзі де қой баға алмай қалжырап жүр,
Ұлықсат бердім, енді қайтара бер.

Соны айтып, хан Қарабай қайтып кетті,
540 Қызы мен қатынына айтып кепті.
«Жарайтын не керекке қайраты мол,
Шал тазшаға жас тазша таптым» депті.

Қозының бұл жұмысы оңға кепті,
Табады ақылменен бұл себепті.
Қойнына сары алтынды толтырып ап,
Шал тазша Тәшкен тартып, жүріп кетті.
Ер Қозы барлық сырды шалдан ұқты,
Ер Қозы өз ісіне өзі мықты.
«Тазшаны жаңа келген көреміз», — деп,
550 Алдынан қой қайтқансын үш қыз шықты.

Баянды Еркеш дейді еркелетіп,
Кигені кәмшат бөрік, күміс етік.
«Үш қызды көреміз» деп тазша бала,
Алдынан қоя берді мөлтілдетіп.

Тазша айтты:

— Шал емес күндегідей, мен — жас тазша,
Болмайды қыздың жолы менен қашса.
Тасқан су шарасынан асқан емес,
Кетпейді таудан асып, талдан асса.

Қыздар айтты:

- Шал емес күндегідей, сен — жас тазша,
560 Құдыққа дәрет етер құлдар тасса.
Тұншығып, сорлы тазым, өліп қалма,
Ұстап ап «түйе бас» қып қыздар басса.

Тазша айтты:

— Байқап бас маған қарап аяғыңды,
Тұншықтыр Қодар, тоқсан саяғыңды.
Дәнігіп құл-құтаннан жүр шығарсың,
Есіңе бір салармын баяғыңды.

Қыздар айтты:

- Таз емес, таз мінезі ерен екен,
Өз мінін сұмырай тазым көре ме екен?
«Теп-тегіс елдің бәрін құл-құтан» деп,
570 Құл емей, қой жайған таз, төре ме екен!

Тазша айтты:

— Бойымда талдай мін жоқ көретұғын,
Соңымнан сендей қыздар еретұғын.
Сыртым тазша болғанмен, ішім дана,
Қасиетім бар, қыздар, жақсы көретұғын.

Мен көрдім қарағатқан аққу құсты,
Ұша алмай ащы теңіз көлге түсті.
«Тоятқа сол аққуды ілемін» деп,
Алыстан бір күшіген тілеп ұшыпты.

Баян айтты:

- Көргенің ақ құтан ғой, аққу емес,
580 Көрінген көл бетінде көзге елес.
Тояты күшігеннің — тышқан, жемтік,
Күшіген, сірә, аққуды ілем демес.

Жақсыны жаман күндеп, табалайды,
Ақылдың жан шамасын шамалайды.
Түс көрдім өткен күні жоры, тазым,
Сол көлді бір ақ сұңқар жағалайды.

Қозы айтты:

— Баян қыз, сен ортаға шыққан шынар,
Бәрі де Қодар, тоқсан саған құмар.
Сол көлді бір ақ сұңқар жағаласа,
590 Еркешім, сені алатын күйеу шығар.

Соны айтты, хан Қарабай айқай салды:
— Қотанға әкеп йір, тазша, малды.
Күреңмен қой қайтарып, желіп жүріп,
Шырқатып, тазша бала әнге салды.

«Күркілдейт кәрі бура тісін қайрап,
Қотанға кәрі інгенді қойдым байлап.
Матауда қос құнанша босана алмай,
Боздайды арқандаулы ақ нартайлақ.

Ауылды бақа менен шаян басты,
600 Шошқаға тоқсан дөнен қабан басшы.
Болғанда шошқа-қабан, бақа-шаян,
Былығып ылғи нажас араласты.

— Тазшаның, — Таңсық айтты, — кесел сөзі,
Өтеді өңменімнен екі көзі.
«Таз болмас тегін кісі» дегендейін,
Таз емес, тіпті, тегін таздың өзі.

Оспадарсыз Қарабайдың сөзі ерсі:
— Қайдасың, ойбай, Таңсық, бері келші.
Өлеңмен сұм тазшаның айтқаны не?
610 Шешуін сол сөзінің шешіп берші.

Тыңдамас хан Қарабай ылди-өрдi,
Қыс өтсе, таяғымен ұрар жерді.

Мазасын «айтшы, айтшы» деп кетіргесін,
Таңсық қыз Қарабайға айтып берді:

- «Бура» деп, кессең тілін, өзіңді айтты,
Байлаулы інген — бәйбішең шынын айтты.
Матауда қос құнанша — Таңсық бен Ай,
Арқандаулы нартайлақ — жалғыз қызың.
Тоқсан мың бақа шаян бұларды айтты,
620 Тоқсан сал — тоқсан шошқа бұларды айтты.
Күйеуің су иесі Сүлеймендей,
«Қабан» деп қорсылдаған соларды айтты.

Қарабай айтты:

— Не дейді, тоба Құдай, әстаупіралла,
Қарақтарым, малды бақсын, тазшаны алда.
Сөзінің не десе де, керегі жоқ,
Болады, жайлы болса, маған, малға.

- Соны айтты, тазша батыр үйге келді,
Күндегі тазшадай-ақ күйбеңдейді.
Сайманын босағаға іліп жатыр,
630 Бір табақ өкпе салып қойды алдына,
Күндегі өкпе жейтін тазша пақыр.

Тазша айтты:

— Қарабай, мыңмен жарлы сансыз малды,
Өкпеден басқа тамақ қайда қалды?
Мен өкпенді жейтұғын кісі емес, — деп,
Табағын қойып жерге, екі жарды.

Қарабай айтты:

— Біреу бай, біреу жарлы күндемелік,
Дананың қылған ісін міндемелік.
Басымды табақ түгіл, жарса дағы,
Кетеді малды бақпай, үндемелік.

- 640 Үндемей үйден тазша шығып кетті,
Күреңді мықты арқанмен арқандапты.
«Ұйқымды бір қандырып алайын» деп,
Қалың қойдың шетіне барып жатты.
Алаңсыз ұйықтап қалды, тіпті қатты,
Қойнында еді көрсетпей буып алған
Ақ семсері алтын шеге, гауһар сапты.
«Сол үш қыз келген екен байқайын» деп,
Бір нәрсе кеудесінде жарқырапты.
Келіп көрсе, сабы екен семсерінің,
650 Семсерге сонда үш қыз таңырқапты.
«Бұл семсер тазға ылайық семсер емес,
Мұнда бір сыр бар екен кәрәмат-ты».
Үшеуі тұрып, тұрып қайтып кетті,
Тазшаны оятуға бата алмапты.

Енді үш қыз үйге келіп, ақылдасты,
Бірі ол, бірі бұл деп көп таласты.
Біле алмай қорқарын да, қуанарын да,
Тазшаның салауаты мықтап басты.

- Ерте тұрып ерттеді Күрең атты,
660 Ер салып, Күреңіне мініп апты.
Таңдағы бозторғайға дауыс қосып,
Шырқатып тазша бала, әр шырқапты.
Сыбызғының сырындай нәзік әнді,
Тамылжытып, қалқытып, сорғалатты.
Ауылдағы кәрі-жас бәрі оянып,
Таңертеңгі ашылды ұйқы тәтті.
Таң жырымен қосылып салған әні
Үш қыздың сай сүйегін сырқыратты.
Тазшаның сонда мынау айтқан сөзі,
670 Бір нұсқа белгісіндей ишаратты:

— Таң атпай мен мінемін Күреңіме,
Жетем бе, жетпеймін бе тілегіме.
Кім білсін, әлде қастым, әлде достым,
От салған шақпақ салып жүрегіме.

Тоғызы кем толтырып бірдің орнын,
Сегіз-ақ сан қалды деп күледі ме?

Баян айтты: «Не болды, сендер, түйіп,
Өне бойым барады қызып, күйіп.
Білмеймін қорқыныш па, қуаныш па,
680 Жүрегім кеудеме түр әзер сыйып.

Тазшаның даусы маған әсер беріп,
Сай сүйегім сырқырап кетті еріп.
Біліңдер кім де болса тазша жайын,
Түсте әкеп қой жусатар қалың [шілік]».

Аунасын деп жіберді Күрең атты,
Жатты да шалқасынан бір саяға,
Былай деп тазша өлеңді қоңырлатты:
— Мен кіммін, мен — хан ұлы мінген таққа,
Бөленген мәнсап, сыйлық, дәулет, баққа.
690 Күмістен босағасы ақ ордада
Жатушы ем, үрлеп ішіп, рахатта.
Рахат дегенімнің бәрі — өкініш,
Былғанып жатыр екенмін қиянатқа.

Сол елдің мен бастадым айт пен тойын,
Мен барсам, тіке тұрып, қол қусырып сояр қойын.
Бозбала, қыз-келіншек жинап алып,
Болғанда күндіз жарыс, түнде ойын.
Төрт түлік түгелдеусіз менің малым,
Лықылдап алып жатқан өлке бойын.
700 Жол сауда қыпша сұлу талай құштар,
Ай жүзді, ақша маңдай, жұпар қойын.

Қолға алып жалаң найза шаптым жауға,
Олжалап жанға талай бердім сауға.
Ел шауып, еге болып, кісі өлтірсе,
Төрелік беріп едім талай дауға.

Әкемнен жас қалыппын, алған тілеп,
Артымда көрі шешем қалды-ау жүдеп.

Алда аға, артта іні болмаса да,
Азулы [керік] міндім айға сермеп.
710 Бәрін де сол өмірдің талақ етіп,
Туған ел, туған, өскен жерден кетіп.
Сүйгенім ақ Баянды іздеп келіп,
Қойшы боп қоржын салдым, шарық мініп.

Батагөй тілін алмай Тайлақ бидің,
Өзгені қой, шешемді нағып қидым!
Сен үшін Қарабайдың қойын жайып,
Тазшаның сау басыма кебін кидім.

Мен ырза сені іздеп келгеніме,
«Келсін» деп сен белгіні бергеніңе.
720 Мехнат, көрген қызық бәрі де ұмыт,
Тұрмайды жүзіңді бір көргеніме.

Алыстан лебің мені алды тартып,
Қозғадың хан тағымнан жатқан шалқып.
Мен саған аяғымнан бара алмаймын,
Берсем де тіршілікте мүлде сарқып.

Ырза боп бір көргеннен ашық жарын,
Нұрына өлең айтып, жатыр балқып.
Сен үшін өлсем дағы арман емес,
Жана да сүйгенім жоқ сенен артық.
730 Барған қыз сөзін тыңдап, ұғып алды,
Ауылға көрінбестен қайта салды.
Домбалдай екі көзі көп жылапты,
Баян қыз көргеннен соң, шошып қапты.

— Білдің бе, кім екенін тазша жайын,
Жүрегім от боп күйді, барған сайын?!
Әлде бір жаман хабар есіттің бе,
Жылайсың неге мұнша, айналайын?!

— Барып ем, қоя берді тазша зарлап,
Сөзінің бір ұштығын Баянға арнап.

- 740 Зарына шыдай алмай, кеулім босап,
Сол жерде жаттым тыңдап, сөзін барлап.

Сол тазша сар далада көп сөйледі,
«Баянға мен де ғашық» деп сөйледі.
«Қалды, — деп, — малы құрсын, кәрі шешем»,
Өзінің қамын тағы жеп сөйледі.
«Балталы, бағаналы елім, — деді,
Тайлақ би ел меңгерген бегім, — деді.
Қалды деп малы құрсын, кәрі шешем»,
Тазшаның соны айтып егілгені.

- 750 «Өтірік сөз, айтпаймын, жалған, — деді,
Баянға аяғымнан барман, — деді.
Жана да сүйгенім жоқ одан артық,
Көрмеймін өлсем дағы арман», — деді.

Баян айтты:

— Уәделі күні еді келер деген,
Мен үшін Қозы ма екен қайғы жеген.
«Мен сендерге кеше айттым тек емес» деп,
Жүрек сорлы білгеннен дүпілдеген.

- Қыз Баян осы таздан үміт етті,
Бір үміт көз алдында елестепті.
760 Лайық торқа киіп үлде-мүлде,
Алдынан қой қайтқансын үш қыз кепті.

Баян айтты:

— Емессің кешегідей бүгін, тазша,
Сөйлеселік, азырақ кеңес баста.
Кереметің бар екен білдік, тазым,
Қыздың жолы болмайды, сенен қашса.

Қозы айтты:

— Қыз Баян, үкі тақтың желегіңе,
Ойыңның салып тапшы тереңіне.

Мырзаға Қодар сынды қол артқанда,
Тазшаның мен сықылды керегі не?

Баян айтты:

770 — Қой жайып Аякөзді өрледің бе,
Көп ішіп қорықтығың терледің бе?
Кешегі өзіңізге жортқан түс —
Далада ақсұңқарды көрмедің бе?

Қозы айтты:

— Тұяғы ол сұңқардың полат тағы,
Тұғыры маңайына жолатпады.
Алыстан тілеп, ұшып келген сұңқар
Түнде кеп қой ішіне қонақтады.

Баян айтты:

— Сұңқардың жалғыз ұшқан сияғы не?
Сөзіңнің басын ұқтым, аяғы не?
780 «Есіңе бір салармын» демеп пе едің,
Саласың қашан еске баяғыны?

Қозы айтты:

— Наныңдар тура жолдан таймасыма,
Қастықпен ешкімге көр қазбасыма.
Есіңе сонда салам баяғыны,
Қашанда шаш шыққанда таз басыма.

Бір келіп шолып қайтқан тастүлегі,
Бұл келген жас балапан жас тілегі.
Тұғырға қонбақ түгіл, жоламайды,
Күшіген кетсе, саңғып қаскүнемі.

790 Соны айтып, тазша батыр үйге келді,
Бәйбіше «көтен, мойын қойдым» депті.
Мойынын көтенімен итке тастап,
Үндемей үйден тазша шығып кетті.

Бәйбіше айтты:

— Мінезі бұл тазшаның тіпті жаман,
Бәрі де малшылардың өкпе жейді,
Бұған мен жал-жаяны қайдан табам?
Күреңді байлады да қазығына,
Тәңірім сақтасын деп жазығынан.
Қораның шетіне кеп жатып алды,
800 Өзінің жеді дағы азығынан.

Ер Қозы Баян үшін мейнат шекті,
«Сездірмейік еш адамға, қыздар» депті.
Теп-тегіс елдің бәрі ұйықтағасын,
Қасына Қозыкеңнің үш қыз кепті.

Қыздар айтты:

— Келіп ек сізді ұйқыда мықты ма деп,
Сөзімді әлде теріс ұқты ма деп.
Бастаймын баяғыны деп едіңіз,
[Біз келдік] басыңызға шаш шықты ма деп.

Көтеріп Қозы сонда алды басын,
810 Баянға шын аударған шын ықыласын.
Басынан таздың кебін алып тастап,
— Мінекей, шықты деді менің шашым.

Көтеріп қолтығынан отауға әкеп,
Болғансын неше түрлі тамағын жеп.
Ай, Таңсық екеуіне төсек салып,
Жатқызды «қосағыңмен қоса ағар» деп.

Жібектей күлтеленген таңдайланып,
Баянның нұры тасты гүл-гүл жанып.
Полатпен қайнағандай,
820 Қосылды, екі ашық мейірі қанып.

Баян айтты:

— Келіпсін, жалғыз саяқ,
Қоңыр күз, қыс та болса, қалды таяп.
Көрерсің неде болса, жаз шыққансын,
Жүре бер, қойды жай да, арланбай-ақ.

Баянның құмары асты күн-күн сайын,
Қозының не керегі бәрі дайын.
Баян мен Қозы Көрпеш жата тұрсын,
Айтайық біз Қодардың біраз жайын.

830 Бір күні жылқы жақтан Қодар кепті,
Қарабай күйеуіне өмір етті.
«Тойынсын жаздай сауған жабағылар,
Биеден байланбаған байла», — депті.

Жылқыдан жүз биені бөліп алды,
Сол күні тазша бармай қойдан қалды.
Жылқыны Бақа айғырмен жинап келіп,
«Тоқпақ, құрық, желі», — деп айқай салды.

840 Қарабай тазшасына өмір етті,
Ноқтаны желі менен алып кетті.
«Тоқпақты құрық пенен апар», десе,
«Олардың керегі жоқ, маған», — депті.

Қодар айтты:

— Ақымақ, жаман тазша,
Басыңды жұлып алып, қазық қақса.
Құрықты, тоқпақ пенен әкелмедің,
Ұстарсың сирағынан құлын қашса.

Үш қыз бен хан Қарабай қарап тұрды,
Қодар да Бақа айғырдың мойнын бұрды.
Қалғанда тізесімен бір-бір басып,
Қазығы ұңғысынан жерге кірді.

Тазша айтты:

850 — Қодар-ау, сіз — байбатша, Баян — жарың,
Тазшаңда білмейсің бе, қайрат барын?
Сүйретіп сирағынан желіге әкеп,
Байлады ылғи асау құлындарын.

Қодар батыр [сол кезде] мазаттанып,
Қарық-қарық күліп қақты арқасынан.
«Жарайды серіктіктікке осы тазша,
Ұстайды сирағынан құлын қашса,
Тұрмайды бір керекке сенен басқа».
Аякөзде жатады жылқы байлап,

860 Көрінгенмен жүреді Қодар ойнап...*

(Аяғы жоқ)

* Қолжазбадағы жыр мәтіні бітпей қалған.

Қозы Көрпеш — Баян сұлу

(*Мұқыш Нукин нұсқасы*)

Шебер тіл ғой шешетін сөздің сырын,
Көңліңе түсіріп сәуле нұрын.
Қарабай, Сарыбай хан болыпты,
Өткен сонау ғасырда бізден бұрын.

«Мың соққан» деген қазақ мәтелі шын,
Мың біткеннің болады бәрінде жын.
Қапысыз Қарабайдай хан өтіпті,
Шын болса, жылқысы бар дәл тоқсан мың.

- 10 Қайырымсыз қатал бай, дәулеті көп,
Құлқынына сыйғандай жер менен көк.
Көрші-қоңсы, күң менен құлдарына
Тамшыдай тамызатын рақымы жоқ.

Жүзінен бір кетпеген кесір сызы,
Қуаныштың түспеген өмірі ізі.
Айтады «ағасының қызы еді» деп,
Ай, Таңсық — асыранды екі қызы.

- 20 Тай-тайлағы таңбасыз, тоқтысы еңсіз,
Қойы сансыз, жылқысы түгендеусіз.
Боранда қасқарып қой бастайтын
Мың серке жамалы аппақ, меңсіз.

Аю шаш, қызыл өңеш, теке ерін,
Ақбас бура бастайтын түйелерін.
Қарабайдан басқаны аралатпас,
Бақташы сыртынан шолыр жатқан жерін.

Мінбей жарап Бақа айғыр жазы-қысы,
Соңынан шұбыратын бар жылқысы.
Жаз самалға, бастайтын қыс тебінге,
Жылқы бетін бұрмайтын жылқышысы.

- Оның түбін сұрасаң түрікпен-ді,
30 Түрікпеннен Қарабай үріккен-ді.
Қарабайға қолшоқпар төлеңгіт болып,
Елден шыққан не бұзық іріктелді.

Болымсыз бір сөз үшін жанжалдасып,
Қарабай қыңыр болып, ауа қашып.
Балталы, бағаналы елін тапты,
Дария өтіп, шөл кезіп, таулар асып.

- Тайлақ би Балталыға қадірлі би,
«Сыйға-сый, — деген дейін, — тигенге ти»
Жүз кісі ертіп келеді Қарабайға,
40 Ерулік тарту алып, тоғыз бен сый.
Бермепті Тайлақ биге қонақасы,
Малқорда, ақмақ бай шірінді мый.
Ел-жұрты намыстанып, бек айтады:
— Көшірейік, он бір сан халқыңды, жи.
Би сонда қасындағы көпке айтады:
— Оларың дұрыс емес, сөзіңді тый.
Кеткенің тұлпар болса, құйрығын кес,
Келгенін қошеметтеп, қойыңды сой.
Жөншілікпен ол саған алдырмайды,
50 Ебін тауып тамағын мақтамен қи.

Қанды судай көрмейтін жаңғыз ұрттам,
Сараңдықпен, ел ақтап жерді құртқан.
Секілді боқ аунатқан, ол бір қоңыз,
Мал үшін кезіп жүрген ел мен жұрттан.

Сарыбай хан боп өткен Ормамбетке,
Намысын бермейтұғын елдің шетке.
Бала үшін екі қатын алса дағы,
Зар болып жүруші еді бір перзентке.

- Бір жынды «Сарыбай қубас» десті,
60 Қысқа кекті, ағайын, ұзыннан өшті.
«Қубас» деген сөзге шыдай алмай,
Елімен өкпелесіп о да көшті.

«Тоқта» десе, еліне тоқтамапты,
Хан мінезі — әдеті өте қатты.
Үдеріп күн-түн қатып, көшіп келіп,
Бұ дағы Балталының елін тапты.

- Сән-салтанат сайманы елден артық,
Отыз нарға келіпті жамбы артып.
Шұрайлы жақсы жерден қоныс алды,
70 Тоғыз қылып, Тайлақ биге тарту тартып.

Үйіне бос қайтпады келген адам,
Біреуі ат мінсе, біреуі киіп шапан.
Би мен бектің толған соң көмейлері,
Ел болып Сарыбайды хан сайлаған.

Қарабайдың елімен жоқ қатынасы,
Қалайда пайда табу ықыласы.
Бір күні ерте тұрып, аңға кетті,
Дәл сонда жетпіс бірге келген жасы.

- Сақалы белуардан, аппақ шашты,
80 Ер қара, денелі түнек қасты.
Көз сүйегі ордай еңірейген,
Мұрыны елестетер қолағашты.

Төрт аяқты жылқының тұрпаттысы,
Аққайыңмен келіп бір белден асты.
Кәрі аңшыны көрген соң түсі суық,
Бұғып жатқан бір марал тұра қашты.

- Ат үстінен тартқанда кәрі күшті,
Қос қанатты саржа оғы зырлап ұшты.
Дәл тимей осы жолы атқан оғы,
90 Маралдан өнеғұрым асып түсті.

Марал түгіл аюды атып көрген,
Айнымайтын нысана алған жерден.
Садағын ашуланып екі бөлді,
Оғы шығын болмайтын кәрі мерген.

Шықпады қиын құждан марал қашты,
Қиын құж аралады ну ағашты.
Марал да, өзі де әбден діңкеледі,
Күн батты, әбден қарны да ашты.

Жазығы жоқ маралмен болды кекті,
100 Тар түбекке күн батты, марал кетті.
«Жерге кірсең алам, — деп, — ертең сені»,
Қаңтарып Аққайыңды жата кетті.
Себеп туса себептен не болмақшы,
Себеппенен балқытар қара тасты.

Себебінен бүлінер рулы аймақ,
Себепсіз тілек, сыртқа шықпай жайнап.
Себеппен батырдың туы құлап,
Себеппен бақыт қонып, бақыт таймақ.
Сарыбайдың себепкер ажалына
110 Оқиғасын айтайын, себепке айғақ.
Керқызыл мен ханымның бозжорға атын
Кермеге қоюшы еді түнде байлап.

Себеп болар сараңның бермесіне,
Себеп кейде жаңылтар ерді есінен.
Ханымның бозжорға атын мәпелеген,
Түнде жарып кетіпті кермесінен.

«Тоспадан тосамын» деп Сарыбай хан
Керқызылмен жөнелді сарғая таң.
Қарай-қарай іздерді аңғарады,
120 Жасынан шебер еді аулауға аң.

Керқызыл емен болып алған жарап,
Жарасымды ер тұрман қару-жарақ.

Соны жерден із кесіп келе жатты,
Сайға үңіліп, бұтаны тесе қарап.

Өшігіп қорқау еді көздегені,
Басқа аңдарды атпады, кез кеп еді.
Ханың тауды қақ жарып келе жатып,
Біреуге ат қаңтарған кез келеді.

Ат алдынан Қарабай атып тұрып,
130 Үндемей қала берді, ол қырсығып.
Ақсақалды адамды көрген соң,
Сарыбай сәлем берді қол құсырып.

Сарыбай ақылды еді талғамы кең,
Қарабайға қайратқа келмейді тең.
Көрместен сыртынан істі түген,
Сарыбай Қарабайдан сұрайды жөн.

— Ер адамға өзімді баламаймын,
Дәулетке елден озған дарадаймын.
Жетпіс бес жасқа келгенше баласы жоқ,
140 Сең соққандай сандалған Қарабаймын.

Көлдей толқып жатса да зұлымдығы,
Сыртына шығармайтын сырға мығым.
Әдісін, ауамалын Хақпен қылған,
Сен кімсің сырты жылы, іші жылым?

— Бет алдың сеңгір таудың қамсағындай,
Ызғарың қатты қыстың қаңтарындай.
Алпыс жасқа келгенше баласы жоқ,
Менде өзіңдей сенделген хан Сарыбай.

Екеуміз де бірталай жасқа жеттік,
150 Перзент тілеп, Төңірге зарлық еттік.
Бір қайғыға ортақтас жан екенбіз,
Ендеше, дос болайық қияметтік.

Ақ пейіл адамдай, желдей есіп,
Ботасын мойнына салып, белін шешіп.
Екеуі аттан түсіп құшақтасты,
Жаны бір, малы ортақ дос болдық десіп.

— Достық кімге ауады сынасалық,
Орынсыз өкпелеспей кінә салып.
Ұл туып, қыз туатын заман болса,
160 Қалыңмалсыз беруге шыдасалық.

Бала үшін бетті жаспен жусам дағы,
Дәулет құсым аспанға бір самғады.
Бала десе, аңшыдай айламенен
Белімді қанша қатты бусам дағы.
Сол қайғымен кетіп ем, алға шығып,
Босаңсып қанша қатты тұсам дағы.
Таң сәріден кездескен бір маралды
Ала алмадым күн ұзын қусам дағы.

Ат шаба алмай дүниемнің ауырынан,
170 Сыртыма терім шықты жауырынымнан.
Түн аударып, таң-кешім қажымаушы ем,
Тұрғандай болдым сүзек аурудан.
Тәулік шапсам, қолтығы бусанбайтын,
Тер шықты Аққайыңның сауырынан.
Шапқанда шашасына шаң жұқпайтын,
Шаң түгіл, сорасы ақты бауырынан.

Дос болдым, қонысы бір әрі көрші,
Достықпен айтқан сөзді көрме ерсі.
Бұл маралдың ызасы әбден өтті,
180 Мерген болсаң, осыны атып берші.

— Шын дос болсаң, Қареке, ердім саған,
Жас жеткенмен түскен жоқ, көзге таған.
Бұйрықты аңды кездескен құтқармаушы едім,
Мылтығым ұрындыдан көрсет маған.

— Тар түбек алдындағы шатқал арал,
Атқанда оғың тис, мейірің қанар.
Қашып кетіп жүрмесін, көріп қойып,
Аңдап барсаң, алдыңда жатар марал.

— Маралдың жатқан жері қалың томар,
190 Жүректен дәл байласаң, оғың соғар.
Маралың буаз екен ата алмаймын,
Әйелім екіқабат, кесел болар.

— Аң жаралған адамның пайдасына,
Біреу атып, біреуге байласуға.
Обалын мен тартайын, қорғанбай ат,
Көріне тисін менің қай басыма.

Қынжылып мылтығының оғын салды,
Көтеріп нысанаға бетін алды.
Жүректен дәлдеп байлап тартқанында,
200 Кетсін бе, ұрындыдан құлап қалды.

Араны үлкен Қарабай, пейілі тар-ды,
Аранға қиған құрбан ұят-арды.
Адамнан аң болып туған хан Қарабай,
Маралдың жаны шықпай, ішін жарды.

Ішінен егіз бұзау тулап түсті,
Сарыбайдың көргенде зәресі ұшты.
Ажарлы ақсақалын қанға бояп,
Маралдың жылы қанын тойғанша ішті.

Қан ішіп, хан Қарабай көңілденді,
210 Екі беті албырап, өңі де енді.
«Неге отырып қалдың?» деп орныңда,
Қасына Сарыбайдың қайтып келді.

— Маралың құрып қалсын, айтпа жоқты,
Сені қимай шығардым, маралға оқты.
Қатал едің, далаға тастап кетпе,
Мен өлемін, киесі мені соқты.

Соны айтып, хан Сарыбай жан тапсырды,
Қасында хан Қарабай біраз тұрды.
«Өліміңе болайын», — деді дағы,
220 Досының кеудесіне тас бастырды.

Қарабайдың қарасаң, қара ниетін,
Шіркіннің шіркеу шалмас, сірә, бетін.
Досының өлгеніне қуанды ол,
«Өзім, жалғыз алам» деп марал егін.

Достықты айтып еді өзі бастап,
Пейілі тар мейірімсіз, мінезі сондай асқақ.
Егіз лақ [пен] маралды теңдеп алып,
Достысын жапан түзге кетті тастап.

Қарабай бұл мінезін не сән көреді,
230 Өзіне-өзі ақылды бір тәуір жан көреді.
Шырышты төмен қуалап келе жатып,
Алдында будақтаған шаң көреді.

Сарыбай мергендікпен маралды атқан,
Маралға ант Қарабай дінін сатқан.
Ханымы Сарыбайдың буаз екен,
Босанып аман-есен бір ұл тапқан.
«Сүйінші Сарыбайдан аламыз» деп,
Сол ауылдың адамы екен, келе жатқан.

Бұлар келіп сәлем берді Қарабайға,
240 Дұрыс сәлем алатын ол Қарабай бай ма?
— Мал қадірін білмейтін көп ақымақ,
Ат терлетіп барасың, — деді, — қайда?

— Жылы сөзге шығады жылан іннен,
Қатты сөзге қайытылар қаймал іңген.
«Ақсақалды адам» деп сәлем берсек,
Сен кім едің қара есекке теріс мінген?

— Сендер алтау, мен жалғыз, жасым көрі,
Көптігің мен жастығың кімге дәрі.

Ала мойнақ, бұзаутіс қамшы тиер,
250 Жаның барда кетіңдер менен әрі!

— «Ақсақал» деп ойлап едік көпті көрген,
Ант екенсің сөзіңнен пәле өрген.
Мылтықпен маралды қайдан алдың,
Хан Сарыбай емес пе атып берген?

Таңертең кетіп еді, қасқыр қуып,
Ойлап едік «жүр ғой» деп жерде жуық.
«Сүйінші алайық» деп шығып едік,
Әйелі өзі жоқта бір ұл тауып.

Сарыбай сағым мініп, желге жеткен,
260 Алты ақмақ еңбегіңді сарып еткен.
Іздеме Сарыбайды босқа әуре болып,
Жете алмайсың біржола мүлде кеткен.

Адам туып, аң болып өмір сүрген,
Алжыған арландай-ақ көрмей үрген.
Жұрт иесі ханыма жора бастап,
Орнына өзің кеткір мүрдем.

Бұл сөзге ызаланған кәрі күшті,
Қамшысын үйіреді бұзаутісті.
Алтауы алты тартып қалғанда,
270 Аттарынан домалап, бөрікше ұшты.

Алтауын жаяу тастап, жүзіп кетті,
Шаңқай түсте аулына келіп жетті.
Ханымы Қарабайдың бір қыз тауып,
Сүйінші сұрап сақау кемпір кепті.

— Қарабай, кісі жоқ сізден бақты,
Ойыңа алып, тәубе етсе, жалғыз Хақты.
Шыр еткенге зар болып жүруші едік,
Ай мен күндей бәйбіше бір қыз тапты.

Жетпіс жастан асқанда туған айың,
280 Бір жібірсің болсаң дағы тастан қатты.
Өмірде жанған жалғыз шырағың ғой,
Сүйіншіңе сақауға мінгіз атты.

— «Ал» дегенді естісем, жаным сүйер,
«Бер» дегенді естісем, ішім күйер.
Былжырамай, сақау ғар, жөнің тап,
Алты таспа, бұзаутіс қамшым тиер.

— Қыз баланы қуаныш көрмейсің бе,
Қуантқалы келгенді жерлейсің бе?
Қартайғанда көрген бір перзентің,
290 Шынымен бір шапан бермейсің бе?!

Хан Қарабай келеді күн-түн қатып,
Егіз лақ, маралды қабат атып.
Сегіз өрме, бұзаутіс аламойнақ,
Басын жарды сақаудың сартылдатып.

Сол сақау құрдай болып жорғалады,
Аққан қаны мойнынан сорғалады.
Жар басында бар еді жарты лашық,
Сақау кемпір сонда барып, қорғалады.

— Үлкенінді-кішінді жалмап жерсің,
300 Маған берген жазанды Тәңірім берсін.
Сүйіншіңе қан қылып, қамшы бердің,
Ұлы-қызың мендей болып бейнет көрсін.
Тоқсан мыңнан түгі қалмай толықсыған,
Айықпастай басыңа бөле келсін.
Малдан басқа өмірі тілеуің жоқ,
Қара сенің соңыңнан қалай ерсін! —

Деп кемпір жылап, сарнағанда,
Қойны толып кетіпті қызыл қанға.
Тіл есесін қайтарып қамшымен,
310 Араша бермей ұрды тірі жанға.

Кемпірден сорғалатып қызыл қанды,
Көзіне елестетіп шыбын жанды.
Қос маралдың [лағымен] етін тұздап,
«Қатын саған қала» деп қуанады.

«Баян» деп бай қыздың атын қойды,
Ел айтты: «Ат шаптыр, істе тойды».
«Ұл емес, істемеймін қызға тойды»,
Зорлықпен бір қойды зорға сойды.

320 Кәрі құлақ естіген, көрген жоқ көз,
Ұғынып [ал сөзімді] тыңдаушы тез.
Қарабай аулына келе тұрсын,
Сарыбайдың аулынан сөйлейін сөз.

Көк шалғынға тігілген ақ ордасы,
Керменің атқа толған айналасы.
Ас үйдің жанында жер ошаққа,
Сойылған тай, үйтілген қойдың басы.

Жас әйелдер етегі сабсыр ала,
Ішек-қарын аршыған бәрі жана.
Етегіне оралып, «ет әпер» деп,
330 Соңынан еріп жүр жас балалар.

Қонақ үй ауылдан аулақ жерде,
Масаты қызыл кілем жайған төрде.
Үй іші лық толған ақсақал, би,
Тамаққа орын таба алмай ішіп-жерге.
Шешен шалдар өткенді, кеткенді айтып,
Қызып сөйлеп, буылып қара терге.
Иығында орамал, қолда шайың,
Табақшы болып ыңғайлы жігіттерден.

Тартқан желі, байлаған құлын [тізіп],
340 Бие сауып құлдар жүр күнге шыжып.
Шыбындаған құлынмен арпаласып,
Оларға әсер бермес мына қызық.

Топтанып қыз-келіншек таза киіп,
Шашбауы салақтаған белге тиіп.
Кәмшат бөрік, үкілі маржан тізген,
Күміс жүзік саусағын көмілдіріп.

Далада жас жігіттер ат мақтасып,
Қымыз ішіп, елігер судай тасып.
Мақтаны аттан шығып, қызға ауысты,
350 Әңгіме әбден қызып, шалқып тасып.
Қалжыңмен бірін-бірі кеміткенде,
Шорқақтары төмендеп қалды жасып.
Жайдақ таймен жарысып жас балалар,
Бір топ болып, өзі әлінше жүр жарасып.

Ас үйден төріне шейін шәйі жайып,
Сапы, пышағын шалбарына жанып-жанып.
Мәз болып ет жасаушы шалдар отыр,
Қанша ет алғаны өзіне анық.

Ордада бәйбішелер қабілетті,
360 Біреуі айтса, біреуі сипап бетті.
Біреуінің біреуі сөзін тоспай,
Сөзінің берекесі ұшып кетті.

Сол кезде алты жаяу келді үйге,
Көргендерін айтады Тайлақ биге.
Іздеуге Тайлақ би әмір береді:
[Елге] үйірде ат қалмасын, — деп, — айт
еркек үйде.

Тайлақ келіп айтады ханымына,
Ханымы сөз түрін таныды да
Беріктікпен сыртына шығармады,
370 Ішінен қан қатталып налыды да.

Іздесіп алды-алдына кетті шауып,
Ханым, Тайлақ ішінен қылды қауып.
Көбінің «өлді» деген ойында жоқ,
«Сүйінші аламыз» деп ханды тауып.

Астында ала аты бар көзге күйкі,
Ішінде бір тазша бар жаман сыйқы.
Он бір адам бір бөлек келе жатыр,
Бет алды шабуда ойқы-тойқы.

380 Он бір жасар баладай таздың бойы,
Дәл он бес жыл баққаны ханның қойы.
Ескі-құсқы ораған сары алтындай,
Тайлақ биден кем емес ақыл-ойы.

Көзі көк, басы таз, ерні жалақ,
Жоқшылыққа оралып, жүрген жылап.
Емшекке ерні тимеген, туа жетім,
Өскен сол сарқыт ішіп, жұғын жалап.

Тайлақ шешен дегенің топ иесі,
Дарыған десек болады сөз киесі.
Өлең жағына келгенде үйлесімі,
390 Жібекке тізген меруерт сөз жүйесі.

Тазша айтты: «Таба алмаймыз албат шауып,
Ханды аман табу өте қауіп.
Кешегі алтаудың ізіменен,
Өкше ізін Қарабайдың, алсақ тауып.

Қарабайдың бір сыр бар өкше ізінде,
Егер табам десең ізбен ізде.
Не өліп, не мертігіп жатқан шығар,
Аман болса Сарыбай, қонбас түзде».

Тазшаны біреуі сөгіп, біреуі боқтап,
400 Кейбіреуі «ұрам» деп, қамшы оқтап.
Кейбіреуі «тазшаға илан» деді,
Бір төбенің басына тұрды тоқтап.

Іштерінде бір жігіт басшысымақ,
Таздың сөзін қостады, о дағы ұнап.
«Ізді тапсын, ізден ханды тапсын,

Біз соңынан ерейік, тазды сынап».
Көзінен ірің аққан, басы бүрісіп,
Алтаудың өкше ізін тауып алып,
Күйкі аламен жөнелді тазша жортып.

- 410 Из түспейтін жер болса бетегелі,
Ізінің бетіменен төтеледі.
Барлығын бағындырып лажсыздан,
Итше ертіп, түйеше жетеледі.

Қарабайдың өкше ізін тапты келіп,
Ақ қайыңның ізі от орнындай,
Ізге түсіп, жөнелді тағы желіп.
Сарыбайды табады жатқан өліп,

- Орнынан қозғалмастан жатқан күйде.
Қолма-қол хабар берді Тайлақ биге,
420 Әуелі ханымға естіртпестен,
«Ұят болар апарсақ» деседі үйге.

Тайлақ айтты: «Хан еді халыққа ырыс,
Өлімді құрметтеуіміз болмас бұрыс.
Ханымға жырлап барып естіртуге
Қандай жыршы жіберсек болады дұрыс.

— Сіз ғой сөздің сынайтын ақ-қарасын,
Ханымға естіртуге тазша барсын, —
Десті жұрт, Тайлақ би де мақұлдады,
Барлығы бір ауыздан мақтағансын.

- 430 Күйкі аламен бөгелмей тазша кетті,
Тілге бай, ақын тазша сөзге епті.
Ханым ойға үңіліп отыр еді,
Тазшасы есіктен кіріп кеп, өлеңдетті.

— Тұғыры ақсұңқардың, тақсыр ханым,
Жаза бассам, тазшанды басқа ұр, ханым.
«Жақсы мал, — деген, — жанның садағасы»,
Боз жорға атты жеді қасқыр, ханым!

Аман-есен босандың, жесе жесін,
Табалаған дұшпандар десе, десін.
440 Өкесі өлсе, баласы — мирасқоры,
Ат өлсе, толтырмай ма тай есесін!

Бала өліп, әке қалса, кім мирасқор,
Тайы өліп, ат қалса, өсімге сор.
Таудай қайғы, теңіздей қуаныш бар,
Жалы зордың болмай ма, ығы да зор!

Ханым, сен — шынар ағаш қорықтағы,
Сан нашар маңайыңа қоныстады.
Алты алуан түс көріп өткен түні,
Әдейі сізге келіп едім жорытқалы.

450 — Айта қойшы, көргенің немене түс,
Түсінде көрдің бе, әлде, бір ғажап іс.
Түс — түлкінің құйрығы бұлаңдаған,
Жорушыға бұлжытпай жору күш.

— Ханым, түсімді теріс жори көрме,
Өзім төмен болғанмен, көңілім өрде.
Хан ием, ояндым содан шошып,
Басымнан сәлдем ұшып, түсті жерге.

— Сұм тазша, кеудем — кітап, тілім — қалам,
Түсімді «жаман түс» деп болма алаң.
460 Басыңнан сәлдең ұшып түссе,
Жабысқан кетеді екен пәле-жалаң.

— Ханым, саған жорытам көрген түсті,
Түс екіұшты болған соң, сөз де екіұшты.
Ханым ием, ояндым содан шошып,
Қолымнан жібек баулы сұңқар ұшты.

— Қара орнында отырғанда, хан тағында,
Бір сұмдықты бастадың, сен тағы да.
Қолыңнан жібек баулы сұңқар ұшса,
Жоғары көтерілген ел бағы да.

- 470 Бар түсімнің шешуін ханым тапты,
Басына әкеліп орнатты, мал мен бақты.
Түсімде ақ ордамды құйын соғып,
Орнында атын дінгек белгі қапты.
Діңгек өсіп, [жетіліп] бәйтерек боп,
Сансыз жан саясына саялапты.
Құйын соққан орданы қайта тігіп,
Бір шебер босағасын алтындапты.
- Хан қадірлі болмағы елден екен,
Сұм тазша бір сұмдықпенен келген екен.
Алтын діңгек Қозым ғой қалған белгі,
480 Далада Сарыбай хан өлген екен.

Өмір — өлім, екі егіз,
Бірі тұщы, бірі ащы.
Жаратылыс заңы сол
Туған соң өлім рас-ты,
Айым батса, алдымнан күнім туад,
Көздің жасы суалмас ұлы суат.
Өлген адам тірілмес жылағанмен,
Жалғызыма Құдайым берсін қуат.

- Ханымды тазша ертіп келеді алып,
Қасіретті басына қара салып.
Сонда да қайсар ханым жыламады,
490 Көңіл айтып, көрісті шулап халық.

Қайғының іші жалын, сырты мұздай,
Жалын тисе, жан жүйең тұрмас қызбай.
Ыстық пен суықтық арасында
Көңіл күйі сақталмас қалпын бұзбай.

Көз жасынан шығады сыртқа жалын,
Іштен тынған адамның алар өлін.
Не себепті көзіне жас алмады,
Ханымға аян, бізге емес мәлім.

Жаратылыста еркектен әйел нәзік,
500 Тез айланар, сондықтан тез азып.
Әйелдің күйініші-сүйініші,
Көз жасынсыз бере алмас жанына азық.

Көп ішінде аман да, есен де бар,
Тілге ділмар, ақылға кемел де бар.
«Жас ханым кәрі ханның өліміне
Неменеге жыласын» деген де бар.

Қарабайдың әңгімесі келеді

Ал енді Қарабайдан сөйлейік кеп,
Саба-саба қымызды жиғызды көп.
Тоқсан саба толтырып, бата оқыды,
510 «Сарыбаймен құдалық сөйлескем» деп.

Сарыбайдың ханымы да үй тіктіріп,
Құдасын қарсы алады тіке тұрып.
Жаңа туған балаға «көрімдік» сұрайтын
Жақынынан әуелден бар ғой ғұрып.

Қырқынан Қозы Көрпеш шыққан жаңа,
Баулы құстай отырған қанат қаға.
«Атасынан көрімдік аламын» деп,
Бір бәйбіше жүгірді баланы ала.

Сонда алты айлық бала да тығыншақтай,
520 Баулы құстай талпиды дамыл таппай.
Маңдайы кереқарыс жарқырап тұр,
Екі көзі жанады шамшырақтай.

Баланы бәйбіше еді алып барған,
«Көрімдік аламын» деп қыңыр шалдан.
«Бала емес, мені жұтар пәле екен,
Аулақ жүр, әкет, — деді, — менен әрмен!»

— Жер жұтқырды әрі әкет, мен көрмеймін,
Көрімдік түгіл, бұған қыз бермеймін.

Қырқынан шықпай жатып түрі мынау,
530 Жалмауыз демей [оны], мен не деймін.

Түңілтіп естіген ел, көрген жанды,
Жолдасын ертіп барған жинап алды.
Тоқсан саба қымызын жарып тастап,
Тамаққа қарамастан кетіп қалды.

Араға кісі салды ханым ұдай,
Қарабай қойды бірақ мойынсұнбай.
«Қыз бермеймін, — деген сөз, — жетім ұлға»,
Ат ізін салмай қойды жеті жылдай.

Сол елде түсіреді бір бай келін,
540 Келін түсті, бай той қылып жимақ елін.
Қазақтың атамұра әдеті ғой,
Тойға сый, асқа көмек, құнға телім.

Жақындарын шақырмақ атап, арнап,
Аты аталған ол тойға сый апармақ.
Ханымды әдейі арнап шақырған соң,
Қозыны алып сол тойға болды бармақ.

Жігіттерге тай сойды, тана тағар,
Әйелдерге қой сойды, тоқым қағар.
Тұз сирақтап, басына үкі тағып,
550 Садақасын береді пәле қағар.

Ханым келді бұл тойға сәніменен,
Ат жетелеп, саба артып мәніменен.
Нөкерлері — келін-қыз, кербез жігіт
Көпті көлдей толқытқан әніменен.

Үйде рахат көретін Қарабай ма,
Жылқы — қырда, түйе — ойда, қойы қайда?
Отардағы малына кетіп еді,
Аралап қайтушы еді әрбір айда.
Қарабайдың ханымы тойға келді,
560 Баян қызды мінгізіп жорға тайға.

Үйде болса, Қарабай жібере ме,
«Ат терлер тойдан түсер жоқ, — деп, — пайда».

Екі ханым сол тойда түйіседі,
Балаларын шақырып сүйіседі.
Екі бала асыр салып ойнағанда
Емшектері елжіреп иіседі.

Басынан сыр тартысып ырғасады,
Балалары ойнаса, жырғасады.
«Осы екеуін қоссақ, — деп, — Тәңір жазса»,
570 Аулақта екі ханым сырласады.

Ай қасынан күн туса ұнасады,
Сұлулыққа Баяннан кім асады?
Екі бала той тарап айрыларда,
Бірін-бірі қиыспай жыласады.

Екі ханым көзіне жас алады,
Күндігімен көздерін тасалады.
Қары қалың Қарабай — қайырсыз бек,
Онан қайтіп екі әйел аса алады.

Ханым келіп Тайлақтан өтінеді,
580 «Қарабай қыз бермеймін, жетім, — деді.
— Бар малымды берсем де сөйлесіп бер,
Мал есесі бас болса жетіледі.

Тайлақ айтты: «Қарабай сөзге түспес,
Ол антпенен болғамын талай істес.
Сөйлесіп сөзге түсу, былай тұрсын,
Көппен бірге табақтан тамақ ішпес.

Ханым, сенің көңілің болсын ырза,
Қарабай, сірө, келмес шындық сырға.
Мен барсам, жанжалдаспай, тек қайта аламын,
590 Кісі ертіп барып қайтсын Тынас мырза».

Ханым да бидің сөзін мақұлдапты,
 Қасына кісі қосып аузы епті.
 Он бір жігіт соңына ертіп алып,
 Тынас мырза Қарабайға жүріп кетті.

Түскі жылқы ауылға қайтқан кезі,
 Жылқы алдында жүреді байдың өзі.
 Жылқы ішінде жолығып Қарабайға,
 Тынастың сонда мынау айтқан сөзі:

— Хан Қарабай, өзіңді бүгін көрдік,
 600 Жасың үлкен алдияр, сәлем бердік.
 Өзің айтып «Құдай» деп, құда болып,
 Өзің танып, неліктен жүрсіз кергіп?

— Мен құда бола алмаймын жесір-тұлға,
 Бұлдасаң жесір тұлды, сен-ақ бол да.
 Құдай аты дегеннің керегі жоқ,
 Құда болып, қыз бермеймін жетім ұлға.

— Қареке, мұндай сөзді айтпа бекер,
 «Серттен тайған» деген бар сыннан өтер.

 Сарыбайдың дәулеті қайтсе жетер.

610 «Малға жарлымын ба», — деп ашуланды,
 Бақа айғырды астына мініп алды.
 Он бірі де болады қызыл шеке,
 Аламойнақ қамшымен бір-бір салып.

Ханымға келіп айтады сол он бірі:
 — Құдаңыз қайтармады бізді құры,
 Құда болып, қыз беру былай тұрсын,
 Қондыратын [жанына] жоқ қой түрі.

Біз оны «ел» деп барсақ, санап жауға,
 «Барамыз» деп басымыз қалды дауға.
 620 Айнала бөрімізді қойдай қуып,
 Қамшы берді құдамыз қарғыбауға.

Тайлақ би естіген соң ашуланды:
— Жина, — деді, — халқымды он бір санды —
Малын талап, қыздарын тартып алып,
Үйретем, — деп, — жүгенсіз хайуанды.

Ханым айтты Тайлаққа: «Арызым бар,
Бөленің алды дауыл, арты қар.
Сен соқтықсаң, о дағы қарап тұрмас,
Қарабайды жақтаушы көп табылар.

- 630 Арты келіп, айналып мені соғар,
Ел күйзелер, ер өлер, мал сабылар.
Ол үшін ел сабылтып, қан төкпеңіз,
Жалғызым тірі болса, қыз табылар».

Қарабай мәселесі

Қарабай аулына барды шауып,
Кездескен малшыларын итше қауып.
Қозы Көрпеш ер жетсе, маған дажал,
Ойбай, қатын, үйді жық, кетем ауып!

- Халқыңнан ел-жұртқа масқарасың,
Қайда бөле көрінсе, қасқарасың.
640 Дажал деме сандалып бесіктегі,
Біреудің жеті жасар жас баласын.

- Ойбай, қатын, үйді жық, түндікті ал,
Қимасаң Балталыны сен мұнда қал!
Көзі шыққыр, көрқаптың көрмеймісің,
Бейнесі арыстанның түлігі дәл!
Дәулетімді сапырып, қызымды алып,
Дажал емей, немене, бақпаса мал.
Қонақ келсе, семізін таңдап сойып,
Дастарханнан кетпесе мейіз бен бал.
650 Көрінген-сұрағанға майын беріп,
Түйемде қом, қалмаса атым да жал.

Ит жүгіртіп, ат баптап, құсын күйлеп,
Дүрие, [мақпал] шұлғанып, торқа кимек.
Қызым — Баян, күйеуім — Қозы болса,
Дәулетімді кетпей ме, мүлде билеп.

Еліне тоқтамастан ауа көшті,
Көргендер: «Жолы болмас, анттың!» — десті.
Ақсақ-тоқсақ малынан жұртта қалған,
Балталының кедей аулы үлесті.

- 660 Жоқ еді байда болса мән мен сәні,
Басы емес, ойлайтыны малдың қамы.
Қарабай ауа қашып жөнелгенде,
Жер-суға Таңсық қыздың қоштасқаны.

Қыз Таңсық:

- Балталы, бағаналы ел аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл аман бол!
Ерте-кеш [соғатын] жылы леппен,
Жібек баулы, желпіген жел аман бол!
Көлденең көлдей біткен жал аман бол,
Үйеңкі, қайың, терек, тал аман бол!
- 670 Көркем ат, көрікті нар, көнекті сиыр,
Төрт түлік лағып жатқан мал аман бол!
Кемеңгер кие басы би аман бол,
Қос өркеш қом жасаған түйе аман бол!
Құтты айғыр, жал-құйрығы, жерді сызған
Сауырлы тұтам емшек бие аман бол!
Қошемет, өзіл-қалжың, ойын-күлкі,
Салт-сана жол мен жоба, жүйе аман бол!
Домбырашы, қобызшы, сыбызғышы,
Сарынды, қан қыздырған күй аман бол!
- 680 Торқалы топ бас қосқан той аман бол,
Ұзын аққан өзеннің бойы аман бол!
Құйрығы тегенедей төңкерілген,
Ақтылы сырт айналған қой аман бол!
Мүйізі қарағайдай серке аман бол,
Еркебұлан елге ерген ерке аман бол!

Жеткіншек Қозы Көрпеш бала аман бол,
Кең қоныс, еркін өріс дала аман бол!
Жібектей шалғынында оранатын,
Тау қойны, жұмбақ сырлы сала аман бол!
690 Кіші іні, жасы үлкен аға аман бол,
Тау кезген арқар, бұғы тағы аман бол!
Ел көшіп, асатұғын қара соқпақ,
Тар шатқал, талды бұлақ саға аман бол!

Аман бол, балталының қалған елі,
Арқаның өзен, орман, асқар белі!
Тайы құлындап, тайлағы қайып тұрған,
Қайран ел, шын қалдың ба, берекелі?!

Қарабай сол кеткеннен батыс жақтан,
Түйеден қом алмастан, ерді аттан.
700 Сарыарқаны сайрандап, екі ай көшіп,
Ертіске кеп тіреледі ұзын аққан.

Ертіске біразырақ дамыл алды,
Сонасы көп, сорады деді малды.
Қалыпты теріскейлеп, өрлей көшіп,
Тарбағатай таумен сырт айналды.

Тоқсан мыңды шұбыртып, салды соқпақ,
Қанжар қайрап, [қайыңнан] садақ оқтап.
Жолдағы қалмақтардан именбеді,
Ылғи бұзық-тентектен әскер топтап.
710 Қияли талай кесел соған ерген,
Елді қорғап жүрген жоқ, ол намыс жоқтап.
Жоңғардың Алтайын күнгейлетіп,
Іле басы Құлжаға тұрды тоқтап.

Қарабайдың мінезі ылды-өрлі,
Қоныс таңдап кезеді талай жерді.
Іледе сегіз жылдай тұрып еді,
Жерсінбей, жылқы Арқаға қаша берді.

- Исіне қоймаған соң, мал тойына,
Қиналар жаның төзбес өлуіне.
720 Қырғыздың Алатауын аса көшіп,
Нарын құлап, түседі Сыр бойына.

Сыр бойында біраз күн мекен етті,
Қоқанның хандығынан елші кепті.
«Бізге қарап тұрасың» дегеннен соң,
«Қарамаймын» дегеннен тағы кетті.

«Қарабай асқан тентек», елі де(—)сті,
«Апырмай, енді қайда бармақ?» десті.
Түркістан, Қаратауды аса көшіп,
Бетпақ шөл — сарыдалаға келіп түсті.

- 730 Қарабайдың малына Бетпақ — қамал,
Аяқ баса күтіп тұр алдында жар.
Бетпақтан өте алмасам, өлгенмен тең,
Ойшыл едің, бәйбіше, тапсаңшы амал.

Бәйбіше айтты: «Сұрайсың оның несін,
Ақыл сөзді алмасаң, жарым есің.
Балталыға қайта көш, тілімді алсаң,
Қысқада кек жоқ еді, ұзында өшің».

- Бар ақылың осы ма маған берген?
Дұшманына бас иер саған ерген.
740 Балталыңа болайын, енді ол жерді
Қаңғырып қалсам дағы, сірә, көрмен.

Соны айтып отырады, кейіп налып,
Малы қонар су таппай алдын шолып.
Тау басында отырса қарауылдап,
Көз ұшында келеді біреу салып.

Торғауытта қолбасшы — Қодар батыр,
Батырға мұздан төсек, бұлттан шатыр.
«Қызы сұлу» деп естіп Қарабайдың,
Ізімен әдейі іздеп келе жатыр.

- 750 Ала бедеу астында жылқыдан сұр,
Тұяғынан желгенде қазылар ор.
«Дәл осы іздегенім» деп қуанды,
Алыстан көргенінде қараны ол.
- Түйе жүні сулығы, сары шекпен,
Айнала дүрияменен әдіптеткен.
Өзіне жақсы болғанмен, бізге өрескел,
Жағасы жалғайынан алшақ кеткен.
- Бет-ауызын түк басқан, түсі суық,
Түйе ерінді, сойдақ тіс, құлан иек.
- 760 Қабағын қарыс түйіп қарағанда,
Сескенбей қалмайды адам, қауіп қылып.
- Ат жақты, аю кеуде, кең жауырын,
Бұқа шүйде, жар қабақ, қоңқақ мұрын.
Кеңірдегі сорайған, кең маңдай бар,
Кесер басы қазандай кішігірім.
- Маңдайы қатпар-қатпар кереқарыс,
Жуан балтыр табаны бейне талыс.
Екі аяғы көпірдің діңгегіндей,
Аттаса, атаннан да адымы алыс.
- 770 Түйгенде зор тоқпақтай жұдырығы,
Құлағы тебінгідей, мойны бұғы.
Төсінің шұңқырына шыққан түгі,
Бұршақ соққан шалғындай ығы-жығы.
- Сол жағында байлаулы тұр саптаяқ,
Сабағы тірсегіне тұрған таяп.
Көзіне көрінгенді жей береді,
Отқа аунатып дүмбілез, пісірмей-ақ.
- Сол жағында белінде қайың шоқпар,
Қорамсағы қаз-қатар сарымжа оқтар.
- 780 Өмірі жаудан беті бір қайтпаған,
Қодар батыр осы еді ғұмыр сотқар.

Елемей сотқар мінез, тантық сөзін,
«Ермін, — деп санайды өзін, — намыс жоқтар».

Үдеріп күн-түн қатып қашқан өңі,
Желпітіп, жел сияқты алған демі.
Тау басында жолығып Қарабайға:
«Шөлге келіп қамалған кімсің?» — деді.

— Дәулетке елден асқан дарадаймын,
Бас изеген, бұтақ-бүрсіз қарағаймын.
790 Мал үшін елден безген, жаһан кезген,
Жасырмаймын кәрі күйкі Қарабаймын.

Қарағым, мен — мүсәпір малым баққан,
Шөлдеп құлын-тайым шатыра қаққан.
Кескінің ертегінің алыбындай,
Сен кімсің бедеу мініп, күн-түн қатқан?

— Сабаз боламын торғауыт тоғыз санды,
Оймауыт — он сан қалмақ маған тән-ді.
Шеп бұзып, ел төңкеріп, ерлігі асқан,
«Қодар батыр — мен!» деп, масаттанды.

800 — Сен болсаң, аты шыққан Қодар батыр,
Құлын-тайым қамалып, шөлде жатыр.
Тоқсан мың мал сыятын қоныс бар ма,
Батыр болсаң, тапсаңшы бұған ақыл?!

— Қос ұшып өте алмайтын меңіреу керең,
Саған — сараң Бетпақ шөл, маған — берен.
Сен менің тілегімді орындасаң,
Мен саған жайлы қоныс тауып берем.

— Досым болсаң, Қодар, сен — күш-құралым,
Жауым болсаң, жыландай ысқырамын.
810 Егер де жайлы қоныс тауып берсең,
Қалыңмалсыз қалыңдық көш қыламын.

Бір жағы — ойылған, бір жағы — кер,
Мен саған тауып беремін, шұрайлы жер.
Тоқсан мың қанатын көл болады,
Бетпаққа маңдайымнан бір тамған тер.
Мылқау шөлге тіл бітер қайратымнан,
Бетпақ басын иеді, көзіңмен көр.
Асыранды алмаймын қыздарыңды,
«Ақ Баянды берем» деп уағда бер.

- 820 — Күйеуге бармай, үйде отырмас қыз,
Он жетіге шығады дәл осы күз.
Жиырмаға келгенінше қыз бермейтін,
Атамыздан бері қарай мирасымыз,

Ұлым жоқ, жалғыз қызым бар, балам сол-ақ,
Қыз баладан пайда не, ол бір қонақ.
Егер де жайлы қоныс тауып берсең,
Жиырмаға келген соң, беруім хақ.

- Жылқыңыз Бетпақ шөлден аман өтсе,
Аякөздей ақ мөлдір сайға жетсе.
830 Қайратыммен жылқыңды өткіземін,
Дер кезінде айтқаным, алдап кетпе!

— Қарағым-ау, соншама не дегенің?!
Жол бастасаң, соңыңнан мен еремін.
Егерде жайлы қоныс тауып берсең,
Қызымды алдамай-ақ, мен беремін.

— Ендеше, күйеуіңнің қайратын көр,
Аякөз осы арадан екі айлық жер.
Жиырма бес серкенің терісінен
Он саба [және қосшы] он жігіт бер.

- Атам, сізде дәулет көп, менде күш көп,
840 Баян десе қайратым кетеді үстеп.
Тігі екі, көлденеңі үш қарыстай
Шыңдалған сом темірден кетпен істет.

Еменмен саптат, сабы болсын мығым,
Аспабың сай болмаса, күшің шығын.
Екі елі ұңғының қалыңдығы,
Кеңдігі сиятындай жұдырығым.

Кетпенді ұста бітірді болмай-ақ түс,
Қодардың бар қайраты мөлшерден тыс.
Түске дейін аршыды тоғыз құдық,
Көргендер таң қалды: «бұл не деген күш?»

850 Қодар «алам» деп Баянды қуанса,
Баян көріп Қодарды, қайғыланса.
Қаңырығы түтеген қалың малы
Қарабайдың тілегі суға қанса.

Баянның сұлулығы — Қодарға дерт,
Қодар дерті — Баянның өміріне мерт.
Қодар Баянды көргенде бірін-бірі,
Екеуі де ішінен байласты серт.

Күшке сенген Қодардың, серті батым,
«Сені алмасам, құрысын Қодар атым!»
860 Баян сеніп серт берді, қажырына,
«Жер жұтсын, — деп, — болғанша саған қатын».

Баян қыз сүймесе де, Қодар ғашық,
Көргенде қораздана маң-маң басып.
Жүре алмай шөлде қалған құлын-тайын,
Ерінбей суарады меспен тасып.

Әуе айналып, жер жанған, ыстық күнде,
Қорқынышты жаңбырлы, жайлы түнде.
Күндіз жылқы суарып, түнде бағып,
870 Бір тыныштық тапқан жоқ Қодар мүлде.

Ерте тұрып кетеді озып көштен,
Жан емес түнде ұйықтап, белін шешкен.
Зәрең түгіл, ендеше таз болса да,
Қодар шапқан кетпені құмдай ескен

Өлшеусіз [бұл] Қодарда қайрат ерен.

.....

Тамшы су тамызбайтын меңіреу шөл,
Қодардың қайратымен болды берен.

Қарабай мал-жанымен соңына ерген,
Қыз үшін қисынсыз көп бейнет көрген.

880 Қодардың көтерген күрегінен
Тозаңы көрінеді күндік жерден.

Кеудесінде қап-қара сүңгі тұрды,
Шекпені байланысып аққан термен.
Сол көрген бейнетінің бәрі ұмыт боп,
Баян десе, үміті қаулай берген.

Көшті әкеліп қондырып Бақанасқа,
Бақа айғыр қосағында Бедеу аста.
«Түн қатып жер шоламын, — дейді Қодар, —
Менің жүрген іздеріммен, көшті баста».

890 Қодар жортты қосармен атқанша таң,
Жаудан қорқып[ешқашан] қылмайды қам.
Қосар айғыр Бедеуі өзіне сай,
Тұрпатынан шошиды көрген адам.

Қодардың өзі кесел, ізі кесек,
Күндіз-түн, елде-елсіз бір-ақ есеп.
Таң ата бір биікке келіп шығып,
Жел жаққа жата кетті, төсін төсеп.

Таң желімен шынығып, еті мұздап,
Шошығандай оянады бір-ақ мызғып.
900 Тұра келіп, көз салып төңірегіне,
Көңілімен отырды Баян қызды ап.

Аякөздің тоғайын шолды көзі,
Қоныс тапса, қыз бермек байдың сөзі.
«Мен алмасам, Баянды кім алады?
Бақытты екем», — дейді ол өзіне-өзі.

Аякөздің түстік жер батыс жағы,
Әсіресе көрікке жердің бабы.
Ерекше жаратылған үш биік бар,
Ел ырысы, дейтұғын, малдың бағы.

- 910 Тартқан желі секілді осы үш биік,
Ойы — балық дегендей, қыры — киік.
Ақсақалдар аңыз қылып айтуынша,
Суына Қыдыр кеткен құтын құйып.

Алтын қазық желінің батыс жағы
Алтын десе алтындай сары тасы.
Тоқсан түрлі шөбінен толқыған,
Кесте тіккен мақпалдай айналасы.

- Қара қазық батыс жақ оңын ала,
Оның бауыры бір сахара жатқан дала.
920 Дәл түбінде бұлақ бар мың қанатын,
Секілді кең пейілді ол бір ана.

Оны аңыз қып айтады тұрғын халық,
Тас [тың] жайын танығандай екен анық.
Ақ Баян тауға қарап күрсінгенде,
Тастары қарайып [ты] қайғы шалып.

Көз көрмесе, алдайды сөз құлақты,
Ақ Баян «Қозы Көрпеш» деп жылапты.
Баянның көз жасынан, қариялар
Жаралыпты деседі сол бұлақты.

- 930 Әсерлі әңгімеге енгізер өң,
Ақыл аспас әңгімені айтпау да жөн.
Халықтың аңызынан аттай алмай,
Сөкпеңдер, ақыл сенбес сөзді айтам мен.
Қисынға қиғаш емес, келісімді,
Түйсікті өтірігім шындықпен тең.

Шығыста Алтын қазық — жеке дара,
Секілді қолдан құйған ақ мұнара.

- Тастарына кетіпті таңба салып,
Қодар келіп жатқаны дәл осы ара.
940 «Баянды ару, Қозыны ардақты», — деп, —
«Қодарды дейтұғын ел қас масқара».

Келсе, Аякөз мөлдір су ну тоғайлы,
Екі жағы кең өріс, малға жайлы.
Тоғайы, суы шөбі бірдей келген,
Арқадан мұндай қоныс таба алмайды.

Сайы шалғын, алуалы, шыршалы бау,
Жоңышқа түрлі гүлден таққан жалау.
Көкбек, ащы жусан шөпке оралып,
Қарауытқан қара оты — ойы анау.

- 950 Жайлы қоныс тапқан соң Қодар басшы,
Қарабай да күйеуге ықыласты.
Ақтоғай, Қызыл қия, Мүзөткел мен
Көкөріс, кең суатқа орналасты.

Өкшесіне жететін сүмбіл шашты
Қодар алмай, кім алмақ қиғаш қасты!
Күлгенде күлкісіне гүл құлпырған,
Бұл сұлудың буына Қодар мас-ты.

- Қимылының бәрі де қылық пен наз,
Сұлулығы базарлап, болмайды мәз.
960 Сыртына сыр шығармай жүрсе дағы,
Тағдырына табынбас, мүлдем араз.

Қардан аппақ, мамықтан жұмсақ етті,
Еті мінсіз, ерні қызыл гүл, сүюге епті.
Не түсті сұлулар екен бұл жетпейтін,
Бұғағында бір түс бар күн сәулетті.

Баянда сұлулықтың киесі бар,
Қодарда құрғақ, құр мал иесі бар.
Ол анық өміріне — өлім ортақ,
Жалғыз ғана Қозының тиесі бар.

- 970 Дүниеге һешбір назар салмаушы еді,
Орынсыз ойын тойға бармаушы еді.
Ақниет, адал жүрек ару төнін
Жалғыз ғана Қозыға арнаушы еді.

Баяннан таба алмайсың талдай мінді,
Мінезінен жел тынды, көл де тынды.
Қолы жетпей, Баянды қиып кетпей,
Нелер есер мырзалар құл болып сіңді.

- Құл саны тоқсан болды бара-бара,
Ішінде Қодар басшы жеке дара.
980 Сыбызғының үніне сыр тигізген,
Соның бірі — атақты Болат қара.

Бәрінің де Баян болып ынтызары,
Қолы жетпей, құл болып кетті бәрі.
Қыз сүйгені, сүйкімді икемі бар,
Толғамдысы [солардың] Көсемсары.

Қыз сүйе ме, сүймей ме, жұмысы жоқ,
Жүзін көрсе, жанының тынысы боп.
Тарыққан тас сауғанмен, нәр тамбақ па,
Жоқты іздеп, тың тыңдап, дыбысы жоқ.

- 990 Тоқсаны тоқсан оймен қызды алады,
Біреуіне біреуі сызданады.
«Ақ Баян» деп, біреуі атын айтса,
Қалғаны іші күйіп, қызғанады.

Кейбіреуі байлыққа меңдеп жүрді,
Кейбіреуі күшін бәрінен дендеп жүрді.
Кейбіреу бет-бейне, сыртқы түрін,
Сұлулығын Баянмен тең деп жүрді.

- Өзара күнде жанжал, қызыл шеке,
Кейде жақ-жақ болды, кейде жеке.
1000 Бірін боқтап, жекіріп, бірін сөгіп,
Қодар жуық жанжалға, өте-мөте.

Бөріне қайткенмен Қодар үстем,
Ақыл емес, айла емес, албырт күшпен.
Біреуіне-біреуі сөз қатқанда,
Қошқардай аларысып, шегініскен.

Қодар жүр барлығына жынын бүркіп,
Тұрпатынан шошыды көрген үркіп.
«Ас пісті, қазан түсті, тамақ іш» деп,
Қодарды оятады бірі түртіп.

- 1010 Өзара жанжалдары ұзын сүре,
Өштіктері ұлғайған жүре-жүре.
«Түсіме Баян кіріп жатыр еді» деп,
Оятқанды жығып салып, салды дүре.

Он ұрып, он келсе де сескенеді,
Өштіктері ұлғайып өскенеді.
Жеке-жеке шығысып онан дағы,
Бір мазақ қылайық дескен еді.

- Бөрі де қанжар қайрап, найза ұштап,
Ол еліріп жүргенде өкпе қыспақ.
1020 Қодар барып тұрады қан майданға,
Бір-бірлеп бара бермек жеребе ұстап.

Жеребеден шыққаны, бұрын бармақ,
Айтқан тоқты сықылды әруаққа арнап.
Айтылған ақсары басқа жан жетпейді,
Сиынбаған қалмайды, Құдай әруаққа.

Көсемсары бұл істен бой тежеді,
Баянның тимейтінін ол сезеді.
Таңсықпенен астыртын сөз байласып,
«Келем» деп, күтіп жүрген бір кезегі.

- 1030 Көсемсары айтады Баянға кеп:
— Ұшқыны сенен шығады, ұлғайды кек,
Ішінде бағлан да бар, маңғаз да бар.
Бір сен үшін қырылмақ қанша көп,

Тіл алсаң, адам қанын төкпе, Баян,
Ғашықлық жүрмейді өкпе, Баян.
Қасиетті ата, киелі аналардың
Қарғысына ұшырап кетпе, Баян.

Сен оларға алдап айт, «шын» деп сенер,
Сен оған теріс айтсаң, «оң» деп көнер.
1040 Ортасына бір барып, езу тартсаң,
Бәрінің де ашуы күл боп сөнер.

Көсем сөзін Тансық та қостады да,
Баян келді жүгіріп тоқсанына.
Үш жыл бойы сынадым барлығыңды,
Тиемін көңлім сүйіп қосқанына.

Мен үшін бірің күлме, бірің жылап,
Өзара тату болып, қос ынтымақ.
Барлығыңа бірдей жар бола алмаймын,
Біреуіңе тиемін, сынап-сынап.

1050 Мен үшін бірің емес, бәрің де өлме,
Өлімдерің болады күлкі елге.
Ақ отаудың алдынан шұбырып өт,
Ертең сәске болғанда бәрің кел де.

Шыдағаның мақсатқа жетесіңдер,
Шыдамасаң маңымнан кетесіңдер.
Ақ отаудың алдынан үш жыл бойы
Ай сайын бір шұбырып өтесіңдер.

«Мақұл» деді тоқсаны, тоқтады да,
Баян салды айланың соқпағына.
1060 Бір хабар күтіп Баян Қозысынан,
Шарпылды, ғашықтықтың от табына.

Ертеңінде тоқсаны түгел кепті,
Қарабай, сырт айналып бір кекетті.
Құнан өгіз қолтықтап қолтығында,
Қарсы алдынан қасқайып Қодар өтті.

Біреуі күй, біреуі әнін, біреуі биін,
Ұсынып жаратылыс берген сыйын.
Малға сеніп, өнерден құр қалған
Көбі байдың баласы ала құйын.

- 1070 Бәрі де сұлулыққа құл боп көніп,
«Айды алам» деп баладай суға төніп.
Күндіз жылқы суарып, түнде бағып,
Осылай жүре берсін, әуреленіп.

Қозының әңгімесі:

Кәрі құлақ естіген, көрген жоқ көз,
Халық сыры өлең құрылды тез.
Қарабай, қамқор Қодар тұра тұрсын,
Енді Қозы Көрпештен сөйлейін сөз.

- Он жеті Қозы Көрпеш жасқа келді,
Түгел күтіп бастады тамам елді.
1080 Топтан таңдап басады тақымына
Наркүрең дейтін бір емен белді.

Асқан мерген садағын сағымға ілген,
Топта нелер қайсарды тілмен жеңген.
Ішінен ханым күнде «тәуба» істейді,
«Сақта, — деп, — жалғызымды көз бен тілден».

Бір кемпірдің баласы болды мықты,
Балталыдан қайраты озып шықты.
Бір байы балталының қыз ұзатып,
Ат шаптырып, бір үлкен той қылыпты.

- 1090 Кемпірдің баласы қайраты мол,
Сол тойда бас балуанға түседі сол.
Тайлақ жақтан шыға алмай оған ешкім,
Енді күреспей-ақ бәйгіні алмақ ол.

Тайлаққа Қозыке келді жетіп:
— Мынаның кетті маған ызасы өтіп.

Мұнымен күресуге мен барайын,
Жат елге қалады ғой намыс кетіп.

Тайлақ айтты: «Жассың ғой, Қозы бала,
Балуандықтан даңқы артық жана.
1100 Естісе, ханым маған өкпелейді,
Бір сен емес, анамыз — халыққа ана».

Қозы айтты: «Ханым сізге түк те демес,
Ерліктің бар керегі болғанда егес.
Қазам жетсе, өлемін онсыз дағы,
Мен сандыққа сақтайтын бұйым емес.

«Жас, жас» деп құр қалдырма һәр талаптан,
Талап, жігер шығады жастық шақтан.
Топ алдында бәйгі алмақ сізге мұрат,
«Жетімді жетілттік» деп сонда мақтан».

1110 «Рұқсат, бер Қозының сөзі жөн» деп,
Тайлақты тұс-тұсынан қамады көп.
Елдің салты ежелден келе жатқан,
Кек те кек, бәсеке мен бәйге де кек.

Ортаға Қозы шықты, жең сыбанып,
«Япырай, не істер екен?» — десті халық.
Келе сап, үйіріп кеп соққанында,
Сол балуан сүт пісірім жатты талып.

Жүгіріп кемпір келді баласына,
Қарамай істің ақ пен қарасына.
1120 Өрт тілді, орақ ауыз, тантық кемпір
Қарамай, қарғап берді шамасына.

Тумай шөккір, қу жетім, тудың қайдан?
Тумай жатып, өкеңді жұтқан хайуан.
Менің балам түбіңе құй қазған жоқ,
Жесіріңді іздеп ал, Қарабайдан!

Жүрекке кемпір сөзі жара салды,
Жесірі не, біле алмай аң-таң қалды.
Келді де шешесіне сырын айтпай,
Төсекке теріс қарап жатып алды.

- 1130 Болғанын бір оқиға ханым сезді,
Шақырып Тайлақ биді әкелгізді.
Ханымға бастан аяқ айтты Тайлақ,
Бағана сұмырай кемпір айтқан сөзді.

Тайлақ келіп көтерді Қозы басын,
Қозыға шын аударған ықыласын.
Жесір деген сөзі не түсіндірді,
Ал «соны іздеймін деп, шырағым, не қыласың?»

- Бұл сөзің рас болса, биім Тайлақ,
Ыза-кегім қозады, қаным қайнап.
1140 Жақсы болса, қыз Баян — менің жарым,
Жаман болса, артыма салам жайдақ.

— Жүре бер, Қозы, еліңде ойнап-күліп,
Менің де жүрегімде жүрген ілік.
Мал басымды аямай, әперемін,
Кісі өлсе де жолыңда, қан төгіліп.

Қалыңмалға табылар бар төрт түлік,
Батырларым сақадай шықса бөлек.
Қандай жерде тұр екен, қызы қандай?
Әуелі Айбас барып, келсін біліп.

- Тайлақтың Айбас деген кенже інісі,
1150 «Ер туса, — деген сөз бар, — ел тынысы».
«Қарабай Аякөзге барды» деген,
Астыртын, ұзынқұлақ, ел сыбысы.

Қыз бала он сегізде қыналады,
Ер әбден отыз бесте сыналады.
Дәл отыз бес жасында Айбас сонда,
Ел кегі — ерге міндет сыбағалы.

Тұлпармен Тайкөк деген іздеп шықты,
Төрт аяқты жылқының шығанағы.
Айылын құйысқанын, қылдан тағып,
Тәуекелге тас түссе шыдағалы.

- 1160 Мініп алып жөнелді жел жетпесіне,
Бет қойды жесір кеткен ел бетіне.
Шөл апат ұры-бөрі, жылан-шаян,
Сескенбей қиындықпен серттесуге.

Белін шешіп жатпайды, аттан түссе,
Бір-ақ қана жұтады сусын ішсе.
Айналасын арылтып қарауылдап,
Сүт пісірім мүлгиді шаңқай түсте.

- Күннің қызғылт тартқанда батыс жағы,
Шығыстың сұрғылттанар ақсаң дағы.
Желпінтіп қайта ерттеп Көк тұлпарды,
1170 Салқын түссе, жортады Айбас тағы.

Тегінде ер жігітке тұлпар жолдас,
Ол күнде атсыз ерге бақыт қонбас.
Дәл қырық күн болғанда көк тұлпардың
Шеңбірегі білінді болар болмас.

Ер Айбас сырға берік, сертке мықты,
Әрі сақ, әрі зерек, әрі ұқыпты.
Қырық бір күн дегенде, дәл күн шыға,
Басына Ақшәулінің келіп шықты.

- Күн шықса, күңгірттеніп ай қалады,
1180 Болжады Ақшәуліден айналаны.
Көргенде Айбастың көзі күн де
Мөлдір су, шалғын шөпті аймалады.
Алакөл сары атлас ұстағандай,
Секілді күміс табақ айнадағы.
Сол кезде тұнық ауа лайланып,
Батыс жақ тозақ басты айдаланы.

Тозаңдатпай қайтеді тоқсан мыңды,
Шұбыртып суға Қарабай айдағанды.

- 1190 Маңайынан шаң шыққан будақ-будақ,
Аулы Қарабайдың осы ғой нақ.
Қайтейін бұрынғыңды, Көктұлпарым,
Барыңды бүгінгі күн қарыштап бақ!

- Дейді де, Көктұлпарға қамшы ұрады,
Тер жерге тебінгіден тамшылады.
Өзенде жидек теріп, ойнап жүрген,
Өзектен үш қыз бұған дәл шығады.
Айбасты анадайдан көргенде үш қыз
Сұқсырдай болды көрген қаршығаны.
Ат екпіні, жігіттік желіменен
1200 Үш қыздан өлеңменен жөн сұрады.

Айбас:

— Сұлудың көркі — сусын шөл қандырған,
Тыңдаушың түсінбесе, сөз қаңғырған.
Бикештер, жатырқамай жөніңді айт,
Жоқшымын жорықшы емес, серт алдырған.

Қасына Таңсық таяу барады да,
Қадалып ат-тұрман, қару-жарағына.
«Тоқсан екі болды», — деп бір жымыды,
Ай сұлу Ақ Баянға қарады да.

- Таңсықтың ойы ұшқыр қырағы да,
Өмірдің ой жіберіп жырағына.
1210 Тайсалмай тілмен қиып Таңсық сұлу,
Өлеңмен жауап берді сұрағына.

Таңсық қыз:

— Екпінің жел айдаған өрт екпінді,
.....
[Тотым бар торға енген], түз қыраны,
Келесің өз жөніңді айт, іздеп кімді?

[Айбас]:

— Қыз қырға шығар жігіттік киесінен,
Ұялған құр қалады тиесіден.
Тор иесін білсеңіз айтшы, бикеш,
Тотының торға түскен иесі мен.

[Таңсық]:

— Қыз босатар қырсыққан ер жүйесін,
1220 Ер түгіл, есер жейді өз тиесін.
Тотыңды анық танысам торға түскен,
Мен айтпай-ақ білесің тор иесін.

Ер Айбас:

— Қыз бозбала біледі, белгілі жайт,
Шиырламай, ақ бикеш, жөніңе қайт.
Бұрынғы «мыңның түсін танығанша,
Бірдің атын біл» деген, атыңды айт.

Ақ Баян:

— Қаршыға қаймықтырар көлдің қазын,
Егер қаз тобын жазса, болар жазым,
Бұрынғының мұрасын қумақ болсаң,
1230 Жігітке бұрын айту болар ләзім.

Айбас:

— Алдасайын дейсің бе, сырға беркім,
Сыр айтпасқа бар ма әлде берген сертің?
Кекседей көп алданып, көп қуылған,
Атыңды айтуға да жетпейді еркің.

Баян:

— Шолпандай биік, туған таң саңлағы,
Айбатың арысландай аң саңлағы.

Жеті жаста бір тойда көріп едім,
Танимын, батыр Айбас танса дағы.

Айбас:

- 1240 — Танбаймын, менің атым, — батыр Айбас,
Ержігіт егескенде сертінен таймас.
Еңбегім сені көріп, менің жанды,
Біздік болсаң, ал, Баян, сөзің байлас.

Баян:

— Ағеке-ау, сыр — шымылдық, шындық айна,
Тумаған, бата істеймін, қайтіп Айға.
Серт беріп, мен кімнен серт алмақшымын,
Мені алатын Қозының өзі қайда?

- Серт бергем, жеті жаста — Аллаға аян,
Сертімнен сеніп берген, неге таям.
1250 Ағеке, шөлге шыққан мен бір шынар,
Саямда қожынаған бақа-шаян.

Айбас:

— Сертінен уағдаласқан, әкем тайған,
Қозыны қарғап, қолын теріс жайған.
Сендей асыл туады деп, кім ойлапты,
Ант соққан, ақылы жоқ Қарабайдан.

Таңсық:

Таңсық айтты: «Барады күн дағы ысып,
Аттың белін талдырмай аттан түсіп,
Талға кіріп отырып сөйлесейік,
Жолаушы тынықсын сусын ішіп».

- 1260 Ай: «Солай, рас», — деп қостады да-ай,
Деп күрсінді: «Төңірдің қосқанын-ай».

Баян сөйледі:

— Жағаңа жармасатын жау бар, Айбас,
Қодар мен Қарабай — қос тағыдай.
Жасырғанның жарасы асқынады,
Қодар білсе, Айбасқа қас қылады.
Аянбай атысатын сырт жау емес,
Әкеміз — ең бөленің басты ылаңы.

Айбас:

Айбас айтты: «Жау деме Қарабайды,
Жау болғанмен, жаулыққа ол жарамайды.
1270 «Құбыжық» деп қорқытқан Қодарың кім,
Қарабай жау боп кімді жаралайды?! »

Баян:

— Қодардан сескенеді осы күнгі ел,
Баян үшін өлуге байлаған бел.
Сардалада сағымнан пайда болды,
Қодардың атасы — жел, анасы — шөл.

Бетпақ шөлде бізді іздеп Қодар кепті,
Алабажақ бедеумен қуып жетті.
Су таба алмай, қамалып құлын-тайы,
Малқорда, қайырсыз бай зар еңірепті.
1280 «Бетпақтан жылқыны аман алып өтсең,
Жалғыз қызым Баянды берем», — депті.

Бетпақтан жылқыны аман алып келген,
Еңбегі — ен, су шығарған не дегенмен.
Қозы Көрпеш әкемнің ойында жоқ,
Баянды Қодар құлға солай берген.

Айбас:

— Ерге намыс емес пе, жаудан ықпақ,
Жар жағалап, жасырып, бойын тықпақ.

Ондай сотқар мәңгіріп кететұғын,
Оңбастай соққыны берсе мықтап.

Баян:

1290 — Айтпаймын Қодарды аяп,
Рас, ондай сотқардың емі — таяқ.
Бұлар бұзық — рулы ел, сіз жалғызсыз,
Осы жолы қайтасыз көрінбей-ақ.
Ауылға көрінбеңіз, барма, — дейді,
Тығылып, тынығып жат, жарда, — дейді.
Көп бұзықтың түспеңіз талауына,
Қарамайтын ұят-арға, — дейді.

Тығылып сол арада үш күн жатты,
Аунатып, тынықтырып Тайкөк атты.
1300 Ер Айбас үш күннен соң, қайтпақ болды,
Тоғыз белгі қыз берді — аманатты.
Бір қатын тезек терген сол арадан,
Айбас пен қыздарды көріп қапты.
«Қодарға айтайын», — деп жүгіреді,
Далаға тастай беріп қапты.

Қатын:

— Бір жігіт жан жетпестей бағасына,
Періште ме, перінің баласы ма?
Үш қызбен сөйлесті, көзім көрді,
Сонау бір қалың тоғай арасында.

1310 Бақа айғырмен жөнелді әңгі қызба,
«Мен бар демей, сөйлескен кім, — деп, — қызға?»
Үш қызбен сөйлесіп тұрғанында,
Айбасты ұстай алды аңдаусызда.

Не қылыш суырыспай, не оқ атып,
Қолдары тиген жерде қалды қатып.
Бақа айғыр қайыспастан сүйретеді,
Тайкөк ат шөке түсіп, қалды жатып.

- Екеуі жағаласып, аттан түсті,
Үш қыздың өңі қашып, үрейі ұшты.
1320 Түбірімен қопарып шөптің түбін,
Ары-бері сілкілесті екі күшті.
- Екеуі бірін-бірі тұрды тіреп,
Кенеттен сұлу Таңсық тапты бір еп.
«Ойының ба, Қодар-ау, шының ба?» — деп,
Қасына келді жетіп күлімсіреп.
- Ай төтемнің күйеуі, қайын бикең,
Бажасына болмай ма екен, бажасы икем.
Қодар-ау, жағасынан неге ұстайсың,
Жасы кіші болғанмен, жолы үлкен?!
- 1330 Айбасты ала алмасын Қодар біліп,
Айрылуға түр еді таппай ілік.
«Бағанадан айтсаңыз, не қылад», — деп,
Қоя беріп отырды, қарқ-қарқ күліп.
- Өзіңді «бажа» деді, босап жүйем,
Басында білген болсам, неге тием?
Келіп, кетіп жүрерсің, қош бол, бажа,
Ал енді, мен кетемін, малым иен.
- Айламен жіберді Қодарды ептеп,
Ақымақтың түбіне мақтап жетпек.
1340 Баянмен қоштасып, сөз байласып,
Түн қатып, батыр Айбас болды кетпек.
- Атына мінді дағы қайта түсіп,
Денесі бірде суып, бірде ысып.
Іңірде көтерілген ай сәулесі
Астында, Ай сұлуды тұрды құшып.
- Атына мініп, атының басын бұрып,
Батысқа бетін түзеп, кетті жүріп.
Тұлпардың тұяғынан көтерілген
Тозаңға, бел асқанша қарап тұрып.

- Ай қыздың тұла бойын толықсытып,
1350 Түскенін білмей қалды, қайдан құрық.
Тозаң, топыр таратты, түн қойылды.
Сылқ етіп отыра кетті, буыны құрып.

«Құрбандық» деген дейін еркек тоқты,
Қайтарда тура тартып кетпек бопты.
«Қайта келсек жақсы, — деп, — адаспасқа»,
Әр жерге белгі қойып, оба соқты.

- Ер Айбас бетіне алды батыс жақты,
Ерлікпен талай жерді аралапты.
Қыз берген күміс теңге атыменен
1360 «Ақша тау» деп ат қойған сол себепті.

- Бір жерде батыр Айбас ат суытты,
От жақты, бақыр асты, шақпақ шақты.
«Шақпақты» деп ат қойған батыр Айбас,
Шақпағы сол арада ұмыт қапты.
Ер Айбас түсін бұзып, күн, түн қатты,
Төтесін төмам жолдың оймен тапты.
«Жауыр тағы» дейтұғын жерге келіп,
Жауыр арқа сол жерден марал атты.
Бір жерде күн жауады өте қатты,
1370 Найзағай, жайдың оғы жарқылдапты.
«Нар шөккен» деп ат қойған батыр Айбас,
Бұлт шөгіп тау басына нар сыфатты.
Ер Айбас күнмен шығып, күлмен батты,
Ақ семсер беліндегі алтын сапты.
Құланның жорға айғырын ұстап алып,
Шұбар айғыр «Жорға» деп қояды атты.

- Өткелін бір өзеннің таба алмапты,
«Тілсіз жау — кешу жоқ судан қатты».
«Есіл, көгім, «Есіл!» деп жүзіп өтіп,
1380 Дейтұғын «Есіл» [аты] содан қапты.

Ер Айбас Көктұлпармен желдей ұшты,
Тау асып, тар жолменен кешу кешті.

Сарыбайдың келіп түсіп ордасына,
Шыққаннан сонда ханым белін шешті.

Айтады Қозы Көрпеш жинап елін:
— Іздемесім іздегім анық менің.
Бата бер, рұқсат ет, іздеуіме,
Тілектес ең, Тайлақ би, асқар белім.

1390 Тайлақ айтты: «Не көрсе адам басы,
Ер жігіттің тәуекел — жан жолдасы.
Батамызды біз беріп жөнелтелік,
Көптің ауған, бала едің, ықыласы.
Сексен батыр жігіт ерт елден таңдап,
Жалғыздық емес — ердің сыбағасы.
Ел-жұрты жоқ адамдай жалғыз барсаң,
Елдің тағы [шықпай ма] масқарасы».

1400 Тайлақ би осылай шешеді де,
Көпшілік соған мақұл деседі де.
Қозы айтты: «Кісі ертпеймін, жалғыз барам,
Керек емес батыр да, көсемі де.
«Алды, — деп, — Қозы біздің арқамызбен»,
Ертең кеп бөрі де желдей еседі де.
Жесірін іздеп барып, әпердік, — деп,
Қалмаймын балталының өсегіне».

1410 Анасы айтты: «Шының ба, сенің, балам,
Іздеген мұрат па еді, менің балам.
Жалғыздық қандай жанға лайықты,
Шының болса, айтайын, тыңда, балам.
Алды-арты он санды, аяры жоқ,
Жалғыздық лайықты сынға, балам.
Емшегі иіп көрмеген, бала сүйіп,
Жалғыздық лайықты тұлға, балам.

Болса да жүрегінде от бар, балам,
Намысын жалғыз қайтіп жоқтар, балам.
Ер де болса, соңынан ел ермесе,
Елден шыққан дейді сотқар, балам.

«Анам» деп тілімді алсаң, тоқта, балам,
Тірідей салып кетпе, отқа, балам.
Егер де тілімді алмай, жалғыз кетсең,
1420 Санаймын да қаламын жоққа, балам!

— Жоқ анам, жалғыздық жоқ, сірә, да ерге,
Жалғыздық келеді өліп көрге.
Әйтпесе, қолыңды теріс жайып,
Қала бер маған теріс бата бер де.

Ер сенсе ерлігіне, ел де сенер,
Ел сенерлік көрсетсе елінде өнер.
Елден елдің аты өзге, өдеті бір,
Бұл ел мені елесе, ол ел де елер.
Мен қайрат жұмсамаймын қиянатқа,
1430 Қайда жүрсе көмек көп ісі аққа.
Еңбегімді сіңірсем, ел менікі,
Мұндағыдай ел жоқ па, ана, ол жақта!

Ел айтар арман қылып арманданы,
Айып емес ерлердің арланғаны.
Қос атпен Қозы Көрпеш жөнелгенде,
Ханымның елді күйзелтті зарланғаны.

Ботакөз, бөрі құла, бөкен санды,
Оның әсем желісі одан сәнді.
Нар күреңнің тілі теріс қарындасы,
1440 Қунай күрең бедеуді қосарға алды.

Үдерді күреңменен Қозы Көрпеш,
Дем алмай, сапар шегіп ертелі-кеш.
Кездесіп, кейде салқын сардалаға,
Кейде таулар кездесіп, кейде белес.

Түн желсіз, аспан мұңсыз, жарық айлы,
Жортуға бүгінгі түн өте ыңғайлы.
Тынбай жортып келеді Қозы Көрпеш,
Ай жарығы әлсіреп, таң сарғайды.

Бір жерде аты сезік беріп,
1450 «Жануар сескенді» деп нені көріп.
Сезіктеніп артына жалт қараса,
Соңынан көкжал бөрі келеді еріп.

«Киелі ердің болады» иесі деп,
«Жорықта ердің жолы болады» деп.
Елесі емес қорқаудың өзі еді де,
Елдегі ер қылығы, ұран сөзі еді де,
Естіген ер аңызын есіне алып,
Атпады садағын алып кезеді де.

Күн шыға бұлаққа келіп жетті,
1460 Соған шейін көк бөрі еріп кепті.
Желге қарап тұмсығын көтерді де,
Ық жақтағы тасқа бөрі кетті.

Атының бірі ерттеулі, бірі жайдақ,
Садағына оқ салып, қойды сайлап.
Екі атын кезекпенен оттатады,
Біреуін арқандаса, бірін байлап.

Далдалап келіп түскен бір жартас еді. Отын жинап алды да,
бақыр асты. Қунай күрең бедеуді арқандауы шығасыға айласы
екен.

Пышақтығын азығының асты сарқып,
Отырды делсал болып, дене балқып.
Көзі ілініп, кетіпті сөйткенінше,
1470 Наркүрең ат осқырып қалды тартып.

Ық жақтан қорқау аңдып шыққан екен,
Шалғынның арасына бұққан екен.
Қунай күрең бедеуді жайратып сап,
Тұмсығын жылы қанға тыққан екен.

У жалаған кісідей іші ашып,
Ыза кернеп, қайраты кетті тасып.

Садағын бетіне алып кезеуі мұң,
Домалап қорқау жатты жанталасып.

- 1480 Бас шайқап, бармақ тістеп өкінеді,
Алдайды деп әлдекім өкінеді.
«Енді қайтып аңызға нанбаспын» деп,
Серт беріп, өзіне-өзі бекінеді.

Не көрді, жалғыздықтан мұны көрді,
«Қандысай» деп айтты дәл сол жерді.
Бірінің ажалына бірі себеп,
Айқасып, екі өлексе қала берді.

- Жол жүріп, күні-түні жүдеді азып,
Жан торсығы қаңғырып, таусылды азық.
Күндіз жатып жортады аяғы, түнде
1490 Жұлдызды белгілеп алып, Темірқазық.

Шығынға кеткен емес атылған оқ,
Азығы жоқ болғанмен, тамағы тоқ.
Тері кеппей, теріне қосылған соң,
Наркүрең ат құбылады құбақан боп.

Бір жерде түнеп қалды, жаңбыр жауып,
«Жұлдыз жоқ, кетемін» деп теріс ауып.
«Жататұғын мөлшерім болып еді,
Адасып кетем бе» деп қылды қауып.

- Таңертең тұра сала ашады бал,
1500 Оңды-солды кез түсті айқасып дәл.
Басына Аюлының келіп шығып,
Бір таудың бөктерінен көреді мал.

Ойлады барайын деп осы малға,
Бұл тау [кәдуілгі] ескі Қара Қалба.
Біріккен екі сайдың түбінде [кеп],
Кенеттен кез болып қалды қалмақ шалға.

Қозы сәлем берді, қусырып қол,
Сәлемін алды, шал да: «болсын, — деп, — жол».
Бұл қуанса «шалдан жол сұраймын» деп,
1510 Жатырқап «жау екен» деп шегінді ол.

Бұрыл түкті қалың қас, көзін жапқан,
Мінезінде бір зілдей салмақ жатқан.
Іске епті, сөзге алғыр адам еді,
Қысылғанда қиыннан қисын тапқан.

Шалдың жақын келе алмас маңайына
Өтірік, өсек [пенен] қулық-мақтан.
Аю жарып көмген соң бір түйесін,
Үстіне кеше әкеліп, құрған қақпан.

Қақпанына түсіпті аю басып,
1520 Ұзамай жатқан екен белде асып.
«Ауылдан мерген ертіп келемін» деп,
Бара жатқан беті еді асып-сасып.

Сескенгенін білді де, айтты шалға:
— Адам түгіл, зияным тимес малға.
Аяғөз қай жағымда қалды, атеке,
Менен зиян келеді деп ойға алма.

— Иә, балам, сағым қуып жүр екенсің,
Сен де бір кейінгіге жыр екенсің.
Айтпасаң да, жөніңді білдім, балам,
1530 Баянды іздеп жүргеннің бірі екенсің.

Аякөз оң жағыңда қалды кейін,
Батысқа ал жүрерсің әнтек бейім.
Атың арып қалыпты, ақырын жүр,
Үш күндік «құлан аян» оған дейін.

Аю түсіп қалыпты қақпаныма,
Алу үшін айласын таппадым да.
«Мерген ертіп келемін» деп барамын,
Жалғыз өзім баруға батпадым да.

- Ау, ата, аюыңды маған көрсет,
1540 Езге ертек іс емес пе, ерге бір серт.
Ертіп келіп [аюға], айтты шал:
«Абайла, алыстан ат, боласың мерт».

Ашулы аю ақырып бергенде, тап,
Сапысын бұ да ұмтылды, суырып алып.
Арбаңдап аю келіп, жармасқанша,
Шап беріп, сол жағынан бұрылып қап.

- Өте бере желкеден бірақ шапты,
Аюдың кеңірдегі сопаң қақты.
Денесінен бір бөлек анадайдан,
1550 Ыржыңдап, тісі ақсиып, басы жатты.

Шал сүйсініп ісіне берді бата,
«Батаңыз қабыл болсын, — деді, — ата!»
— Балам, сенен дүниемді аямас едім.
Белгілі қазақ — қалмақ ежелден жау,
Кетпейді арасынан ұласқан дау.
Шапқыншы деп, қалмақтар нанбас саған,
Үйге де бұрылмадың дәмнен тата,
Үйге ертіп барғанмен, жібермес сау.

- Бұл жерге адам келе алмас, бірен-саран,
1560 «Менен қастық келеді» деп болма алаң.
Бір мес қымыз, бір тоқты әкеп берем,
Осы арада түс те жат, — деді, — балам.
Бір мес қымыз, бір тоқты өңгеріп,
Шал келді айтқанындай кешке таман.
Қымызды ішіп, тоқты етін пісіріп жеп,
Қозы кетті, шал қалды: «қош бол, аман!»

- Тетігі ауыздықта, тізгін қолда,
Ер Қозы Күреңменен тартты оңға.
Қазақ-қалмақ жауласып шіреніскен
1570 1570 Құлан аян Сарыарқа, ел жоқ онда.

Мойнынан Күрең аттың үзілді жал,
Төмендеген секілді жүрісі сәл.
Кесе басып Күрең ат ақсап қалды,
Арқаттың қопасына келгенде дәл.

Күн қызылы шымылдыққа барады еніп,
Шығыстан түн келеді, жерге төніп.
Қаңтарып, Күрең атты, суытты да
Шоқпарына сүйеніп тұрды, ойы жеңіп.

— Уа, Күрең өзінді-өзің жараладың,
1580 Адамың мен апшытқан жер алабын.
Мен кетерде қош айтыспай кетіп едім,
Әлде сені соқты ма зары анамның.
Дегенде қақ жарылды қалың қамыс,
Қамыстан тұрған жері емес алыс.
Қамыстан шықты дағы қарсы қарап,
Бүк түсіп, жата қалды бір жолбарыс.

Қозы да қарсы жүрді, қақпай кірпік,
Осқырып Күрең тұлпар, шегінді үркіп.
Жауырыны қимылдап жолбарыстың,
1590 Көзінен жас тамған, жалын бүркіп.

Қозының мұршасы жоқ, садақ оқтар,
Бір дегенше секірді тағы сотқар.
Құлағы мен көзінің арасынан,
Сәт дегенше сарт етті қайың шоқпар.

Жолбарыс шөге түсті жерді қауып,
Көзінің оты сөнді, қаны жауып.
Жүрегінен қанжарды бұлғап алып,
Үріккен [Күрең] атын алды тауып.

Ендеше, еркіне кім барарсың,
1600 Айналды қас қарайып, болуға түн.
Жолбарысты жеңген соң бойы сергіп,
Тарады қамалаған [көп] табашың.

Ұзыны жолбарыстың екі құлаш,
Биіктігі Күреңнен сәл ғана пәс.
Отын жинап кірісті от жағуға,
Тамақ істеп ішуге — күндізден аш.

От жақты бір шұқырға шөбі тақыр,
Ағаштан мосы жасап, асты бақыр.
Қиядағы қалмаққа сауда істейтін,
1610 Қопаға қалың керуен келе жатыр.

Қопада керуендер үш күн болмақ,
Үдеріп бүгін қайтса, жете қонбақ.
Мұнан кейін мол су жоқ көпке дейін,
Көліктерін тыншытып, жүгін оңдап.

Әрі бай, әрі ғалым керуен басшы,
Сенімді ертіп алып төрт жолдасты.
Көш бастап, қоныс қарап келе жатып,
Отты көріп, тұра қалып ақылдасты.

Бастық айтты: «Отта бар үлкен барық,
1620 Жалғыз адам шығармас түнде жарық.
Көрмейді от басында отырғандар,
Бірің байқап келіңдер, таяу барып».

Барып келген айтады: «Бардым жуық,
Пақыр асқан үш талдың басын буып.
Бір жас жігіт жолбарыс сойып жатыр,
Қасында ер-тоқымды ат тұр суып».

Бастық айтты: «Ендеше, жау емес ол,
Шалғыншы от жақпайды, бастаған қол.
Аты менен өзіне сенген біреу,
1630 Тәжірибесі аз болса да, қайраты мол».

Көп жүріп, керуен басы, көрген көпті,
Іске іскер, ойға алғыр, сөзге епті.
Түйелері бақырып, иттері үріп,
Ана-мынау дегенше керуен де жетті.

Қопаны ел жайлайтын көл дейді де,
Ит үрген соң, бір көшкен ел дейді де.
Отырды от басында жайбарақат,
Отын да өшірмей, көрмейді, деп.

Бастық айтты: «Жігіттер, болыңдар сақ,
1640 Отқа әсте бармаңдар, артына бақ.
Ол жау болса, енді отын сөндіреді,
Ел болса, өзі келіп, жолығар-ақ».

Ол күні көзі ілінбей, таңды атырды,
Неге ұйықтасын, ұйқыдан бір «қап» ұрды.
Керуендер де құмартып, көруге болды асық,
Жолбарысты өлтірген жас батырды.

Киімі өте жақсы сән құрады,
Келбеті көзді тартып бой бұрады.
Ақсақ ат жетелеген жаяу жігіт
1650 Таңертең керуеннен жөн сұрады.

Жолбарыстың терісі бөктеріншек,
Ендеше, ерлігіне кім қояр шек.
Қозының аты-жөнін білгеннен соң,
Керуендер тіке, тұрды бек құрметтеп.

Бастық айтты: «Бізбенен үш күн жатып,
Бұйырған біздің қостың дәмін татып.
Аяғын басар атың, оған дейін,
Аякөз жететін жер, бір түн қатып».

Қолма-қол көк шалғынға тояды қос.
1660 «Құрметті қонағымыз келдің — деп, — қош,
Қолынан іс келетін, ержігіт», — деп,
Қозы мен керуенбасы болады дос.

Ат ақсаса, несі уайым?
Оташы емдейтін дәрі дайын.
Құндыздығын тақырлап Күрең аттың,
Сазға арқандап, борсықтың тартты майын.

- Қопада үш күн емес, бір күн тосты,
Ат аяғын басқан соң, Айтты досты:
— Бір қос ат беремін, топтан таңдап,
1670 Керек десең, берейін бір жолдасты.

Досты айтты: «Қарағым, сөзімді ұқ,
Жауды әдіспен, досыңды шындықпен жық.
Жаудың бойын бұрын көріп, бой көрсетпе,
Жау шығатын тұрғыға сен бұрын шық».

Істің басын бастасаң, артын аңда,
Кім айтсын, шындығына жетпей, нанба.
Жаныңа қысым келсе, лажың жоқ,
Кек үшін қанжарыңды қанға малма.

- Залымға «жақыным» деп ара түспе,
1680 Үйде-түзде жоспарсыз кіріспе іске.
Ақылыңды апудың алдында ұста,
Ақылға санаспай, ерме күшке.

Жоспарсыз тәуекелдің жазымы көп,
Тәуекелшіл болудың қажеті жоқ.
Ақылға алтын-қазына тең келмейді,
Батырлықтың бағасы жалғыз-ақ оқ.

- Жау ордасы тайғақ жол, тар асуда,
Менмұндалап, жауыңа барасың ба?
Бұл түріңмен көрінбе көздеріне,
1690 Ең әуелі атпен бір кір арасына.

Таздың кебін берейін, жаман киім,
Ел шетіне барғанда соны киін.
Қарабайға сыр айтпа, әсте нанба,
Қайырымсыз қатты адам, ісі қиын.

Досынан қосарына бір ат алды,
Қоржынға жетерлік азық салды.
Тауға шығып көрсетті жердің жөнін,
Қозы кетті қош айтып, досы қалды.

Қозы Көрпеш «Баян» деп елден безді,
1700 Құлан жортпас құба жон шөлді кезді.
Басына Сандықтастың келіп шығып,
Елдің таяу екенін шөптен сезді.

Сол жерде Қозы атынан түсе қалды,
Бар-киімін қоржынға қаттап салды.
Досы берген қой жүні, қоңыр бөстек,
Басына таздың кебін киіп алды.

Құбылып тазша болып өзгереді,
Өз бойынан табылады өз керегі.
Құлдилап Аякөзге келе жатып,
1710 Қаптаған қалың қойға кез келеді.

Қой жайған тазды көріп Қозы келді,
Таз қойшыға таз бала сәлем берді.
«Жайған қойың кімдікі, атың кім?» — деп,
Таздың жөнін сұрайды арғы-бергі.

— Көңілің көтеріңкі, сергек бойың,
Қыр қыдырып келесің, қызда ойың.
Қайырсыз Қарабайдай ханның қойы,
Осынша қой дейсің бе, менің қойым!

Байқаймын, ұқсамайсың өзің тазға,
1720 Баланың бетін ашып, түбін қазба.
Дәу де болсаң, бірісің сен де соның
Баянды іздеп қаңғыған жігіт аз ба!

— Қайырсыз қатты десен Қарабайым,
Көрмей білмей мен қайтіп қаралайын.
Келген жігіт қайта ізін таба алмайтын,
Баяның кім, канеки, айтшы жайын?!

Шақпақ шақты дегенше тұтанды қу,
Су қайнады дегенше күшейді бу.
Баянның атын естіп, жүзін көрмей,
1730 Ғашық оты бетіне шықты ду-ду.

— Мені қаңбақ дейсің бе, желге ілескен,
Қызға ғашық болатын есер емен.
Сыр-сипатын әуелі түсінбестен,
Шырағым, пайда берер, егес кімге?
Мен сенің тексерушің емеспін де,
Сірә, сен, Қозы Көрпеш емессің бе?

— Қозы Көрпеш болсам да, көрсең, көрме,
Естілген сөз, айтылған сөз, қалсын жерде.
Сыр-сипатын қыздардың түсіндірші,
1740 Өңі сұлу болмай ма, ойын көр де.

— Қыздың жайын сұрадың, Қозы бала,
Қыз дегенде жігіттің көңлі ала.
Келбетіне келіскен кеңпейілі,
Бәйбішелік лайық Айға ғана.
Төсекте топқа — алқа, жұртқа — еркек,
Таңсық қыз бола алады аймаққа ана.
Ерекшелік болмаса ақ Баянда,
Торына тоқсан шері шырмала ма?!

Тоқсан бір Қодарменен сері бойдақ,
1750 Баянды алам деген бәрі де ойлап.
Тоқсанын бірдей [бекер] дәметтіріп,
Баян жүрген секілді жалқыны ойлап.

Кез болдық, ойда жоқта, жалған түзде,
Бақыт сені іздемес, сен оны ізде.
Бар шығар әлі де болса, алдыңда бақытты өмір,
Талабыңды тойтарма, күдер үзбе.

— Ата сенен тілейтін тілегім сол,
Дос болдық әуелі, алысып қол.
Орныға енді қойды, мен жаяйын,
1760 Мен сізге бала болайын, сіз әке бол.

Керек десең ерттеулі қосарымды ал,
Тілесек басқа жаққа кетіп те қал.

Өміріңе жетерлік алтын берейін,
Басыңа үй тік, алдыңа сен де мал сал.

— Ташкенді табар едім күн-түн қатып,
Онда істейтін інім бар сауда-саттық.
Бірақ мені Қарабай босатпайды,
Құлақкесті құл қылып алған сатып.

Тазша екеуі аттан түсіп, ақылдасып,

1770 Тазша айтады:

— Қайтеді, кетсем қашып.

Қозы айтады:

— Қашқаның дұрыс емес,

Қашпай-ақ кетем десең, жолың ашық.

— Қайырымсыз Қарабай аямайды,
Егер де қолға түссем, жаза басып.
Сөзге айналып, екеуі байқамапты,
Қарабай шыға келді, белден асып.

Қойшыны көре сала-ақ шақырады,
1780 «Қойды, өне, жібердің», — деп ақырады.
«Жаның шығып, бара ма — дейді тазша, —
Қайырымсыз топалаңың жатыр, өні».

Қамшы иіріп, бай атын үйірлетті,
Қамшысын тазша жігіт ұстай апты.
Кекілінен ұстап алып, басып қалса,
Аққайың шөге түсіп, жата қапты.

Атынан түсе қалды қорқып сасып,
Көзі аларып, қалтырап өңі қашып.
Есіркегелі кісідей именгеннен,

1790 Тазшамен сөзге келді, жөн сұрасып.

Тазша айтты: «Осы шалдың баласы ем,
Ержеттім, өкемді іздеу емес пе, жөн.

Лұқсат болса, әкемді қайтарамын,
Орнына, енді қойды жаямын мен».

— Балам жүріп келіпсің, бірталай жер,
Қартайған сұмырай әкең кімге дәрғар?
Өзі де қой баға алмай қалжырап жүр,
Әкеңе лұқсат бердім, қайтара бер.

Соны айтып, хан Қарабай қайтып кетті,
1800 Қарабай қыздары мен қатынына айтып кепті.
Не керекке жарайтын қайраты мол,
Шал тазшаға жас тазша таптым, депті.

Қыздардың барлық жайын шалдан ұқты,
Қозы Көрпеш өзіне-өзі ұқыпты.
«Жаңа келген тазшаны көреміз» деп,
Алдынан қой қайтқан соң, қыздар шықты.

Баянды «ақ ару» деп еркелетіп,
Кәмшат бөрік, кигені күміс етік.
Қыздарды көрген соң, тазша бала
1810 Алдына қоя берді өлеңдетіп.

Қозы:

— Күндегідей шал емес, мен — жас тазша,
Қыздың жолы болмайды, менен қашса.
Тасыған су асқан емес шарасынан,
Таудан асып кетпейді, талдан асса.

Қыздар:

— Күндегідей шал емес, сен — жас тазша,
Құдыққа дәрет етер құлдар тасыса.
Тұншығып, сорлы тазым, өліп қалма,
Ұстап алып, «түйе бас» қылып, қыздар басса.

Қозы:

— Маған қарай байқап бас аяғыңды,
1820 Тұншықтыр тоқсан топас саяғыңды.

Әлдекім жебейтін дертіңді,
Мен Емдеймін естеріңе түсіріп баяғыңды.

Қыздар:

— Кеселің бойыңдағы ерен екен,
Өз мінің бойыңдағы көре ме екен.
Көкек болып шақырдың өз атыңды,
Құл емес, қойшы тазша төре ме екен?

Қозы:

— Мен емес қыздарменен теретұғын,
Соңымнан сендей қыздар еретұғын.
Сыртым тазша болғанмен, ішім дана,
1830 Қасиетім бар қыздар жақсы көретұғын.

Қыздар:

— Қайда тазша көрінсе, бәрі ділмар,
Таз екенсің тіліңнің қотыры бар.
Бастың тазы жалғыз-ақ жатты бағар,
Тіл қотыры айла орап, елді бағар.

Қодар:

— Мені тазша дегенің жала шығар,
Басымның қотыр емес, жарасы бар.
Досына бал, дұшпанға у тамызатын
Тілімнің қотыр емес, арасы бар.

Қыздар:

— Қойшы мінер қойына жуас торы,
1840 Шілдеде шыбын шықса, таздың соры.
Кереметің бар болса, бір түс көрдім,
Тапсаң, ақы берейін соны жоры.

Қозы:

— Қыз Баян, сен бір шаңқан мен бір таз сері,
Дертін болса, болайын дәргері.
Түсің түгіл, өңінді жорытарсың,
Тазшамен ойнасаң ары-бері.

Қыз:

— Мен көрдім, қорқытқан аққу құсты,
Жай серіп, қос қанатын көлге түсті.
«Тоятқа сол аққуды аламын» деп,
1850 Алыстан бір күшіген тілеп ұшты.

Қозы:

— Көргенің аққұтан ғой, аққу емес,
Көрінген көл бетінен көзге елес.
Күшігеннің тояты — тышқан, жемтік,
Күшіген, сірә, аққуды алам демес.

Қыздар:

— Жақсыны жаман күндеп, табалайды,
Ақылды адам өзі әлін шамалайды.
Түс көрдім тағы да бір, жоры, тазша,
Сол көлді бір ақсұңқар жағалайды.

Қозы:

— Баян қыз, сен ортаға шыққан шынар,
1860 Қодар, тоқсан, бәрі де саған құмар.
Сол көлді бір ақсұңқар жағаласа,
Еркешім, сені алатын күйеу шығар.

Соны айтқанда, Қарабай айқай салды,
«Қотанға айда бері, — деп, — тазша, малды».
Күреңмен қой қайтарып, желіп жүріп,
Қаймықпай, тазша бала шырқады өнді:

«Теріс азу, тоң мойын, қара қабан,
Тұмсығымен түрткені қалмады аман.
Тоқсан торай түрткілеп бірін-бірі,
1870 Сүрлеу таппай шұбырып, болды ақтабан.

Қарт бура бір басында тоқсан нөкта,
Қаңсыған сасық кеуде, суық соқта.
Тіздеулі ақ інгенмен аю ойнап,
Төбет сарып, бөрі аттар аю жоқта.

Күш қайда, күшке басшы айла қайда,
Ақылсыз, айласыз күш абшымай ма?!
Қарт бураның шығып алып өркешіне,
Қара жан қағынып шабады айға.
Қос құнанша матауда болды маймақ,
1880 Арқандаулы әлсіреп ақ нартайлақ,
Өткелден өтуге арман — өткел тайғақ.

Баян айтты: «Сұңғыла едің, тапшы, Таңсық,
Сағыныш — сары ауру, үміт — талшық.
Тазшаның сөзі үстімнен серпілткендей,
Сағыныштың салмағын жүрген жаншып.

Өзі таз, сөзі меруерт санатқандай,
Ай туып, қарсы алдыңнан таң атқандай.
Апеке, сүйініш пе, күйініш пе,
Жүрегім лүпілдейді тағат қалмай?!»

1890 Таңсық айтты: «Тазшаның нәрі бар таз,
Бойында сені емдейтін дәрі бар таз.
Емдесе, әуелетер зары бар таз,
Жақсылық, жаманшылық бәрі бар таз.

Баян, сенің дертіңді емдейтін таз,
Тоқсандай, алдауға көнбейтін таз.
Қолбала емес қарайтын пиялайға,
Алмайтын аңына төнбейтін таз».

- Тазшаның сөзі байды ойға батырады,
Іштен де еніп, ызасын сапырады.
«Сұм тазшаның сөзіне түсінбедім,
1900 Түсіндір», — деп Таңсықты шақырады.

Хан Қарабай тыңдамас ылди-өрдi,
Қит десе таяғымен сабап жердi.
Айтшы-айтшылап мазасын кетiрген соң,
Таңсық қыз Қарабайға айтып бердi:

«Тоқсан сері күткендей көктен ғайып,
Күндіз жылқы суарып, түнде жайып.
Торай демей оларды, не демекші,
Ойыңызша, «қабан» ат кімге лайық?

- Тоқсан жас — тоқсан нокта, сіз — қарт бура,
1910 Қасақана сұрайсың, біле тұра.
Ақ інген кім екенін білмек болсаң,
Тоқалыңнан түнде сұра.

Уайымы — азығы, үміт — талшық,
Көңілі күңгірттеніп арман жаншып.
Матаудан босана алмай маймақ болған,
Қос құнанша дегені Ай мен Таңсық.

- Әуелі ойы улығып, уға ұласқан,
Нар дәметсе, зар тамған қара тастан.
Кең пейіл, кең ақылы іске аса алмай,
1920 Аруана шөккен Ай қыз арман асқан.

Дүниеден не қызыққа тойдың, әкем,
Малға сатып арыңды жойдың әкем?!
Ару туған Баянды аямастан,
Арқандап, аңыратып қойдың әкем!

Мал қандай, бала қандай тексер, әкем,
Қартайдың алды-артыңды ескер, әкем.
Қодар жоқта біткен мал өз басыңа,
Қодар «құтым» дегенің бекер, әкем!

- Ойбай, Таңсық, бұл сөзді ауызыңа алма,
1930 Малды бақпай кетпесін, тазшаны алда.

.....
[Бұ тазша] жайлы болды маған малға.

Бүйте берсе, жүре алмас дейді көпке,
Қодарға айтсам, ұшырар күлін көкке.
Қойды айырып, тазша үйге келіп еді,
Табаққа сап алдына қояды өкпе.

Қарабай — сансыз малы, мыңмен жарлы,
Қайырсыз бел секілді қалың қарлы.
«Мен еңбекті жейтін кісі емес» деп,
Өкпе берген табағын екі жарды.

- 1940 Өкпе берген ақ тоқал қаны сұйық,
Малшыға әдетіндей тілі тиіп.
Тазшаға ұрысуға бата алмады,
Табағының сынығын алды жиып.

Мықты арқанмен Күреңді арқандапты,
Ауылдан аулақ жерге барып жатты.
Көптен бері шала ұйқы болып жүрген,
Алаңсыз ұйықтап қалды, таң да атты.

- Ерте тұрып, суарды Күрең атты,
Ер салып, суарып мініп апты.
1950 Қойды өргізіп өріске бара жатып,
Сескенбей тазша бала, ән шырқапты.
Сыбызғының үніндей нәзік әнді,
Тамылжытып, қалқытып, сорғалатты.
Таң желімен қосылып салған әні,
Үш қыздың сай сүйегін сырқыратты.

— Таң атпай мен мінемін Күреңіме,
Тілегі сай келе ме тілегіме.
Кім білсін, әлде, достым, әлде, қасым,
От салған шақпақ салып жүрегіме .

Баян айтты:

- 1960 — Бұл тазша емес тегін,
 Бұл тазшада буы бар әлдененің.
 Тазшаның дауысы маған әсер беріп,
 Сай сүйегім сырқырап кетті менің.
- Қызымыз епті емес пе осындайда,
 Епті болсаң, еңбектен тигіз пайда.
 Ел ме, жау ма, білсеңізші, таздың жөнін,
 Қайдан келді, бұл тазша бармақ қайда?
- Қыз айтты: «Сәтін күт, сабыр ет те,
 Өлкеге қой жусатар келіп түсте.
- 1970 Көрінбей тауға кіріп, тыңдап жатсам,
 Тазшадан бір сыр шығар, сәті түссе».
- Түсте әкеп қарасуға қой жусатты,
 Шылбырынан арқандап Күрең атты.
 Шүйгін шөпке тойған қой [көлеңкелеп]
 Солықтап, жар жағалап тегіс жетті,
- Дөңге шығып болжады айналаны,
 Жан бар деп тал ішінде ойламады.
 Шешініп кебін тастап, тазша бала
 Суға түсіп, шомылып жайланады.
- 1980 Таз емес, таза жігіт кебін апса,
 Қайта кебін кигенде болды тазша.
 Сом денесі келісті келбетіне,
 Қыз көрсе, шарасы жоқ қызықпасқа.

Қозы Көрпеш:

Жел тынса, тыныштыққа шырқағаны,

 Өлдекімнің тигендей құлағына,
 Арманын айтып тазша жырлағаны.

- Балталы, бағаналы елім менің,
[Бақалы, балдырғанды көлім менің].
Ер Тайлақ атамның тілін алмай,
1990 Сүйгенім Баянды іздеп келіп едім.
- Кімге айтты, кім тыңдады тазша жырын,
Жырменен ағытылған шындық сырын.
Жырымды жан естіген жоқ деп еді,
Ауылға жыры өзінен жетті бұрын.
- Баян отыр күткендей көктен ғайып,
Үміті, кейде азайып, кейде ұлғайып.
Күлімсіреп қызымыз кіріп келді,
Деп, көне, сүйіншіме не лайық?
- Баян-ау, көз жасыңды Төңір иген
2000 Қозы Көрпеш — тазшаның кебін киген.
Шешініп шомылғанда көрдім анық,
Қыздарда арман бар ма соны сүйген?
- Мен тыңдап, жетім тазша көп жырлады,
«Баянға мен ғашықпын» деп жырлады.
«Алдымда аға, артымда інім жоқ» деп,
Өзінің қамын тағы жеп, жырлады.
- Балталы, бағаналы — тегім, — деді,
Тайлақ би ел меңгерген бегім, — деді.
Баяннан басқа менің сүйгенім жоқ,
2010 Қодар мен Қарабайда кегім, — деді.
- Жалғызбын, Баян ғана панам, — деді,
Ісімнің ақтығына нанам, — деді.
Сансыз мал қазынамен арман емес,
Артымда зарлап қалды анам, — деді.
- Түн серпілді, күн жерге нұрын төкті,
Махаббаттың отына дәру септі.
Сәнді киім киісіп, шаттанысып,
Алдынан қой қайтқан соң, қыздар кепті.

- Кешегіндей емессің бүгін, тазша,
2020 Ал тыңдайық, біразырақ кеңес баста.
Кереметің бар екен білдік, тазым,
Қыздың жолы болмайтын, сенен қашса.

Қозы:

- Ақ істің әбден жетіп, дерегіне,
Ойыңның сұңғи түсіп тереңіне.
Қодар сықылды мырзаға қол арытқан,
Мен секілді тазшаның керегі не?!
- Киесіз сөз жараспас сіз бен бізге,
Кінә болмасты кінә деп қалға тізбе.
Кешегі өзіңізге жорытқан түс —
2030 Даладан ақсұңқарды көрдіңіз бе?

— Ол сұңқардың тұяғы болат тағы,
Тұғыры маңайына жолатпады.
Алыстан талып, ұшып келген сұңқар,
Түнде келіп, қой шетіне қонақтады.

Қырымнан қыран, сұңқар көретұғын,
Соңынан қызылшалар еретұғын.
Тұғырдың жол таппаған себебі сол,
Бойында белгісі бар, бір бір ет тұғын.

- Бір келіп қайтқан тастүлегі,
2040 Бұл келген жас балапан — жас тілегі.
Бойында тоғыз түрлі белгісі бар,
Тұяғы бабы келсе, тас тіледі.

Сұңқардың жалғыз ұшқан саяғы не,
Басын ұқтым, сөзінің аяғы не?
«Есіңе, бір түсірем» деп едіңіз,
Қашан еске саласың, баяғыны?

— Қайратына сенгені — жалғыз ұшса,
Баяғыға, Баян қыз, өзің нұсқа.

- Түсімде бір сәуегей аян берген:
2050 «Басына шаш шығады, — деп, — Баян құшса».

Соны айтып тазша бала үйге келді,
Ақ тоқал мал жайып жүр, аузы желді.
Бәйбішенің тағынан түсіп берген
Кім екенін білінді деген белгі.

Қарабай жүр далада күйіп-пісіп,
Малшыларын нәлеттеп, жынын құсып.
Түнде жатқан жеріне келді дағы,
Қозы отырды ұйықтамай, ойға түсіп.

- Қарабайдың жүзінен кетпейді ызғар,
2060 Бетіне қараған кісінің беті мұздар.
Сол ызғар ұйқыменен көмілген соң,
Қозы қасына жетіп келді қыздар.

Қозы орнынан тұрды құрметпенен,
Қыздарға түсімді бір ниетпенен.
Ай сұлу құрметіне алғыс айтты,
Құрбылыққа жарасар құрметтеген.

- Таңсық сөзді бастайды әзілменен:
— Ақсұңқарым сен болсаң қаз ілмеген.
Мінекей, қорамытқан аққуыңыз,
2070 Қоғасына шырмалып, көл жүзбеген.

Сұңқар құстай шыдамас аққу шөлге,
Аққу құстай жүзе алмас сұңқар көлге,
Көл толқымай тұра алмас, жел борамай,
Тағдырының тетігі жанды жерде.

Жүрегінде сембестей налысы бар,
Адамшылық ұяты, намысы бар.
Аққу, сұңқар болмай-ақ онан дағы,
Қозы Көрпеш, Баян болып танысыңдар.

Құмарлықтың қуаты екі көзде,
2080 Махаббаттың жолы одан мүлдем өзге.
Сыпайы әзіл арқылы сыр тартысып,
Сезілместен сағаты, күні лезде.

Сағыныштың торынан болған азап,
Баянға болды ұзақ таң секілді аз-ақ.
Айрыларда алысқан қол арқылы
Өнебойы уланды, тарап ләззат.

Ішінде қалың талдың бір шоқ боз тал,
Күндізден сол шоқ талды белгілеп ал.
«Табысармыз, — деді де, Баян кетті, —
2090 Ертең кешке сол талдың түбінде дәл».

Баянға бүгінгі күн жылдан артық,
Шыдай алмай, шыдамын отыр сарқып.
Керіліп, кербезденіп келді өзер түн,
Дүниені қараңғылап перде тартып.

Кейде бір қуанышпен көңілі өсет те,
Кейде зарлы ашумен егесет те.
Теңемейміз жақсыға да, жаманға да,
Түнек сырын білсек те, білмесек те.

Баянның махаббаты қандай тұнық,
2100 Сайма-сай түн де, міне, сондай тұнық.
Сөнбес сенім, суалмас махаббатын,
Бейне тұрған секілді түн ұсынып.

«Әділетсіз сұм заман» деп қамығып,
Хан қаңғып, халық адасқан бір жаңылып.
«Сендерге тізе бүгіп, бас имеспін» деп,
Баян [да] келе жатыр түн жамылып.

Махаббаттың ұстандым сертін бекем,
Балалықтың шегінен қазір өтем.
Аналықтың аттаймын босағасын,
2110 Қозыменен қиылмақ, қарыс некем.

Некемізді қиятын бар ма молда,
Екі адам куәлікке керек ол да.
Ата-ананың алмастан лұқсатын,
Әлде түсіп барам ба теріс жолға!

Жолым оң, теріс жолға түскенім жоқ,
Мен емес болатұғын тағдырға доп.
Еркіндікке бет алған епкінімді
Жанған от бөгей алмас, атылған оқ.

Некемді сенген жүрек өзің-ақ кес,
2120 Адам түгіл бола алмас, тағдыр да бәс.
Біздің неке жасырынды неке емес,
Алдап неке қиятын молдалық іс.

Махаббаттың ұқпайтын сырын жете,
Әділеттің білмейтін жолын төте.
Қара ниет әкемнің лұқсатын күтуге
Міндетті емес біздің [алал] неке.

Меңгеруге шамасы келмей ойын,
Басталды деді, міне, неке тойым.
Көзін жұмып, құшағын жая берді,
2130 Бір қасиет меңгеріп кетті бойын.

Екі жас махаббаттың от кенінде,
Мастанып мұратына жеткенінде.
«Таң таяу» деп жел хабар бермегенде,
Білмес еді түн қалай өткенін де.

Баян айтты: «Келіпсің жалғыз саяқ,
Қоңыр күз, қыста болса қалды таяп.
Не де болса көреміз, жаз шыққанда,
Қой бағып-ақ жүре бер, арланбай-ақ».

Қозы айтты: «Жалғыздыққа қылма уайым,
2140 Мен ерлікке, жаулыққа бірдей дайын».
Баян — Қозы жасырын жүре берсін,
Қодар мен Қарабайдың тыңда жайын.

Жылқыдан бір күн Қодар үйге кепті,
Қарабай күйеуіне өмір етті:
«Жаздай сауған жабағылар тойынсын,
Балам, маған бие әкеп, байла!» — депті.

2150 Өмірді алып, Қодекең кетіп қалды,
Жылқыдан жүз биені бөліп алды.
Айдап келіп жылқыны, қоразданып:
«Тоқпақ, желі, құрық!» — деп айқай салды.

Қарабай тазшаға іште сақтаған кек,
Ой-пікірін сыртына шығармас тек.
Бүгін қойға жібермей алып қалған,
«Тазшаға асау құлын байлатам» деп.

Қарабайдың сырты аңғал, ісі епті,
Желі мен ноқтаны алып, тазша кепті.
«Тоқпақ пенен құрықты апар» десе,
«Алар, маған не керек», — деп кекепті.

2160 Қодар айтты: «Ақымақ, аңғал тазша,
Басыңды жұлып алып, қазық қақса.
Тоқпақ пен құрықты алмапсың,
Сирағынан ұстарсың, құлын қашса.
Қарқ-қарқ күліп қағады арқасына:
«Қайтпайтын, қайсар таз, — деп, — салсаң тасқа».

Қодар жүр асау мініп, тарпаң жайлап,
Ақылсыз екеніне жүрісі айғақ.
«Көшет, — деп, — ертең ауыл», хабар қылса,
Қос атқа секен-саяқ келеді айдап.

2170 Қодардың қайраты мол, ақылы қысқа,
Тазшаны шақырады «жүр» деп тыста.
«Ат ұста да, тұр, — деді, өмір берді, —
Бүгін әкеліп, Баянның атын ұста!»

— Қырсық, қыңыр бағады байдың малын,
Сен белгілі қырсықсың, елге мәлім.

Мен Баянға емеспін жалынышты,
Атын ұстап, шұнақ құл, өзің жалын.

— Қап, тазша, сөзің өтті, [қысталаңда],
Нең кетпек жеңгең атын ұстағанда,
Көш-жөнекей артыңнан бір жетемін.

2180 Аспансып кетіпсің ғой қыспағанға!

Қойын айдап ілгері Қозы кетті,
Артынан ұзамай-ақ көш те жетті.
«Тілазар құл болар, — деп, — тілім, тілім»,
Қарабай ішінен бір кекетті.

Баянды көрсе, Қодар естен танып,
Іші-бауыры өртенер, оттай жанып.
Аударып тастап кетпек болады ол,
Тазшаны жауырынан ұстай алып.

Қарабай да Қодарға дем береді,
2190 Қодардың тентектігін жөн көрді.
Ат үстінен тұмақша жұлып алып,
Қодарды қойшы тазша өңгереді.

Қодар «қоя бер» деп тазшаға жалынады,
Жалынғаны батпайды налығаны.
«Баян көріп қойды-ау» деп ызаланып,
Қысылып Қодар терге малынады.

«Малай тазша, арымды төкпе, — дейді,
Бүйте берсең, жүрмессің көпке, — дейді.
Әнеки, көште таяп келіп қалды,
2200 Қоя бер, Баян көрсе, өкпелейді.
Басылып Қодар көңілі болды баяу,
Бір сұмдықты сезгендей күткен таяу.
Ерте көшіп, Қарабай, кеш қонады,
Ұзақ көшке өкпелеп, келед жаяу.

Ауыл қонды, Қодар жүр қорсаң қағып,
Атын ұстап, дайындап тұрман тағып.

Қарабай келіп сұрайды күйеуінен,
Өз-өзіңнен неғылды мұнша налып.

— Мазақтап маған күлді Баян қыз,
2210 Мен кетемін біржола күдерінді үз.
Мен кетті деп әй, ата, қапа қылма,
Мал қалмасын жаюсыз, суғарусыз.

— Сен қыз Баян күлді, — деп Қодар жанға,
Сұмырай тазша жүгермек амал бар ма.
Мал сенікі болғанда, жан да сенікі,
Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма.

Мұндасты, сырласты екі ақымақ,
Қарабай Қодарға айтты: «Малыңды бақ».
«Малым» деген сөзіне масаттанып,
2220 Жылдағыдай отарға болды шықпақ.

Тазша келіп, осы елдің сыйқын бұзды,
Мұнда қалса, азғырар Баян қызды.
Күздің түрі қыс қатты болатындай,
Қайраты бар, маған ерт тазшаңызды.

Баян айтты:

— Қыста қиын болады қойды баққан,
Жылқыға шық, Қодардан бірақ сақтан.
Сақтану және одан қиын емес,
Ондай сотқар адамның емі — мақтан.

Бұдан былай соқтықпай епте, дейді,
2230 Алаңғасар алды-артын тектемейді.
Сақситып ауылға, итті ұттың, — деді,
Именіп қалды сенен, беттемейді.

Қарабайға қыс қайғы, күз уайым,
Он сегіз қос жабдықтап, болды дайын.
Пақыршы, отыншыны қоспағанда,
Он сегіз жылқышы қос бас сайын.

[Лабас] басқан құм кешу, Ақсу иен,
Майбүйрек, Арғанаты — бәрі де иен.
Біржақ шеті Шынжалы, Сайқан тауы,
2240 Шалғынынан көрінбес шөккен түйе.
Үшарал, Текелі мен Қорықайы,
Жалпақ қайқың,
Ырғалады желменен тіні қайың.
Шу, Үржар, Қаракөл, Жайтөбемен,
Тоқтайтын Барлық Арасан, Мойын құмы.
Алты айда Алакөлді шыр айналып,
Тоқсан мыңмен шүйікті Қодар мұны.
Қодарға Қозы Көрпеш қалжыңдайды,
Сен де құл, мен саған құлдың құлы.

2250 Қодарды құл десе де қара табан,
Теріс азу, қажымас, қайсар қабан.
Тоқсан мыңменен Шу кетіп, соны шөпті,
Жылқысы семіз шықты есен-аман.

Іріктеп азыққа жеп қартаңдарын,
Жуасытып, мінгізіп тарпаңдарын.
Асауларын үйретіп, арпалысып,
Жігіттердің айтпа өуре сарсаңдарын.

Қодардай жылқы жайын кім бар білер,
Көп түнесе, бір жерге бес күн түнер.
2260 Желаяқ жылпостарын түнде мінсе,
Тобыршы топастарын күнде мінер.

Қымызды ашыттырып, қысыр байлап,
Тай күзетіп, жалды есіп нөқта сайлап.
Құлын әбден болған соң қара құлақ,
Жылқыны апармақшы елге айдап.

Қодар айтты: «Ойладым бүгін бір той,
Қос бас сайын біреуден жабағы сой.
Осы жазда Баянды мен аламын,
Жігіттер, той басталды дейді-ақ қой.

- 2270 Бәріңді үйлендірем, менен кейін,
Алдымен, Баянды өзіме иемдейін.
Баян дағы сағынып жүрген шығар,
Мен барып өрік-мейіз әкелейін».

Баянды көрсе, Қодар кінәлады,
Ғашықлықпен ел оны не демеді.
Бүгін енді Бақа айғыр таң асады деп,
Мініп алып Қодекең жөнеледі.

- Қодар келіп, ауылға аттан түсті,
Байға келіп, қошеметпен құрақ ұшты.
2280 «Есіз тастап келдің» деп неге малды,
Ал Қарабай ластап, жынын құсты.

Қарғап сілеп, боқтайды тек Қарабай:
«Сусын іш те, тамаққа кет қарамай».
Атасына бас иіп қол құсырып,
Үйден шығып, жөнелді бет қарамай.

Қодар кетті ауылға тоқтамады,
Көрген сый — Қарабайдың ластап, боқтағаны.
Сұлулықты торумен торғай болып,
Ар-ұят, намысын жоқтамады.

- 2290 Қодар, сірә, емес еді мал баққандай,
Ер болса, неге ықтайды жел жақты алмай.
Сардалада салбырап келе жатыр,
Ауып, билеп келеді жын қаққандай.

Неткен сұмдық, япырау, неткен қылық,
Шегінен шығарды-ау деп адамшылық!
Ашу киіп, алдынан тығылса да,
Баянды ойлап қайтадан кетер жылып.

- Неге кетсін еңбегім, — деді, — босқа,
Сүймесе де қыз барар, әке қосса.
2300 Үміті өрттей толқып өрекіпіді,
«Баянды аламын» деп саратан түссе.

Әлде соның тие ме бір кесірі,
Сұмрай тазша әлде жау ма, дос па.
Ұялғаннан далаға үш күн қонып,
Төртінші күн болғанда келді қосқа.

Атын ұстап жүгіріп тазша майда,
«Мырза келді, — деп кекеп, — орын сайла.
Жеңгейдің көңлі қалай, тыныш па екен,
Әкелген өрік пен мейіз қайда?»

2310 — Байлап қой, Бақа айғырды әбден суыт,
Жемес астан, тазшам, қылма үміт.
Бір қоржынды толтырып салып еді,
Асығыс болып, ауылда қалды ұмыт.

Қарабай жүр мехнатқа белден батып,
Еңбегіне алып жүр, бейнет сатып.
Жабағының жарты етін жеді дағы,
Бір мес қымызды ішіп алып, қалды жатып.

Сол жатқаннан ұйықтады бір күн, бір түн,
Өзі мырза, өзі хан, оятар кім?!
2320 Қарны тойып, ұйқысы қанғаннан соң,
Тұра келіп, көңілденіп отырды тың.

Қоста отырса, қан күлкі, Қодар мырза-ақ,
Көңілмен Баянды алып отыр жырғап.
«Серігім, сенген досым, сен, — деп, — Тазша»,
Жауырынан қояды ырғап-ырғап.

Тазша айтады: «Арызым, Қодар мырза,
Мендей серке таппассың, ойдан-қырдан.
Елге барып қайтуға, лұқсат бер,
Мырза-ау, болсын десең тазың ырза».

2330 — Барсаң барып, келе гөр, Жүзік кермен,
Алшандап, аяңдап, желіп керден.
Сен, антұрған, жолшыбай жеп қоярсың
Сәлемдемемізді қыздар берген.

Барма десе шығарар тазша егес,
Оны Қодар сезеді барма демес.
Ашықтықпен есалаң болып кеткен,
Шынында бұрын Қодар, ондай емес.

Тазша келеді аңсаған Баянына,
Баянжан Қозыдан аяды ма?
2340 Түн алса құмарлығын, күн артады,
Сұм тағдыр әлде нені таяды ма?

Ғашықтар кездесетін кез күткенде,
Сезімдері сескенбес сезіктен де.
Түн баласы кім білсін, ішкі сырын,
Аңсаған екі ғашық кездескенде.
Білсе де айтпас меңіреу түн,
Құнысқан гүл құлпырар, тигенде дым.
Ғашықтың да жандары жадырайды,
Тілден арман төккен соң, көңілден мұң.

2350 Қалпынан сұлу Баян бұзылмайды,
Қодар десе құз таудың мұзындай-ды.
Тоғыз қонып, шіреніп жатып алды,
Қарабай «қайтпадың» деп ызыңдайды.

Өз ара көңілдесіп қатын-қалаш,
Тазша сыры айналды болуға паш.
«Екіқабат болдым, — деді Баян, —
Ат жаратып, дайындал, тез алып қаш».

[Қозы]:

— Қашып, ол неден қысылғаным?
Ерге ердің сыбағасын ұсынғаным.
2360 Елді жинап, аламын салтанатпен,
Аллаға ақ, халыққа аян, ісім, мәлім.

[Баян]:

— Оныға менің әкем көнбес, Қозы,
Жөн сөзге зорын таппай көнбес, Қозы.

Қодарды шоқпар қылып, қолына ұстап,
Айтқан сөз құлағына енбес, Қозы.

Қайтсе де дәулетке аумай, тұрмайды жұрт,
Салт жолдас көреді сені, бір серт.
Екі жақты болмайсың, олай болса,
Бір айласын тап [дағы], Қодарды құрт.

2370 — Ойлай берсең, өмірдің жазымы көп,
Жас жаны албырт, ақылдан азығы жоқ.
Кісі өлтіру жолы емес әділеттің,
Өлтірмеймін Қодардың жазығы жоқ.

Өзі келіп соқтықса, мен де дайын,
Бірімізді жұтады ажал жайын.
Күш-айласы, ақылы артық емес,
Айтшы, Баян, Қодардың несі уайым?

[Ау, Баян, бұл сөзіңді тыңдамаймын],
Ақ некемді қанмен былғамаймын.
2380 Кімді болса ұрыстыратын,
Епті тағдыр келтірер бір ыңғайын.

Қатындар біріне-бірі өсек айтып,
Ұшқыннан [бара-бара] өрт ұлғайып,
Қарабайдан мазасы кеткеннен соң,
Қозы Көрпеш жылқыға келді қайтып.

— Кесірің асып кетті, ал, тазша, сенің,
«Екі-ақ қон» деп айтқаным қайда менің?!
Тоғыз қонып, шіреніп өзер келдің,
Көнеки, өрік, мейіз әкелгенің?!

2390 — Қодекем қоста отырып, бөсіп отыр,
Баян сенен үмітін кесіп отыр.
«Жездеме өрік, мейіз бер», — деп [едім],
«Құлдың теңі құйқа ғой» десіп отыр.

Ішінен Қозыға Қодар болды кекті,
Жер жібіп, ат көзіне көк те жетті.
«Енді барамын, қойымды жаямын», — деп,
Күреңмен Қозы Көрпеш қайтып кетті.

Түгін түлеп, өзгеріп мал раңдап,
Ойда — орман, қырда тастан күй жүр андап.
2400 Майда желмен тұрғандай өзiлдесіп,
Көктемдегі гүл [майысқан] бұраңдап.

Тар кеңіп, тандыр иіп, тапшы ұлғайып,
Тойынған дәулет ұлғайып, ел де байып.
Аякөздің бойына келіп қонды,
Қалың ел қарлығаштай қанат жайып.

Ойдағы ел араласып қырдағы елмен,
Ерулікке шақырып бұрын келген.
Сасан би ас бермекке сауын айтты,
Өткен жылы немере ағасы өлген.

2410 Жабдығын жалпақ елден алған сайлап,
Жаратты дәмелі аттың бәрін байлап.
Алдыңғы аттың бөйгесі жүз ала тай,
Бас палуанның бөйгесі жүз нар тайлақ.

Қарабай да осы асқа дайындалып,
Қайтпақшы жүз тайлақ пен жүз тайды алып.
Қодар қайтсе жығады бас палуанды,
Алдына қосқан аты келеді анық.

Тазшаға айтты: «Қодардың орнында сен қал,
Қодар қайтып келгенше, баға тұр мал.
2420 Сыбағанды әкелемін келме сайып,
Тиман-ды қазы-қарта, жая мен жал».

Қарабай асқа кетті, Қодарды ертіп,
«Кім шығады» деп келеді Қодар бөртіп.
Жолдасының бәрі де ылғи тентек,
Бірі еліріп, сөйлейді, бірі серпіп.

Ас болды, шығарады бөйге атты айдап,
Рубасы адамдар елді жайлап.
Екі рулы ел бөлінді екі жаққа,
Ортаға түсіреді балуан сайлап.

- 2430 Қодар түсіп балуанға белсенеді, сынады,
Қодарды ешкім жықпас ел сенеді.
Сасан жақтан шыға алмай оған ешкім,
Қодарды мақтан кернеп теңселеді.

Намыстанып, бұзылды Сасан түсі,
Қодармен күресуге таппай кісі.
Бір жас жігіт түседі «күресем, — деп, —
Жығылу-жығу дағы ердің ісі».
«Жығылсам жер ойылып кетпейді, — деп, —
Ерден артық болмай ма, ердің күші».

- 2440 Сасан би риза болып, бата берді,
«Дулығаңа қонсын, деп, бақыт құсы».

Жігіт айтып, Қодар бара сенген,
Қоңыз болар қолыма тисе деген.
Орамалмен бет-аузын тартып алды,
Қодардың сескенем деп иісінен.

Жас жігіт сәнді киген бір келбетті,
Бұл ел емес деседі, «қайдан кепті?».
Екі балуан ұстасып қалуы мұң,
Қодар жерге, күріс етіп, шаң бұрқ етті.

- 2450 Қодардың есеңгіреп, демі құрып,
Орнынан үш ұмтылып, өзер тұрып,
«Қапың болса, қайта кел, — деді жігіт,
Артына бір қарап — «Қодар мырза!» — деп
мойнын бұрып.
«Қапы кетті, қайтадан күрестір», — деп,
Қарабай доқ [көрсетті] жерді ұрып.
«Күш — ердікі, олжасы — көптікі», — деп,
Жүз тайлақ жібереді үлестіріп.

- Жанжалмен таратам деп дәл осы асты
«Қайта күрестір» дегенде Қодар қашты.
2460 Өйтеуір қосқан аты өзі келіп,
Ашуын хан Қарабай сонда басты.

Айтушы келтірер алса, сөздің өңін,
Тыңдаушы тексере алса, артық-кемін.
Жақсы әңгіме ашады ойдың көзін —
Миы керең болмаса, соқыр сенім.
Аяма, жаралама, әділ сына,
Тыңдаушыдан тілегім осы менің.
Тыңдаушылар жалығып кетпес пе екен,
«Тарту» деген тоқалдың айтсам жөнін.

- 2470 Ал байларға әуелден кім тәуелді,
Амалсыз, әлсізден мың тәуелді.
Баяғыда сатылап қорған болған,
Хан мен бек, би, батырлар шын тәуелді.

Сол тәуелді батырдың бірі бастап,
Бір кезде торғауытты шапқан қастап.
Жас қызды қолға түскен — он төрт жаста,
«Тарту» деп Қарабайға кеткен тастап.

- Қарабай сол сұлуды тоқалға алған,
Бүркіт құсап шеңгелін бір қыса алған.
2480 Осы түнде Тарту қыз тоқал болып,
Күніне мұң болып, жасыпты арман.

Қорлығы Қарабайдың жанға батты,
«Тарту тоқал» атанды желек жапты.
Сол күннен былай қарай жас тоқалдың
Елжіреген жүрегі тас болып қатты.

Бар күші кекке айналды денедегі,
Кектенгенмен қолынан не келеді?!
Қарабайдың арнаулы сыбағасы,
«Мінекей, мен бір арам дене» дейді.

2490 Жүре-жүре болып алды тілі де ащы,
Тоқалдықта өткізді отыз жасты.
Аймағына әйгілі, атышулы,
Сайқалдардың тобына болды басшы.

Тарту құмар Қодардың денесіне,
Қодар оны санайды енесіне.
Есіл-дерті Баянға кеткен ауып,
Қодар оны еске алып елесін бе?!

Енең емес, апаңмын десе де тек,
Қодар оны ұнатпас көреді жек.
2500 «Сәті түсіп ілінсең, қармағыма,
Бәлем, Қодар, басың кетпесін» деп,

Кегі менен күнәсін алмақ ақтап,
Ұмытқан жоқ ол кегін жүрген сақтап.
Егер де Қодар көнсе, енең қайта
Қарабайды тұрмастай кетпек таптап.

«Өттең, дүние-ай, қайтейін, Қодар шірік,
[Жас] балаша шырмалып, жүрген шіріп.
Мен секілді Баянды ол да әкетсе,
Қан жылатып, артына мінгестіріп».

2510 Қодар бір атасы жоқ дуана-ды,
Ғашықтық ойға, қырға қуалады.
Тазша менен Баянның арасында —
Өсекті естіп Тарту қуанады.

Жаратқан қайраты мол, ақыл аз қып,
Мал соңында Қодар жүр, міне, қаңғып.
Бас көтерер бәрі де асқа кеткен,
Тарту қалған Тазша мен Баянды аңдып.

Жарық айлы, жазғы кеш,
Қалың тастың ішінде,
2520 Сүйісіп отыр екі жас,
Жаны еріннің ұшында.

— Ақылмен істе, Қозыжан,
Сен бе, қайрат күшіңе.
Абалаған ақ қаншық
Жиі енер түсіме.
Қара қабан, қара бура
Ақсиып аузы, тісі де.
Қарабай, Қодар Тартудан
Қауіптенген үшін бе,
2530 Өреки берер жүрегім,
Алға түсіп ішіме.
Аллаға аян, Қозым-ау,
Сенсіз өмір сүрмесім.
Қабан болып көрінген,
Қодар болып жүрмесін.
Қайырсыз әкем түсіме
Қарт бура болып кірмесін.
Ақ қаншығым Тарту болып,
Өсектің отын үрмесін.

2540 — Түс деген не, Баянжан,
Күндізгі ой ғой ойлаған.
Ойдың басып ұшығын,
Ойлай берсең, ойлы адам.
Өмір толқын біз, шабақ
Ағынға қарсы ойнаған.

Уайыммен адамның
Сарғаяды сүйегі.
Сен сарғайып, жүдесең,
Менің жаным күйеді,
2550 Өмір менен өлімнің
Бірге тағдыр тиегі.
Тәуекел, күтін, тағдырдан
Не сыбаға тиеді.
Міне, сыбыр тоқталды,
Тағы екі жас сүйісті.
Құшақтары айқасып,
Төсіне төс тиеді.

Шөп, жапырақ сыбдырсыз,
Жым-жырт болды айнала,
2560 Арасында Талдардың
Сығалайды ай ғана.

Тынық ауа жастардың
Сыбырларын тығады.
Етпеттеп келіп ық жақтан,
Тарту тыңдап бұғады.
Епті ерін сүйіскен
Шөпілдеген ұғады.

Қашан сыбыр басталар,
Қашан сүйіс бітеді.
2570 Соғылды деп қашан жел,
Асығып Тарту күтеді.

Міне, сүйіс тоқталды,
Қайта сыбыр басталды.
Кенеттен жел тұрып,
Ырғатады жас талды.
Сыбдырларын жылмаң жел
Іліп ала жөнелді.
Желден ұғып сыбырын,
Тарту сайқал кенелді.
2580 Бір сөзден Тарту туғызбақ
Бәлені өрттей көлемді.
«Қозым» деген Баянның
Қалтыраған дыбысын
Есітті, Тарту түсінді,
Бітірді, кетті, жөнелді.

Тартудың бар ниеті бөле ұлғайтпақ,
Осы түнде Қодар да астан қайтпақ.
Боза салып, дайындап күтіп отыр,
Тарту көрген, білгенін Қодарға айтпақ.
2590 Тарту білді, Қодарды кім жықты аста,
Қозыны жан білмес одан басқа.

Кеш үшін бе, жазықсыз нәфсі үшін бе,
Жазықсыз қастық қылмақ екі жасқа.

Бөйгі ала алмас жығылып масқарадай,
Қодар келді ауылға ас тарамай.
«Жығылды деп Баянға айтпаңдар», — деп,
Көрінгенге жалынып жас баладай.

Тарту отыр дайындап сыбағаны,
Қодар үшін безеніп тіл мен жағы.
2600 «Мал иесіз, сусын ішіп кетемін», — деп,
Іңірде келді ауылға Қодар тағы.

— Астан аман қайттың ба,
Қодар мырза, құрметті!
Мырзамдасың,
Құлымдасың,
Тыңда бір кепті:
Әуреленіп сен жүрсің,
«Аламын» деп Баянды.
Еңбек қылып бағып
2610 Қайырсыз бақа-шаянды.
«Есің бар да елің тап»,
Енді ажалың таянды.
Қаның бірге қалмақпыз,
Өмірің Қодар қауіпті.
Беліңнен шешіп қылышты,
Ұйықтама шешіп сауытты.
Жарым деген Ақ Баян
Қодар-ау, саған жауықты.
Қозы Көрпеш тазша болып,
2620 Ақылменен айла тауыпты.

Қодардың ыза басты түкті бетін,
Ішкі ызасы шығарды сыртқа уытын.
Езуінен ыза менен қан сорғалап,
Қыршылдатып шайнайды екі ұрт етін.

Іші-бауыры өртеніп болады шоқ,
«Тазшам, саған жалынсын, — деді, — бір оқ».
Тарту құйып бір берсе бозаны,
Қодар жұтып береді, қайтару жоқ.

Масаттанып көңілі біраз жайланады,
2630 Ал енді Тарту сайқал майдалады.
«Сақтанбасаң, Қодар-ау, Қозы Көрпеш,
Басыңды қанжығаға байлағаны.

Жауыңды жеңу үшін күшің білер,
Көмегің — ақыл, айла, ісің білер.
Бұл бетіңмен соқтықпа сен тазшаға,
Мен емес саған теріс түсіндірер.

Бай бүгін Сасан байдың ауылында дәл,
Қарабай жанын қияр дегенде мал.
Қызыңды Қозы Көрпеш күйеу алды,
2640 «Суымды төлеп бер» деп бар да әлек сал.

Қарабайдан қаймықпа, бірден ықпа,
Би алдында сөзіңді әбден нықта.
Сасан би де шыға алмас бай сөзінен,
Ай сұлуды алмақшы тоқалдыққа».

Мас болса, бір ол емес, әркім күшті,
Ел жатқан жоқ, малды ауыл сабылысты.
Би мен бай ақ боз үйден отыр еді,
Қодар келіп кермеге аттан түсті.
Жел беріп бір жағынан мастық күші,
2650 Тісін қайрап, денесі селк-селк етіп.

Қаһарын тіге келе Қарабайға,
Тізе бүкпей есіктен еніп келіп.
Сапысының сабында оң жақ қолы,
Бурадай бұрқырайды тентек долы.
Сасан би де сескенді қашып өңі.

«Жеті атама жетеді, — деп, — осы кек»,
Аң-таң болды түсінбей, отырған көп.
Қарабай Сасан биге қарай берді,
«Қодаржан-ау, айтсайшы не болды», — деп.

- 2660 Кек бітпейді, жаңбырдай бір қан жаумай,
Мені алдағың келіпті осал жаудай.
Қызыңды Қозы Көрпеш күйеу алды,
Неге алдадың, жауап бер, табан аумай?!

— Қодар-ау, күйеу қылғам мен жіп тағып,
Қозыны мен көремін, сірә, нағып.
Қыз менікі, беремін, Қодар, саған,
Көзің жетпей сөйлеме босқа лағып.

- Жоқ, Қарабай, көнбеймін, жетті алдауың,
Сен алдадың, Қозы, сенсің жауым.
2670 Буаз қызың ендеше кімге дәрі,
Жарылды да қаңсыды, түсті қауын.

Тоқсан мыңның аламын қақжарымын,
Бекер ме еді еңбек қып сұрағаным.
Көнбесең, ауылың мен аймағыңды,
Хауызына сыйғызам бір тарының.

Күш көмек таба алмайтын мен емеспін,
Атығай жігіт сығай, сай қаруым.
Жайдақ атқа мінгесер ерегісsem,
Баяндай әлпештеген ақ аруың.

- 2680 Қорқып, сірә, көргем жоқ мен қорғалап,
Өзіңді-өзің сөйлеме, тым зорға балап.

— Қыз менікі, Қодеке-ау, сен аласың,
Ел бүлінсе, сүңгіден қан сорғалап.

Сен кетсең, қырылады барлық малым,
Жаным малда болған соң, сенсің жаным.

Ай сұлуды берейін тоқалдыққа,
Ал, Сасан, өзің тап бір амалын.

Сасан айтты: «Сөз қылдың, оның несін,
Кім оған қыз береді «алам» десін.
2690 Көрмей, білмей, қояйық уәделесіп,
Өлтір де, көміп таста өлексесін».

— Биеке-ау, оған «бар» деп мені қыспа,
Онымен шыға алмаймын, мен ұрысқа.
Алғашқы көш-жөнекей сынасқанда,
Менен оның күші асқан аударыста.
Жасырынып, елімен асқа барып,
Мені жыққан сол екен, қапылыста.
Садаққа менен тартқыш, менен мерген,
Қылыш пенен найзаға тағы да ұста.

2700 Сасан айтты: «Қорықпа, Қодар, тайқып,
Бір барып қайтер дейсің көрсең байқап.
Жалғыз атты жолаушы не қылмақшы,
Біз рулы елміз ғой, ұлан-байтақ».

Қарабай айтады: «Бидің сөзіне бақ,
Сыртыңа сыр шығарма, аузыңды бақ.
Адалдық саған — маған, тіпті жақтас,
Осы түнде бар, өлтір, айласын тап».

— Қарабай, жетті алдауың, бара алмаймын,
Мен саған ерсем, арандаймын.
2710 Сенен алам кегімді, жауым сенсің,
Екі сөйлеп, сірө, екі жаралмаймын.

Жауыңды сонда аласың, білсең шыдай.
Сасан би айтты: «Қодар мен Қарабай бол ма
екі ұдай».

Би айтты: «Қызыңды алда әуелі
Ырзалық бердім де, міне, Құдай,
Күштен, сірө, айла мен әдіс озар,
Сақтансаң жауыңнан, сақтық озар.

Оларға «қашып кетті» деп қуыңдар,
Тығылып жата берсін мұнда Қодар».

- 2720 Қонаққа біз күйеуді шақыралық,
Сондай-ақ мықты болса, қапы ұрарлық.
Боза менен шарапты беріп-беріп,
Құм сорған тамшы судай батыралық.

Астыртын ақылдасып жасайды еп,
Сасан бидің қызы мен келіні кеп:
«Әкем сізге жіберді әдейі бізді,
Қонақ болып, үйге жүріп, дәм татсын деп».

- Баян айтты: «Ниеті қара ма, ақ па,
Күйеуді шақырыпты би қонаққа.
2730 Түк сезбейді дей ме әлде бізді,
Болмаса Сасан бидің үйі олақ па?
«Қодар қашты, Қарабай берді ырзалық»
Дегенге нанған адам ақымақ па?!
Бәрібір, бармасам да, барсам да жау,
Оларға нанамын деп жазым таппа.

Достықты, жаулықты да бекем ұста,
Аяма, өлің келсе, жауды алысқан.
«Ел елдігін қорғайтұғын үш себеп бар»
Деп айтқан екен бір данышпан.

- 2740 Өлімге жыламайтын суық бет,
Адалға қарамайтын аста ниет.
Бірінші, ел елдігін қорғайтұғын,
«Ел қамқоры — басшының әділеті».
Ол да ойланбай айтылған сөз емес тек,
Дәулет сол бір адамға тоқтаса көп.
Екінші, ел елдігін қорғайтын сол —
«Топталған халықтың дәулеті» деп.
Ол да ойланбай айтылған сөз емес бос,
Ел елдігін қорғасаң еліңе ел қос.
2750 Үшінші, батырлардың қорғандығы
«Еліңе жау азайып, көбейткен дос».

Билеуші Сасан болса парақор би,
Қарабай байың болса «қанға қан» ғой.
Жұрт қорғайтын батыр Қодар болса,
Енді теңдік дегеннен үмітің тый.

Бәрібір, бармасаң да, барсаң да,
Жау қаны, төгілмей, сірә, шешілмес дау.
Ендігісін өзің біл, ойла әбден,
Қозы, сенің еркіңде бару, бармау».

- 2760 Таңсық айтты: «Бар, Қозы, қорынбай-ақ,
Саған достық қылмайды, олар аяп.
Аямаса, оларды сен де аяма,
Жұлыныңа тұрғанда пышақ ая.

Қамтамасыз сайлап ал қару жарақ,
Айлаңды енді олар күтпес қарап.
Кел күйеулеп бәрі де ұсынып бар аяғын,
Мас қылуға, тырысар беріп шарап.

- Мас болып қалма, байқап іш, әліңді аңғар,
Аранын ашты айлалы, азулы аңдар.
2770 Есік жақтан елеусіз, мен жүремін,
Ішімнен буынып алып алмас қанжар.

Еңбексіз бос жүргенді, жүрген сән қып,
Тамақ үшін сан жігіт барар қаңғып.
Солардың бірі болып Көсемсары,
Елеусіз жүрсін барып, сыртынан аңдып».

Таңсық ерді, ермейді Баян мен Ай,
Көсемсары елеусіз барған боп жай.
Би үйіне келді сөзге келмей,
Үшеуі — қарулары сақадай сай.

- 2780 Ауылдан аулақ жерге отау тікті,
Сасан би айласының сәтін күтті.
Жиылған қыз-келіншек, бозбалалар,
Бұл сырды сезген емес бірі тіпті.

Бұлар отыр ешнәрсе сезбеген боп,
Сезді деген Сасанның ойында жоқ.
Ойын-сауық басталды, қызды думан,
Ішкендер мас, еліріп, жегендер — тоқ.

Күй тартып, би билеп есіледі,
Жастардың ойын-сауық аңсағаны.
2790 Шарап, боза, қымыздың есебі жоқ,
Мол тамақ, май сорғалап, бал тамады.

Созылды ұзақ түнге ойын-сауық,
Кім білсін, сүрінеді ант, кімге ауып.
«Амалым іске аспай, қала ма» деп,
Сасан бидің ойында үлкен қауып.

Түн жерден көтеріліп таң дағы атты,
Таң күткенге таңғы ұйқы қандай тәтті.
Қабығы қарақошқыл қарт теректің
Түбінде, ерттеулі аттар өңшең бапты.
2800 Кейі ояулы, кейі қалғып, кейі ұйқыда,
Отырған адам саны отыз шақты.
Астында асау тайлақ, қойды өргізіп,
Өлгі қойшы жігіт ән шырқатты.

Ақылына жол бермей, байлап сезім,
Албыртып меңгере алмай мүлде өзін.
Булығып ыза-кекке Қодар отыр,
Қозының өлімінің күтіп тезін.

Қотаннан түгел өрді, төрт түлік мал,
Иттердің саябырлап үргені сәл.
2810 Ән салған жас қойшыға айтты келіп,
Өгіз мініп өксіген құрышы шал.

— Балам-ау, ән салғаның қай қылығың,
Қайғысын түсінбестен қайғылының.
Ару Баян айрылмақ сүйгенінен,
Бүгін күн, білемісің қайғылы күн.

Әнекей, Қодар жатыр дайындап оқ,
Сасан жатыр ешнәрсе сезбеген боп.
Қайғысын әнмен қарсы аласың ба,
Екі жас жазым болмақ, жазығы жоқ!

- 2820 — Байғұс шал, есіркеме оларды аяп,
Әнекей қозың қойға қалды таяп.
Онан дағы қозыңды қайырып ал,
Жамыратып, жеп жүр ме байдан таяқ.

Тіршіліктің сырына жете түсін,
Тіршілік таласы үшін, тартысы үшін.
Әлде бұрын өлерміз біз,
Болашақты кім болжамақ тағдыр ісін.

- Кім білсін, Баян әлде серттен таяр,
Кім білсін, Қодар өліп, Қозы қалар.
2830 Кім білсін, Қодар өлмей, Қозы да өлмей,
Сенісіп бір-біріне достық табар.

Таласып, жеңгені алсын сұлу қызды,
Көмегіне шақырмас олар бізді.
Жаратылыс әуелден жаратқан жоқ,
Жан иесі дегенде жазықсызды.

Есіркеп аяладың Баян қызды,
Білдің бе, аяй ма екен Баян бізді.
Аяу түгіл, бізді есіне алмас,
Жазалаушы аямас жазықсызды.

- 2840 Тіршілікке олар да бере алмас мән,
Біз үшін [екі батыр] төкпесін қан.
Бірі өліп, бірі қалсын, қайғырмаймын,
Жапқан ауыз, жанымның азығы — ән.

Сол кезде күн шығуға берді белгі,
Гүл жайнап, құстар сайрап, жер кенелді.
«Мас болып, Қозы Көрпеш ұйықтады»
Деп, Қодарға қолма-қол хабар келді.

- Атына мінді Қодар тұрған дайын,
«Бөлемнің, деп ойлады, таптым жайын».
2850 Жын-перілеріне сиынып, дұға оқып,
Кектеніп құтырынды бурадайын.
- Көз алмай Көсемсары айналадан,
Тұрғанда көрді алыстан бір топ адам.
Қодар бар көп ішінде баданадай,
Астында ала бір ат айдаладан.
- Көсемсары сездірді Таңсыққа кеп,
Бұл сырдан хабары жоқ отырған ед.
Көп алданбай, аялдамай тез шығыңдар,
Мен тыста ат дайындап тұрамын», деп.
- 2860 Ақ торғын орамалын қолына алды,
Суық суға малды да орамалды
Жігерлі үнмен қыз Таңсық жырлап келіп,
Қозының бетін кенет уқалады.
- Көтер, Қозы, басыңды,
Жау қамап тұр, жан жақта,
Елім деме бұл елді
Дұшпаныңа алдатпа.
- Тұр Қозы Көрпеш қаруын алып,
«Жан жағымда кім бар?» деп алды барлап.
2870 «Қаймықпа, Қозы», Таңсық сыртқа шықты,
Көсемсары тұрады ат даярлап.
- Үшеуі атқа мініп белден асты,
Таңсық айтты: «Енді ол қорқып қашты».
«Бір айқасып қаламын не де болса»,
Деп Қодар бедеуіне қамшы басты.
- Белге шығып, бедеудің басын тежеп,
Шіреніп тұра қалды садақ кезеп.
Бұрылып тұра қалып Қозы Көрпеш,
«Аяма» деп Қодарға берді кезек.

2880 Қозы Көрпеш ылдида, Қодар өрде,
Қодардың оғы жетпей түсті жерге.
Садағын Қозы Көрпеш кезеді де,
«Ер болсаң, шыдап тұр, — деп, — кезекке бер де».

Биікке ойдан тартқан оқ жетіп,
Бедеудің өңменінен кетеді өтіп.
Жығылған бедеудің басын сүйеп,
Мұңайып қалды Қодар намыс кетіп.

Қозы келсе, тұр екен Баян тыста,
Баянға түсінікті берді қысқа:
2890 — Сасан би өлтіруге шақырыпты,
Жазым бола жаздадым қапылыста.

Әділет, ар-ұятын малға сатып,
Айласын асырмақ боп бұғып жатып.
Тығылып Қодар сонда жатыр екен,
Өзін атпай, бедеуін кеттім атып.

Ер жігіт егескенмен елдеседі,
Тіресіп, белдескенмен белдеседі.
Баян айтты: «Кетпедің неге атып,
Қодар өлсе, бөленің оты өшеді».

2900 — Ол оның дұрыс емес, Баян айым,
Ақылмен салыстырып қылғын пайым.
Ол дағы мен секілді саған ғашық,
Қодардың қанын жүктеп неғылайын?!

Тексерсем, оғына атқан оғым шығын,
Қарабай оған берген теріс ұғым.
Қодар жынды көбелек отты айналған,
Жазықты, Баян, сенің сұлулығың.

Соны ойлап, мен Қодарды атпай кеттім,
Тетігін тексердім, бар-ды сертім:
2910 Ажалым содан болса құтылам ба,
«Шегінен аттамаймын әділеттің».

Қодардың жазығы жоқ, зөредейін,
Сасан айтса, әділет бар-ды дейін.
Жауым — Сасан, пікірін өзгертпесе,
Барып мүлде Сасаннан арласайын.

Көсемсары қасына келді дейді,
Ашуы тарамаған сұп-сұр күйде,
Атын ұстап, тыста қалды Көсемсары,
Сұраусыз Қозы Көрпеш кірді үйге:

- 2920 — Ассалаумағалейкум, Сасан ата,
Сыртымнан беріпсіңіз, теріс бата!
Жазықсыз қастық істеу әділет пе,
Биеке-ау, тексермедің, кімнен қата?

Қодарменен таласым — бір сұлу қыз,
Мойныма қой да, алдыма кінәмді тіз.
Мен сізден қашан қаштым, [жазығым не?]
Сыртымнан мені өлімге бұйырыпсыз?!

- Кісі жоқ депсің, өлсе, сұрайтұғын,
Елі жоқ депсің басын құрайтұғын.
2930 Ақылдының ісі ме айтшы, Сасан,
Әлгі елге, кек құлағын бұрайтұғын.

Оларда өлмей бітпес сарын жатыр,
Тайлақ би шөгіп, үлкен нарым жылтыр.
Шығады, Балталының бір өзінен,
Айдынды, Айбас бастап сексен батыр.

Жесірім іздеп келген менің Баян,
Сен тыққанмен, тыға алмассың, халыққа аян.
Еліңді тас-талқан қып шауып алсам,
Адамың бақа болар, малың шаян.

- 2940 Шақырып ал, алдыңа, әділ тексер,
Алдыңда басын қоссын маған өштер.
Ел бүлдіргің келмесе егер, Сасан,
Ал іске әділет айт, артын да ескер.

Қозының айтқан сөзі биге батты,
Қарабайды шақыртып, сөкті қатты.
— Тіл ал, жөнге сен дағы кел, Қарабай,
Қапысыз қызың менен күйеуің сай.
Ырзалық бер, той істе, — деді Сасан, —
Күйеуді таба алмайсың сен Қозыдай.

2950 — Сасан-ау, айтшы есіңнен тандың неғып,
Сертті бұзып сөйлейсің, теріс лағып?
Қыз менікі, беремін мен Қодарға,
Қозы Көрпеш бермейді, жылқы бағып.

Сөзін естіп, ел жерге түкірісті:
«Көнбейтін қайдан алдың сен, бұл күшті?»
Күш кеткен Қарабай қорыққанынан,
Қатесін мойнына алып, тезге түсті.

Сасан айтты Қодарды шақырып ап:
— Атың басқа ер едің, жерің жырақ.
2960 Қыз берейік, алдыңа мал, басыңа үй,
Қарағым, аманыңда еліңді тап.

Қодар шықты «Мен өзім білемін, деп,
Көнбеймін, орындалмай тілегім, деп.
Торғауыттан, тоқсан мың шеру тартып,
Сабаңды керегеге ілемін», — деп.
Қодар кетті қош айтып, «көремін» деп,
Азуым алты қарыс серемін, деп.
«Сендерге құл болғанмен, еліме ұл,
Сыбағаңды тойғызып беремін, деп.
2970 Күш-қорым көмегім жетеді, деп,
Кегім неғып қазақта кетеді, деп.
Баян маған жоқ болса, саған да жоқ,
Өмірі жаулықпенен өтеді», — деп.

«Елге қайтып баруға, не бетім бар?
Не өлем, не кек алам!» — дейді Қодар.
Ертелі кеш аңдыды содан келіп,
Ауылға таяу жерде бар биік жар.

- Қодардың ішін ыза жайлап жүрді,
Қаруын қамтамасыз сайлап жүрді.
2980 «Қозы Көрпеш өлмесе, мен тірі емес» деп,
Өлімге өзі басын байлап жүрді.

Үлкен той — Қарабайдың аулы жиын,
Күйеуге тігіп қойған аулақ үйін.
Біреуі бие, біреуі тай, біреуі қойын,
Тұсынан әкеп жатыр, күйеуге сыйын.

Мал сойылып, қазылған жер ошақтар,
Біреуі өлең айтып, біреуі жар-жар.
Жарыс, күрес, көкбардың, бөйгесіне
[Аямай-ақ] ат, атан, тігеді нар.

- 2990 Қозы Көрпеш сүйсінсе, сүйіп жарды,
Сүйіне алмай, тартып жүр Қодар зарды.
«Кешке таман бір сыр ғып қайтайық», —
Деп өзеннің жағасына Қозы барды.

Ай, Таңсық, Көсемсары, Баян да бар,
Қасында қыз-келіншек сол қатар.
Ерігіп Қозы ойнайды ақ Баянмен,
Аш арыслан қуғандай ақмаралды.

- Бүгінгі күн секілді Қодарға жақ,
Кезеді өлер жері осы ғой деп,
3000 Нақ Қозының қолтығының астынан кеп,
Сүңгіді недәуір-ақ.

- Суырып тастап, оқты жанталасып,
Құлай берді жарасын қолмен басып.
Ішіне қан толғанша есінен танбай,
Отырды жарыменен арыздасып.
«Бекем ұста өзінді,
Аяққа баспа, аяулым.
Айтылған серт сөзінді,
Аяулы, асыл Баяным,
3010 Бол әрқашан төзімді.

Жан анама аман сау,
Тапсыр менің көзімді.
Қош аман бол, сүйгенім,
Өлер шағым сезілді!»

Деді де қолын Баянға ұсынды,
Ақтық деммен бұлқынды, көзін жұмды.
Тіршілік, тартыспенен қатысы жоқ,
Тыныштыққа сүңгіді, мүлде тынды.

3020 Қозының қолын ұстап Баян сұлу,
Сол сәтте тәтті өмірден татты у.
Үміт, тілек кесіліп келтесінен
Мұзға айналды жүрекке барлық жылу.

— Қатем болса кеш, жарым, менде кештім,
Жеті жастан қайғының астында өстім.
Басқа дүние жарығы түспей маған,
Саулап тұрғын шырағым, лезде өштің.

[Мұң]-қайғыға кеудесі лық тола,
Жарынан күдер үзіп ол біржола.
Баян қойды Қозыны дөң үстіне,
3030 «Жақсылап салдырам, — деп, — тастан мола».

Қодекең Бақа айғырды жаратады,
Той аяғын жаяумен таратады.
Қылған күлкі Бақа айғыр дегендейін,
Қорқытып елді өзіне қаратады.

Айтайын Қарабайды енді, қауым,
«Үш қызым Балталымен — менің жауым.
Бұл арада отырсам, маза бермес,
Ауам деді бетіме алып Алтай тауын».

3040 Қодарға Баян айтты: «Аулақ жерде,
Мен десең, Қарабайға сен енді ерме.
Сасанбидің, шырмалма аяласына,
Сырыңды айтып, сырттансып ырық берме.

Енді менің әуелі сенсің ием,
Шын жүрекпен бір ғана сені сүйем.
Ту басында білмедім, қателестім,
Қасиетің бар екен, әлде киен.
Бір мен үшін көрдің-ау көрмегенді,
Кеш, Қодаржан, босады бүгін жүйем.
Қозының аманаты бала тусын,
3050 Туған соң, неке оқытып саған тием».

Мастанып Қодар надан, нанды бұл сөзіне,
«Баянжан-ау, менде емес, кінә өзің де».
«Қанын ішсем, қанды кек тарқар еді, — деп,
Келтірем, — деп Баян жүр, — бір кезіне».

Баянға «әкең ауды» деп хабар тиді,
Ерекше Баян сұлу киім киді.
Қасына Көсемсарыны ертіп алып,
Әдейі іздеп келді Сасан биді.

Күн жақта көлде жүзген құдай болып,
3060 Төгілді қара жорға судай болып.
Үйіне Сасан бидің кіріп келді,
Жарық етіп алтындаған тудай болып.

Сасан би жатыр еді жастық қойып,
Масаттанып дәулет пен баққа тойып.
Баянды қошеметтеп қарсы алды,
Қымызды сапырады, бағлан сойып.

Сасанның білді Баян сөз ыңғайын,
Секілді не айтса да соған дайын.
Тамақ ішіп болған соң, қазақ ғұрпы —
3070 Би сұрады Баянның келген жайын.

— Сасан би, жасың келді алпыс беске,
Істеген Қозыға жақсы ісің есте.
Алдыңа шығып келген жоқ шығарсыз,
Қозыдай ұлы-қызың бар емес пе?!

Қарабай «кетем» деді тағы да ауып,
Ауғаны маған қайғы, оған сауық.
Қыңыр тоқал билесе, ләзі не,
Ауса, аусын, жайлы қоныс алса тауып.

3080 Тоқтатпа, ауа берсін Қарабайды,
Атаны, азаматы, аты сайлы.
Биеке-ау Қарабайдан еншімді әпер,
Ол ауғанмен қарт шешем ауа алмайды.

Бір емес, маған жүзінің таласы бар,
Бір Қозыдан басқасы жала шығар.
Тапсырмай аманатты кете алмаймын,
Ішімде Қозы жастың баласы бар.

Сіз бен біздің арамыз болмас алыс,
Сізден басқа сенерлік жоқ қой таныс.
Ол жағына мен емес, сіз иесіз,
3090 Мені Қодар әкетсе, кімге намыс.

Баянның айтқанына би ойланды,
Құрту оңай Қодардай есалаңды.
«Менен асып Баянды әкете алмас,
Деп бұл өрттің бөрінен мен шошыман-ды».

Би тыңдап, Баян сөзін мақұл деді,
Бай көнбес пе екен дінсіз кәпір деді.
Қарабайдың аулына Сасан келді,
Нөкерімен бай «ауамын» деп жатыр еді.

3100 Сасан айтты: «Қарабай, сөзім тыңда,
«Бұл жерден ауамын» деген сөзің шын ба?
Аумақ болсаң, беріп кет енші бөліп,
Сен кеткенмен, қалады Баян мұнда».

— Енші бер дегеніңнің келмес жөні,
Баян алған қодығы ғой дей ме мені?!
Онан дағы Қодарға тиіп алсын,
Өліп қалған, күтпесе өлексені.

Баян ермей, қалған соң Қодар да ермей,
Қодар қалса, кете алмас енші бермей.
Қодар кеп, он мың жылқы бөліп алды,
3110 «Өзім баққан малым» деп ұйқы көрмей.

Қарабай тоқтамастан көшіп кетті,
Көкпекті, Сарытау басып, Ертіс өтті.
Көмілді ме, көмусіз қалды ма әлде,
Дәулетінің түбіне Тарту жетті.

Қозы өлді, мола тұрды, бала туды,
Баянның күндей, нұрын қайғы жуды.
Хабарсыз Қозы Көрпеш кешіккен соң,
Іздеуге батыр Айбас белін буды.

Таңдап, іріктеп елінен сексен батыр,
3120 Сегіз қос тиеген еді, бір-ақ шатыр.
Тоғыз қосшы, жүз бие сойыс айдап,
Бет алып Аягөзге келе жатыр.

Ылғи саңлақ мінгені неше түсті,
Аузыменен тістейді ұшқан құсты.
Арада аз жүрді ме, көп жүрді ме,
Құрайлы құйғанына келіп түсті.

Құрайлы құйғанына тігіп шатыр,
Найза ұштап, қылыш қайрап жатыр.
Жеңсіз берен түймелеп жібек торлы,
3130 Дулығасын киеді Айбас батыр.

Ақ семсер алтын сапты, күміс қынды,
Сарамжа оқ, сары садақ беліне ілді.
Қару түзеп сақадай сайланып ап,
Құрайлы құйғанынан атқа мінді.

Екпіндетіп келеді сексен сері,
Айбастың бұрын келіп, көрген жері.
Алысып ауыздықпен аласұрып,
Ылғи саңлақ бөрінің мінгендері.

Моланы көрді салған құба дөңге,
3140 «Бұл мола жоқ еді мен келген де»
Әлдеқандай жамандық сезгендей боп,
Толқыды ой кешулі болып меңге.

Ер Айбас ойға түсіп, тоқтап тұрып,
Жеңген сезік сонда да бермеді ерік.
Өлкеде қалың түйе жатыр еді,
Күлге аунап, құмға шөгіп, тал сыдырып.

Жайшылықта жайдары болса дағын,
Айбастың ақылынан ашуы дайын.
Сендер тұра тұр осы жерде,
3150 Мен барып, түйешіден жөн сұрайын.

Түйеге Айбас келді есіз жатқан,
Қарт адам қалжыраған түйе баққан.
Есітті қалың талдың арасынан,
Қарт үнін қайғы күйін қоңырлатқан.

Астында ауыздықсыз шабан кері,
Бұршақтан үзеңгісі, желқом ері.
Дәл жасын білмейді қарттың өзі,
Қарсы алдында сексеннің қарыс өрі.

Қарт өзімен-өзі жүрген кеңес құрып,
3160 Тыңдап тұра қалды, талға кіріп.
«Әрай, жаным, әрай», — деп анда-санда,
Қарт арманын аршиды жатқан шіріп.

«Ой-хой, дүние-ай, дүние-ай,
Алдаттым саған, алдаттым.
Бар көрсеткен қызығың,
Дәл елу жыл мал бақтым.
Алдамшысың, дүние,
Аумалы-төкпелі, дүние.
Елу жыл бақтым түйесін,
3170 Қарабай қайыр етпеді.
Қайыры тұрсын, бір рет

Алғыс айту көп пе еді?
Алғыс айту орнына
Ұрып, қарғап сөккені.
Жалғыз қызы Баянды,
Мен түгіл, сыртқа тепкені.
Ерекше туған ер Қозы
«Қодардан өлем» деп пе еді».

3180 Мұны естіп, Айбас шыдап тұра алмады,
Атой беріп, айғайлап ұрандады.
Ат қойды айғайды естіп, сексен батыр,
Жарқылдап қолдарында құралдары.

Көтерді желпілдетіп Айбас туын,
Аяма, аянба [деп] қанмен жуын.
Ау десті, ат қойды сексен батыр,
Ел үрейленді айқаймен естіп шуын.

Баянға Айбас келді — білдіреді,
«Сен тоқтатпасаң, [бәрін де] бүлдіреді».
Белдеуге қанды шашқан найза шаншып,
3190 Қайғының қара туын ілдіреді.

Бір елдің қолбасшысы Айбас еді,
Ерегіссе, бетінен таймас еді.
Мұның бәрін қыз Баян істегені
Айбасты тоқтатудың айласы еді.

Сасан кеп басын иіп: «Құлдық, Баян,
Құдай сені берсейші ұл ғып, Баян.
Неғылсаңда Айбасты тоқтатып бер,
Алдына айда мені құл ғып, Баян!»

3200 Күйбежектеп шығалмай Сасан үйден,
Баянға қайта-қайта басын иген.
Саңқ етті сол мезгілде сыртта дауыс:
«Сүйретіп, алып шық, — деп, — Сасанды үйден!»

— Ана үлгі бермегендей, әке нұсқа,
Қаралы үйге шапқаның дұрыс па?
Лұқсатсыз үйіме кірмейсің, — деп,
Баян қара салып шықты тысқа.

Баянды көрді де, Айбас аттан түсті,
Таңсық қыз атын ұстап, құрақ ұшты.
Айбасқа мұңын Баян зарлағанда,
3210 Көңлі бостар аһ ұрып, жалын құшты.

Ер Айбасты көргенде
Баянның көңілі бұзылды.
Сыбызғыда әуені
Аспанға үрлеп сызылды.
— Балталыдан тартпады
Тәңірім дәм мен тұзымды.
Қара жүз болып, мен байғұс
Айрылдым Қозымнан.
Қара тұман қайғылы
3220 Басыма менің ілінген.
Сені көріп, ер Айбас,
Зар шығады тілімнен.
Сабыр түбі — сары алтын,
Жарамайды, ер Айбас.
Жетпесті қуып бүлінген.
Тоқтатады көпшілік
Тасыған таудан селді де.
Көптің күші суалтар
Ұдайы соғып тұра алмас,
3230 Мысалға алсақ желді де.
Шын дос болсаң, ол үшін,
Шұбатпа қауым, елді де.

«Әуелі, менің Қодар керегім, деп,
Сасанды қайта келіп, көремін, деп,
Көк тұлпармен жөнелді Айбас батыр,
«Қодардың сыбағасын беремін», деп.

Қодар қашып кетуді ар көреді,
Баянсыз кең дүниені тар көреді.
Онсыз тағы да ол өмір сүре алмайды,
3240 Ол сүймесе, сүйетін өзі жар көреді.

Қодар — қабан азуы кереқарыс,
Айбастың ептілігі дәл жолбарыс.
Бақа айғырмен алдынан Қодар шықты,
Айбасқа тізгін тарту екен намыс.

Кеудесін төкаппарлық кесел кернеп,
Өзінше өндіршегі өлер жер деп.
Айламен Айбас қару көтермеді,
Найзасын Қодар қалды бұрын сермеп.

Найзасы дәл тимеді, жазым тапты,
3250 Сапысымен найзасын Айбас қақты.
Ұңғысынан найзасы үзілді де,
Қолында көсеу болып сабы қапты.

Қодардың қайраты мол, айласы жоқ,
Айбас әбден ысылған айласы көп.
Балағынан түйреп алып қайырғанда,
Таудай Қодар топ етті топайдай боп.

Көк балтырын найзасы кетеді іреп,
Салмағымен жығылған есеңкіреп.
Тізесінен сарт етті қайың шоқпар,
3260 «Тұра берме дегендей, жерді тіреп».

Жайдақ атпен ауылға келеді алып,
Қодарды «батыр, батыр» дейтін халық.
«Алаңғасар, албырт, — деп, — айласы жоқ»,
«Батыр» деген сөзінен қалды танып.

Қодар бүгін — мүсәпір, кешегі — ерен,
Қашан ойлап еді мұны көрем.
Тірідей тікен төсеп көмейін деп,
Қодардың Айбас қаздырды көрін терең.

- Белгілі қызыл ауыз, ел баяғы,
 3270 Біреулері табалап, бірі аяды.
 Көрінің жағасында Қодар отыр,
 Қыл шылбырмен байлаулы қол-аяғы.
 Сыздайды, шымырлайды қол-аяғы,
 Таба алмас халде отыр жан саяны.
 Сонда дағы қарысып қыңқ етпейді,
 «Есерге, сірә, өтпес, деп, жау таяғы».
- Ер Айбас қайта ауылға келген күйде,
 Отырды дөң басында кірмей үйге.
 Қозының өліміне себепкер деп,
 3280 Қатерін тігіп отыр Сасан биге.
- Баян келіп айтады: «Сабыр, батыр,
 Білдің бе, Қозы қандай жайда жатыр?
 Өруағы тебіренер ініңіздің,
 Келтірсең, ел басшысына зәбір, батыр».
- Ашу асса, айланар ақыл мұзға,
 Сасан би жазықты ма, жазықсыз ба?
 Басыңыздан сан кешкен тәжірибе ғой,
 Кім қызықпай тұра алар, сұлу қызға?!
- Батырда қасиет жоқ, қанды қылыш,
 3290 Шын батыр әрқашанда елге тыныш.
 Қанағат, қайырымдылық, кешірімділік,
 Ер міндеті, ежелден осы — үш ұлы іс.
- Сондықтан ел күйзелер бүлік салма,
 Жазалының жазасын берді Алла.
 Өзі өлгенмен Қозының баласы бар,
 «Көп тілеуі — көл» деген тілеуі алда.
- Алқымынан тығылып ашу кернеп,

 Айбасқа Ай әкеліп ұсынады,
 3300 «Баланы ағаңызға сәлем бер» деп.

Ел себеп ашу басуға,
Бала себеп мейірін ашуға.
Жас нәресте күлгенде езу тартып,
Айбастың әлсіреді ашуы да.
Мың ішінен алғандай,
Қозыға бала тартыпты анық.
Қозыға бала тартып туыпты анық,
Ер Айбастың жойылды мүлде ашуы,
Баланы сүйген соң, алдына алып.

- 3310 Қанша қатты болғанмен, ол да пенде,
Ер Айбас ақылға емес кенде.
Баланың қақысы үшін кешірдім мен,
Ал, Баян, қылсаң да еркі сенде.

Үш қайырды Ақ Баян: «Мен кештім, деп,
Кешкен болсаң, Сасанға сақтама кек».
Жалаңаш алмас қанжар қолына ұстап,
Қодардың тұрды Баян алдына кеп.
Отырғаны ойда жоқ, көріп қыспақ,
— Ойының ба, Баян-ау, шының ба?

- 3320 Өлтіргелі келдің бе, қанжар ұстап.

Өлтірсең, өлтіре бер, жазам толық,
Мен пәруана отыңа күйдім қонып.
Қозымен бір қабірге жата қалсам,
Екі ортаң шығамын тікен болып.

— Қодар-ау, ойын да емес, шыным да емес,
Ойын, күлкі көксейтін күнім де емес.
Азар надан болсаң да, түсінерсің,
Қозы өлді, мен саған жоқ, бітті ме егес?!

- 3330 Өлтірмей, босатамын сені, Қодар,
Айтқанмен түсінесің нені, Қодар!
Тірі жүр, әуреленіп, азабын тарт,
Алдыңда әлі көп, көресің бар.

Саған төтті болғанмен, Қодар, жаның,
Маған ащы, түсінсең істің мәнін.
Бұл қылышты соққанмен ажалға арнап,
Сілтемеймін, былғайды арам қаның.

Өлтірсем, қаның тамған жер жиренер,
Сені көмген, қазылған көр жиренер.
Көзбен көрген көпшілік, былай тұрсын,
3340 Көрмей атыңды айтқан ел жиренер,

Деді дағы, босатты аяқ-қолын, —
Қайда барсаң, әнекей, ашық жолың.
Тіршілігін кері ердің келтіре алмас,
Сен өлгенмен, [орнына] толмас толым.

Бір қыз үшін сергелдең, сонша адам,
Себеп не, айту қиын, кімнен лаң.
Елді жиып ас беріп, ат шаптырып,
Қайтуға батыр Айбас жасады қам.

«Қыс таяу» деп асықты, жетуге тез,
3350 Таңсық бен Көсемсары байласқан сөз.
Уәдесін беріпті Ай сұлуың,
Айбаспен ең алғашқы болғанда кез.

Тұрмысқа шықпақ болып, Таңсық бен Ай,
Бата қылуға келгенде лұқсат сұрай.
Құшақтап Ай, Таңсықты бата берді,
Кең кейілді анасы жылыұшырай.

Той өтті, неке болды тарады ел,
Шөптің түсі өзгеріп сарғайды бел.
Қыс таянды, дайындал дегендей болып,
3360 Сұр бұлттанып, соғады сұп-суық жел.

Айбас айтты Баянға: «Ертең көшсек»,
Баян айтты: «Мейліңіз, көшсең көш», деп.
Баян кетті «Қозыма қош айтсам, деп,
Моласына түнеймін бүгін кеш, деп.

Өмір кейде мезгілсіз тоз қылады,
Кезексіз кейде [ұзақ] созылады.
Өңгіменің түйінін шешетұғын,
Мұңлы үнді есітіндер моладағы.

3370 «Әруағыңа не деп жауап беремін,
Бар ма менің бұл өмірге керегім?
Келдім міне, өзінді іздеп, жан жарым,
Мінекей, сенің, құшағыңа енемін».

Осыны айтып, салды қанжар өзіне,
Аз күнгі өмір елестеді көзіне.
Куә болды жалғыз ғана жым-жырт түн,
Өмірімен араздасқан сөзіне.

Молаға Көсемсары іздеп келді,
Тіршілігін тірі іздер, өлген өлді.
«Ақ Баян өлді» деген суық хабар,
3380 Таңғы төтті ұйқыдан оятты елді.

Екеуін сол халінен қозғамастан,
Ескерткішін орнатып, ойып тастан.
Ер Айбас кедейлерге үлестірді,
Қалған малын бір тайын тастамастан.

Өлгеніне қайғырды елі-жауы,
Баянға таластардың бітті дауы.
Жетісіне жиылған ел тарады,
Екі-үш күн әбігермен өтті тағы.

Ай, Таңсық, Айбас батыр, Көсемсары —
3390 Еліне аман-есен қайтты бәрі.
Білмеймін Қарабайдың не болғанын,
Бұл болмаса, күл болсын, одан әрі.

Жүруге жарамайды аяғы кем,
Тіршілігі болмаса, өлгенмен тең.
Көрінің жағасында қалып еді,
Қодардың не болғанын білмеймін мен.

Жетпеді ме, сертіне, Баян жетті,
Түсінбеген деседі «жетпей» өтті.
Ай қыз бенен баланы Айбас батыр
3400 Қалпаққа салып, ақ нарменен алып кетті.

Көз көрген жоқ, есіткен құлақ кәрі,
Айта берсе, аңыз болып онан әрі.
Ардагер, ел ардақтаған ару өлді,
Кім күліп, кімге мәлім қайғырады.

Жазықсыз жас өмірін жазалады,
Хан мен бек, бай-батырдың таластары.
Халықтың аузында әлі де аңыз,
3408 «Баян қыздай болсын, деп, жігіт жары!»



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚОЗЫ КӨРПЕШ — БАЯН СҮЛҮ

Д.Айтбаев нұсқасы. «Қозы Көрпештің өлеңі» деп аталатын жырдың бұл нұсқасын белгілі орыс этнографы әрі фольклоршы Н.Н.Пантусов 1888 жылы Жетісу өлкесінен жазып алған. Кімнен жазып алғаны беймәлім. Бірақ зерттеуші эпос мәтінін ел аралап жүрген Дәндібай ақынның өз аузынан жазып алуы да мүмкін. Аталған қолжазба бұрын жарияланбаған және зерттелмеген. Осы жыр нұсқасын 1965 жылы Мәскеудегі А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік кітапхана қорынан М.Әуезов атындағы ӨӨИ-дің аға ғылыми қызметкері М.Ғұмарова тапқан (№73-қор).

Нұсқаның негізгі мазмұны атақты Шөже ақын нұсқасына ұқсас болса да, өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, Д.Айтбаев нұсқасында Қарабайдың елі — қызылбас, ал Сарыбайдың елі — түрікпен екенін көреміз. Ай мен Таңсық — байдың асыранды қыздары. Эпостың географиясы кеңейіп, Қарабайдың көші Торғай өңірінен Қырғыз Алатауына дейін жетеді. Мұндағы Қодардың асыл тегі — «тоқсан мың халқы бар бай» болса да, Баян үшін өзін сатып, «құл» атанады. Тағы бір ерекше көрініс — Қодардың Тайлақ биге арыз айтып, бидің: «Су үшін қыз сұрағаның жарамайды, ақыңды ал да жайыңа жүр» дейтін тұсы өзге нұсқаларда жоқ.

Қарабай судың ақысы үшін Қодарға арақ-шарап береді. Сонымен қатар мұнда Қодар Қозыны өлтірмейді. Қарабай мен Қарагөз «сегіз жеті» той жасап, Қозы мен Баянды қосады. Қозының халқына тәуір қоныс іздеп, Алатауға көшуі де тың эпизод.

Қозының ұлы Сая-Тулақ Қодарды өлтіреді. Екі ғашық қызықты өмір сүріп, өз ажалынан өледі. Ел-жұрты бастарына тастан күмбез соғады. Бір айта кетер жайт — Дәндібай ақын өзінің алдындағы жыршыларды сынап,

Екі ақын білмейді екен жақсы машық,
Неше күн жазған болдық білген жерін.
Нұр — Ахмет шақырған соң жарлық шашып,
Екі ақын айтқан шығар білгендерін,

деген сөзімен өзінің олардан талантты, білімді екендігін дәлелдемек болады.

Томға ұсынылып отырған осы нұсқаның мәтіні ӘОИ Қолжазба қорында сақталған түпнұсқа (Ш. 652) бойынша еш өзгеріссіз өзірленді. Д.Айтбаев жырлаған «Қозы Көрпеш өлеңі» алғаш рет жарияланып отыр.

Молла Рахым нұсқасы. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосын қазақтың көптеген арқалы ақын-жыраулары жаңғырта жырлап, қазақ сахарасына кең таратқан. Олардың қатарында Жанақ, Құлтума, Шөже, Орынбай, Бекбау, Сыбанбай, Бейсенбай, Мәшһүр — Жүсіп т.б. есімін айрықша атаймыз. «Қозы Көрпешті ...» қайта өңдеп, жырды жаңа мазмұн, сюжеттер арқылы түрлендіруде Шөже Қаржаубайұлы (1803-1895) көп еңбек сіңіргені мәлім. Ғасырға жуық өмір сүрген майталман ақынның соңында асыл мұра — айтыстары мен дастандары қалды. Шөже есімінің халық арасында құрметпен аталатынын кезінде Ш.Уәлиханов та жазған. «Қозы Көрпеш ...» жырынан арнайы диссертация қорғаған профессор Ы.Дүйсенбаев оның ақындық шеберлігін жоғары бағалайды. Зерттеушінің: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры екі ақынның есіміне тікелей байланысты. Бір топ варианттары атақты Жанақ ақынның айтуынша тараса, екінші бір тобы атышулы Шөже орындаған версияға апарып саяды. Сөз жоқ, сол екі ақынның өздері орындаған түпнұсқалары бізге сол қалпында жеткен жоқ. Дер кезінде қағазға түспегендіктен, кейінгі уақыттарда оларды басқа бір ақындар өздерінше айтып жүргендіктен, Жанақ пен Шөженің аттарына байланысты үлгілердің кейбіреулері

өзгертіліп, өңделіп, мүлде жаңғырып кеткенін тану онша қиын емес» деген пікірлері осының дәлелі⁴¹.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында Шөже есіміне байланысты «Қозы Көрпеш...» эпосының 4-5 нұсқасы сақталған. Бұлардың біріншісі белгісіз біреу көшірген ілкі Шөже нұсқасы (1864), екінші — М.Ш.Әбдірахимов(1877), үшінші — Мәшһүр-Жүсіп Көпеев (1905 ж.ш.), төртінші — Қ.Мейірманов (1909) нұсқалары. Егер профессор Ы.Дүйсенбаевтың «Бұлардың жалпы желісінде айырмашылық жоқ, тек кейбір жолдары мен жеке сөздерінде ғана өзгешеліктер кездеседі» деген пікірін ескерер болсақ, эпостың жоғарыда аталған нұсқаларын вариант дегеннен гөрі, «Қозы Көрпеш ...» жырының әр мезгілде қағазға түсірілген көшірмелері, яки жаңа жазбалары дер едік.

Дегенмен, фольклор ғылымының негізгі заңдылықтары бойынша, халық шығармаларын орындайтын бір ғана жырау — айтушының өз аузынан әр уақытта, түрлі жағдайларда жазып алынған эпос жазбаларының (перезапись) әрқайсысы өзінше бағалы. Бұған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының екі томдық (54-55 томдар) басылымына еніп отырған ақын Шөже версиясының түрлі көшірмелерін оқығанда көз жеткізу қиын емес.

Шөже версиясының бірнеше жазбалары, оның қатарында Молла Рахым нұсқасының қолжазбасы да С.-Петербургтегі Шығыстану институтының қолжазбалар қорында, И.Н.Березин коллекциясында сақтаулы тұр.

Молла Рахым нұсқасы 52 бетті құрайды, ал Қ.Мейірманұлы вариантының көлемі — 42-бет.

Алғашқы нұсқаның сюжеті Шөже ақын жырлаған түп-нұсқамен бірдей басталғанмен, аяқ жағында аздаған өзгеріске ұшырайды. Мәселен, Молла Рахым нұсқасында Қозының шешесі Мамабике Баянды көргенде «Қуанғаннан жүрегі жарылып өлді» делінеді. Ал Қоңқабай Мейірманұлы варианты бойынша, «Есін жиып алған соң Мамабике, // Көшкен елдей күңіреніп Баян келеді». Ары қарай «Хан тағына бөйбіше мініп алып, // Ат шаптырып той қылды төңірекке», дейді. Алғашқы нұсқада Қозыке елге өзі хан болып, 31 жыл билейді.

⁴ Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. Алматы: — Ғылым, 1973, — 64-бет.

Түсінде әулиелер аян беріп, «Аякөзге бар, бұйрығың сол жерде болар» деген соң мал-мүлкінің үштен бірін Айбасқа, қалған екеуін пақыр-міскіндерге таратады. Ел-жұртының билігін Айбасқа беріп, өзі Аякөзге көшеді. Жолда ат-көліктері өліп, жаяулап Қозыке мен Баян елге жетеді. Аякөз өзенінен өткен жерде Қозыке қайтыс болады.

Қ.Мейірманұлы вариантында Қозы мен Баян екі ұлды болып, барша мұратына жетеді. Жыр соңы:

Қозыке мен Баянның болған жері,
Бәйшешектей түрленіп толған жері.
Құдіретіне Құдайдың бәрі де оңай,
Ғибрат ал бұлардан, ердің ері, —

деп қайғы-мұңсыз аяқталады. Сондай-ақ бұл нұсқада Айбас алдымен Жидебай құлдың қатынын алып, кейін тағы да елден таңдап некелі әйел алады.

Молла Рахым нұсқасы Ы.Дүйсенбаевтың «Қазақ халқының әлеуметтік тұрмыс эпосы» атты кандидаттық диссертациясында, «Қазақтың лиро-эпосы» (1973) деген монографиясында және басқа да ғылыми еңбектерде біраз зерттеліп, өзіндік бағасын алды. Молла Рахым варианты толық, он бір буынды қара өлең үлгісінде жазылған. Молла Рахым Шәріпұлы Омбы қаласындағы қазақ медресесінде бала оқытып жүрген кезде 1877 жылы «Қозы Көрпештің ...» осы нұсқасын қағазға түсіріп, орыс ориенталистеріне ұсынғаны туралы дерек бар.

Жыр мәтіні ӘӨИ Қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқа (Ш.20. Мф. 12) бойынша әзірленді.

Қ.Мейірманұлы нұсқасы. Жыршының өзі — Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Дегелең ауылының тумасы. Эпостың бұл нұсқасын осы өңірдегі Наурызбай ауылында тұратын белгісіз бір кісінің қолжазбасынан 1928 жылы Қ.Оспанұлы қағазға түсірген.

Бұрын-соңды жарияланбаған «Қозы Көрпештің ...» бұл варианты жайында профессор Ы.Дүйсенбаевтың зерттеулерімен қатар, Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақтың Қозы Көрпеш жыры туралы» атты кітабында (1959) жан-жақты қарастырылып, құнды пікірлер айтылған. Бұл нұсқаның сюжеті ілкідегі Шөже

вариантына көп ұқсағанмен, «жырлау мәнері басқа, жалпы мазмұнында едәуір айырмашылықтар бар. Айталық, мұнда Қарабай мен Сарыбайдың елі Тәшкеннен төмен, Қарағаш деген жерді жайлайды. Қарабай өлген соң, Сарыбайдың құлы Өлжаппар жаңа қоныс тауып, Аягөзге көшеді. Жыр соңында Қозы өз еліне келіп, шешесі Мамабикені қырық биенің қымызына шомылдыратын көрініс өзге нұсқаларда жоқ. Жалпы, Жанақ пен Шөже версияларының арасындағы елеулі бір айырмасы — алғашқысында Қозының әкесі — Сарыбай болып келеді де, кейінгілерінде Сарыбай керісінше, Баянның әкесі. Сондай-ақ Жанақ ақынның версиясында Қодар — қалмақтан келген құл болса, Шөжеде — ноғай Шақпақ бектің баласы. Көне нұсқаларда Қозы мен Баянның шешелерінің аты аталмайды, ал Шөжеден тараған Молла Рахым, Қоңқабай, М.Жүсіп вариантында олардың аналарының есімі — Қаракөз бен Мамабике.

Тағы бір көзге түсерлік ерекшелігі — Шөже версиясында, яғни біз сөз етіп отырған Қ.Мейірманұлы нұсқасында ислам дінінің әсері өте күшті. Халық арманы Қозы мен Баянды өлімге қимайтыны түсінікті. Алдымен, Құдайдың құдіретімен, періштелердің жәрдемімен Қозыке үш күн, үш түнге тіріледі. Қозы мен Баян кейін Меккеден қажылық сапардан келе жатқан тақуа мұсылмандардың Алладан тілеуімен қайта тіріліп, 31 жыл бақытты өмір сүреді. Жырдың бұл нұсқасында шығысқа кең тараған «Жеті ғашық» мотиві ұшырайды. Молдалар Қозы мен Баянды солардың біріне санағанын көреміз.

Қ.Мейірманұлы нұсқасы толық, он бір буынды қара өлең үлгісіне құрылған. Томға ұсынылып отырған жыр мәтіні ОҒК сирек қорында сақтаулы түпнұсқа (Ш. 1287) бойынша әзірленді.

Б.Мақанов нұсқасы. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосының бұл нұсқасы бұрын зерттелмеген, жарияланбаған. Жаңадан табылған жыр қолжазбасын ӘӨИ қорына 2008 жылы журналист Қыдыр Есқұлұлы өткізді. Көлемі — 23 беттен тұратын эпостың жыршысы жөнінде әзірге мәлімет жоқ. Жыр мәтіні оқушының қалың дәптеріне қазіргі қазақ әрпімен көшірілген. Дәптер парақтары әбден тозып, жыртыла бастаған. Жазулары көмескі, емле қателері көп. Сарғайған қолжазбаның сыртқы

мұқабасында «Маханову Бекмурату. 3/XI.—1953 г». деген жазу ғана бар. Сонымен бірге дәптердің бірінші бетіндегі тақырыптың оң жақ шекесінде осы мәтінді көшірушінің қолы қойылып, мерзімі көрсетілген. Бұған қарағанда, қолжазба 1953 жылдың күз айларында қағазға түсіріліп, жоғарыда аталған Бекмұрат Мақанов деген азаматқа жіберілгенге ұқсайды. Кейбір деректерге қарағанда, Б.Мақанов — ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі. Өзбекстанда, кейін Шымкент облысының Түлкібас ауданында тұрған. Руы — кіші жүз, Шөмекейдің Балқы руынан. Базар жырауға үш ата туыстығы бар.

Б.Мақанов нұсқасының негізгі сюжеті «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының өзге нұсқаларынан онша алшақ емес. Дегенмен өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Ақынның тілі өткір, қуатты, жырлау мәнері де өзгеше. Жырдың:

Ерекше сұлу Баян жаралыпты,
Дүнияға сұлулығы таралыпты.
Сыртынан құрғақ ие болып жүрген
Жанына Қодар қашан бара алыпты, —

деп басталуынан-ақ, осы жыр стилінің басқалардан соны соқпаққа түскені сезіліп тұр. Мұнда Қозы асқан батыр бейнесінде сипатталады. Мысалы:

Қозы Көрпеш 16 жасқа келді,
Шешесі таққа мініп ел биледі.
Он алтыда шеп бұзып, шерік бастап,
Жылқыдан таңдап мінді сал күреңді.
Садағын асқан мерген сағымға ілген,
Ақ жүзі шағылысты жарық күнмен ...

— деген жолдардан дәстүрлі қазақ батырының бейнесі айқын танылады. Қозының өзінің Құдай қосқан жары әрі «жесірі» Баян туралы алғаш еситетін эпизод мұнда біраз өзгеріспен баяндалған. Қозы бір байдың қыз ұзату тойында балуанға түсіп, сол елдегі атақты балуанды жеңеді. Баласы сүт пісірім уақыт талып қалған кемпір:

Қу жетім, тумай шөккір, тудың қайдан,
Әкеңді тумай жатып жұтқаныңнан.
Төбеңнен менің балам, құй қазды ма,
Іздеп ал жесіріңді Қарабайдан! —

деп Қозыны қарғап-сілейді. Бұл сөздің растығына көз жеткізген Қозы Тайлақ биге:

Бұл сөзің рас болса, биім Тайлақ,
Ыза-кегім қозғалды, ішім қайнап.
Қызын ап, жақсы болса, жар қыламын.
Артыма жаман болса, салам жайдақ! —

деп батырға лайық адуын мінез байқатады. Нұсқаның сюжетіндегі тағы бір ерекшелік Айбас пен Қодардың кездесуінен көрінеді. Ай, Таңсық пен Баян далада Айбаспен жолығып тұрғанда Қодар келіп қалып, күші басым құл Айбасты өлтіруге айналады. Сонда Таңсық ақыл тауып: «Қодар батыр, сенің шекіскенің кім деп тұрсың, ол сенің —бажаң, Айдың сүйген жігіті. Сен Қарабайдың қай қызын қорисың, Айбас сенің Баяныңа пысқырып та қарамайды», — деп Қодарды алдап, Айбасты құтқарып жібереді. Мұндай сюжеттік құбылтулар, сәтті көріністер мен ұтымды мотив-сарындар осы нұсқадан мол орын алған.

Жырдың кейбір мотивтері, мәселен, Қытайдан келе жатқан керуеннің ақсақалы Қара қожа мен оның Қозыға айтқан ақыл-кеңесі А.Потанин нұсқасында бар. Сондай-ақ Б.Мақанов нұсқасында Қозының батырлығымен қатар, балуандығы, әншілік өнері ерекше шабытпен жырланған. Өкінішке қарай, жырдың аяқ жағы үзіліп қалған. Десек те, қолда бар мәтіннің өзі-ақ «Қозы Көрпеш ...» жырын зерттеу бағытында тың ізденістерге бастайтын маңызды дереккөз әрі жәдігер ретінде аса бағалы деп ойлаймыз.

Томға ұсынылып отырған жыр мәтіні ӘӨИ Қолжазба қорында сақтаулы түпнұсқа (Ш. 26) бойынша еш өзгеріссіз дайындалды.

С. Қосан

М.Нукин нұсқасы. Жырдың бұл нұсқасын Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың ауылының тұрғыны Мұқыш Нукин (1876-1978) ел аузынан жазып алған. Көпті көрген шежіре қарт бұдан басқа да қазақ эпостары мен Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шөже секілді ақындардың шығармаларын да жинастырып, хатқа түсірген. Сондай-ақ М.Нукин материалдарының біраз бөлігін діни аңыздар мен шарият ережелері құрайды. Қолжазбаны институт қорына 1990 жылы белгілі жазушы Қалмұқан Исабаев тапсырған. Қолжазбаның қағаздары тозып, әбден ескірген. Бірнеше беттері жыртылып, жазуы өше бастаған. Сырты қоңыр, көк жолақты шүберекпен тысталып, қара жіппен көктелген. Жинаушы ескіше оқыған, молда кісі болуы керек. Қолжазба мәтіндері өте түсініксіз араб емлесіне негізделіп жазылғандықтан, оқылуы қиын. Дауысты дыбыстары жоқ және қадім жазуының ережесі де көп сақталмаған. Дегенмен, қолжазбаның 157-255 беттерін қамтыған, көлемі 100 бетке жақын «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» эпосының Мұқыш Нукин жинаған нұсқасы қазақ эпосының айтулы олжасы деуге тұрарлық бағалы мұра.

Аталған нұсқа көлемі жөнінен ғана емес, бірқатар сюжеттік, тілдік артықшылықтарымен де ерекшеленеді. Тіл шұрайы, образ көркемдігіне қарағанда, бұл «Қозы Көрпештің...» кейініректе, шамамен, XIX ғасырдың соңына таман жырланған нұсқасы болуы тиіс. Бұл арада жинаушы туралы да ұмытпаған абзал. Себебі, жазған өлеңдеріне қарағанда, Мұқыш Айтілеуұлы да қара өлеңге жүйрік, ақындық қабілеті бар кісі екендігі көрінеді. Қалай болғанда, әзірге жыршысы белгісіз эпостың осы нұсқасын Қозы мен Баян туралы ел аңыздары мен дастандарды жетік білетін, қиялға бай, қаламы қарымды ақындардың бірі жырлағаны күмән туғызбайды.

Эпостың кіріспесі, әдеттегідей, Қарабай мен Сарыбайдың аңда жүріп кездесуінен басталады. Одан арғы оқиғалардың жалпы сюжеттік желісі басқа нұсқаларға ұқсас болғанмен, кейбір эпизодтық ерекшеліктері бар.

Мәселен, Қозының бір байдың тойында балуандыққа түсуі, өзінің «жесірі» Баян туралы жеңілген балуанның шешесінен естуді Б.Мақанов нұсқасында да ұшырасады.

Бірақ Қозы Көрпештің Баянды іздеп жолға шығу сапарында өзге ешбір нұсқада кездеспейтін батырлық мотивтері орын

алғанын көреміз. Мысалы, осы М.Нукин вариантында Қозы ұзақ жолда келе жатып, алдымен, өзінің қосардағы тұлпарын жарып тастаған қорқау қасқырды, қамыс арасынан кенет атылып шыққан жойқын жолбарысты, ең соңында бейтаныс қарттың қақпанына түскен алып аюды өлтіреді.

Бұл нұсқаның кейбір тұстарындағы көріністер Потанин архивінен табылған «Қозы Көрпештің...» оқиғаларына ішін-ара келіңкірейді. Мәселен, керуеннің кездесуі, керуенбасы қожаның бата беріп, ақыл-кеңес айтуы т.с.с.

Әрине, М.Нукин нұсқасында толыққанды сомдалған кейіпкерлердің бірі — Сасан би образы. Би алғашқыда Қарабайдың ықпалында болса да, Қозымен арадағы сұхбаттан кейін ол екі жастың махаббатын мойындап, Баянның қайырымсыз, қатал әкесін көндіреді. Алайда ата-ананың заңды некеге рұқсатын, халықтың ақ батасын алған Қозы мен Баян қызғаныштың құрбанына айналады.

Серуенде жүрген екі жастың соңынан аңдып жүрген Қодар қапыда Қозыны сүңгімен жарып өлтіреді. Айбас сексен батырмен келіп, Қарабай мен Сасанды шауып, Қодарды тұтқынға алады.

Баян араға түсіп, ел арасын татуластырып, Қодарды босатып жібереді. Әдеттегідей, жас жесір сүйіктісі Қозының бейітіне келіп, өзін-өзі құрбанға шалады. Қос ғашықтың артында қалған ұлдарын Айбас пен Ай елге алып кетеді.

Жоғарыда сөз болатын эпос оқиғаларының бәрі шешен де шебер тілмен қиюластырылып, қызықты хикаялармен өрнектелген. Жырдың негізгі бөлігі 11 буынды қара өлеңмен өріліп, бірен-саран тұстарында 7-8 буынға кезек берілген. Жыр бұрын-соңды жарық көрмеген және зерттелмеген.

Томға ұсынылып отырған М.Нукин нұсқасының мәтіні М.Әуезов атындағы ӘӨИ сирек қорында сақтаулы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының түпнұсқасы бойынша (ҚҚ: Ш.1116, 2-дәп.) әзірленді.

С. Қосан

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес».

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі «Аллаһу акбар» деген мадақ сөзді отыз төрт рет, «Әлхамдулиллаһи», «Сұбхан Алла» сөздерін

отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Өзірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Өзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Өзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Баба түкті Шашты Өзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі де қасиетті бейне. Әулиенің батасын алған баласыз қариялар Алланың құдіретімен ұлды болып жатады. Мұсылман аңыздарында Шашты Өзіз 88 пайғамбардың бірі. Ол туралы аңыздардың бірінде есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Өзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Ясауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Қозы Көрпеш, Баян сұлу. Қазақ арасына мол тараған аңыз бойынша, Қозы мен Баян бір кезде өмір сүріп, кейін олардың моласы да сақталған тәрізді, яғни халық оларды өмірде болған адамдар деп сенеді. Орыс — қазақ зерттеушілерінің мәліметтеріне қарағанда, бұл мола және олардың басына орнатылған ескерткіш қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық ауылына таяу — Аягөз өзенінің оң жағалауында орналасқан.

Қыдыр баба (Хызыр) — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар оны тек ислам ықпалымен пайда болған

деп түсіндіреді. Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қыдыр баба [Хызыр]—ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, өртүрлі қиындықтардан қорғаушы.

Қызылбас—Иран, Сирия т.б. кіші Азия елдерінде, негізінен, шиіттерден тұратын тайпалар бірлестігін құрған елдің және ұлыстың аты. «Қызылбас» — о бастағы көне түркі тайпаларының бірі. Олар бас киімдеріне қызыл түсті жолақ мата байлағандықтан, осылай аталған.

Лұқпан хакім. Ол туралы исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Лұқпанға 31-сүре арналған. Мұнда Лұқпан «бір Құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Лұқпанның арабша аты—Лұқман әл-Хаким, яғни хәкім Лұқпан. Лұқпан—ақыл иесі, көріпкел, емші делініп, оның есімі көптеген Шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Лұқпан хәкім айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

Ноғайлы—Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған Ноғай Ордасының негізін қалаған түркі-монғол тайпаларының ортақ атауы. XV-XVII ғасырлар арасында Ноғайлы жұрты көрші елдерге де осындай атаумен мәлім болған. Ноғайлы елінің құрамында қазақтың көптеген ру-тайпалары да кірді. Елдің алғашқы ұлысбегілері қатарында маңғыт руынан шыққан батыр-қолбасы, даңқты би әрі қоғам қайраткері Едігенің есімі ерекше аталады.

СӨЗДІК

Абзал /а/ — артық, ең жақсы

Ақжәмші /к.с/ — қымбат бағалы маталармен оюлап істелген төсек жапқыш.

Ақсарбас — жақсы тілекке атап, арналған мал.

Алакүлік /к.с./ — шөпте болатын улы құрт, малда болатын ауру түрі

Аңа /к.с./ — оған

Әптуек /п/ — медреседе алғаш оқылатын кітап; Құран Кәрімнің жетіден бір бөлігі деген мағынаны білдіреді.

Бақты қара /п.қ./ — бақытсыз, сорлы

Бақыршы /к.с/ — жылқышы қосында далалы жерде ас әзірлеуші, аспаз. Темір ұстасы.

Бейрет /п.қ/ — ретсіз, тынышы кету, бақытсыз

Бейіс /п/ — ұжмақ, о дүниеде күнәсіз мұсылмандар баратын Жәннат мекені

Бура /қ/ — қос өркешті түйенің еркегі

Бұзау тіс /қ/ — басына қорғасын құйып өрілетін дырау қамшы.

Бүлді /қ/ — бүлінді, қирады

Бісмиллә /а/ — бисмиллаһ, Алла атымен [бастаймын]

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, сезбеу, байқамау

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғарыз /а/ — арыз, өтініш

Ғинаят /а/ — ізгі ниет, жақсылық, рахым, қайырым.

Ғишарат /а/ — ләззат алу, қызықтау

Дажал — дию, дәу, қорқынышты аң, мифтік образ

Дәркер /ир/ — зәру, қажет деген мағынада

Дозақ /п/ — тамұқ, жаһаннам, о дүниедегі от жазасы

Дөнен /қ/ — төрт-бес жасар жылқы

Дуадақ /қ/ — далада, шөлді жерлерді мекендейтін құс түрі
Дүйім /ж.с./ — қалың, көпшілік, ежелгі, қашанғы, байырғы т.б.

Елгей /к.с./ — ежелгі дәуірдегі күміс ақша, теңге, жамбы

Жамбы /к.с./ — әртүрлі формадағы жалтырауық, қымбат бағалы металл — алтын не күміс. Ертеде бөйге үшін құнды зат ретінде бағанаға қадалып, мергендер атып түсіретін болған.

Жарауке /к.с./ — өзіл, қалжың

Жесір — күйеуі жоқ, яки жұбайы өлген әйел.

Жолым (қй) /ж/ — керегесіз уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ жаппа.

Жұм /а/ — араб әрпі, дифтонг, «д» және «ж» әріптері қосарлана дыбысталады

Жұмыршақ /қ/ — күйіс қайыратын мал қарнының бір бөлігі

Ибадат /а/ — құлшылық, тәжім ету, сыйлау

Ибарат /а/ — үлгі, өнеге, ғибрат

Инсап /а/ — жақсылық, қанағат, тәуір мінез

Калет /к.с./ — жаңсақ, жаңылыс

Кәпір /а/ — күнәлі, дінбұзар, өзге діннің адамы

Керік /т/ — жазық, кең; жираф; ауыспалы: жүйрік ат

Көнек /к.с./ — ірі — қара малдың бас немесе мойын терісінен жасалған бие саууға не құдықтан су алуға арналған ыдыс.

Құмәнді /п.қ/ — ауыспалы: екіқабат, жүкті

Кіріш /к.с./ — ақ, апшақ

Қазірет /а/ — жоғары шенді, құрметті кісі. Дінбасы.

Қар /к.с./ — бұзық әйел, опасыз, жезөкше

Қарғыбау /қ/ — дәстүр бойынша, қызға құда түсерде алғаш берілетін салт кәдесі, жоралғы

Қарқара /к.с./ — қауырсынын әсемдік үшін пайдаланатын құстың бір түрі. Бас киімге тағылатын қауырсын. Жас әйелдер мен қыздарға арналған төбесі биік, шошақтау келген, қауырсын қадаған өңді бас киім.

Қаужа — малжаңдап жеу, шайнау. Қажау, мазасын алу.

Қобы /к.с./ — тау аңғарындағы астау тәрізді боп біткен ойпаң, кейде жазық жер.

Қодық /қ/ — маралдың төлі, бұзауы; әдетте қодық — құланның төлі

Қоя /к.с./ — құстың бөтегесі мен иттің асқазанында жеген асынан қалып қоятын жүн-жұрқа, қоқсық заттар. Жасырын пікір, ашылмаған сыр, былық.

Қызыл іңір /қ/ — кешкі уақыт, қараңғы, күн батқан мезгіл

Қылап (хилап) — бұзу, қиянат ету

Махшар /а/ — о дүниеде, қиямет күнінде болатын сот

Мәлден өтіп — Пайғамбар жасынан өтіп деген мағынада

Мейір /п/ — мейір

Мехнат /п/ — ауыр азап, бейнет.

Мұндар /к.с./ — қарғыс, кемсіту, құл

Мүқәммал /а/ — мүлік, қазына, барша байлығы, жиған-тергені

Мық /т/ — шеге

Намаздыгер /п/ — күн батар кезде оқылатын намаз уақыты

Намазшам /п/ — қас қарайып, қараңғы түскенде оқылатын намаз уақыты

Нәмрат /п/ — адамгершілігі жоқ, оңбаған

Нәубет /а/ — мезгілсіз оқиға, кезекті дүние, тағдыр сыйы

Нияз /п/ — садақа, сыйлық

Нөкір (нөкер) /к.с./ — ақсүйектің қасына еріп жүріп қызмет ететін, шашбауын көтеретін қошаметшіл адамдар.

Өрмек /т/ — көшпелілердің үй тұрмысына қажет алаша, кілем тоқитын құралы **Пандат** /п/ — пәмдат, таң намаз

Пәрмен /п/ — бұйрық, жарлық

Пәруардигар /п/ — Тәңірі, Құдай

Рәйіс /а/ — бастық, үлкен, ұлық

Салқа /к.с./ — салқа жорту, бір сыдырғы жорту

Саңа /к.с./ — саған

Сап (саф) /а/ — жақсы, таза

Сарысу /қ/ — көбінесе буында болатын ауру аты.

Сауап /а/ — ислам шарифаты бойынша мүміндердің әрбір қайырлы, игі істері сауапқа жазылып, ақыретте жазасын жеңілдетпек.

Сегіз өрме /қ/ — қамшының түрі, қайыс теріден таспа тіліп, өрілетін сегіз өрім қамшы

Сыбай /ж/ — көрші, сыйлас, сырлас, жақын жандар

Сілтідей тынды /қ/ — тып-тыныш болды, қозғалмады (тұрақты сөз тіркесі)

Сілікпе /қ/ — жас төлдің асылған еті

Таған /к.с./ — көзге таған түсу, ақау түсу, әлсіреу

Тақат /к.с./ — сабыр, шыдам

Тамға басу — (таңба басу) мөр басу, ен салу, белгі ұру.

Тасаттық /а/ — Құдайға құрбандық шалып, қуаңшылық, жұт, жоқшылыққа қарсы жалбарып жәрдем сұрау

Тұлып /к.с./ — әртүрлі аң, мал терісінен тігілген сырт киім, ішік. Жас төлі өлген малды алдарқату үшін ішіне шөп, сабан тығылған бітеу тері.

Уағда /а/ — уәде, келісім

Үлде-мүлде — қымбат матадан тігілген асыл киімдер.

Халла тон /а.қ./ — қалы тон, қымбат, зерлі тон, Жұмақта киілетін тон.

Харам /а/ — арам, тыйым салынған іс, яки тағам т.б.

Хафия /а/ — құпия, жасырын

Ықырар /а/ — мойынсұнғандық, көнгендік, ықтиярлық

Ыңыршақ /қ/ — ерте уақыттағы ердің бір түрі

Інген /қ/ — екі өркешті ұрғашы, 4-5 жасар түйе

Іребдел /к.с./ — ірікті, таңдамалы

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақсеңгір, Көксеңгір, Қарасеңгір — жер аттары, Арқада бір-неше жерде кездеседі, оның ішінде Ереймен тауына жақын, Сілті өзенінің бойында. Мына Көксеңгір Аякөз өзені бойында Жорға, Жауыр тауларына көрші тұратын Көксеңгір болуы мүмкін.

Алатау — Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы тау жотасының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Жоңғар Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Іле Алатаулары жатады.

Ақкөл — Тараз қаласынан солтүстік батысқа қарай, 170 км жерде орналасқан елді-мекен. Көл Сарысу өзенінің солтүстігінде. Балқаш ауданындағы елді-мекен атауы.

Ақжар — Шығыс Қазақстан облысындағы аудан орталығы.

Ақшатау — Қарағанды облысындағы жұмысшы поселкасы. Ақадыр темір жол станциясынан 105 км жерде. Аягөз ауданында да Ақшатау атты кеңшар (совхоз) бар.

Аягөз — Шығыс Қазақстан облсындағы қала. Аягөз ауданының орталығы. Өскемен қаласының оңтүстік батысында, Нарын өзенінің Аягөз өзеніне құятын тұсында орналасқан. Іргесі 1831 жылы қаланған.

Баянауыл тауы — Павлодар облысындағы тау аты. Бұл жерден Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш т.б. қоғам қайраткерлері шыққан.

Бетпақдала — Қазақстанның орталық бөлігіндегі кеңбайтақ аймақты алып жатқан шөлді өңір. Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында орналасқан. Сай-жыралармен тілімденген Бетпақдала жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Көктемде жауын суымен толығып, жазда құрғақ арнаға ай-

налатын Қарқаралы, Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өзендер бар.

Ертіс — Солтүстік Мұзды мұхит алабында жатқан өзен, Обь өзенінің солтүстік саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Ұзындығы — 4248 км, оның 1698 шақырымы Қазақстан жерінде. Бастауын Алтай сілемдерінен алады. Зайсан көліне дейінгі бөлігі — Қара Ертіс, көлден төменгісі Ақ Ертіс деп аталады.

Есіл — Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Қазақстанның Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерінен өтеді. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауының батыс беткейінен басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосының тұсында Ертіс өзеніне құяды.

Жайылма — Жамбыл, Қостанай, Қызылорда облыстарында кездеседі. Жаңаарқа ауданы Шолақ мазарының айналасындағы жер аты.

Жетісу — тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік батысында солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеледі. Жетісу атын құрайтын жеті өзен туралы түрліше пікір бар.

Көкқия — Шығыс Қазақстан облысы, Семей аумағындағы тау жотасы.

Қарқаралы — қала, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімшілік орталығы. Қарағанды қаласынан оңтүстік шығысқа қарай 220 км жерде, теңіз деңгейінен 815 м биіктікте орналасқан. Орманды-тоғайлы, жақпартасты келген көрікті Қарқаралы тауларының шығыс етегінде, Қарқаралы өзенінің екі жағасында жайласқан.

Қалба жотасы — Алтайдың оңтүстік-батысында. Негізгі Алтай жүйесінен Ертіс өзені арқылы бөлініп жатыр. Ұзындығы — 400 км, орташа ені 120 км. Ең биік жері — Сарышоқы тауы (1608 м). Бұл маңнан көптеген шағын өзендер басталады. Қалба жотасының сілемі — Далба тауының бөктерінде қазақтың XVIII ғасырдағы атақты жырауы Бұқар Қалқаманұлы өмірінің соңғы шағын өткізген.

Қатынсу — Алакөл алабындағы өзен. Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданы жерімен ағады. Ұзындығы — 155

км. Тастау, Жалаулы тауларынан басталып, Көктал аңғарынан төмен Алакөлге құяды. Суы ауыз суға, жер суаруға пайдаланылады. Қатынсудан 8 канал тартылған.

Қағба — Меккедегі мұсылмандар құлшылық ететін аса қастерлі орындағы тұңғыш ғимарат. Мәжид-ул-Харамда орналасқандықтан, «Бәйтул-харам» (Қасиетті үй) деп аталады. Қағба қара мата — *қисуамен* жабылған. Қарама-қарсысында зәмзәм суы шығатын қасиетті бұлақ бар. Қағба құбыла болып жарияланған соң, оның исламдағы мәні арта түсті.

Қазан — Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының астанасы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қона — Алматы облысындағы бекет. Бұл жер атауы республикамыздың көптеген жерлерінде кездеседі.

Құлжа — Қытайдың солтүстік-батысындағы, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданындағы қала.

Қытай — Азияның шығысында орналасқан алып мемлекет. Қазіргі кезде Қытай алдыңғы қатардағы дамушы елдердің бірінен саналады.

Қызыл қия — Шығыс Қазақстан облысы, Семей өңіріндегі тау жотасы.

Қызылжар — Қарағанды облысындағы бекет. Осы аттас бірнеше тау бар. Қызылжар — Петропавл қаласының бұрынғы аты.

Лепсі — Балқаш алабындағы өзен. Алматы облысы, Ақсу, Сарқант аудандары жерімен ағады. Ұзындығы — 418 км. Жетісу Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздықтардан басталып, Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс бөлігіне құяды. Аңғары жоғары бөлігінде таршатқалды, төменгі ағысында кеңейе түседі. Лепсінің су режимін реттеу үшін Лепсі каналы салынған.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мыржық — тау; Сарыарқаның солтүстік шығыс бөлігінде, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы және Шығыс Қазақстан облысының Семей қалалық әкімдігі аумағына орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 60 км-ге созылып жатыр. Беткейлері, өзен аңғарлары сай-жыралармен тілімделген, толып жатқан жартасты қырқалар мен шоқылардан тұрады. Олардың арасындағы ең биігі — Егібай тауы (970 м).

Обаған — Қостанай облысы, Алтынсарин ауданындағы ауыл, аудан орталығы. Облыс орталығы — Қостанай қаласынан шығысқа қарай 67 км жерде, қоңыржай құрғақ дала белдеуінде орналасқан. Осы өңірде Обаған өзені бар.

Өлеңті — Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Сырым және Ақжайық аудандарының жерлерімен ағады. Қазақ эпостарында жиі аталатын, тарихи-мәдени маңызы зор көне эпонимдердің бірі.

Сарыарқа, Арқа — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып, оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

Сарыөзен — Ертіс алабындағы өзен. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы және Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық әкімдігі аумағы жерімен ағады. Мыржық, Ақшоқы тауларынан басталып, Ақмолайсор (Шалқарсор) көліне құяды.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазаншұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталып, Арал теңізіне құяды.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы — Доржын-кент.

Сергиополь — Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданындағы ауыл, округ орталығы. Аудан орталығы Аягөз қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 8 км жерде, Аягөз өзенінің оң жағасында орналасқан.

Түркістан — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шауғар мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Йасы» деп аталған. Қожа Ахмет Йасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды

Тарбағатай — Зайсан және Балхаш — Алакөл арасындағы су айырық жота. Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының жерінде орналасқан. Жота ендік бағытта батыстан шығысқа қарай 300 км-ге, ені 30-50 км-ге созылып жатыр. Аягөз ауданында Тарбағатай ауылы бар.

Тәшкен (Ташкент) — қала, Өзбекстан Республикасының астанасы, Ташкент облысының орталығы. Шыршық өзенінің жағасында орын тепкен. Өткен ғасырларда Ташкент Қазақ хандығының ордасы болған.

Тоқыраулы — Жезқазған облысындағы жердің аты.

Үржар — Шығыс Қазақстан облысындағы аудан орталығы, өзен аты.

Үргеніш — ежелгі қала, ортағасырлық Хорезм мемлекетінің астанасы. Орны қазіргі Түркменстан Республикасы, Ташауыз уәлаятындағы Көне Үргеніш елді-мекенінің жанында. Үргеніштің гүлдену кезеңі XII-XIII ғасырлардағы хорезмшахтар билік еткен кезеңге тура келеді. XIII ғасырдың ортасынан бастап Алтын Орданың құрамында болып, сауда, қолөнер, әкімшілік орталық ретінде өз маңызын жойған жоқ. 14-ғасырдың ортасына қарай Хорезм Алтын Ордадан бөлінген кезде Үргеніш қайтадан оның астанасына айналды.

Шыңғыстай — Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданындағы ауыл, Қатонқарағай ауылдық округінің құрамында. Аудан орталығы Үлкен Нарыннан шығысқа қарай 20 км, Сарымсақты тауының баурайында, Бұқтырма өзенінің жағасындағы қайыңды-қарағайлы орман арасында орналасқан. Іргесі XIX ғасырдың аяғында қаланған. Бұғы өсіретін кеңшар бөлімшесінің орталығы болған. Оның негізінде Шыңғыстайда шаруа қожалықтары құрылды. Шыңғыстайдағы алғашқы мектеп ғимараты 1905 жылы салынған. Онда С.Торайғыров ұстаздық етіп, өзінің әйгілі «Кедей» поэмасын жазған.

Шоқтерек — эпикалық топоним, аңыз бойынша, Қозы мен Баян осы теректің түбінде кездесіп жүреді.

Шу — Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұзындығы — 1186 км. (Қазақстан аумағында 800 км), Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқарөзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері (Қазақстанда): Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Шу Жоғарғы Ортотоқой және Төменгі Ортотоқой патшалдарын қалыптастырған. Соңғысының тұсына Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады.

Шідерті — Батыс Қазақстанның Сырым ауданындағы өзен, Өлеңті алабында. Көбінесе, ескі халық эпостарында өлеңтімен қатар аталады.

Іле — Қазақстан (Алматы облысы) мен Қытай жеріндегі өзен. Шығыс Тянь-Шаньнан басталып, Балқаш көліне құяды.

ТОМҒА ЕНГЕН ЖЫР НҰСҚАЛАРЫН ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Березин Илья Николаевич (1818-1896)— орыс шығыстанушысы. Қазан, Санкт-Петербург университеттерінің профессоры. Қазан университетін бітірген. 1842-45 жылдары Иран, Түркия, Кавказ, Дағыстанды аралап, бұл сапарында жүргізген ғылыми зерттеулерін 1850-52 ж.ж. жарық көрген 20 томдық «Шығыс елдеріне саяхат» атты еңбегінде топтастырды. И.Березиннің «Алтын Орданың ішкі құрылымы (Хан жарлықтары бойынша)» аталатын еңбегіне (1850) Ш.Уәлиханов пікір жазған. Ғалым 1849-54 жылдары жарыққа шыққан «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» деген жинағына Рашид әд-Дин, Шайбани, Қадырғали Жалайыри, Әбілғазыбек еңбектерінің орысша аудармаларын енгізген. Березин моңғол тарихын, әсіресе Алтын Орда мемлекетін, түркі халықтарының фольклоры мен диалектілерін тиянақты зерттеді. Ол бастырған 3 томдық «Түрік хрестоматиясына» қазақ халқының «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Едіге», «Қамбар батыр» жырлары, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары енді.

Ғұмарова Мәлике (1918-1987). Орал облысы, Орда қаласында туып- өскен. Фольклортанушы, текстолог ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. 1943-1987 жылдары Қаз. ССР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтының Текстология, қолжазба бөлімінде жұмыс істеген. Жамбыл шығармалары жинағын, Көрұғлы, Қамбар т.б. батырлық жыр жинақтарын құрастырған. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын» (батырлық, ғашықтық жырлар) жазды. «Қамбар батыр», «Қыз Жібек» жырларының ғылыми басылымын дайындады. Халық ақындарының өлеңдері мен айтыстарын жинады. ОҒК және ӘӨИ Қолжазба қорларындағы сирек қолжазбаларды жүйеледі.

Дүйсенбаев Ысқақ Тәкімұлы (1910-1976) — ғалым, филол. ғыл. докторы, профессор. Қазақстан ҰҒА-ның корр. мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Мәскеу қаласындағы Әдебиет институтын бітірген. 1939-42 ж.ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында редактор, КСРО ҒА Қазақ филиалының әдебиет секторында ғылыми қызметкер, сектор меңгерушісі, 1942-43 ж.ж. әскери-педагогтік институт тыңдаушысы, 3-Украина майданының «Советский воин» газеті редакторының орынбасары болған. Майданнан оралған соң, Қазақстан ҰҒА төралқасының ғалым-хатшысы, Тіл және әдебиет институтының бөлім меңгерушісі, Әдебиет және өнер институ-тының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Негізгі ғылыми еңбектері қазақ фольклоры, соның ішінде лиро-эпос, әдебиет тарихы, қазіргі заманғы әдебиет мәселелеріне арналған. Ф.Рабле, И.С Тургенев, А.П. Чехов, Р.Роллан, А.Горький шығармаларын қазақ тіліне аударған. Дүйсенбаевтың «Ғасырлар сыры» (1970), «Қазақтың лиро-эпосы» (1973), «Мұхтар Әуезов» (1974), «Эпос және ақындар мұрасы» (1987) атты еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған елеулі үлес болып есептеледі. Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

Жанақ ақын (1770-1856) — Бүкіл өмірін өнер сапарында ел аралаумен өткізіп, өз заманының ең атақты ақындарының бірі ретінде бүкіл қазақ еліне танылған. Жанақ Түбекпен, Орынбаймен және басқа да көптеген ақындармен айтысқан суырып салма ақын болумен қатар, қазақтың батырлық жырларын, әсіресе ғашықтық дастандарын сақтап, дамытушы ірі эпик ақын болғаны белгілі. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының ең таңдаулы нұсқасы Жанақ есімімен байланысты.

Ильминский Н.И. (1822-1891) — Қазан университетінің профессоры, түркі халықтарының әдебиетін зерттеуші ғалым, ориенталист. Қазақ салт-санасы, тілі жөнінде «Древний бычай» (1860), «Материалы к изучению киргизского наречия» (1861) деген еңбектер жазған. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырған. Соның бірі — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу».

Көпеев Мәшһүр Жүсіп (1857-1931) — Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен танысқан. М.Көпеев өзі өлең шығарумен бірге, ауыз әдебиеті үлгілерін де көп жинаған.

Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапхана-сының қорында сақтаулы.

Марғұлан Әлкей Хаханұлы (1904-1985) — Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық географиялық қоғамның толық мүшесі, Қазақ КСР ҒА-ның академигі. Ә.Марғұлан қазақ фольклорының көптеген үздік үлгілерін және ондаған қазақ ақын-жырауларының шығармаларын ел арасынан жинаған. Ол тарих, этнография, фольклор саласында бірқатар іргелі зерттеулер жазып қалдырған көрнекті ғалым. Оның «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосы туралы көлемді зерттеуінің қазақ фольклоры тарихындағы маңызы зор.

Нукин Мұқыш Айтілеуұлы 1876 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Жастайынан ауыл молдасынан хат танып, кейінірек діни сауатын ашқан. Ақындық таланты бар Мұқыш жасында байдың малын бақса да, көп жерді аралап, ойын-той, мәжілістерге қатысып жүрген. Оның «Омбыға барғанда», «Жасыбай көлі» т.б. өлеңдері соны аңғартады. Мұқыш қарт өмірде талай қызықты көріп, талай атақты кісілермен де дәмдес болса керек. Екі ғасырдың куәсі болып, жүз жасты еңсеріп дүниеден озған М.Нукин діни аңыз, әңгімелер мен дастандарды, «Қозы Көрпеш — баян сұлу», «Қамбар батыр», «Айман-Шолпан» секілді эпостар мен би-шешендер сөзін, Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шөже, Балта, Қобылан ақындардың өлеңдерін де қағазға түсірген. Ол жинаған қазақ шежірелерінің өзі де назар аударарлық құнды жәдігерлер. Мұқыш Айтілеуұлы 1978 жылы Баянауылда Майқайың қыстағында қайтыс болды.

Потанин Г.Н. (1835-1920) — Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы. 1852 жылы Омбыдағы кадет корпусын бітірген, 1853 — 58 ж.ж. Семей мен Омбыда әскери қызметте болды. 1859-62 ж. Петербург университетінің табиғаттану бөлімінде оқыды. 1861 жылы студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. 1863-64 ж.ж. Орыс география қоғамының астроном К.Струвенің басқаруындағы экспедициясына қатысып, Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын зерттеді. Зайыбы А.Потанинамен бірге Орта Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. көптеген халықтарының фольклоры,

этнографиясы туралы құнды материалдар жинап, табиғатына, органикалық дүниесіне берген кең көлемді ғылыми сипаттамасы «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс сарындары» (1899) атты еңбегінде көрініс тапты. Ш.Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барып қайтқан сапарында «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деген мақаласын жазды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбегін жазды. Географиялық озық еңбектері үшін Потанинді Орыс география қоғамы 1886 жылы Үлкен Константинов медалімен марапаттады. Потанин есімімен Наньшань тауындағы жота, Моңғол Алтайындағы мұздық аталған.

Радлов Василий Васильевич (1837-1918) — ірі шығыстанушы, түркі тілдері мен фольклорының үлкен білгірі. Ұлты — неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов өртүрлі ғылым сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді.

1870 жылы В.В.Радлов «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары»... деген көптомдық еңбегінің үшінші томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жариялады.

Уәлиханов Шоқан (Мұхамед-Ханафия) (1835-1865) — қазақ ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып, хат таниды. Шығыс тілдерінен араб, парсы, түркі тілдерін меңгерген. Омбы кадет корпусын бітірген. XIX ғасырдың орта шенінде қазақтың және бірқатар түркі-моңғол т.б. Шығыс халықтарының творчествосын, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзінде шығаруда һәм сол материалдарды зерттеуде үлкен қызмет атқарып, үлес қосқан ғұлама.

Шөже Қаржаубайұлы (1808-1895) — халық ақыны. Жастай ауруға шалдығып, екі көзінен бірдей айрылған ол бала кезінен қобыз, домбыра тартып, той-думандарда ақындық талантымен танылған. Жоқшылық пен жарымжандықтың ауыр зардабын

тартқан Шөженің ақындық өнерді күнкөріс көзіне айналдырған кездері де кездеседі. Оның бір топ өлеңдері («Дәукейге», «Домбыра шыққан тыңқылдан», «Бәйтікті мақтағаны» т.б.) жеке адамдарды көтере дәріптеп, мақтауға құрылған. Сонымен қатар Шөже тоғышарлық пен парақорлықты, өмірдің жағымсыз жақтарын батыл сынға алды. Шөже—ірі айтыс ақыны. «Көзіме он жеті ақын түк қылған жоқ» деуіне қарағанда, ол өз заманындағы аты мәлім ақындардың біразымен айтысқан делінеді. Шөже айтыстары (Кемпірбай, Балта, Тезек төре, Қалдыбай, Орынбай, Жапар, Жәмшібай, Тазбала т.б.) өзінің өткірлігімен, шынайы сыршылдығымен ерекшеленеді. Шөже — белгілі эпик ақын, әнші әрі композитор. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының ең көркем әрі толық нұсқасы Шөженің айтуымен таралған. Оның халық ауыз әдебиетінің асыл үлгілері мен ел шежіресінің асқан білгірі екенін кезінде Ш.Уәлиханов атап көрсеткен. А.Құнанбаев, С. Торайғыров Шөженің ақындық талантын жоғары бағалап, жасқанбай тура айтатын өткірлігін құрмет тұтқан.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дөп. — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі

/ж/ — жергілікті

/қ/ — қытай

/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін шыққан кітаптар

1. Қозы Көрпеш Һәм Баян сұлу. ӘӨИ. III. 25.
2. Қозы Көрпеш — Баян сұлу. ӘӨИ. III. 28.
Қузи Курпиш — Байан қыз. ОҒК. III. 56, МФ
3. Қисса-и Қозы Көрпеш — Баян сұлу. — Қазан, 1890.
4. Қозы Көрпеш — Баян сұлу. ӘӨИ. III. 1116.
5. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. — Т.3. — СПб., 1870.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959.
2. Батырлар жыры. — Алматы, 1939.
3. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
5. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. — Алматы, 1973.
6. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. — Алматы, 1999.
7. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап. — Алматы, 1958.
8. Қозы Көрпеш — Баян сұлу / Құрастырған М. Әуезов. — Алматы, 1936.
9. Козы-Көрпеш и Баян сулу. Кыз-Жибек. — Москва, 2003.
10. Қазақтың ғашықтық қиссалары. — Үрімжі, 1996.
11. Қазақтың ғашықтық жырлары. — Үрімжі, 2000.

12. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *Е. Есова, Ү. Сүбханбердина, Д. Сейфуллина*. — Алматы, 1986.
13. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
14. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. — Алматы, 1979.
15. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6-том. — Алматы, 2004.
16. Қозы Көрпеш — Баян сұлу. — Астана, 2002.
17. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. — Алматы, 1959.
18. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы, 1985.
19. Түркістан халықаралық энциклопедиясы. — Алматы 2000.
20. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов*. — М., 1968.
21. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
22. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
23. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.
24. Персидско-русский словарь/ Под ред. *Ю.А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.
25. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
26. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

К настоящему времени подготовлены и изданы 54 тома, посвященные самой замечательной и объемной отрасли национального фольклора — эпосам. Точнее говоря, до сегодняшнего дня подготовлены и изданы тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов дастанов религиозно-нравственного содержания, десять томов дастанов романического (любовного) содержания, три тома исторических поэм, двадцать томов героического эпоса, а также один том генеалогических дастанов. Десять томов этих изданий посвящены казахскому фольклору в Китае. Новое издание, оформленное на высоком уровне, посвящено сокровенному богатству казахского народа — фольклорным сборникам. В дальнейшем публикация лучших образцов казахского эпоса будет продолжаться.

Очередной 55-й том серии посвящается эпосам романического (любовного) содержания.

В этот том включены пять избранных вариантов одного из самых древних памятников культурного наследия казахского народа, передаваемых из поколения в поколение в устном виде несколько веков подряд — эпоса «Қозы Көрпеш — Баян сұлу».

Среди казахов широко распространены 30 вариантов эпоса «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» и имеется несколько версий, переведенных на русский язык в прошлом веке. Множество их оригиналов и рукописных материалов в основном хранятся в

архивах и библиотеках России — в Санкт-Петербурге, Москве, Томске, Омске и в других городах.

Эпос «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» принадлежит не только казахскому народу, он является общетюркским культурным наследием. Сюжет данного эпоса распространен и сохранен у многих тюркских народов, доказательством этому является, например, то, что у алтайцев имеется 6, у башкуртов — 286, у татаров — 22 варианта текста.

Один из самых древних вариантов эпоса, записанный среди казахов, был опубликован на русском языке в журнале «Отечественные записки» в 1830 году в Москве. Позже некоторые варианты «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» были включены в сборники В.В. Радлова (1870), И.Н. Березина (1896), Н.И. Ильминского (1878, 1890, 1894, 1896, 1905) и стали широко известны многим читателям.

Над исследованием, собиранием и опубликованием эпоса работали многие известные деятели, такие как Ч.Валиханов, Г.Н.Потанин, Н.Ф. Костылецкий, Н.Я. Коншин, С. Шорманов, А. Кунанбаев, М.Ж. Копеев, Д. Султангазин, Г. Дербисалин и др. Особенно надо отметить заслугу султана Чингиза Валиханова и его сыновей — Кокыша, Макажана, Болата, Чокана. Известно, что несколько копий эпоса «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», вариантов Жанак акына, Шоже акына, которые хранятся архиве Березина в Институте востоковедения, доставили в Санкт-Петербург русские друзья Чокана.

В советский период была продолжена работа над исследованием и опубликованием великого эпоса. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» был поставлен в театре. Были исследованы новые найденные варианты, которые включены в сборники народной литературы, фольклора. В эту работу внесли свой вклад многие казахские ученые, в их числе С. Сейфуллин, С. Муканов, М.Габдуллин, К. Жумалиев, М. Ауэзов, Г. Мусрепов, А. Маргулан, А. Конратбаев, Ы. Дуйсенбаев, Н.С. Смирнова, С. Садырбаев, С. Каскабасов, Е. Турсынов, З. Сеитжанов, Т. Сыдыков, Б.Азибаева, М. Гумарова и др.

В 55 том серии многотомника «Бабалар сөзі» включены широко известные варианты этого эпоса. В очередной том вошли варианты Айтбая Дандибайұлы, Конкабая Меирманұлы, Молла Рахыма, Б. Маканова. Во время подготовки к изданию были

найдены еще два новых варианта эпоса «Қозы Көрпеш — Баян сұлу». Их полные тексты были переписаны с древнеарабского шрифта на кириллицу и введены в 54 том.

Очередной пятьдесят пятый том серии «Бабалар сөзі», в соответствии с основными принципами издания этого много-томника, снабжен научными приложениями. Научные приложения включают в себя сведения о публикуемых текстах; словарь географических названий; сведения об исторических и религиозных деятелях; сведения о сказителях и собирателях; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

SUMMARY

The staff of the M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan are continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State Program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

At present period 54 volumes have been prepared and published and they are devoted to the eposes that are considered the most remarkable and voluminous branch of national folklore. By present time thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious-moral dastans, eight volumes of romantic (love) content, three volumes of historical poems, eighteen volumes of heroic eposes and one volume of genealogical dastans have been prepared and published. Ten volumes are dedicated to folklore of Kazakh peoples who live in China. New edition designed on a high level and dedicated to folklore collections that represent the valuable richness of Kazakh folklore, was received by the readers with great interest. In future the publication of the best patterns of Kazakh epos will be continued.

Volume 55 of the series is devoted to the eposes of romantic (love) content.

This volume includes five selected versions of the most ancient cultural heritage of Kazakh people such as «Kozy Korpesh-Bayan Sulu» which has been transferred from generation to generation in oral form during several centuries —

30 versions of the epos «Kozy-Korpesh-Bayan sulu» exist among Kazakh people and there are several versions translated into Russian language in the last century. Mainly most originals and manuscripts are kept in the archives and libraries of Russia in Saint Petersburg, Moscow, Tomsk, Omsk and other cities.

Epos «Kozy Korpesh-Bayan sulu» belongs not only to Kazakh people but it represents a common Turkic heritage. It can be proved

by the fact that the plot of this epos is widely spread and conserved in many Turkic peoples, for example there are 6 in Altay people, 286 in Bashkurt people, 22 versions of the text in Tatar people.

One of the most ancient versions of the epos recorded among Kazakh people was published in Russian language in the journal «Domestic notes» in 1830 in Moscow. Later some versions of «Kozy Korpesh-Bayan sulu» were included into collections of V.V.Radlov (1870), I.N.Berezin (1896), N.I.Ilminsky (1878, 1890, 1894, 1896, 1905) and became well known to all readers.

Many well known figures such as C.Valikhanov, G.N.Potantin, N.F.Kostiletsky, N.Y.Konshin, S.Shormanov, A.Kunanbayev, M.Z.Kopeev, D.Sultangazin, G.Derbislain and others have worked much on research, collection and publication of the epos.

During Soviet period the research work and publication of the great epos have been continued. There was made a theatric performance «Kozy Korpesh-Bayan sulu». New found versions have been investigated and included into collections of folk literature and folklore. Many Kazakh researchers have contributed much to this research: they are S. Seifullin, S. Mukanov, A. Konratbayev, I. Duisenbayev, N.S. Smirnova, S. Sadyrbayev, S. Kaskabassov, E.Tursynov, Z.Seitzhanov, T.Sydykov, B.Azimbayeva, M.Gumarov and others.

It is planned to publish the well known versions of this epos in the volume 55 of the series «Babalar sozi». The versions of Aitbai Dandibaiuly, Konkabai Mairmanuly, Molla Rakhim, B.Makanov have been included in this volume. During preparation for publishing two more new versions of the epos «Kozy Korpesh-Bayan sulu» have been found. Complete texts have been recorded from old Arabic script to Cyrillic and included into volume 54.

According to the main principles of this multi volume edition, volume fifty five of the series «Babalar Sozi» has scientific supplements which include the data on published texts; vocabulary of geographic names; data on historical and religious figures; data on narrators and collectors; list of used literature; summary in Russian and English.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Қозы Көрпеш өлеңі (<i>Дәндібай Айтбаев нұсқасы</i>)	11
Қозы Көрпеш — Баян сұлу (<i>Молла Рахым нұсқасы</i>)	88
Қозы Көрпеш — Баян сұлу (<i>Қоңқабай Мейірманұлы нұсқасы</i>)	147
Қозы Көрпеш — Баян сұлу (<i>Бекмұрат Мақанов нұсқасы</i>)	204
Қозы Көрпеш — Баян сұлу (<i>Мұқыш Нұкин нұсқасы</i>)	235

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	347
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	356
Сөздік	359
Жер-су атаулары	363
Томға енген жыр нұсқаларын жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	369
Шартты қысқартулар	374
Пайдаланылған әдебиеттер	375
Резюме	377
Summary	380

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

55 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*

Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*

Техникалық редакторы: *Г. Т. Бектібаева*

Компьютерге терген: *Е. А. Сманова*

Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2414

Теруге 20.05.09 жіберілді. Басуға 11.07.09 қол қойылды. Пішіні 60х90^{1/16}.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 0223.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 9965-35-802-8

